II СЕССИЯ VIII ШАҚЫРЫЛЫМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ
(2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 30 маусым)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 5

I. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы 13

II. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 7 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі 37

III. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбындағы үшінші отырысында сөйлеген сөзі 53

IV. ҚР Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы 76

V. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметінің қысқаша қорытындылары 84

VI. Сегізінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің екінші сессиядағы заң шығарушылық қызметі 89

Сегізінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің екінші сессиясында қабылданған заңдардың тізбесі..... 90

VII. Сенатта Мәжіліс қабылдаған заңдарды қарау қорытындылары туралы 104

7.1. Сенаттың тұрақты комитеттері бойынша Мәжіліс қабылдаған заңдар туралы ақпарат 106

7.1.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 106

7.1.2. Қаржы және бюджет комитеті..... 122

7.1.3. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 135

7.1.4. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті..... 146

7.1.5. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті..... 164

7.1.6. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 180

VIII. Сенат комитеттері өткізген іс-шаралар..... 189

IX. Сенаттың іс-шараларында қабылданған ұсынымдар..... 219

X. Сенаттың халықаралық ынтымақтастығы..... 318

XI. Ақпараттық сүйемелдеу..... 328

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламентінің VIII шақырылымының II сессиясын аша отырып, өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында **жаңа экономикалық үлгіге өту міндетін айқындады**, оның басында қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту тұратынын атап өтті.

Ел Президенті **әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегі екендігін белгіледі**. Маңызды міндеттер ретінде Мемлекет басшысы өңдеу секторын, өндіруші өнеркәсіпті, орта кәсіпкерлікті, инфрақұрылымды, энергетикалық секторды, көлік-логистикалық әлеуетті, агроөнеркәсіптік кешенді, цифрландыруды, креативті экономиканы, білім беруді дамытуды, қорғаныс-өнеркәсіп кешенін нығайтуды, экспорт географиясын кеңейтуді, жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізуді, экономикалық қылмыстарды қылмыссыздандыруды, қаржы, салық-бюджет және ақша-кредит саясатын үйлестіруді жолға қоюды, қор нарығын дамытуды айқындады.

Жалпы, VIII шақырылымның II сессиясы барысында Парламент **102 заңнамалық актіні қабылдады**. Депутаттық бастама шеңберінде 33 заң әзірленіп қабылданды. Үкіметке және басқа да мемлекеттік органдарға **200 депутаттық сауал** жолданды, онда азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелер көтерілді.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске қосу қажеттілігі туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында ҚР Ұлттық қорының жыл сайынғы инвестициялық табысының 50% балалардың арнайы жинақтау шоттарына олар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын алу құқығынсыз, оларды кейіннен тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім алуға пайдалану мүмкіндігімен аударуды көздейтін **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

ҚР азаматтарының қоғамдық бақылау арқылы мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету үшін **«Қоғамдық бақылау туралы»**, **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** заңдар мақұлданды.

Сенат **«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»**, **«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024-2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»** заңдарды қарады, олар азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және ағымдағы жағдайларға бейімделе отырып, экономикалық модель құруға бағытталған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен жетім балаларға арналған тәлімгерлік институтты енгізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарының басқарушылық еркіндігін кеңейту көзделеді.

Халықаралық іскерлік операцияларда және халықаралық іскерлік операцияларға байланысты мәмілелерде мемлекеттік бюджет кірістерінің жоғалуын болдырмауға бағытталған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң мақұлданды.

Халықты сапалы және қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету, мемлекет кепілдік берген пациенттердің құқықтарын іске асыру, медициналық кәсіптің мәртебесі мен беделін арттыру мақсатында әзірленген **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қаралды.

Әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны нығайту, аталған санаттағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық шараларын күшейту, сондай-ақ болашақта осындай құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігін болдырмау үшін профилактикалық және реттеуші тетіктер кешенін белгілеуге бағытталған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**, **«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** заңдар мақұлданды.

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңмен ҚР Ұлттық ғылыми жүйесін дамыту тетіктері көзделеді, ғылыми қызмет субъектілері және олардың құқықтары айқындалады, Ұлттық Ғылым академиясының құқықтық мәртебесі, Ғылым қорының қызметі және ғылыми қызметті қаржыландыру тетіктері бекітіледі.

Ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға, ғалымдар үшін әлеуметтік кепілдіктерді жақсартуға және ғылымда қаржы ресурстарын пайдалануды оңтайландыруға бағытталған нормаларды енгізу мақсатында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң мақұлданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын жақсартуға,

тексерулер жүргізудің ашықтығын, тұтынушылар, кәсіпкерлік субъектілер мен мемлекет мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында **«Мемлекеттік сатып алу туралы»** жаңартылған Заңды қабылдау маңызды қадам болды. Заң сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, сатып алу процесін қысқартуға және жеңілдетуге, рәсімдерді одан әрі автоматтандыруға, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге, сондай-ақ Сатып алу бойынша бірыңғай платформа құруға бағытталған.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңда байланыс операторларының байланыс инфрақұрылымына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп объектілерінде цифрландыру кезінде шығыстардың бір бөлігін өтеу арқылы байланыс қызметтерін субсидиялау, мүгедектігі бар адамдарға жеңілдетілген тарифтер беру бойынша байыланыс операторларының қосымша міндеттемелерін белгілеу, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректермен алмасу үшін Антифрод-орталықтың құқықтық мәртебесі мен функцияларын бекіту және т.б. бөлігінде түзетулер көзделеді.

Органикалық өнімнің ішкі нарығын қалыптастыру және дамыту, отандық тамақ өнімдерін өндірушілерді органикалық өнім өндіруге ынталандыру және олардың сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында әзірленген **«Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы»** Заң қаралды.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктерін жетілдіруге, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарына талап қою мерзімдерін (бір жыл) белгілеуге, БАҚ сұрауларын қарау мерзімдерін 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқартуға, мемлекеттік тілдегі теле-, радиобағдарламалардың апта сайынғы көлемін 50%-дан 60%-ға дейін 5%-дан (2025 жылдан бастап 55%-ға дейін, 2027 жылдан бастап 60%-ға дейін) кезең-кезеңмен ұлғайтуға және т.б. бағытталған **«Масс-медиа туралы»** Заң мақұлданды.

«Қазақстан Республикасының Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңның жобасы қаралды, ол Сот жюриінің жұмысын жетілдіруге және Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияны қайта форматтауға бағытталған.

Сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану және экология, экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб»

халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу, салық салу, ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер, жайылымдарды пайдалану, халықтың көші-қоны, мемлекеттік наградалар, несиелеу кезінде тәуекелдерді азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық өндірісті жетілдіру, адам саудасына қарсы іс-қимыл, электромобильдер үшін инфрақұрылымды дамыту, жаңартылатын энергия көздері, ойын бизнесі және лотерея қызметі, денсаулықты сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау және басқа да мәселелер бойынша заңдар қаралды.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысында **ҚР Конституциялық Сотының «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауы, ҚР Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері** тыңдалды.

Сессия аясында сенаторлар **ел азаматтарын толғандыратын өзекті проблемалық мәселелерді** қарастырды. Олар – шағын және орта бизнесті, экономиканың өңдеуші секторын дамыту, салық саясаты, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, инклюзия, техногендік қауіпсіздік, азаматтық қорғау, сумен қамтамасыз ету және басқа да мәселелер.

2023 жылғы 8 желтоқсанда **«Азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру»** тақырыбында **Парламенттік тыңдау** өтті. Іс-шара барысында төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл шараларын жоспарлау жөніндегі қызметті жетілдірудің маңыздылығы атап өтілді, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері қаралды. Халықты, объектілерді және қоршаған ортаны төтенше жағдайлардан қорғау жүйесінің тиімділігін жетілдіруге және арттыруға бағытталған ұсынымдар айтылды.

2024 жылғы 24 мамырда **«Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР-да экономиканың өңдеуші секторды дамыту»** тақырыбында **Парламенттік тыңдау** өтті. Депутаттар секторда өндірістік қорлар тозуының жоғары дәрежесін және өндірістік қуаттардың жеткіліксіз жүктемесін, білікті кадрлардың жетіспеушілігін және шикізат пен құрамдас бөліктердің импортына тәуелділікті қоса алғанда, бірқатар проблемалардың бар екендігін атап өтті.

2023 жылғы 27 қазанда **«Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде салық саясатының және салықтық әкімшілендіруді жаңғыртудың негізгі тәсілдері мен тұжырымдамалық мәселелері»** тақырыбына арналған **Үкімет сағаты** болды. Іс-шара барысында депутаттар табыстарға салық салудың және салалар бойынша жүктемені бөлудің халықаралық практикасын іс жүзінде іске асыру, сондай-ақ арнаулы салық режимдерін жаңаша қарастыру, оның ішінде салықтық әкімшілендіру тетіктерін жақсарту және салық процесін барынша ықтимал цифрландыруды қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

2023 жылғы 10 қарашада «**Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту»** тақырыбына арналған **Үкімет сағаты** өтті. Іс-шара барысында іске асырылып жатқан тәсілдердің тиімділігін талдаудың және бизнесті қолдау шараларын қайта құруды жүргізудің маңыздылығы, сондай-ақ кәсіпкерлерге салық салу тәсілдерін және бизнесті бөлшектеуге түрткі болатын фискалдық саясатты қайта қарау қажеттілігі атап өтілді. ШОБ-тың өңірлік диспропорциясы және ірі өңірлер – Астана, Алматы қалалары, Түркістан және Алматы облыстарында кәсіпкерлік қызметтің жоғары шоғырлануы проблемасына ерекше назар аударылды.

2023 жылғы 24 қарашада **«Аграрлық ғылымды дамытудағы және агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандарды даярлаудағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары»** тақырыбындағы **Үкімет сағаты** өтті. Отырысқа ауыл шаруашылығы, ғылым және жоғары білім министрлері, аграрлық саладағы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, тәуелсіз сарапшылар және басқалар қатысты.

2024 жылғы 20 ақпанда **«Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі»** тақырыбында **Үкімет сағаты** өтті. Отырыс барысында Қазақстандағы демографиялық жағдайға байланысты ықтимал мүмкіндіктер мен сын-қатерлер қаралды. Өңірлердің әлеуметтік-демографиялық және экономикалық жағдайындағы теңгерімсіздік проблемаларына, жұмыспен қамту үшін жағдайларды қамтамасыз етуге, білім деңгейін, жастардың еңбек өнімділігі мен табысын арттыруға, сондай-ақ жас отбасыларды қолдауға ерекше назар аударылды.

Сенат жұмысында шешуші болып табылатын, ел Президенті белгілеген маңызды бағыт – **өңірлердің дамуына жәрдемдесу**. Осыған сәйкес VIII шақырылымның II сессиясы барысында **«Өңір», «Бір ел – бір мүдде» депутаттық топтарының, Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің, Инклюзия жөніндегі кеңестің жұмысы шеңберінде түрлі іс-шаралар өткізілді**.

Палатаның өңірлермен өзара іс-қимылын күшейту шеңберінде сессияда **жергілікті жерлерде комитеттердің 50-ден астам көшпелі іс-шаралары өткізілді**, бұдан басқа Спикердің Шығыс Қазақстан, Абай, Атырау, Ақмола облыстары мен Алматы қаласының жергілікті өкілді органдарының депутаттарымен кездесулері және басқа да іс-шаралар өткізілді.

Сессия барысында **конференциялар, дөңгелек үстелдер, комитеттердің тақырыптық отырыстары, мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың басшылығымен кездесулер** өткізілді. Бұл іс шараларда еңбек мигранттары мен адам саудасының құрбандарының құқықтарын қорғау, кәмелетке толмағандардың құқықтарының қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету, есірткі құралдарының таралуына қарсы іс-қимыл, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, кедендік әкімшілендіру,

капиталды заңсыз шығару, инновациялық қызметті, қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жетілдіру, су ресурстарын тиімді пайдалану, жайылымдарды пайдалану, жалпыға бірдей декларациялау, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және азаматтардың банкроттығы және басқа да мәселелер көтерілді.

Өткен кезеңде **ҚР-ның Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі Парламенттік комиссияның бес** отырысы өткізілді (оның ішінде Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарында екі көшпелі отырыс). Білім және медицина, ауа сапасы, жаңартылатын энергия көздерін, су ресурстарын дамыту және орнықты даму мақсаттарын іске асырудағы бизнестің рөлі мәселелері қаралды.

Сенат жанынан **диалог алаңдары** табысты жұмыс істеуде.

2023 жылғы 17 қазанда ҚР Парламенті Сенаты Спикерінің қатысуымен **«Әділетті Қазақстан және ұлттық құндылықтар»** тақырыбында **«Ұлттық мүдде» диалог алаңының** отырысы өтті. Сарапшылар қауымдастығы мен зиялы қауым өкілдері әділетті Қазақстанның қалыптасуындағы ұлттық құндылықтардың рөлін талқылады.

ҚР Парламенті Сенаты Спикерінің қатысуымен **«Ұлттық мүдде» диалог алаңының** кезекті отырысы 2024 жылғы 27 ақпанда **«Заманауи ұлттық мектеп – жаңа қоғам қалыптастыру жолы»** тақырыбында өтті. Отырыс барысында педагог мәртебесін арттыруға, осы саладағы жас мамандарды ынталандыруға және қолдауға бағытталған реформалар талқыланды, сондай-ақ педагогтардың құзыреттерінің тізбесін, білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін кеңейту, ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жас ғалымдарға зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу жөнінде ұсыныстар айтылды.

2024 жылғы 19 маусымда ҚР Парламенті Сенаты Спикерінің қатысуымен **«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тұжырымдамасын іске асыру»** тақырыбында **«Ұлттық мүдде» диалог алаңының** кезекті отырысы өтті, онда ұлттық зиялы қауым және сарапшылар қоғамдастығының өкілдерімен қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлер аясында жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру, жетілдіру және ілгерілетудің өзекті мәселелері талқыланды.

Жас сарапшылар клубы мен **Талдау мектебі** жас мамандарды заң шығару жұмыстарына, бағдарламалық құжаттарды талқылауға, мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қатысуымен өңірлерді дамыту мәселелерін талқылауға тартуға мүмкіндік береді. Олардың жұмысына барлығы **200** жас маман тартылды. Олардың барлығы экономиканың және елдің қоғамдық-саяси өмірінің әртүрлі салаларын білдіреді. Жас сарапшылар клубы Сенат жанындағы Сарапшылар клубы болып қайта құрылды, ережесі мен сарапшылардың тізімі Сенаттың ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

2024 жылғы 21 қарашада Талдау мектебінің II ағымының түлектері және Жас сарапшылар клубының мүшелері дайындаған **«Qazaqstan:**

орнықты даму моделінің жолында. Жас сарапшылардың көзқарасы» талдамалық баяндамалар жинағы таныстырылды.

2024 жылғы 2 наурызда Талдау мектебінің III ағымының жұмысы қорытындыланып, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу мәселелеріне қатысты 13 баяндама ұсынылды. Үшінші ағым қатысушыларының материалдар жинағының тұсаукесері 2024 жылғы 26 маусымда өтті. Зерттеулер экономиканы дамытудың өзекті мәселелеріне, мемлекеттік органдар жұмысының күнделікті тәжірибесіне ОДМ-ды енгізу мен іске асыруға арналған.

2023 жылғы 20 желтоқсанда Сенат депутаттары **Сенаттың Жобалық кеңсесі мен Maqsut Narikbayev University** отырысына қатысты. Сенаторлар мен университет сарапшылары кездесуінің нәтижесінде Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. 2024 жылғы 3 мамырда **Сенаттың Қоғамдық Жобалық кеңсесінің, Maqsut Narikbayev University және Ақмола облысы әкімдігінің бірлескен жұмысы шеңберінде Орнықты даму мақсаттары бойынша акселератор** іске қосылды. Акселератор шеңберінде «Жақсы денсаулық және әл-ауқат», «Сапалы білім», «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу», «Орнықты қалалар мен елді мекендер» және «Бейбітшілік, сот төрелігі және құқықтық тәртіп» сияқты бағыттар бойынша жұмыс жүргізілуде. Жұмыс нәтижелері Ақмола облысында пилоттық жобалар түрінде іске қосылады.

Еліміздің сараптамалық қоғамдастығын дамыту және қолдау жөніндегі жұмыс шеңберінде 2024 жылғы 16 наурызда ҚР Парламенті Сенаты Спикерінің қатысуымен **Taldau Talks диалог платформасының бірінші отырысы** өтті.

2024 жылғы 14 сәуір мен 18 мамыр аралығында **Үлкен деректер мен жасанды интеллект құралдарын сараптамада пайдалану тақырыбында семинар** өткізілді, оған Талдау мектебінің түлектері мен Жас сарапшылар клубының мүшелері қатарынан 45 адам қатысты. Семинар қорытындысы бойынша қаржылық сауаттылықты дамыту, азық-түлік қауіпсіздігі, кедейлікпен күрес, еңбек көші-қоны мәселелері бойынша 8 талдамалық материалдар дайындалды.

Сенат жұмысының маңызды бағыттарының бірі Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуге, басқа елдермен өзара тиімді әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған **халықаралық ынтымақтастықты дамыту** болып табылады.

II сессия аясында Сенат депутаттары **130**-дан астам халықаралық кездесулер мен іс-шараларға қатысты.

2023 жылдың қараша айында **Сенат Төрағасының Қырғыз Республикасына ресми сапары** өтті. Қазақстандық делегация ТМД Парламентаралық Ассамблеясының іс-шараларына қатысты. Сонымен қатар, ҚР Парламенті Сенатының Спикері Қырғызстанның Жогорку Кенешінің 85 жылдығына арналған конференцияға қатысып, Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдығына арналған халықаралық конференцияда сөз сөйледі, сондай-ақ Қазақ-қырғыз жастар форумына қатысты.

2023 жылғы 11 қазанда Астанада өткен **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының XXI отырысын** өткізу маңызды халықаралық іс-шара болды. Әлемнің 23 елінен келген діни лидерлер мен олардың қатысушы өкілдері Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезінде қабылданған декларация ережелерінің іске асырылу барысын талқылады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген Съезді дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының басшысы ретінде Сенат Төрағасы қараша айында Абу-Дабидегі **«Сенімдердің тоғысуы: рухани лидерлердің жаһандық жаңғыру жолында бірігуі»** конференциясының жұмысына қатысты. Іс-шара барысында БАӘ Федералдық ұлттық кеңесінің төрағасы Сакр әл-Гобашпен кездесу өтті. Сенат Спикері тату көршілік пен стратегиялық әріптестік қағидаттарына негізделген, екі ел Президенттерінің тұрақты және тиімді байланыстарының арқасында қол жеткізілген екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастардың жоғары деңгейін атап өтті.

2024 жылғы 4 сәуірде Сенат Төрағасы бір топ депутаттармен бірге **Ватикан мен Италияға** жұмыс сапармен барып, **Рим Папасы Франциспен** кездесті. Қабылдау барысында Сенат Спикері Қазақстан мен Ватикан арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылдың қаңтар айындағы Ватиканға ресми сапары айтарлықтай серпін бергенін атап өтті. Сенат Төрағасы Рим Папасының Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезінің жұмысына жеке қатысуы жаһандық дінаралық диалогты одан әрі нығайтуға және халықаралық деңгейде рухани дипломатияны дамытуға ықпал еткенін атап өтті.

Сенат депутаттары БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының өңірлік конференциясы, «Таулы аумақтарды орнықты дамыту» халықаралық форумы, Әйелдердің Азия форумы, ТМД Парламентаралық Ассамблеясының іс-шаралары, Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының пленарлық отырысы сияқты түрлі **халықаралық іс-шараларға** қатысты. Сонымен қатар, сенаторлар Польшадағы, Әзірбайжандағы, Ресейдегі парламенттік сайлауды бақылауға және басқа да іс-шараларға қатысты.

Сіздің назарларыңызға ұсынылған жинақта Парламенттің VIII шақырылымының II сессиясында (2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 30 маусым) ҚР Парламенті Сенаты қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпарат ұсынылған.

I. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Астана қ., 2023 жылғы 1 қыркүйек
akorda.kz

Құрметті отандастар!
Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-шы бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Жауапты қызметтеріңізге табыс тілеймін!

Көктемдегі сайлаудан кейін Парламенттегі саяси партиялардың қатары көбейді. Депутаттар құрамы айтарлықтай өзгерді. Саяси партиялардың фракциялары, бір мандатты округтан сайланған депутаттар да жұмысқа белсене кірісті. Олар көптеген заң жобасына бастамашылық етіп, өзекті мәселелерді батыл көтере бастады.

Депутаттарымыз жазда да көп жұмыс атқарды. Небәрі екі айда 1200-ден астам елді мекенді аралап, сайлаушылармен кездесті, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Мен баршаңызға табысты қызметтеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа сессияда жұмыс қарқыны бұдан да жоғары болады деп ойлаймын.

Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, мен жыл сайын халыққа Жолдауымды Парламент сессиясының ашылуында жариялаймын. Бүгінде бұл жақсы дәстүрге айналды. Мұның айрықша мәні бар.

Себебі дәл осы сәтте және дәл осы жерде билік тармақтарының барлық өкілдері бас қосады. Алдағы орта мерзімдік жұмыстың бағыт-бағдары айқындалады. Нақты тапсырмалар беріледі, жаңа міндеттер жүктеледі. Парламент, Үкімет және басқа да құзырлы органдар тың қарқынмен іске кіріседі. Бір сөзбен айтсақ, мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді.

Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады.

Өздеріңізге мәлім, былтырдан бері елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары жүргізілді. Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалды. Оған баршаңыз куә болдыңыздар, реформаны жүзеге асыру үшін белсенді түрде жұмыс істедіңіздер.

Қолға алған шаралар нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады. Басқару жүйесі ықпалды Парламенті бар Президенттік республика үлгісіне көшті. Елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орнықты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыруымыз қажет. Бұл жерде Парламенттің рөлі ерекше.

Адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалды. Әділдікті және заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі артты. Қоғамның саяси мәдениеті мүлде жаңа сипатқа ие болды.

Алайда нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет.

Қазір әлемде геосаяси ахуал ушығып тұр. Соған қарамастан, ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер өсті.

Былтыр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 104 триллион теңге болды. Елімізге 28 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 миллиард долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымыз 100 миллиард долларға жуықтады. Бұл, ең алдымен, экономикалық тұрақтылығымыздың аса маңызды кепілі екені сөзсіз.

Әрине, басқа елдер де қарап отырған жоқ, олар да алға қарай ұмтылып, дамуда. Бір сөзбен айтқанда, жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеруде. Технологиялық бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналды. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды.

Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс.

Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады.

Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді.

Жаңа экономикалық саясатта жүзеге асуы екіталай. Сондықтан ұзақ мерзімді мақсат қоюға болмайды.

Осы Жолдауда айтылатын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі.

Енді экономиканың құрылымына қатысты реформаның негізгі тұстарына тоқталайын.

Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет.

Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртараптандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуда.

Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек.

Еліміздің туристік әлеуетін де пайдалану керек. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс. Өкінішке қарай, осы маңызды саладағы жұмыс дұрыс атқарылмай жатыр, еліміз басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келеді.

Жалпы, кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуға тиіс. Осы салада бұрын болған қателіктерді қайталауға болмайды.

Жобаларды тиімді қолдау шараларын және оларды орындау мерзімдерін нақты айқындау керек. Оны іске асыруға шетел инвесторларын және еліміздің бизнес өкілдерін барынша тартқан жөн. Жұмысқа өзіміздің шикізатты, тауарлар мен кадрларды, басқаша айтқанда, барлық ішкі мүмкіндіктерімізді пайдалану қажет.

Біз жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жаңаша даму үлгісіне көшуге тиіспіз.

Мемлекет ірі кәсіпорындармен бірлесіп, өндірістің барлық сатысы өз елімізде болуын қамтамасыз етуі керек. Ол үшін өндіріс саласын реттейтін

және ынталандыратын түрлі тәсілдерді қолдану қажет. Өңдеу өнеркәсібі шикізатты көңілге қонымды бағамен жеткілікті көлемде алуы керек.

Сонымен бірге реттелетін сатып алу кезіндегі өз тауарларымыздың үлесін арттыру және офтейк жүйесін толық іске қосу қажет. Еліміздегі өнім өндірушілермен жасалатын офтейк келісім-шарттардың үлесін кемінде 10 пайызға жеткізу керек. Бұл – жыл сайын 2 триллион теңге деген сөз.

Мен былтыр қолданыстағы жүйенің бітпейтін дау-дамай, жұмыстың ұзақ мерзім, ашық еместігі сияқты түйткілді мәселелерін шешу үшін жаңа мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізуді тапсырдым. Үкімет жаңа заң жобасын әзірледі. Бұл құжат бюджет қаржысын үнемдеп әрі есеп бере отырып жұмсауға септігін тигізуі керек.

Бір жағынан жаңа жүйе еліміздің кәсіпкерлеріне одан әрі қолдау көрсетілуін және ең бастысы, қордаланған мәселелердің бюджеттен қаржыландыру арқылы шұғыл шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Сатып алу үдерісі оңтайланып, қысқартылады, «баға емес, сапа» қағидатына басымдық беріледі, яғни, демпингке тиімді тосқауыл қойылады және үдерістер толық автоматтандырылады. Мемлекеттік сатып алу жүйесіне алғаш рет «басынан бақайшағына дейін» жасау тәсілі енгізіледі.

Жұмыстың ашық болуын арыз-шағымдарды қараудың жаңа тәсілін қолдану және қоғамдық мониторинг институтын енгізу арқылы қамтамасыз еткен жөн.

Соның нәтижесінде алдағы үш жылдың ішінде реттелетін сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесі кемінде 60 пайызға жетуге тиіс.

Қазір көптеген елдер ішкі нарықты қорғау шараларын белсенді қолданады. Дамыған мемлекеттердің өзі протекционистік өнеркәсіп саясатына көшті.

Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауынша, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, небәрі 128 тарифтік емес шара. Сондықтан біз сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керек.

Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек.

Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны баршаңызға белгілі. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келеді. Болашақта да солай болуға тиіс. Көптеген металдың әлемдік нарықтағы бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Соған қарамастан ірі өндіріс орындарына жақын тұратын жұрттың наразылығы күшейіп барады. Олар экология нашарлап, денсаулыққа зиян келтіріп жатқанын айтып, шағымдануда. Жұмысшылардың өндірісте мертігуі және қазаға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы

керек. Бұл талап инфрақұрылым саласындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс.

Геологиялық барлау ісі айрықша назар аударуды қажет етеді. Еліміздің минералды шикізат базасын толықтыру үшін 2018 жылы тау-кен саласын басқару мәселесіне қатысты жаңа заңдар қабылданды. Бірақ заң талаптары толық орындалмай жатыр. Соның салдарынан табиғи ресурсқа қанша бай болсақ та, көптен бері ауыз толтырып айтатын геологиялық жаңалық ашылған жоқ. Ахуалды дереу өзгерту керек.

Тау-кен саласын басқару жүйесін жуық арада жаңғырту қажет. Көптеген елде бұл саланы негізінен жеке компаниялар алға сүйрейді. Сондықтан ірі көлемде жеке инвестицияларды тарту осы саланың әлеуетін ашуға барынша көмектеседі.

Ол үшін салық және реттеу шарттары өзгеріске икемді болуы керек. Өз қаржысына геологиялық зерттеу жүргізген инвестордың жер қойнауын пайдалану кезінде басым құқыққа ие болуын қамтамасыз еткен жөн. Жобаларды келісуге қажетті рәсімдер мен оның мерзімін кешенді мемлекеттік сараптама жасау және толық цифрландыру тәсілін енгізу арқылы екі есе азайту керек. Қазір еліміздің 1,5 миллион шаршы шақырым аумағына геологиялық және геофизикалық барлау жасалған. Үкіметтің міндеті – 2026 жылға қарай оның көлемін кемінде 2 миллион 200 мыңға жеткізу.

«Жаңа заманның мұнайына» айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек. Өзінің осы саладағы әлеуетін аша алған елдер келешекте бүкіл әлемнің технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады.

Біз жыл соңына дейін саланы дамытуға қатысты нақты ұстанымымызды анықтап алуға тиіспіз. Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн. Бұл – өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара.

Тағы бір маңызды мәселе – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады.

Осы орайда импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру – аса маңызды міндет.

Біздің армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуға тиіс.

Техниканы шұғыл жөндейтін өндіріс орындарының қуатын арттырып, отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсеткен жөн. Бізде оған қажетті материалдық-техникалық база, білік пен тәжірибе және мамандар бар. Тек оларға құзырлы мекемелердің тапсырысы керек.

Заманауи технология трансфертін жасау және жаңа өндірістер ашу жұмысын жалғастырған жөн.

Арнаулы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту қоры арқылы өз кәсіпорындарымызға тікелей қаржылық қолдау көрсетіледі.

Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз.

Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет.

Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет. Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді түрде тарту керек.

Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жем-шөп қоры да жеткілікті. Оған қоса байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе тәп-тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.

Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал.

Қазір жаһандық бәсеке күшейіп тұр, тауар нарығында өзгеріс бар. Мұндай жағдайда өнім өткізу саясатына ерекше мән беруіміз керек. Жылдар бойы қалыптасқан ішкі және сыртқы нарықтағы орнымызды сақтап қалу айрықша маңызды. Үкіметтің алдында сыртқа шығарылатын өнім нарығының ауқымын жоспарлы түрде кеңейту міндеті тұр. Қазақстанның тауарларын шетелге таныту және шығару үшін тиісті шаралар қабылдаған жөн.

Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Мұны білесіздер. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кетеді.

Агрофылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек.

Сондай-ақ шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керек. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз. Білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талаптарына бейімдейміз.

Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Диқандарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар жаңа сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн.

Мемлекеттің баға реттеу мәселесіне шектен тыс араласуы агроөнеркәсіп кешенін өркендетуге айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Бұл мәселені де шешу керек.

Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы ахуалды тұрақтандыру ісінде қазіргіден де маңызды рөл атқаруға тиіс. Бұл мекеме қажет кезде интервенция жасап, бағаның өсімін тежеп отырады. Азық-түлік корпорациясы нарықтағы жекеменшік иелерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, оны сақтайтын және сататын толыққанды желі құруына жәрдемдесуге тиіс.

Келесі мәселе. Өткен қыста еліміздің жылу электр станцияларында қайта-қайта апат болды. Бұл жағдай жылдар бойы шешілмеген мәселенің бетін ашып берді. Инфрақұрылымның әбден тозуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Индустрияландыру қарқынын да тежейді. Яғни, инфрақұрылымды жаңғыртпасақ, жаңа экономикалық үлгіге көшу мүмкін емес.

Үкімет жаңа инфрақұрылымдық жоспарда осы саладағы барлық түйткілді ашық көрсетіп, оны шешу жолдарын анықтауға тиіс.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесін де шешу қажет. Бұл салада қолдан келгенше өз ресурстарымызға арқа сүйеген абзал. Басты міндет электр энергетикасы саласына жүктеледі. Алдағы 5 жылда кемінде 14 гигаваттық жаңа электр қуаты іске қосылады.

Биыл Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің бірінші блогын қайта құру жұмыстары аяқталады. Бұрын ешқашан толық қуатын пайдаланып көрмеген станцияның 8 блогы түгел жұмыс істейтін болады. Қазір екінші ГРЭС-ті кеңейту жобасы жүзеге асырылып жатыр, үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталады.

Түптеп келгенде, Қазақстан электр қуатын басқа жақтан алмауға тиіс, яғни көршілес елдерге тәуелді болмауы керек. Біздің қазіргі ахуалымыз мәз емес. Бұл – ең алдымен, мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі. Жалпы, қай жағынан алып қарасақ та, бұған мүлде жол беруге болмайды.

Әрине, жаңартылатын энергетика жобаларын жүзеге асыру да жалғасады. Су электр станцияларын дамыту мәселесі назардан тыс қалмайды. Электр қуатымен, жылумен және сумен қамтамасыз ету – технологиялық тұрғыдан алғанда тығыз байланысқан біртұтас жүйе. Оған экономиканың аса маңызды жеке саласы ретінде қараған абзал. Осы салаға қатысты қазіргі ұстаным негізінен өзектілігін жоғалтты. Енді жаңа шешімдер керек.

Тариф саясатын түбегейлі қайта қарау, тариф белгілеудің жаңа әдістемесін енгізу және инвесторлардың қызығушылығын арттыру қажет. Табиғи монополия субъектілерінің бәріне 5-7 жылға дейін көңілге қонымды нарықтық тариф енгізген жөн. Яғни, баға тұрақты болса, инвестицияны нақты жоспарлауға мүмкіндік туады. Қаржы ұйымдары да кәсіпорындарға нық сеніммен несие бере алады. Сонымен қатар монополистердің жауапкершілігін едәуір арттыру қажет. Бұл салаға цифрлық бақылау тәсілдері енгізіледі. Сол арқылы азаматтарымыз тарифтік смета және инвестициялық бағдарламалар туралы ақпарат алады.

Елді газбен қамтамасыз ету де – өзекті мәселе. Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет.

Еліміздегі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс. Сонымен қатар жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестиция тарту аса маңызды.

Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Оны үнемдеп пайдалану керек. Бұл жаңа тұрмыстық мәдениетке айналуы қажет. Жалпы, бұл – үй шаруасына ғана емес, тұтас экономикаға ортақ талап. Қазір суды оңды-солды пайдалануға мүлде болмайды. Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек.

Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет.

2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс.

Біз «жасыл» экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз. Халықаралық сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, жалпы әлемдегі күрделі қаржы салымдарының үштен біріне жуығы жаңартылатын энергетика жобаларының еншісінде. Қазақстанда да бұл бағытта көп жұмыс атқарылды. Жаңа Экология кодексі және Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің

2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданды. Соңғы 5 жылда жаңартылатын энергетиканың елімізде өндірілетін қуаттың жалпы көлеміндегі үлесі 5 пайызға жуық өсті.

2027 жылға қарай тағы 1,4 гигаваттық қуат көздері іске қосылады. Еліміздің энергетикалық теңгерімінің құрылымы өзгеретіні анық. Сондықтан қуат өндіруден бастап оны таратуға дейінгі бүкіл энергетика саласын басқару тәсілдерін жетілдіру керек.

Сутегіден қуат өндіру ісін дамыту қажет. Қуат көздерін кеңейту ісі энергетикалық машина жасау саласында технология трансфертін жүзеге асырып, жергілікті өндірісті дамытуға, аккумулятор өнеркәсібін құруға негіз болады. Ең бастысы, елімізде шикізат қоры жеткілікті.

Теңгерімді қуат көздерін, энергияны шоғырландыру жүйелерін құру үшін тың шешімдер қабылдау қажет. Көміртегі бейтараптығына көшуді парниктік газ шығарындыларына арналған квотаны саудалау арқылы тездетуге болады. Үкімет пен бизнес өкілдері осы бағыттағы мүмкіндіктерді пайдалану мәселесімен шұғылдануы керек.

Жетекші экономикалар үшін «жасыл» қаржы тарту ісінің маңызы арта түсуде. Өткен жеті жылда жер жүзінде «жасыл» облигацияларға 2,5 триллион доллардан астам қаражат жұмсалды. ESG қағидалары аз уақыт ішінде қаржы ұйымдарының қалыпты тәжірибесіне айналды. Осыған байланысты «Астана» халықаралық қаржы орталығы біздің аймақтың «жасыл» қаражат тартатын басты алаңына айналуға тиіс.

Атом энергетикасын дамыту аса маңызды экономикалық және саяси мәселеге айналды. Атом электр станциясын салу қажет пе, жоқ па деген сауалға қатысты түрлі пікір бар екенін білесіздер.

Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет. Ендеше өз жерімізде атом станциясын салуға әбден қақымыз бар. Кейбір сарапшылар шағын ядролық станциялар салу керек деген пікір айтады. Алайда көптеген азамат пен бірқатар сарапшы ядролық станцияның қауіпсіздігіне күмәнмен қарайды.

Семей полигоны халқымызға қаншама қасірет әкелгенін ескерсек, олардың күдігін түсінуге болады. Сондықтан бұл мәселе бойынша қоғамдық тыңдауларды, егжей-тегжейлі, кең ауқымды талқылауларды жалғастыруымыз керек.

Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет. Бұл – 2019 жылы сайлау алдында менің халыққа берген уәдем.

Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпыұлттық референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын. Нақты мерзімін кейін анықтаймыз.

Келесі мәселе. Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр.

Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыпты құбылыс. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін.

Жалпы, біз – трансшекаралық су көздеріне тәуелді елміз. Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар – баршамызға ортақ табиғат байлығы. Осы су көздері біздің халықтарымызды, экономикамызды жақындастырады. Сондықтан көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек.

Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер.

Шаруалар мен өнеркәсіп өкілдеріне суға қатысты сапалы сараптамалар мен болжамдар керек. Бұл талдаулар әр жылы және орта мерзімді кезеңде судың мөлшері қандай болатынын да қамтуы қажет. Сондықтан бәрін алдын ала жоспарлаған жөн.

Сондай-ақ ішкі су ресурстарын үнемдеп пайдалану өте маңызды. Суды үнемдейтін технология өте баяу енгізілуде. Суды шақтап пайдалану мәдениеті де жоқ.

Еліміздің кейбір өңірлерінде суды ең көп жұмсайтын ауыл шаруашылығы саласында оның 40 пайызы босқа ысырап болып жатыр. Су шаруашылығы нысандарының 60 пайызы тозып тұр. Олқылықтың орнын толтыру үшін өте батыл және шұғыл шаралар қажет.

Ең алдымен, суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейту керек. Көктемгі қарғын суды жинау және оны егістікке жеткенше құмға сіңіріп жоғалтып алмау мәселесі шешімін табуға тиіс. Өйткені оның бәрі – ішкі су қорымыз. Ол үшін 20 жаңа бөген салу, кемінде 15 су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу және 3500 шақырымдық каналды жаңғыртып, цифрлық тәсілмен бақылауға алу керек. Негізгі міндет – 2027 жылға қарай қосымша екі текше шақырым суға қол жеткізу.

Су үнемдейтін технологияларды енгізу – аса маңызды және шұғыл міндет. Сондықтан тиімді тәсілдер ұсыну қажет. Дегенмен біз дәл қазіргі жағдайда жаңа тариф саясатынан да аттап өте алмаймыз. Әбден ескірген инфрақұрылым әрең жұмыс істеп тұр. Сондықтан жаңа инфрақұрылым салу – өте маңызды міндет, қазіргі нарықтың талабы. Суды нормативтен артық жұмсағандар оның ақысын жоғары тарифпен төлеуі керек. Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдеуіміз қажет. Оған қоса судың «көлеңкелі» нарығы түбірімен жойылуға тиіс.

Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс. Онсыз шаруалардың күні қараң. Сол себепті бұл салада заңсыздыққа жол берілмейді. Талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылады.

Еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес. Су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен дербес мекеме

айналысуы қажет деп санаймын. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады. Министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс істейтін болады.

Сондай-ақ еліміздің су шаруашылығын басқару жүйесіне түгел реформа жасалады. «Қазсушар», «Нұра топтық су құбыры» және басқа да негізгі компанияларда өзгеріс болады. Жалпы, осы саланың материалдық жағдайын жақсартып, кадр мәселесін шешу керек.

Су тапшылығының артуы – Орталық Азия мемлекеттеріне ортақ мәселе. Суды үнемдеп пайдалану энергетика немесе көлік саласы сияқты аймақтағы ынтымақтастықтың тағы бір жаңа бағытына айналмақ. Үкіметке көрші елдермен бірлесіп, бұл мәселені жан-жақты пысықтауды тапсырамын.

Стратегиялық маңызы бар міндеттің бірі – көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалану.

Қазір әлемде жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатыр. Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбейеді деген болжам бар.

Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолайрықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс.

Қазір бәсеке күшейіп тұр. Осыған орай бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешу керек. Ең алдымен, «Достық-Мойынты», «Бақты-Аякөз», «Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы ірі теміржол жобаларын сапалы жүзеге асыру қажет. Оның қатарында Алматыны айналып өтетін темір жол желісі де бар.

Қазақстан көлік саласында Ресеймен және Қытаймен ынтымақтастығын жалғастыра береді. Біздің транзиттік әлеуетімізді нығайту ісінде Транскаспий бағдары айрықша рөл атқарады. Орта мерзімдік кезеңде осы дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі бес есе артуы мүмкін. Ол үшін Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркия сияқты серіктес мемлекеттермен бірге күш жұмылдыруымыз қажет.

«Бақты» өткелінде жаңа «құрғақ порт» салу, Ақтаудағы контейнер хабының құрылысын тездету және Қара теңіз арқылы өтетін Орта дәліздің бойында тұрған айлақ әлеуеттерін арттыру керек. Қытайдың Сиань, Грузияның Поти қалаларында өз терминалдарымыздың құрылысы басталды. Бұл – Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасы біздің ұлттық бастамаларымызбен тоғысқанының нақты көрінісі.

Іргелес елдердің бәрімен, оның ішінде Ресей, Қытай, Орталық және Оңтүстік Азиядағы тату көршілерімізбен сындарлы әрі достық қарым-қатынаста болсақ, еліміздің көлік әлеуетін тиімді пайдалана аламыз.

Бізге теңіз инфрақұрылымын дамытуға арналған біртұтас жоспар керек. Онда Құрық портына айрықша мән берілуге тиіс. Құрықты Ақтау порты сияқты толыққанды логистикалық кластерге айналдыруымыз қажет.

«Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық дәлізі де өте маңызды. Сол арқылы Парсы шығанағына шығуға болады. Біртіндеп бұл бағыттағы теміржол желісінің өткізу мүмкіндігін екі есе арттыру керек. Алдымен «Болашақ-Челябинск» теміржол желісінің Қазақстандағы бөлігін жаңғыртуға кірісу қажет.

Халықаралық дәліздермен тиімді байланыс орнату үшін логистика қызметін толық ұсыну маңызды. Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе әуежайлары мультимодальды орталық болуға тиіс. Бұл орталықтар бәсекеге қабілетті болу үшін жүктерді қабылдау және тарату қызметі сапалы атқарылуы қажет.

Жалпы, саланы дамыту үшін тариф және реттеу саясаты дұрыс жүргізілуге тиіс. Жеке инвестицияны көптеп тарту керек.

«Қазақстан темір жолын» толыққанды көлік-логистика компаниясы етіп қайта құру жұмысын жуық арада аяқтау қажет.

Сондай-ақ автокөлік жолдарының құрылысы мәселесі шешімін табуға тиіс. Қазір оның сапасы сын көтермейді. Тиісті жұмыстар уақтылы және сапалы жасалмайды. Жемқорлық белең алып тұр, бәсеке де жоқтың қасы. Мұның бәрі – осы салада әбден тамыр жайған кемшіліктер. Сондықтан жыл соңына дейін нақты шаралар қабылдау қажет. Міндетін адал атқармаған барлық компания заң бойынша жауапқа тартылады. Бұл мәселеге мен баса назар аударамын. Бақылауды күшейтіп, жаңа нормативтік құжаттар қабылдау керек.

2029 жылға дейін 4 мың шақырымнан астам жолға күрделі жөндеу жүргізу қажет.

Жалпы алғанда, Қазақстан Еуразия құрлығындағы басты транзит хабы ретіндегі рөлін арттыруы керек. Осылайша, уақыт өте келе көлік-логистика саласындағы ірі мемлекетке айналуымыз қажет.

Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуге тиіс. Ол үшін саланы тиімді басқару өте маңызды. Сондықтан Көлік министрлігін қайта құрған жөн. Бұл министрлік жол инфрақұрылымын салумен де айналысады.

Менің цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беретінімді баршаңыз білесіздер.

Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз.

Былтырдың өзінде IT саласындағы экспортымыз бес есе өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 500 миллион долларға жетуі мүмкін. Әрине, мұнымен шектелмейміз.

2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу – Үкіметке жүктелетін жаңа міндет. Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигізері сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек.

Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін.

Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек.

Еліміз есептеу қуаттарын жаһандық тұтынушыларға сататын орынға айнала алады. Сондықтан ірі мәлімет орталықтарын салуға инвестиция тарту үшін түрлі жеңілдіктерді де қамти отырып, барынша қолайлы жағдай жасау керек. Сондай-ақ мәліметті сақтау және өңдеу саласында Қазақстанның мүддесін ілгерілету қажет.

Цифрландыру ісінде басшылыққа алынатын қағидаттарды заң жүзінде бекітетін кез келді. Үкіметтен, сарапшылар қауымынан, Парламент депутаттарынан біртұтас салалық құжат әзірлеу мәселесімен айналысуды сұраймын.

Мен сайлау алдындағы бағдарламамда «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылдау туралы бастама көтерген едім. Қазір әзірленіп жатқан заң жобасында экономикамызды ғылым мен инновацияға сүйене отырып дамыту логикасының көрініс табуы өте маңызды.

Бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар керек. Шетелдің озық тәжірибесін пайдаланған жөн.

Венчурлық қаржыландыру тәсілі инновациялық жобаларды іске қосуға қажетті негізгі қаражат көзі болуға тиіс. Сондықтан жобаларға еліміздегі және шетелдегі инвесторлардың қызығушылығын арттыру үшін құқықтық және қаржылық мәселенің бәрін шешу қажет.

Келесі. Елімізді инновациялық жолмен дамыту үшін Астанада және Алматыда қажетті экожүйе қалыптастыруға мән беріліп отыр. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Мен аймақтарға барғанда дарынды әрі ойы ұшқыр, яғни креативті азаматтармен үнемі кездесемін. Біз олардың өз әлеуетін толық ашуына жағдай жасауымыз керек. Аймақтағы жоғары оқу орындарының негізінде біртұтас инновациялық экожүйе құру қажет. Оны нақты сектормен тығыз ынтымақтаса отырып жүзеге асырған жөн. Бұл жұмысты әрбір облыс орталығында жүргізу керек. Астана хабының тәжірибесін кеңінен пайдаланған жөн.

Экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт – медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, ақпараттық технология салаларын қамтитын креативті индустрия.

Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» салалары шынайы инклюзивті экономиканы дамытудың қайнар көзі саналады. Бұл аз десеңіз, креативті экономика дарынды әрі шығармашыл адамдарды өзіне тартатын ірі қалалардың дамуына ықпал етуші күшке айналуда. Қазақстанда бұл сала әлі дамымаған. Креативті индустрияның ішкі жалпы өнімдегі үлесі бір пайызға да жетпейді, жұмыспен қамту саласындағы үлесі өте төмен. Дегенмен дарынымен бүкіл әлемді мойындатып жүрген отандастарымыз аз емес.

Біз елімізде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасауымыз керек. Соның ішінде, зияткерлік меншікті қорғайтын құқықтық тәсілдер қажет. Бұл – өте маңызды мәселе.

Зияткерлік меншік дегеніміз – құрал-жабдық немесе технология сияқты кәдімгі мүлік. Қазір креативті индустрия орталықтары 3 ірі қалада (Астана, Алматы, Шымкент) шоғырланған, өңірлер назардан тыс қалып отыр. Бұл ахуалды түзеу қажет. Дарынды азаматтарды өзіне тартатын орындар, яғни кретивті индустрия орталықтары барлық облыс орталығында болуға тиіс. Онда креативті адамдардың өз өнімін коммерцияландыруына көмек көрсетілуі керек.

Креативті индустрия субъектілері өндіріс ерекшелігіне байланысты кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына толық қатыса алмайды, қаржылай көмек те ала алмайды. Оларға қолдау көрсетуге арналған шаралардың жеке топтамасын әзірлеу қажет деп санаймын.

Енді орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне тоқталғым келеді. Соңғы жылдары қабылданған шаралардың арқасында шағын және ірі бизнес тұрақты дами бастады. Алайда орта кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де бәсең. Жаңа экономикалық үлгіге көшу үшін оны «қолмен көтеруге» тура келеді.

Ең алдымен, орта бизнестің дамуын тежеп тұрған кедергілерді жою қажет. Орта кәсіпкерліктің басым бөлігі әбден дамыған кезде бөлшектеніп кетеді. Өйткені оларға шағын бизнес деңгейінде қалған әлдеқайда «қолайлы». Үкімет шағын бизнесті өзара бірігіп, ірі кәсіп иелері болуға ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізуі керек.

Еліміздің нарығында белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындар көп емес. Оларға қолдау көрсету қажет. Мұндай кәсіпорындардың әрқайсысына қатысты нақты жоспар әзірлеу керек. Сол арқылы олардың өндіріс қабілетін арттырып, өнім көлемін екі-үш есе көбейту қажет.

«Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген жөн. Оны шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайтын кешенді бағдарламаға айналдыру керек.

Мемлекеттік қолдау шараларын өндірістің технологиялық күрделілігіне және бизнестің нақты түріне қарай жіктеу маңызды. Оның операциялық тиімділігі жоғары болуы да өте маңызды. Сондықтан «Бәйтерек» холдингінің құрылымын өзгертіп, оны кең ауқымда цифрландырған жөн.

Экспортты ұлғайтуға айрықша мән беру керек. Оның әдіс-тәсілдері болғанымен, жүйелі ұстаным жоқ. Осы орайда, KazakhExport компаниясы экспортты дамытатын толыққанды институтқа айналады. Компанияға осы міндетті атқаруға қажетті құзырет берілуге тиіс. Бұдан бөлек, «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек. Басты назарды облыс орталықтарына емес, аудандарға, моноқалаларға және ауылдарға аударған жөн.

Бәсекелестік дамымаса, бизнес те өркендемейді. Бұл – айдан анық. Қазір негізгі салалардың көбінде бірнеше ірі кәсіпорын басымдыққа ие болып отыр. Бұл жағдай нарықтағы шынайы ахуалды көрсете алмайды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Үкіметпен бірлесіп, негізгі нарықтарды демонополизациялау үшін шаралар қабылдауға тиіс.

Біз сауда-саттықты өркениетті жолмен жүргізу үшін тауар биржаларының жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасадық. Алайда реттеу жұмысының тиімділігі төмен болғандықтан, біреулердің ырқынан шықпайтын тауар биржалары пайда болды. Олар бәсекелестікті жоятын, импорттың және өнімсіз делдалдықтың пайдасы үшін сатып алу рәсімдерін айналып өтетін орындарға айналды. Реттеу талаптарын күшейтіп, айтылған кемшіліктерден түгел арылу қажет.

Сонымен бірге сауда-саттыққа қатысты озық тәсілдердің еліміздің өнім өндірушілеріне толық қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды.

Ұлттық сауда жүйесімен ғана тұйықталып қалуға болмайды. Бизнеспен бірлесіп, мықты аймақтық тауар-шикізат биржасын құру мәселесін пысықтау қажет.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Қазір монополияға қарсы органның заңсыздықтарды жою үшін шұғыл шаралар қабылдайтын мүмкіндігі жоқ. Монополияға қатысты істердің үштен екісінде тергеу басталмай жатып, сотқа шағым түседі. Ал соттағы дау-дамай жылдарға созылуы мүмкін. Соның кесірінен құзырлы мекеменің жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан Үкімет Парламентке тиісті заңнамалық түзетулер енгізуі керек.

Келесі маңызды мәселе – мемлекеттің экономикаға ықпалын азайту. Қазір жекеменшікке заңсыз өткен және шетелге шығарылған бірқатар активтер мемлекетке қайтарылуда. Біз ашық әрі бәсекеге қабілетті экономика құрып жатырмыз. Сондықтан қайтарылған активтің бәрін ашық түрде және мемлекет үшін тиімді шартпен нарыққа шығару керек.

Жалпы, жекешелендіру және халықтық IPO жұмыстарын барынша тездету қажет. Басты мақсат – активтерді басқару ісінің ашықтығын және тиімділігін барынша арттыру. «Самұрық-Қазына» қорының бейінді емес активтерінің бәрі жеке меншікке және халықтық IPO-ға өтуі керек.

Үкімет бұл жұмысты 2024 жылдан бастап қолға алады. Келесі жылы «Air Astana» компаниясы халықтық IPO-ға шығарылады. «QazaqGaz» кәсіпорны да осы жұмысқа дайындалуы керек. Ірі компаниялардағы мемлекет активтері саудаға шығуға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – кәсіпкерліктің бүгінгі ахуалы. Билік пен бизнестің арасында сындарлы диалог болуы қажет. Қазіргі өтпелі кезеңде

мемлекеттік органдардың кемшілікке жол беретіні, кейде асыра сілтейтіні жасырын емес. Сондықтан экономикалық сипаттағы кейбір заң бұзу әрекеттерін қылмыс санатынан алып тастау жұмысын жалғастыру қажет. Бұл жерде сөз кәсіпкерлерге және олардың экономикалық теріс әрекетке қатысты істер туралы болып отыр. Салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ механизм енгізу қажет.

Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді қудалауын біржола тоқтату керек. Мұндай әрекеттерге тыйым салынған. Бірақ, соған қарамастан, әлі де жалғасып жатқанын білемін. Осындай мәліметтер кейде әдейі таратылып жатады, тіпті, олар жалған болуы да мүмкін. Қалай десек те, бұл – назардан тыс қалдыруға болмайтын мәселе. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету, саланы реттейміз деген желеумен жасалатын қысымды азайту және бәсекелестікті дамыту мәселелерін мұқият талқылау қажет. Сондықтан мен жуық арада еліміздің бизнес өкілдерімен арнайы кездесу өткіземін.

Келесі мәселе. Біз макроэкономикалық саясатты қайта қарап, жаңартуымыз керек. Мен жаңа ғана экономика салаларындағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Оның бәрін табысты жүзеге асырудың басты шарты – макроэкономикалық тұрақтылық. Бұл – аксиома. Қаржы, салық-бюджет және ақша-несие саясатын үйлестіру керек.

Инвестицияның жетіспеуі экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе болып тұр. Инвестицияның тапшылығы болашақта тоқырауға әкеп соқтырады.

Былтыр негізгі капиталға салынған қаражат ішкі жалпы өнімге шаққанда небәрі 15 пайыз болды. Бұған негізінен еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауы себеп болып отыр. Мұндай ахуал Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді. Бұл тәсіл тиімсіз, көп қаражатты талап етеді әрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді.

Сонымен бірге нақты секторға берілетін кредит азайып жатқанда банктер тұтыну несиесімен әуестеніп кетті. Осы жағдай қаржы жүйесіне төнетін сын-қатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырды.

Менің 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз несиесін кешіру туралы шешімім және жақында қабылданған жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселені біршама реттеді. Бірақ ахуалды біржола түзеу үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар азаматтардың қаржы сауатын арттыру өте маңызды.

Бұл ретте «Amanat» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өту қажет. Соның арқасында еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Олардың көпшілігі – 10 және одан да көп несие алған адамдар. Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Үкіметке «Amanat» партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырамын. «Қарызсыз қоғам» жобасының игілігін бүкіл еліміз көруі қажет.

Корпоративті салаға берілетін несиенің жеткіліксіздік мәселесін шешу керек. Экономикаға ақша керек. Былтыр банктердің таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады. Ал осы жылдың бірінші жартысында – бір триллион теңгеден асып кетті. Банктер тиімді жұмыс істегеннің арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді.

Үкімет пен Парламенттің бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Қаржы ұйымдарының салық салынбайтын мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алудан түскен орасан зор табысына қатысты да сұрақтар бар. Мұнда қисын да, мемлекеттік ұстаным да жоқ. Үкімет ешбір ақылға сыймайтын осы мәселені анықтап жатыр. Соған сәйкес заңдарға түзетулер әзірленіп, Мәжіліске енгізіледі. Депутаттардың оны мұқият қарауын сұраймын.

Сонымен бірге банктерді корпоративті несие беру ісіне белсене қатысуға, яғни кәсіпкерлерді қолдауға ынталандыру керек. Банк қызметінің басқа түрлеріне қарағанда бизнеске несие беру ісі банктерге пруденциалды және фискалды реттеу тұрғысынан анағұрлым тиімді болуы керек. Мұның оңай еместігін, күрделі мәселе екенін түсінемін. Үкіметке және қаржы саласын реттейтін мекемелерге бір жылдың ішінде осы маңызды мәселеге қатысты өздерінің кесімді байламын айтуды тапсырамын.

Банктердің «қозғалыссыз жатқан» 2,3 триллион теңгелік активтерін экономикалық айналымға қосу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл ретте осы активтерді иеленуге ниет танытқан бизнес өкілдерінің оны алып, экономикаға қайтаруына мүмкіндік беретін ашық цифрлы платформа құруды тапсырамын.

«Ұзақ мерзімге арналған қаражат» нақты секторға барынша қолжетімді болу үшін бірлескен және синдикатталған несие беру тәсілін кеңінен қолдану керек. Сондай-ақ өнеркәсіп өкілдері мен кәсіпкерлер несиенің бәрін жұтып қоймауы қажет. Олар экономикамызды іс жүзінде әртараптандыруды қамтамасыз ететін сапалы жобалар ұсынуға тиіс. Коммерциялық банктердің қызығушылығын арттыру үшін олар стратегиялық жобаларды қаржыландырған кезде даму институттарының кепілдігін беру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Банк саласындағы тағы бір өзекті мәселе – барлығы бірнеше банктің қолында шоғырланған. Қазір Қазақстанда 21 банк бар. Бірақ корпоративті секторға несие берумен, яғни экономикалық жобаларды қаржыландырумен бірнеше ірі банк қана айналысады. Сондықтан осы саладағы бәсекені арттыру үшін елімізге шетелден сенімді үш банкті тартқан жөн.

Жалпы, нақты секторға берілетін несие көлемінің жыл сайын 20 пайыз және одан да жоғары деңгейде өсуін қамтамасыз ету – маңызды міндет.

Экономиканы қаржыландыру көздері жайлы сөз болғанда Ұлттық қордың қаражатын пайдалану қажеттігі туралы жиі айтылады. Сарапшылар Қордың жинақтау және дамыту рөлінің арақатынасы жөнінде дауласып

жатады. Әрине, қаржыны жинақтап, сақтау негізгі міндет болуға тиіс. Ұлттық қордың қаражаты күтпеген сын-қатерлерге тап болған жағдайда қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге едәуір кепілдік береді.

Дегенмен Қордағы қаражаттың белгілі бір бөлігін Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Тіпті, қазірден бастап соған жұмсау керек.

Ұлттық қор әлден-ақ бірқатар ірі жобаны қаржыландырылып жатыр. Алайда сол жобаларды іріктеу ісінде жүйелілік жетіспейді. Сондықтан Ұлттық қордың әрбір теңгесі айтарлықтай пайда әкелуі үшін барлық ұсынысқа жан-жақты сараптама жасалуын қамтамасыз ету қажет.

Капиталды қайтару туралы заң аясында құрылып жатқан қор «ұзақ мерзімге арналған қаражаттың» тағы бір көзі бола алады. Түскен қаржының бәрі елдік мәселелерді шешу үшін барынша тиімді және ашық жұмсалуға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – қор нарығын дамыту. Қазір Қазақстанда екі қор биржасы бар. Олар жұмыс барысында көбіне бірін-бірі қайталайды, тіпті өзара бәсекеге түсіп жатады. Еліміздің қаржы жүйесі үшін бұл тым артық. Ішкі нарықтың көлемін және тартымдылығын арттыру үшін осы биржалардың әлеуетін біріктіріп, бір жерден басқару мәселесін қарастыру қажет.

Төлем жүйелерінің тұрақтылығын сақтау да өте өзекті мәселенің бірі болып отыр. Былтыр Ұлттық банк ұлттық төлем жүйесінің бірінші бөлігі – жылдам төлемдер жүйесін іске қосты. Қазіргі таңда бұл жүйе пилоттық режимде жұмыс істеп жатыр. Ұлттық банкке 2024 жылы Ұлттық төлем жүйесін толық енгізу жұмысын аяқтауды тапсырамын.

Енді тағы бір аса маңызды мәселеге, яғни бюджет саясатына тоқталайық. Мен былтыр «бюджетті басқарудан» «нәтижені басқару» тәсіліне көшу арқылы бюджет жүйесін реформалауды тапсырдым. Бұл мәселе жаңа кодекс қабылданған соң шешімін табады. Бюджет үдерісінің ашықтығы, оған қатысушылардың жауапкершілігі мен дербестігі арта түседі.

Сонымен бірге бюджет саясатының тиімділігін арттыру үшін әрдайым жаңа мүмкіндіктер мен тәсілдерді пайдалану қажет. Сондықтан Үкіметке бірнеше министрлік пен аймақтар үшін пилоттық режимде толық бөлшектенген бюджет жобасын енгізуді тапсырамын.

Келесі. Аймақтарға қатысты саясатта маңызды реформалар жүргізілді. Соның нәтижесінде әкімдерді тікелей сайлау тәсілі енгізіліп, әкімшілік реформа қолға алынды. Бұл ретте бюджетаралық қатынастарды түбегейлі өзгерту де өте өзекті мәселе. Жаңа экономикалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру керек.

Корпоративтік табыс салығынан және басқа төлем түрлерінен түсетін кірістің бір бөлігін өңірлерге беру оң нәтиже көрсетті.

Былтыр аймақтар табысының өсімі 30 пайыздан асты. Сондықтан реформаның келесі кезеңінде осы норманы өзге де салықтарға, оның ішінде қосымша құн салығына да қатысты қолдану қажет. Мұндағы міндет

– бюджеттің екінші деңгейіне кем дегенде екі триллион теңге қосымша қаражат беру.

Кезең-кезеңімен жүргізілген фискалды орталықсыздандыру жұмысының нәтижесінде жергілікті бюджет кірісінің құрылымындағы республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттің үлесі орта есептен 25 пайызға дейін төмендеуге тиіс (қазір бұл көрсеткіш 50 пайызға жуық).

Сонымен қатар аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын берген жөн деп санаймын. Бұл, ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджетке жиналатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыру керек. Бұл шара бизнестің дамуына үлкен серпіліс әкелмек. Ұсынылып отырған бастама өте маңызды. Келешекте аймақтардың табысты дамуына айрықша ықпал етеді. Сол себепті барлық әкім бюджетаралық қатынастардың жаңа үлгісіне көшу кезінде оның біртұтас мемлекетімізге тигізетін пайдасы және тиімділігі туралы ойлауы керек.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мен бұдан бұрын экономиканың түрлі секторындағы салық мөлшерлемесін саралау туралы айтқан едім. Бұл шара салық жүктемесін өндірістің күрделілігіне қарай бөлуді қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлер қосымша құн салығын қайтару рәсімінің күрделі екені жөнінде орынды мәселе көтеріп, шағымданып жүр. Бұл жайт еліміздегі инвестициялық ахуалға кері әсерін тигізеді. Үкімет көптен бері түйіні тарқамай келе жатқан осы мәселені шұғыл шешуге тиіс. Сондай-ақ салық жеңілдіктерін беру тәртібін реттеу қажет. Олар экономикалық ынталандыру шараларының нысаналы тәсілі болуы керек. Жиналмаған салық – салынбай қалған ауруханалар, мектептер мен жолдар деген сөз. Салық жеңілдігін сын көзбен зерделеп, оның көлемін кем дегенде 20 пайызға қысқарту қажет. Қалған жеңілдіктер жекелеген жобалар мен тұлғаларға байланбай, нақты ереже бойынша берілуі керек.

Салықтық әкімшілендіру мәселесіне келсек, фискалды органдар мен салық төлеушілердің қарым-қатынасын қызмет көрсету үлгісіне көшірген жөн. Басты мақсат жазалау емес, ескерту болуға тиіс.

Салықтық бақылау ісін толық цифрландырып, есептілік формаларын 30 пайызға қысқарту қажет. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің санын кемінде 20 пайызға азайту керек. Айтарлықтай түсім әкелмейтін төлемдерді толығымен алып тастап, қалғандарын біріктіруге болады.

Бөлшек салықты енгізу мәселесі қажетті бастама болғанына көзіміз жетті. Осыны ескере отырып, Үкімет оны қолдану аясын екі есе кеңейтеді. Сондай-ақ үдемелі салық салуды енгізу жұмысын жеделдеткен жөн.

Салық саясатын қайта қарап, өзгерту үшін Үкімет пен Парламент батыл әрі жан-жақты ойластырылған шешімдер қабылдауы керек.

Тағы бір мәселені атап өту қажет. Азаматтардың мүддесі мен сұранысы – Қазақстанның экономикалық даму стратегиясының өзегі. Яғни, адамның

қажеттілігі әрдайым басты назарда болады. Сол үшін біз шикізатқа тәуелді болудан біртіндеп арылуымыз қажет. Бұл жұмыс табанды түрде жүргізілуге тиіс.

Елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Жыл соңына дейін халқымыздың саны 20 миллионға жетеді. Өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш 74 жастан асты.

Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі. Азаматтарымыздың орташа жасы – 32 жас. Тұрғындардың үштен бірі – жастар.

Үкіметтің міндеті – қазіргі демографиялық ахуалды еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға пайдалану.

Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін.

Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет.

Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек.

Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн.

Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек.

Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті, өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын.

Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға»

жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады.

Қазір еңбек нарығында ауқымды өзгерістер болып жатыр. Онда цифрлы экономиканың рөлі арта түспек. Платформалық жұмыспен қамту жүйесіне қызығушылық артып келеді. Осы секторда қазірдің өзінде жарты миллионнан астам адам жұмыс істейді. Алайда олардың еңбек құқықтары толық қорғалмаған. Сондықтан осы санаттағы азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың нақты тәсілдерін әзірлеп, платформалық жұмыспен қамту мәселесін түгел реттеу қажет.

Өндірістік жарақат алудың жиілеуі өте өткір мәселе болып отыр. Үкімет 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын осы жылдың соңына дейін қабылдауға тиіс. Бұл құжат жұмыс орнындағы кәсіби сын-қатерлердің алдын алуға және жоюға бағытталуы керек.

Менің тапсырмаммен Үкімет зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірледі. Бұл бұрыннан талқыланып жүрген мәселе болатын, енді шешімі табылды. Оның мынадай өлшемдері бар. Жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді. Парламенттен Үкіметтің ұсыныстарын жедел қарауды сұраймын. Азаматтар осы мәселе шешімін табады деп күтіп отыр.

Келесі. Біз бұған дейін уәде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді.

Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Жалпы, еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керек.

Жаңа экономикалық саясаттың қағидалары мен басымдықтарын нақты айқындаумен қатар, алдағы реформаларды сапалы әрі толық жүзеге асыру өте маңызды. Оның табысты болуы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты.

Реформалардың іске асырылуына негізінен атқарушы билік жауап береді. Сондықтан, ең алдымен, оның өзін өзгерту қажет. Осы саладағы реформаның басты бағыттары мынадай.

Біріншіден, нақты салаларға қатысты шешімдерді әзірлеу және орындау міндеті, сондай-ақ түпкі нәтиже үшін жауапкершілік толығымен министрлерге жүктеледі. Өйткені олар өзінің бұйрығымен жедел шешім қабылдап отыруға тиіс. Бұл – әкімдерге де қатысты мәселе.

Екіншіден, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға және сөзбұйдаға салынбай,

Президент Әкімшілігіне жалтақтамай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс.

Үшіншіден, Президент Әкімшілігі басты «саяси штаб» ретінде мемлекетті әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық бағыттарына, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік, құқық және кадр саясаты мәселелеріне барлық күш-жігерін жұмылдырады.

Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жолындағы жүйелі жұмыс жалғаса береді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін түбегейлі өзгерту қажет. Бізге оның мейлінше шағын және қолайлы болғаны маңызды. Сондай-ақ тапсырмалардың орындалуын бақылау және бағалау жұмысын да қайта қарауымыз керек. Бұл – жұртшылықтың сұранысы. Басқаша айтқанда, қазір қоғамда жаңа әдіс-тәсілдерге, жаңа идеяларға, жаңа кадрларға деген сұраныс аса жоғары. Сондықтан саяси мемлекеттік қызметшілердің резерві құрылады, соның арқасында «қосымша кадрлар тобы» қалыптасады.

Қазір кадр тапшылығы өзекті мәселе болып тұрған кезде мұндай қадам өте маңызды. Жоғары лауазымға ие болғысы келетіндер көп, бірақ олардың біліктілігі тиісті талапқа сай келмейді. Демек, кадр мәселесін міндетті түрде қолға алуымыз керек, сапалы мамандар тәрбиелеу қажет. Бұл ретте саяси партиялардың кадрлық әлеуетін де пайдаланған жөн.

Аймақтағы атқарушы биліктің шешім қабылдау ісіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндігін біртіндеп арттыру да маңызды. Ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан асты. Содан бері ауылдық деңгейдегі әкімдердің төрттен үші сайланды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлап көреміз.

Қадірлі отандастар!

Еліміздің экономикасын дамытуға қатысты бүгін айтылған жоба-жоспардың бәрі нақты зерттеліп, есептеліп жасалды.

Бүкіл экономикалық жүйені шұғыл түрде түбегейлі қайта қарап, өзгерту арқылы елімізді өркендетеміз, халықтың әл-ауқатын арттырамыз.

Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу. Әрине, бұл – ауқымды әрі күрделі міндет. Бірақ біз еліміздің байлығын, табысын азаматтарымыздың арасында әділ бөлуіміз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, экономикалық өсімнің игілігін әрбір азаматымыз көруі керек. Бұл – принципті мәселе.

Еліміздің болашағы баянды болсын десек, бұл стратегиялық міндетті қалайда орындауға тиіспіз.

Мен еліміздің даму бағдары туралы пайымдарымды үнемі айтып жүрмін. Соны тағы да қайталағым келеді.

Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз.

Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды

құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келеңсіз оқиғалар болып жатады.

Мысалы, даладағы, көшедегі вандализм, кейбір азаматтарымыздың тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігі, неше түрлі тұрмыстық жанжалдар еліміздің халықаралық аренадағы абыройына нұқсан келтіретін болды.

Тағы да айтамын: біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз.

Жалпы, әлемдегі ахуалдың күрделі екенін көріп отырсыздар. Барша адамзат түрлі сын-қатермен бетпе-бет келуде. Көптеген ел табиғи апатты, электр қуаты мен азық-түлік тапшылығын бастан өткеруде. Мамандардың айтуынша, биылғы шілде әлем тарихындағы ең ыстық ай болды. Көптеген елде инфляция өршіп, қымбатшылық болып жатыр. Мемлекеттер арасында түрлі текетірес, қарулы қақтығыс белең алды. Босқындардың саны 110 миллионнан асты. Мұның бәрі Қазақстанға да салқынын тигізеді. Бірақ біз жаһандық дүрбелең дәуірінде өз бағдарымыздан адаспаймыз.

Әрине, даму жолымыз әрдайым теп-тегіс, даңғыл болмайды. Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтіп жібермейді. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға тиіс. Жалпы, халқымыз осындай дағдарыс кезінде біртұтас болуы керек. Басқа жол жоқ.

Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында нақты айттым.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады.

Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы.

Тағы да қайталаймын: Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды.

Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды.

Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз.

Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын.

Берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, Отанымызды көркейтіп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табыстасақ, бабалар аманатына адалдық деген – осы!

II. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қ., 2023 жылғы 7 ақпан
akorda.kz

Құрметті Үкімет мүшелері және жиынға қатысушылар!

Жаңа Үкіметтің алғашқы кеңейтілген отырысын бастаймыз. Ең алдымен, Премьер-Министр Олжас Абайұлы Бектеновті осы жоғары лауазымға тағайындалуымен құттықтаймын. Үкімет табысты жұмыс істейді деп сенемін. Бүгін біз былтыр атқарылған жұмысты қорытындылаймыз. Сондай-ақ алдағы кезеңнің басты міндеттеріне тоқталуымыз керек.

Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Алдыңғы Үкімет осы бағытта біраз жұмыс істеді. Кеше мен бұрынғы Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа алғысымды білдірдім.

Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Сондықтан Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат – баршаңызға белгілі.

Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни, нақты меже бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге, шын мәнінде, сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек.

Алдағы міндеттерді орындау үшін Үкіметке де, әкімдіктерге де тиісті құзырет берілген. Алайда бұл мүмкіндіктер көп жағдайда дұрыс қолданылмай жатады. Соның кесірінен реформаларды жүзеге асыру қарқыны бәсеңдеп кетті. Мұндайды доғару қажет.

Мемлекеттік органдар арасында өзара келісу мен талқылау жұмысы аяқталғанша, кез келген бастаманың негізгі мән-маңызы да өзгеріп кетеді. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болуы қажет. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

Қазіргі жағдайда экономикамыздың мейлінше еркін дамуына мән беруіміз қажет. Елімізді дамудың жаңа белесіне шығарамыз десек, бұл жұмысты жедел және дәйекті түрде жүргізген жөн. Мен былтырғы Жолдауымда жаңа экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Сондықтан бүгін мен қазіргі экономикалық ахуалға қатысты өзекті мәселелерге тоқталамын.

БІРІНШІ. Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді.

Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді.

Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалады, стратегиялық мақсаттар соның көлеңкесінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындауы керек.

Енді бюджеттің кіріс бөлігіне келейік. Қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатыр. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерім болуын қамтамасыз етуі керек. Алайда бизнес қауымдастығында бұл құжат, ең алдымен, салық мөлшерлемесін өсіруді көздейді деген пікір қалыптасып отыр. Қазақстанда түпкі мәні өзгеріп кеткен қосылған құн салығының өзін реформалау қажет. Оны 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеру мәселені шешпейді. Сарапшылар қосылған құн салығын көтеру көлеңкелі экономиканың үлесін арттырып, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы ықтимал деп орынды пікір білдіріп жатыр. Бұл қадам еліміздің инвестициялық тартымдылығына да кері әсер етуі мүмкін.

Бұрынғы Үкімет Ұлттық қордан бөлінетін трансферттің орнына салықты көтеріп, қазынаға қосымша қаржы түсіреміз деген уәжді алға тартатын. Жаңа Салық кодексін әзірлеу барысына Мемлекет басшысы ретінде менің көңілім толмайды. Алдымызда ұлттық экономиканы сапалы әрі қарқынды дамыту деген өте маңызды міндет тұрғанын терең түсіну қажет.

Табыс пен мүлікке салық салудың жаңа жүйесін енгізбесек, кәсіпкерлерді табысын қалтаға баспай, бизнесін дамыту үшін жұмсауға ынталандырмасақ, арнайы салық режимдерін өзгертпесек, бұл міндетті орындай алмаймыз. Сондықтан Салық кодексі секілді стратегиялық маңызы бар құжатты әзірлеуге осы сала мамандарынан бөлек экономистер мен бизнес өкілдері жұмылдырылуы қажет. Әрине, бюджет қоржынын толтыру міндетін ұмытуға болмайды. Экономика неғұрлым қуатты болса, соғұрлым көп салық түседі деген қағидатты берік ұстану керек.

Салықты жайдан жай көбейте салуға болмайды. Ең алдымен, салық салу жүйесін реттеп, оны жетілдіру қажет. Сондай-ақ көлеңкелі экономиканы барынша азайту керек. Яғни, салық жүйесін басқару жұмысы дұрыс жолға қойылмаса, ең озық деген салық саясатының өзі тиімсіз болып шығады.

Үкімет салық жеңілдіктерін берудің ашық әрі нақты ережелерін әзірлеуге тиіс. Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша жеңілдік берудің салдарынан жыл сайын бюджетке орташа есеппен 7 триллионға жуық теңге кем түседі.

Мен салық жеңілдіктерін 20 пайызға азайту туралы тапсырма бердім. Бірақ әлі күнге дейін орындалған жоқ, тіпті, мәселені шешу жолдары да әзір емес. Микро және шағын кәсіпкерлік үшін еңбекақы төлеу қорынан бір реттік төлем жасауды енгізу ісі де аяқсыз қалды. Бұл норманың енгізілгеніне бір жылдан асты. Уәкілетті органдар жұмыстың табысты атқарылғаны туралы есеп берді. Ал бизнес өкілдері бұрынғысынша салық пен жарнаны бюджеттік емес қорларға жеке-жеке төлеуді жалғастырып жатыр.

Бір жағынан, орта бизнеске нақты қолдау көрсету мәселесіне айрықша мән беру керек. Мысалы, көп жағдайда бизнесті қолдан ұсақтап жатады. Кәсіпкерлерді тиісті санатқа бөлу әдістемесі дұрыс жолға қойылмаған. Мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кезінде орта бизнеске басымдық берілуі керек. Осы мәселелерді міндетті түрде шешу қажет. Бизнеске әкімшілік қысым көрсетуді азайту керек, соның ішінде реттеу қағидатын қолдану арқылы ықпал етуді доғарған жөн. Тоқетерін айтсақ, осы салаға сапалы өзгеріс жасау керек.

Тағы бір мәселе. Салық жүйесін толық цифрландыру қажет. Бұл сала цифрлық тәсілдерді, әсіресе, жасанды интеллектіні қолдану жағынан ең алдыңғы шепте болуға тиіс. Қысқасы, атқаратын жұмыс – ауқымды.

Мемлекеттік кірістер комитетінде 2000-2014 жылдары іске қосылған 14 ақпараттық жүйе бар. Олардың көбі кеңінен қолданылмайды. 2021 жылы бұл жүйелердің бәрі халықаралық қаржы ұйымдарының қолдауымен 12 жыл бойы жасалған жаңа жүйелермен алмастырылуы керек еді. Бірақ қаражат игерілгеніне қарамастан, еш нәтиже жоқ. Ведомстволық барлық ақпараттық жүйесіне тәуелсіз IT-аудит жүргізуді тапсырамын.

Жаңа Салық кодексін әзірлеумен қатар Мемлекеттік кірістер комитетінің жаңа ақпараттық архитектурасын қалыптастыру қажет. Жалпы, салық және бюджет саласына түбегейлі реформа қажет. Соның арқасында мемлекет пен бизнестің арасында жаңа қоғамдық шарт жасалмақ. Осылайша, ұлттық табысты әділ бөлудің парасатты жолы қалыптасады. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған негізгі басымдық. Жаңарған салық және бюджет заңнамасы мен жариялаған жаңа экономикалық саясаттың берік тұғырына айналуы керек.

ЕКІНШІ. Жаңа инвестициялық кезеңді бастау керек. Өндіру саласындағы жобалардан түскен пайда қайтадан инвестиция ретінде экономикаға салынып жатыр. Тікелей шетел инвестициясы, негізінен, осы қаражаттың есебінен қамтамасыз етіліп отыр.

Негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып барады. Бұл күрделі жағдай деуге болады. Себебі экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

Сондықтан ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек. Бұл – жаңадан құрылған Инвестициялық штабтың негізгі міндеті. Штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізуге тиіс. Шетелдегі мекемелердің, орталық пен аймақтардың арасында тығыз байланыс орнату қажет. Ең бастысы, Инвестициялық штаб қажетті шешімді дер кезінде қабылдауы керек.

Инвесторларға, мысалы, 50 миллион доллардан көп қаржы салуға дайын ірі компанияларға «бір терезе» қағидасымен жан-жақты қолдау көрсеткен жөн. Сонымен қатар жобалардың іске асырылуын қадағалайтын тиімді мониторинг жүйесін іске қосу керек.

Мемлекеттік органдар пайдасы жоқ презентациялар мен іс-шаралар өткізумен әуестенбеуге тиіс. Мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іссапары нақты нәтиже беруге тиіс. Сапар қорытындысы бойынша Үкімет басшылығына, қажет болған жағдайда, Президентке есеп берілуі керек.

Инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кедергілер, әсіресе, аймақтарда жиі болып тұрады. Әкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Ал аймақтарға барып, жұмыс істегісі келетін инвестор көптеген тосқауылға тап болады.

Жергілікті билік көп жағдайда ешқандай әрекет жасамайды не болмаса инвесторды әуре-сарсаңға салады. Соның кесірінен кәсіпкер жобасын кейінге шегереді немесе біржола тоқтатуға мәжбүр болады.

Аймаққа жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек. Жалпы, барлық мемлекеттік орган ел экономикасына мейлінше көбірек инвестиция тартуға баса мән беруге тиіс. Бұл – негізгі басымдық, олардың жұмысы да соған сәйкес бағалануы керек.

Мәселе штат санын көбейтіп, жұмыс тобын құрып, жаңа тұжырымдама жазуда емес. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік аппараттың жұмыс істеу тәсілін өзгертетін нақты реформа. Соны дұрыс түсіну қажет.

Біз жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысын қорытындылаймыз. Әрбір министр мен әкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға береміз. Талап қатаң болады.

Елімізге ауқымды инвестиция тартудың тағы бір маңызды шарты – Ұлттық инфрақұрылым жоспары. Бұл құжат сапалы әзірленуге тиіс. Ойға келгеннің бәрін бір құжатқа жинақтап, сосын бюджеттен қаржы бөлінбеді деп сылтау айту – қолыңнан түк келмейтінін мойындау деген сөз. Үкіметке Инфрақұрылым жоспарын қайта қарауды тапсырамын.

Негізгі басымдықтарды айқындап, стратегиялық маңызы бар жобаларға жеке инвестиция тарту мәселесін мұқият ойластыру керек. Тек аса қажет болған жағдайда ғана қаржылай қолдау шараларын қарастырған жөн.

Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынмын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Уәкілетті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен

қаражатты еліміз үшін маңызы зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет.

Алайда өзге де құқық қорғау органдары жүгенсіздікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертемін, «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын. Біздің басты міндетіміз – кәсіпкерлердің еркіндігін шектеу емес, керісінше, елімізде бизнеске және инвестицияға жайлы орта қалыптастыру. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жоққа шығаруына жол берілмейді.

ҮШІНШІ. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау қажет. Бұл жұмыс инвестиция тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіндегі реформалармен барынша үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс.

Қазір Мәжілісте мемлекеттік сатып алу туралы заң жобасы қаралып жатыр. Бұл құжатты пысықтап, жетілдіру қажет. Парламент депутаттарынан осыған ерекше мән беруді сұраймын. Ең алдымен, аудиторлардың қызметін реттеу керек. Осы орайда әркімнің заң нормаларын өз қалауына қарай икемдеп, түсіндіруіне жол беруге болмайды. Бұл – тауар, жұмыс және қызмет ұсынушыларға қойылатын талаптарға да қатысты мәселе. Олардың белгіленген мерзімді бұзғаны және жұмысты сапасыз орындағаны үшін жауапкершілігін күшейту қажет. Мұның, әсіресе, құрылыс саласы үшін маңызы зор.

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң ЕРС шарттарын қолдана отырып, инфрақұрылым жобаларын толық жүзеге асыруға мүмкіндік беруге тиіс. Бұл ретте ЕРС шарттарын жасауға дайындық шараларының мерзімі қысқа болуға тиіс. Сонда әкімдіктер басымдық берілген әрі шұғыл жүзеге асырылуға тиіс жобаларды тездетеді.

Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін дамыту үшін біраз шаруа атқарылды. Бірақ нәтижесі әлі де мардымсыз. Қазір мұндай жобалар, негізінен, әлеуметтік салаға енгізіліп жатыр. Бұл саладан көп табыс түспейтіні белгілі. Ашығын айтқанда, біз нысандардың құрылысына бөліп төлеу арқылы қаржы құйып отырмыз. Мемлекет үшін мұндай тәсіл, әрине, тиімсіз. Жалпы, осы саладағы нормалар мен рәсімдер жеке бизнеске салмақ салады не болмаса инвесторға өте тиімді болғанымен, мемлекетке пайда әкелмейді. Бір сөзбен айтқанда, теңгерімді, яғни балансты сақтау керек, мемлекет пен инвестордың мүддесі бірдей ескерілуі қажет. Бірақ бізде мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жеке жобаларды бюджеттен астыртын қаржыландыратын тәсілге айналып кетті.

Мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жүйесін қайта құруға қатысты жұмыс баяу жүріп жатыр. Әзірге нақты нәтиже жоқ. Үкімет осы мәселені ретке келтіру қажет.

Ешқандай жаңалық ойлап табудың қажеті жоқ. Оған әлемдегі озық тәжірибені пайдаланып, уақыт тезінен өткен тәсілдерді ұсына алатын халықаралық ұйымдарды тартқан жөн. Бұл мәселені шұғыл шешу керек.

Елімізді экономикалық-әлеуметтік дамыту ісінде маңызды рөл атқаратын құрылыс саласының тиімсіз басқарылуы өте өзекті мәселе болып тұр. Мысалы, жобалардың құнын сметалық есептер арқылы анықтау әдістемесі әлемдік стандарттарға сай емес. Инвесторлар уақытын, қаражатын және жұмысқа деген құлшынысын жоғалтып, ақыры құрылысқа рұқсат беретін құжаттар көп талап етілмейтін елдерге кетіп қалады. Үкімет халықаралық тәжірибені негізге ала отырып, инвесторлар үшін жобалық-сметалық құжаттарды бекіту тәртібін барынша жеңілдету керек.

Өздеріңізге мәлім, мен осыдан бір жарым жыл бұрын әлемдегі озық тәжірибеге сай келетін Қала құрылысы туралы кодекс әзірлеуді тапсырдым. Бірақ менің атыма бірқатар сарапшылар мен кәсіпкерлерден өтініштер келіп жатыр. Олардың айтып жатқан шағымдары мынадай: қазіргі Кодекстің жобасы қойылған талапқа сай келмейді, бұрыннан бар нормалар ұсынылған, жаңа тәсілдер мен шешімдер жоқ. Сондықтан Кодекстің жобасын қайтадан мұқият қарап, жетілдіру қажет.

Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі қызу талқыланып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние. Алайда мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек.

Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынуына, мүлік иелерінің бірлестігін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда құзырлы органдар әлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр. Үкімет бұл мәселе бойынша жыл соңына дейін нақты шешім қабылдауы керек.

Тағы бір өзекті мәселе – сыбайлас жемқорлық. Бұл – құрылыс саласын ғана емес, жалпы экономиканы дамытуға тосқауыл болатын фактор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай күресу қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Осы бағытта біраз жұмыс жасалды, нәтиже де бар. Бірақ солай екен деп, босаңсуға болмайды. Жұмысты жалғастыру қажет. Әсіресе, цифрландыруды белсенді түрде қолдану керек.

Қазір құрылыс саласында бірнеше ақпараттық жүйе бар. Осындай тәсілдер арқылы бөлінген қаражаттың мақсатқа сай жұмсалуын қамтамасыз ету қажет, яғни барынша ашық және қатаң бақылау болуға тиіс. Бұл – өте маңызды мәселе. Себебі қаржының ұрлануы, ең алдымен, құрылыстың сапасына әсер етеді және бюджетке қосымша салмақ салады.

Ақшаға цифрлық теңге арқылы ен салу және оны қадағалау, басқаша айтқанда, «ақшаны бояу» бюджет қаражатының жұмсалуын бақылайтын өте маңызды тетік болуы мүмкін. Бүгінде цифрлық валютаны қолдануға қатысты пилоттық жобалар тиімді жүзеге асырылып жатыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, осындай жобалардың ауқымын кеңейтуді, оның ішінде құрылыс саласына барынша енгізуді тапсырамын.

ТӨРТІНШІ. Экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамадан тыс араласуынан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік беретін өте маңызды реформа. Мысалы, отын-энергетика нарығындағы бағаны шектен тыс реттеу мұнай өндірісін төмендетіп, өнім тапшылығын туындатты. Үкімет бұл жағдайдан тиісті қорытынды жасады, ахуал біртіндеп түзеліп жатыр.

Сонымен бірге ұялы байланыс нарығында олқылықтар көп. Қызмет сапасын әлі де жақсарта түсу керек. Мемлекеттің үлесін біртіндеп азайтып, басы артық шектеу және реттеу шараларын алып тастау қажет. Бұлар экономиканың барлық саласына қатысты маңызды міндеттер.

Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды түбірімен жою қажет. Жекешелендіру тиімді жүргізілген жағдайда ғана экономиканың барынша еркін дамуына жол ашылады. Бұл мәселе бойынша көптеген жоспар жасалды. Дегенмен, «баяғы жартас – сол жартас» күйінде қалып тұр. Себебі бұл жоспардың бәрі құр тізім ретінде әзірленді. Онда мүлікті иеліктен шығару қажеттігіне талдау жасалған жоқ, жекешелендірудің нақты шарттары да анықталмаған.

Жекешелендірілетін кәсіпорындар туралы ақпарат қолжетімді емес. Жекешелендіру тәсілін таңдау тәртібі де толық реттелмеген. Бұл жағдай сыбайлас жемқорлық қаупін туындатады. Үкіметке мемлекеттік меншік тізілімін қайта қарауды және жекешелендіру үдерісінің әдіс-тәсілін нақтылауды тапсырамын.

Ұлттық компанияларды IPO-ға шығару мәселесін қайта қарау өте маңызды. Бұл істе негізгі мақсат – мемлекеттік активтердің тиімділігін арттыру. Корпоративтік басқарудың заманауи әдіс-тәсілдерін енгізу қажет. Сол арқылы компаниялардың барынша ашық қызмет етуін қамтамасыз етуге болады. Үкімет алдағы екі жылда акцияларының едәуір бөлігі IPO-ға шығарылатын ірі нысандардың нақты тізімін жасауға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе. Квазимемлекеттік секторда ауқымды реформа жасау қажет. Қай жерде мемлекеттің үлесі сақталуы керек, қай тұста бәсекені дамыту қажет деген мәселені біржола шешіп алған жөн. Әсіресе, «Самұрық-Қазына» қорына кіретін компанияларда мемлекеттің үлесі басым. Сондықтан жұмысты солардан бастау керек. Қорды түбегейлі сауықтыру үшін жүйелі әрі тың шаралар қажет. Негізгі мақсат – инвесторлармен бірлесе отырып, ірі жобаларды кеңінен жүзеге асыру арқылы Қордың экономикалық құнын арттыру.

Үкіметке бір ай ішінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен бірлесе отырып, Экономиканы ырықтандыру (либерализация) туралы Жарлықты әзірлеуді тапсырамын. Құжатта үш бағытқа баса мән берілуі керек: нарықтағы бәсекені арттыру, жекешелендіруді тиімді жүргізу және квазимемлекеттік секторды реформалау мәселелері.

БЕСІНШІ. Еліміздегі өндірістің дамуына тың серпін беру қажет. Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін былтыр жеке министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек. Министрлік саланың даму бағдарын анықтап, инвесторларға жол көрсетуі керек. Озық технологияны қолданатын жаңа өндірістер ашу қажет. Алайда нақты шаралар мен әдіс-тәсілдер дайын емес. Өндірістің дамуына серпін беретін жобалардың тізімі бар, дегенмен, бұл жұмыс та толық аяқталмаған.

Бұл өндірістер экономика құрылымын өзгертуге, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалауға және технологиялық өсімді қамтамасыз етуге тиіс. Әзірге мұның ешқайсысы іске асқан жоқ. Көптеген жобаны қаржыландыру көздері айқындалған жоқ.

Мемлекет болашақта еліміздің экономикалық өркендеуіне негіз болатын ауқымды әрі инновациялық жобаларды бірінші кезекте қолдауы қажет. Осы тұста жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртумен қатар, еліміз үшін мүлде жаңа өндіріс орындарын ашуға баса мән беру керек.

Үкімет халықаралық қаржы институттарымен, трансұлттық корпорациялармен және отандық кәсіпкерлермен арадағы сындарлы диалогты нығайта түсуі қажет. Жалпы, еліміздің болашақтағы индустриялық келбеті қандай болады, қандай кәсіпорындар маңызды рөл атқарады деген сауалдарға жауап болуға тиіс. Яғни, уақыттың талабына сай белсенді жұмыс істеу керек.

Келесі маңызды міндет бұл – қазіргі өндіріс орындарын түбегейлі жаңғырту мәселесі. Бұл жұмысты, ең алдымен, әбден тозған металлургия комбинаттарынан бастау керек. Өйткені ондағы жағдай өте нашар деуге болады. Себеп – бәрімізге белгілі. Өндірісті дамытуға және жаңғыртуға қажетті инвестиция салынбайды. Соның салдарынан дайын өнімнің қосылған құны төмендейді, сапалы жұмыс орындары азаяды.

Бұдан бөлек, өндірістің техникалық жағдайына да қатаң бақылау жасап отыру қажет. Кейбір инвестор тапқан табысын тек қалтаға басқанды жөн көреді. Еңбек қауіпсіздігі, экология, өндірісті жаңғырту сияқты маңызды мәселелерге мүлде назар аударылмайды. Мұндай жағдайға бәріміз куә болдық. Сондықтан менің тапсырмаммен Қарағанды комбинаты ұлттық инвесторға берілді. Оған берілуінің басты себебі – инвестордың кәсіпорынды кешенді түрде жаңғыртамын деген ниетінің болуы. Өндірістің жұмысын тоқтатпау және апатты жағдайға жол бермеу үшін кен орнын дереу қалпына келтіру, өндірістік қауіпсіздікті күшейту, материалдық-техникалық базаны жаңарту керек.

Сондай-ақ жаңа өндірістер ашып, қосылған құны жоғары тауарлар шығару үшін ауқымды инвестиция тартқан жөн. Жоғары технологиямен сапалы құрыш құю тәсілін меңгеру керек. Мұндай өнімдер көлік жасау өнеркәсібіне және басқа да салаларға қажет. Алдағы бес жылда кәсіпорын өндіріс қарқынын барынша арттырып, ТМД-да көш бастап тұрған металлургия комбинаттарының қатарына қайта қосылуы керек.

Келесі маңызды міндет. Индустрия саласында мықты орта кәсіпкерлікті қалыптастыру қажет. Мен осы мәселені бірнеше рет көтердім. Алайда әлі күнге дейін жүйелі жұмыс жоспары жасалған жоқ. Қандай басымдықтар болуы керек, кәсіпкерлерге қандай қолдау көрсетіледі деген сұрақтардың жауабы әзірге белгісіз.

Жалпы, елімізде заманға сай жаңа өндірістер ашуға мүмкіндік жетеді. Мысалы, ірі мұнай-газ және тау-кен компаниялары жер қойнауын игеру кезінде озық технологияны пайдалана отырып, ұлттық экономиканың құрылымын өзгертуге тиіс.

Елімізде жол және құрылыс техникасын, энергетика саласына, суару жүйесіне қажетті құрал-жабдықтар мен басқа да көптеген дайын өнім шығаруға болады. Мұндай өндірістерді қазірден бастап қолға алмасақ, құрал-жабдық импортына толық тәуелді болып қалуымыз әбден мүмкін. Сондықтан индустриялық саясат инфрақұрылымды жаңғырту және минералды-шикізат кешенін дамыту жоспарына сай жүргізілуі өте маңызды.

Осы орайда еліміз машина жасау саласында біршама табысқа жетті. Енді автокөлік құрастырудың анағұрлым күрделі деңгейіне біртіндеп көшу керек.

Елімізде өңдеу өнеркәсібінің басқа да болашағы зор салаларын дамытқан жөн. Сондай-ақ ішкі нарықтың сұранысын толық өтегеннен кейін бизнесті экспортқа шығуға бағыттау қажет. Мұндай қадам кәсіпкерлеріміздің бәсекеге қабілеті жоғары екенін көрсететін болады.

Нақты секторды ұзақ мерзімге арналған қаржымен қамтамасыз ету – өнеркәсіп саласын қарқынды дамытудың негізгі шарты. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін тиімді пайдалану – осы мәселені шешудің бір амалы. Бұл ретте, әрине, міндетті түрде зейнетақы жинағының сақталуын қамтамасыз ету керек. Сондықтан экономиканы әртараптандыруға және индустрияландыруға ықпал ететін жобаларды мұқият іріктеу қажет. Экономикалық айналымға түсетін зейнетақы активтерін тек қана нарық талаптарына сай қолдану керек. Бұл мәселеде салымшылар алдындағы жауапкершілік өте жоғары. Қажет болса, Үкімет бірыңғай зейнетақы салымдары есебінен жүзеге асырылатын жобалардың пайыздық өсімін субсидиялауға тиіс. Осы маңызды жұмысқа квазимемлекеттік құрылымдар сияқты делдалдарды қолдан жасаудың қажеті жоқ. Мұндай жағдай бұрын талай рет болған. Бұл іске тиісті сараптама жасай алатын және қажетті инфрақұрылымы бар екінші деңгейдегі банктерді белсенді түрде тарту керек.

Банктерді экономиканың нақты секторына қаржы құюға ынталандыру керек. Үкімет пен Ұлттық банк өзара тығыз ынтымақтасып, бұл жұмысты бірлесе жүргізуге тиіс. Жалпы, Ұлттық банк инфляция үдерісі мен экономиканың өсімін бақылап отыруды көздейтін тиімді жалпымемлекеттік саясатты ұстануы керек.

АЛТЫНШЫ. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану өте маңызды.

Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн.

Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады.

Сондай-ақ минералды тыңайтқыш себуді ғылыми негізі бар қажеттіліктің тым болмағанда жартысына жеткізуге мүмкіндік береді. Бір гектар жерден 10 центнер өнім алу – еліміз үшін мақтанатын көрсеткіш емес. Демек Қазақстандағы кәсіпорындарда сапалы тыңайтқыштар өндірілгенімен, агрохимия саласында мүлде жұмыс істелмейді.

Мен былтырғы Жолдауымда осы салаға қатысты нақты тапсырма бердім. Үш жыл ішінде агроөнеркәсіп саласындағы өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға жеткізу туралы міндет қойылды. Бұл бағытта ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс жасалып жатқан жоқ. Қазіргі таңда тек шикізат өндірісіне ғана сеніп отыруға болмайды.

Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеумен белсенді түрде айналысу керек. Үкімет осы мәселеге айрықша назар аударуға тиіс. Ауыл шаруашылығымен шұғылданам деушілердің санын мейлінше көбейту керек. Дақыл түрін көбейтіп, егіннің шығымын арттырып жатқан диқандарға жан-жақты қолдау көрсеткен жөн.

Сондай-ақ бірыңғай жер салығын қолдану мәселесін қайта қарастыру қажет. Себебі, іс жүзіне келгенде, біраз түйткіл бар. Негізгі талап – салық төлеуді жеңілдету ғана емес. Ең бастысы, шаруалар жерді тиімді пайдаланып, барынша мол өнім беруге ұмтылуы керек.

Мемлекеттік қолдау шараларын «бір терезе» қағидасымен жүзеге асыру қажет, яғни салалық қаржы институттарының қызметін бір жерге біріктірген жөн.

Аграрлық несие корпорациясының әлеуетін арттырып, оған әкімдіктердің ауыл шаруашылығын субсидиялау құзыретін беру қажет. Ол үшін агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне жеңілдетілген несие және субсидия беру қызметтерін бірыңғай цифрлық платформаға біріктіру керек.

Жалпы, агроөнеркәсіп кешеніне ауқымды реформа жасалуға тиіс.

Нақты айтқанда, жаңа технологияларды енгізіп, жерді және басқа ресурстарды ұтымды пайдаланып, жеңілдіктер мен субсидиялардың тиімділігін арттыру қажет. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттырады, яғни нақты нәтиже береді.

Су ресурстарының қолжетімді болуы – агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына тікелей ықпал ететін маңызды фактор. Былтыр Жамбыл облысының диқандары су тапшылығынан қатты зардап шекті. Биыл да құрғақшылық болуы мүмкін. Арнайы құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігінің жұмысы әзірге ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Ал көрші мемлекеттер су тапшылығын жою үшін нақты мақсат қойып, белсенді жұмыс істеп жатыр.

Ал бізде болса, су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы тек жақында ғана қабылданды. Бұл құжат тым ұзақ талқыланды. Ашығын айту керек, жағдай өте күрделі. Мысалы, еліміздегі суармалы жердің 13 пайызында ғана су үнемдеу технологиясы бар. Әсіресе, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы жағдай мүшкіл, құрғақшылық қаупі аса жоғары. Соған қарамастан, осы аймақтарда тиісті жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ. Сондықтан суды көп қажет ететін дақылдарды азайтып, құрғақшылыққа төзімді дақылдарды көбейту керек, су үнемдейтін технологияны енгізу қажет. Ахуалды жақсарту үшін батыл әрекет жасау керек.

Ең алдымен, су үнемдеу технологиясын кең ауқымда енгізген жөн. Шыны керек, біз суды тым орынсыз жұмсаймыз. «Судың да сұрауы бар». Бүкіл ел болып суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Көрші мемлекеттердің тәжірибесін зерттеп, тиімді тұстарын алу қажет. Елді сумен қамтамасыз ету – аса маңызды міндет, ұлттық қауіпсіздік мәселесі деуге болады. Өнеркәсіпте, агросекторда, коммуналдық шаруашылықта, жалпы, барлық салада суды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше мән беру қажет.

ЖЕТІНШІ. Коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдету керек.

Елді мекендердің тыныс-тіршілігіне қажетті барлық жүйе үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету маңызды. Бұл – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі. Алайда жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталана береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен олқылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр.

Алматыдағы екінші жылу электр орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті. Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогын қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты (2012 жылдан бері). Сондай-ақ Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақтылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет, ең алдымен, биыл апатты жағдайдағы 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаваттан асатын қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды.

Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес. Балқаш жылу электр орталығы құрылысының аяқталмай қалуы, табиғи монополия субъектілерінің ашық жұмыс істемеуі, сондай-ақ тарифтердің өсімін қолдан тежеу – осының бәрі кезінде жіберілген ірілі-ұсақты қателіктердің салдары. Салаға түбегейлі реформа жүргізген жөн. Ол үшін жүйелі жұмыс атқару қажет.

Ең алдымен, тарифтер ұзақ мерзімге белгіленуі керек. Бұл межелі уақыт ішінде салынған инвестицияны ақтап, инфрақұрылым нысандарын тиісті қалыпта сақтауға мүмкіндік береді. Табиғи монополия субъектілеріне тарифті белгілі бір табыс нормасына сай есептеп, бекітуге рұқсат беру қажет.

Тиімді бақылау жүргізу аса маңызды. Мұны осы саладағы бүкіл үдерісті толық цифрландыру арқылы ғана қамтамасыз етуге болады. Ресурстарды есептеу және деректерді онлайн режимде беру жүйесін енгізу керек. Тарифтерді өсіру тұтынушыларға атаулы субсидия беру ісімен қатар жүруге тиіс. Бұл үдерісті барынша жеңілдетіп, автоматтандырған жөн. Үкімет елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуі керек.

Сонымен қатар әкімдер қалаларды абаттандыру жұмыстарын белсенді қолға алып, оның ластануына жол бермеуі қажет. Ең алдымен, ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу керек. Ол үшін инвестор тарту маңызды. Сондай-ақ қалаларды көгалдандыру ісімен айналысу қажет. Қазір бұл жұмыс ойдағыдай жүргізілмей жатыр.

Электр қуаты, жылу, су, жалпы тиімді коммуналдық шаруашылық – басты игілігіміз. Оның қолжетімді болуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Бұл – саладағы қордаланған барлық мәселені кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік беретін маңызды әрі кешенді реформа.

СЕГІЗІНШІ. Еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін белсенді жұмыс істеу қажет. Қазақстанды Еуразияның толыққанды көлік-логистикалық және транзиттік хабына айналдыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Осы міндетті іске асыру үшін Көлік министрлігі құрылды. Сондықтан министрлік осы саладағы өзекті мәселелер бойынша шұғыл және тиімді шешімдер қабылдауы керек. Нақты нәтиже күтемін.

Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын Бағдарламалық құжатты қабылдау қажет. Мәселе аз емес. Атап айтқанда, вагондарды жаңарту жұмысын тездету керек. Контейнерлердің тапшылығын жою қажет.

Магистралды желілерді кеңейтуге қатысты барлық жобаларды жүзеге асыру қажет (2028 жылға қарай 1,3 мың шақырым). Жалпы, теміржол саласын қарқынды түрде цифрландыру керек. Бұл қадам оның тиімділігі мен өнімділігін едәуір арттыруға, бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Келесі – автожол мәселесі. Еліміз үшін айрықша маңызды «Астана – Балқаш – Алматы» тас жолы әлі күнге дейін жөнделіп біткен жоқ. Құрылыс

2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған – Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына 5 жылдан асты. Биыл осы жұмыстар біржола аяқталуға тиіс. Бұл жерде бірнеше мәселені ескеру қажет. Қалыптасқан тәжірибеге қарасақ, республикалық маңызы бар жолдардың тендерін көп жағдайда тек шетел компаниялары ұтып алады. Мұндай жобаларға қолынан іс келетін, тиісті техникамен жабдықталған өз кәсіпорындарымызды тарту керек.

Сонымен қатар, жол құрылысына қажетті техниканы елімізде шығару жолдарын дамытып, өзіміздің дайын өнімді пайдалану керек. Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек. Әзірге жағдай мәз емес.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды.

Біз мемлекеттік және қаржы қызметтерін цифрландыру ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткіздік. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша қолма-қол ақшасыз төлем үлесі 88 пайызға жетті. 2020 жылға дейін бұл көрсеткіш 50 пайыздан аспаған еді. Небәрі төрт жылдың ішінде Қазақстанда қаржы технологиясы қарқынды дамыды. Бұл жетістік экономиканың басқа салаларына да үлгі болуға тиіс. Оларды да цифрландыру ісін қолға алатын кез келді.

Әр министрлікте өз саласына цифрлық өзгеріс жасау картасы болуы қажет (Сингапур тәжірибесі бойынша). Мұндай картада министрліктерге қарасты салаларға алдағы бес жыл ішінде қандай технологияның жаппай енгізілетіні туралы көзқарас толық көрініс табуға тиіс.

Жасанды интеллектіні дамытуға баса назар аудару қажет. Сарапшылардың бағалауынша, 2026 жылға қарай әлемдегі кәсіпорындардың 80 пайыздан астамы жасанды интеллект құралдарын қолданады (бүгінде бұл көрсеткіш 5 пайызға да жетпейді).

Медицина, білім беру, креативті индустрия салаларында жаһандық өзгерістер болып жатыр. Біз бұған қазірдің өзінде куә болып отырмыз. Нақты айтқанда, жасанды интеллекті арқылы біз экономикамызды қарқынды түрде дамытамыз, сондай-ақ елімізде ең үздік инновацияларды қолданамыз. Ол үшін жұмысты түбірінен бастауымыз керек, яғни институционалдық орта қалыптастыру керек.

Жасанды интеллектінің негізгі арқауы – мәліметтер (немесе деректер). Алайда бұл жерде мәселенің екі жағы бар екенін ескеру қажет, бір жағынан, мәліметтер көпке қолжетімді болуы керек, екінші жағынан, қауіпсіздік, жеке мәліметтерге қол сұқпау, мәліметтердің сапалы болуын қамтамасыз ету мәселесі бар.

Үкімет 87 мемлекеттік мәліметтер базасынан құралатын дерекқор қалыптастырды. Алайда жасанды интеллектінің озық үлгілерін жасау үшін мұның өзі аздық етеді. Сондықтан мемлекеттік және коммерциялық сектордағы иесі нақтыланбаған деректерді жинақтай берген жөн.

Сондай-ақ деректерді басқару жүйесінің бірыңғай архитектурасын енгізген дұрыс. Біз қуаты күшті суперкомпьютер құруға кірістік. Ол ғалымдарға ғана емес, сонымен қатар біздің нарықта жұмыс істейтін түрлі компанияларға да қолжетімді болады. Бұл қадам «ауқымды деректерді» кеңінен қолдануға тың серпін беретініне сенімдімін.

Соңғы жылдары ғылым саласына бөлінетін қаржы айтарлықтай көбейді. Соның арқасында министрліктер зерттеу институттарымен бірлесе отырып, жасанды интеллектіні өз саласында қолдануға мүмкіндік беретін жобаларды ұсына алады. Әрине, ең алдымен, білікті кадрлар қажет. Үкімет осы сала бойынша озық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тиіс.

Бұдан бөлек, шетелдің белгілі мамандарын тарту үшін Digital Nomad Residency арнайы бағдарламасын іске қосу керек. Яғни, елімізді әлемдегі «цифрлық көшпенділердің ордасына» айналдыруымыз қажет. Бір сөзбен айтқанда, заманның ағымынан қалмау керек.

Цифрлық технологияны неғұрлым жедел әрі тиімді пайдалансақ, даму қарқынымыз да соғұрлым табысты болмақ.

ОНЫНШЫ. Әлеуметтік салаға айрықша назар аударған жөн. Реформа жүргізген кезде әлеуметтік көмектің кімге және қалай берілетінін түгел қайта қарау қажет. Яғни, бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беру керек.

Қазіргі таңда төрт жарым миллионға жуық адам мемлекеттен әлеуметтік көмек алады. Бұл – шамамен еліміздің әрбір бесінші тұрғыны деген сөз. Басым көпшілігі – еңбекке жарамды азаматтар. Халыққа әлеуметтік көмек береміз деп, біз, шыны керек, қоғамда масылдық психологияға жол бердік. Өркениетті ел боламыз десек, мұндай жағымсыз үдеріске тосқауыл қоюымыз керек.

Тұратын үйі, тіпті, астында қымбат көлігі бар азаматтарға емес, көмекке зәру адамдарға көмек берілуі қажет. Жалпы, азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін қайта қараған жөн. Себебі мемлекеттен көмек алу үшін табысын әдейі азайтып көрсететін адамдар бар. Әлеуметтік көмекті кімге беру қажеттігі адамның кірісіне емес, шығысына қарап анықталуға тиіс. Бұл мәселеде бір нақты шешім қабылдау қажет.

Азаматтарды еңбекпен қамту – халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың маңызды бағыты. Қазір Еңбекпен қамту орталықтары жаңғыртылып жатыр. Осы жұмысты уақтылы аяқтау қажет. Оларға нақты нәтижесіне қарай, яғни жұмысқа орналасқан адам санына байланысты ақы төлеген жөн. Үкімет барлық амал-тәсілді зерделеп, халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа кешенді үлгісін ұсынуы керек.

Тағы бір маңызды міндет. Еліміздің барлық азаматына бірдей жағдай жасап, шын мәнінде, көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беру – әлеуметтік мемлекеттің басты міндеті. Қазір мемлекет бюджетінің жартысынан көбі әлеуметтік салаға бөлініп жатыр.

Соңғы жылдары әлеуметтік саладағы инфрақұрылымды дамыту үшін біраз жұмыс атқарылды. Әлеуметтік сала мамандарының, әсіресе,

педагогтер мен медицина қызметкерлерінің беделін арттыруға баса мән берілді. Енді азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту қажет. Бұл – ең алдымен, денсаулық сақтау саласына қатысты мәселе.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес.

Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс.

Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасақталуы керек.

Жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттырған жөн. Әлеуметтік жағынан осал топтағы кейбір азаматтар үшін медициналық сақтандыру жүйесіне аударылатын төлемдер жергілікті бюджеттен бөлінуге тиіс.

Сонымен қатар медицина инфрақұрылымын дамыту – өте маңызды міндет. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша 655 нысан салу жоспарланған еді. Іс жүзінде оның тек 85-і ашылған. Мұның бәрі жұмыстың тиімсіз жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Жобалық-сметалық құжаттар тым баяу әзірленді, құрылыс ұзаққа созылды немесе нысандардың құны қымбаттап кетті деген себептер айтылып жүр. Мұның қай-қайсысы да – құр сылтау. Басқа себебі жоқ деп ойлаймын. Қажет болса, министр де, әкім де кез келген мәселені шұғыл шеше алады. Демек сондай ниет болмай тұр деген сөз.

Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен жаңа форматтағы 369 мектеп салу жоспарланған. Мұнда техникалық құжаттар дер кезінде әзірленбеген, жер де уақытылы бөлінбеген. Оған қоса отандық өндірушілердің көбі жаңа мектептердің құрылысына қатыса алмайтынын айтып, шағымданып жүр. Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына ұлттық жобаларды жүзеге асыруға кедергі болып жатқан барлық мәселені дереу шешуді тапсырамын.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Жалпы, өткен жыл еліміз үшін табысты болды деп айтуға болады. Әрине, шешімін таппаған өзекті мәселелер әлі де бар. Сондықтан еліміздің сапалы дамуы үшін тиісті шешімдерді қабылдауымыз қажет.

Біз алдағы уақытта жаңа экономикалық бағдармен жүреміз десек, Үкімет және әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Ұлттық

экономиканы өркендету үшін жаңа идеялар және ұзақ мерзімге арналған жүйелі ұстаным қажет. Біз еліміздің даму қарқынын күшейтуіміз керек. Экономиканы әртараптандырып, шетелден көбірек инвестиция тарту қажет.

Үкіметтің басты міндеттерінің бірі – экономикалық қызмет субъектілерінің бәріне бірдей жағдай жасау. Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет.

Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Осындай жағымсыз үдерістердің кесірінен жұрттың реформаға және Әділетті Қазақстанға деген сенімі азаяды.

Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет.

Қазір бүкіл әлем аса күрделі тарихи кезеңде өмір сүріп жатыр. Осындай кезеңде мемлекеттердің көпжылдық даму бағдары айқындалады. Сондықтан біз уақыт талабына сай болып, жылдам әрі батыл қимылдауымыз керек. Жалаң сөзге уақыт кетірмей, нақты әрекет жасап, саяси жауапкершілік таныту қажет.

Дәл қазіргі кезеңде әрбір күннің қадірін дұрыс түсініп, қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдалануымыз керек. Әйтпесе, жаһандық бәсекеге ілесу қиын болады. Табысқа жету үшін мемлекет пен қоғам ортақ мүдде жолында әрдайым бірге болуы керек. Біз өркениетті ұлт ретінде тек жарқын болашаққа ұмтылып, тек алға қарай қадам басуымыз қажет.

Қазір Үкімет айрықша құзыретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет.

Мен бүгін бірқатар маңызды мәселеге тоқталдым. Әрине, басқа да өзекті мәселелер бар. Үкіметтің алдында тұрған міндеттер – өте маңызды. Дереу жұмысқа кірісу керек. Түптеп келгенде, экономиканың әр саласында түбегейлі реформалар жасалуға тиіс.

Жұмыстарыңыз табысты болсын!

III. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ «АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Атырау қ., 2024 жылғы 15 наурыз
akorda.kz

Құрметті қауым!
Ардақты ағайын!

Ең алдымен, мен баршаңызға Көрісу күні құтты болсын дегім келеді. Қыстан аман-есен шыққан туған-туыс, ағайын бір-бірімен қауышып жатыр. Ел арасында Көрісу күні еліміздің батыс аймағына тән мереке деген түсінік бар. Бірақ бұл қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрі екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан біз тұтас ел болып, Наурыз мейрамын осы күннен, яғни Көрісу күнінен бастап тойлағанымыз жарасымды болары сөзсіз.

Биыл Ұлыстың Ұлы күні қасиетті Ораза айының алғашқы күндерімен тұспа-тұс келіп отыр. Ұлттық құрылтай да Әз-Наурыз қарсаңында өтіп жатыр. Ұлыстың ұлы күні табиғат пен тұтас тіршілік жаңарады. Ал құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады. Жаңару мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады. Сондықтан құрылтай мүшелерінің жылына бір рет алқалы жиында бас қосуы игі дәстүрге айналды.

Алғашқы отырыс ұлт ұясы Ұлытау жерінде өтсе, былтыр киелі Түркістанда жиналдық. Бүгін тағы бір тарихи өлке – Атырау облысына келіп отырмыз. Үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек Жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар.

Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Алайда өткенімен ғана өмір сүретін жұрт өркениетті ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Құрылтай – ешқашан той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын болған емес, келешекте де ондай болмайды.

Алдыңғы екі отырыста елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерілді. Оның біразы орындалды. Жалпы, өзгерістер барлық салада болып жатыр. Мен былтыр күздегі Жолдауымда жаңа экономикалық саясатқа көшетінімізді айттым. Ақпанның басында Үкімет ауысты, жаңа міндеттер жүктелді. Дегенмен нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз.

Әлеуметтік, шаруашылық, идеологиялық және басқа да салалардағы бағдарымызды айқындап, нақты шараларды қолға алуымыз керек. Сондықтан биыл Ұлттық құрылтайды жылдағыдай жазда емес, ертерек өткізіп отырмыз. Осы орайда бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргенімді білесіздер. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни, алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Жазушылар Одағының төрағасы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Мереке Құлкенов жақында осы мәселе туралы орынды пікір білдірді. Халқымыздың көрнекті тұлғалары бірін-бірі мойындап, өзара құрмет көрсете білсе, ұлтымыз ұйыса түседі деп айтты.

Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті, Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып жататын болды. Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне іріткі салатын мұндай дау-дамайдың еш қажеті жоқ. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Олар, яғни, сол заманның қайраткерлері бір кездері ұстанған бағытына бола дауласса, ендігі ұрпақ кімнің ісі дұрыс, кімдікі бұрыс деп даурығып жүр. Жалпы, бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, мұның бәрі – біздің тарихымыз. Бұл – халқымыздың жүріп өткен жолы. Сол себепті, қалай десек те, тарихымызға шынайы көзбен қарап, оны сол қалпында қабылдауымыз керек.

Ұлт жылнамасы елді біріктіретін фактор болуға тиіс. Ашығын айтуымыз керек, біз тарихқа келгенде көбінесе эмоцияға беріліп кетеміз. Өткен заманды орынсыз қазбалау жақсылық әкелмейді, оның пайдасынан гөрі, зияны көп. «Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады» деп бекер айтпаған. Өткен іс өтті, енді оны ешкім өзгерте алмайды. Уақыт ең әділ төреші екенін ұмытпайық. Бізге бітпейтін дау-дамай емес, мызғымас

ынтымақ пен бірлік керек. Қазіргі тарихи кезеңде халқымыздың сөзі де, ісі де – бір болуы қажет. Сондықтан зиялы қауым, ең алдымен, еліміздің бірлігін нығайтуға баса назар аударғаны жөн.

Аға буын жас ұрпаққа жол нұсқап, бағыт-бағдар беруі керек. Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, білімді жастар көп. Біз олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Ұлы Абайдың «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі – бос» деген сөзі әлі де өзекті болып тұр. Мен зиялы қауым өкілдерінің бір-біріне әрдайым тілектес болғанын қалаймын. Өзара жанашыр болу, түптеп келгенде, елге жанашыр болу деген сөз. Тағы да қайталап айтқым келеді: ұсақ-түйек әңгімені қою қажет.

Қазақты бөліп-жаруға болмайды. Біз жалпыұлттық деңгейде ойлауға ұмтылуымыз керек. Мысалы, әрбір қазақ ата-бабасын құрметтейді, рухына тағзым етеді. Сондықтан шежіре біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ біз тек қана осы түсінікпен шектеліп қалмауымыз қажет. Ең бастысы, бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайды.

Соңғы кезде ата-бабасының, жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып барады. Атасына ескерткіш қоюды, көшеге атын беруді өтінетіндер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізеді. Тіпті, шетелде бізді көне заманға және кеңестік кезеңге қатысты монументтер қаптаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды.

Ономастика саласында белгілі тарихи тұлғалармен қатар, жалпыұлттық құндылықтар да назардан тыс қалмауға тиіс. Тәуелсіздік, республика, бірлік сияқты мемлекеттілігіміздің басты тұғыры саналатын негізгі ұғымдарға баса мән беру керек. Елдігімізді сақтаймыз, мықты мемлекет боламыз десек, осының бәрін естен шығармаған абзал.

Шын мәнінде, жеке мүддесін емес, ел мүддесін бәрінен биік қоятын азаматтар ұрпаққа үлгі болуы қажет. Әсіресе, қазіргі геосаяси жағдайда бұл міндет аса маңызды екенін ұмытпаған жөн. Осы орайда мен әйгілі қаламгер, көрнекті мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаевты айрықша атап өткім келеді. Ол – руханият саласында, мемлекеттік қызметте ерекше қолтаңбасын қалдырған біртуар тұлға, классик жазушы. Мен Әбекеңмен қызметтес болдым, жақын араластым. Әбіш Кекілбайұлы нағыз тау тұлғалы азамат еді. Ол ішкі мәдениеті өте жоғары жан болатын. Ешқашан біреуді біреуге қарсы қоймайтын, бәріне сүйіспеншілікпен қарайтын. Әр аймақтан өзіне сәлем беруге келген азаматтарға есігі қашанда айқара ашық еді. Онымен тілдескен адамдар рухтанып, қанаттанып шығатын. Әбекең ұсақ-түйек әңгімеге берілмейтін, жалпы адамзатқа ортақ мәселелер туралы ойланып, толғанатын. Бір сөзбен айтсақ, Әбіш Кекілбаев нағыз зиялы адам, кемеңгер тұлға болды.

Сондай-ақ бүгін ортамызда Құрылтай мүшесі, аса көрнекті мәдениет қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Ілия Жақанов отыр. Ілекең де – нағыз

мемлекетшіл тұлға, зиялы қауым ішіндегі аса беделді ағамыз. Әрдайым салмақты ой, салиқалы пікірімен елге сыйлы болып жүрген ардақты азамат. Біз халқымыздың осындай перзенттерін, олардың өмір жолын жан-жақты дәріптеуіміз керек, лайықты құрмет көрсетуіміз қажет.

Келесі мәселе. Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында.

Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек. Осы тұста, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» туралы ерекше атап өткім келеді. Қазір Ұлттық құрылтайдың мүшесі Рауан Кенжеханұлы бастаған жаңа буын өкілдері ұйым тізгінін қолға алды. Мен қоғамның «Qazaq tili» эндаумент қорын құру туралы ұсынысын қолдадым. Осы жақсы бастаманы қолында қаржысы бар азаматтар жалғастырып әкетті. Тілімізге қамқорлық танытқан жандарға ерекше ризашылығымды білдіремін. Қалталы, жанашыр азаматтар қорды ұлғайтуға үлес қосады деп сенемін.

Мен экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияның» мән-маңызы зор екенін үнемі айтып жүрмін. Бұл мемлекеттік тілдің болашағы үшін де өте маңызды. Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс. Тек ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – өкінішке қарай, ақиқат. Балалар түгілі, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тым әуес.

Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылдық. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр.

Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Өздеріңізге мәлім, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің тапсырмаммен Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша

ғимараттар бой көтермек. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет. Алматыда кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылды. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік бар. Облыс әкімдері осы жақсы тәжірибені жалғастыруы керек.

Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бөріхан Нұрмұхамедов, Айдос Сарым, Данияр Әшімбаев бастаған құрылтай мүшелері осындай бастама көтерді. Мен олардың Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысын қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек.

Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Ұлық Ұлыстың жерінде сан алуан этнос және дін өкілдері бір шаңырақтың астында өмір сүрді. Түрлі мәдениеттер өзара астасып, мемлекет құру ісінің бірегей үлгісі қалыптасты.

Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұлан-ғайыр аумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлы даланы мекен еткен халықтардың сан ғасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық ұлыс мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында.

Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Бүгінгі жиынымыз да осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Біз аста-төк той жасауға емес, салмақты зерттеу жүргізуге баса мән беруіміз керек. Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүрінде айрықша орын алады.

Еліміздің өткені, бүгіні мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек. Жақында Алтын Орданың тарихы және әйгілі тұлғалары туралы көп сериялы деректі фильм түсіру үшін тиісті жұмыстар басталды. Оған шетелдің танымал мамандары тартылып жатыр. Фильм белгілі халықаралық платформалар арқылы көрсетілуі керек. Жалпы, елімізді әлемге таныту үшін Алтын Орда брендін жан-жақты және кеңінен пайдалану қажет. Оны толық зерттеу үшін табанды жұмыс істеу керек. Бұл бағытта біраз шаруа атқарылды. Менің бастамаммен Жошы Ұлысын зерттейтін ғылыми институт құрылды.

Қазір Қазақстанның жеті томдық жаңа академиялық тарихын жазу үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Оған 250-ден астам ғалым, соның ішінде

60 шетелдік маман жұмылдырылды. Академиялық басылымның осындай үлгісін әзірлеу тәжірибесінде алғаш рет Жошы ұлысына жеке том арналмақ. Оны дайындауға Ресейдің көрнекті тарихшысы Вадим Трепавлов та атсалысты. Өкінішке қарай, ол жақында өмірден озды. Бірақ Вадим Трепавлов өте құнды зерттеу материалдарын әзірлеп, оны көптомдықтың редакциялық алқасына табыстап кетті. Бұл – Қазақстан мен Ресейдің тарихи мектептері арасындағы тиімді ықпалдастықтың жарқын көрінісі.

Былтыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланды. Мұндай мүмкіндікті ұтымды пайдалануымыз керек. Алтынемел және Барсакелмес ЮНЕСКО мұралары тізіміне енгізілді. Рухани маңызы бар жұмысты жалғастыру қажет. Елімізде қайталанбас табиғи және тарихи мекендер көп. Осындай теңдесі жоқ орындардың бірі – біздің ұлттық мақтанышымыз бұл – Үстірт қорығы. Ондағы тылсым табиғат көріністері туристердің ерекше қызығушылығын туғызады. Шетелдің танымал кәсіби фотографтары оны суретке түсіру үшін алыстан арнайы келеді.

Бұл жердегі тағы бір таңғажайып мұра – жерасты мешіттері. Батыс аймақта осындай 20-дан астам мешіт бар. Тарихи нысандар әртүрлі кезеңде салынған және бір-бірінен өзгеше. Мұның өзі еліміздің рухани кеңістігінде ерекше дәстүрлер болғанын және тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Біз оның бәрін мұқият сақтап, жер жүзіне танытуымыз қажет. Мен тиісті мемлекеттік органдарға Ұлттық комиссиямен бірлесіп, осы нысандарды ЮНЕСКО мұралары тізіміне қосу жөніндегі жұмысты бастауды тапсырамын.

Қазақстанды «Таңбалы тастар мекені» деп бекер айтпайды. Ешкіөлмес жотасы – Еуразия құрлығындағы петроглифі ең көп жердің бірі. Арпаөзен, Құлжабасы, Сауысқандық сайларында көптеген тарихи сурет сақталған. Бұл жәдігерлер – Дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресі. Соңғы жылдары құрылысқа қажет деген желеумен кейбір жәдігерлеріміз бүлініп жатыр. Біз теңдессіз тарихи нысандарымызды жоюға жол бермей, мұқият қорғауымыз керек. Құзырлы органдарға тиісті шара қабылдауды тапсырамын. Қажет болса, заңнамаға өзгеріс енгізу мәселесін қарастырған жөн.

Біз бай тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау үшін археология саласында тәртіп орнатуымыз керек. Елімізде кәсіби археологтар тапшы, археологиялық қазба жүргізу үшін лицензия беру ісінде шешімін таппаған түйткілдер бар. Соның салдарынан Қазақстанды археология саласындағы күмәнді адамдар жайлап алды. Олар құрылыс фирмаларына жекелеген жер телімдерінің тарихи-археологиялық маңызы жоқ деген жалған ғылыми қорытындылар беріп жүр. Осы қызметі үшін қыруар ақша алады.

Дәл сол сияқты «қарақшы-археологтар» мәселесі де бар. Соңғы жиырма жыл ішінде еліміздегі аса маңызды археологиялық ескерткіштердің көбі әбден тоналды. Тіпті, еліміздің аумағынан табылған құнды жәдігерлерді Қазақстандағы, шетелдегі жеке коллекциялардан және

әлемнің әртүрлі мұражайларынан көретін болдық. Бұл мәселені шұғыл қолға алу керек. Атап айтқанда, археология саласына қатысты заңдарды жетілдіру, лицензия беру ісін реттеу және археологиялық қазба жұмыстарын заңсыз жүргізгені үшін жазаны күшейту қажет. Тарихи-мәдени мұра санатына кіретін нысандарға реставрация жасау ісін ретке келтіретін шараларды күшейткен жөн. Тарихи жәдігерлерімізді шетел мұражайларынан Қазақстанға қайтару жұмыстарын жандандыру да маңызды. Ондай мүмкіндік болмаса, еліміздегі мұражайларға қою үшін жәдігерлеріміздің дәлме-дәл көшірмесін жасау керек. Әртүрлі фракцияның өкілі әрі Құрылтай мүшесі саналатын Мәжіліс депутаттары бұл мәселені шешуге күш-жігерін салады деп сенемін.

Ендігі мәселе – ұлттық бірегейлігімізді нығайту. Мен «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымда Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ Әз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады. Соның бірі Ұлттық киім күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Мен былтыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым.

Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп жатыр. Бұл – өте орынды бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түскен жөн. Әсіресе, қазіргі таңда мұндай қадамдардың мән-маңызы айрықша. Себебі соңғы жылдары ел ішінде қара киініп, тұмшаланып жүретін адамдар пайда болғаны баршаңызға мәлім. Олар – бөтен емес, өз азаматтарымыз. Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіре-діншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүріміздің ажырамауымыз керек. Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет.

Дүниеге ақыл-парасатпен қарау және еркін ойлау секілді ханафизмге тән қасиеттер ислам өркениетінің қайта өрлеуіне жол ашты. Сондай-ақ біздің өңірде өнер-ғылымның өркендеуіне және Әл-Фараби сияқты ұлы ойшылдардың тарих сахнасына шығуына ықпал етті. Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн. Бұл мәселе бойынша ең әуелі өз еліміздің және шетелдің ғалымдарын шақырып, арнайы симпозиум өткізу қажет.

Осы орайда, Ясауи кесенесіне қатысты көне жәдігер туралы айта кеткім келеді. Ислам елдерінде әйгілі дін қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде жапқышпен жабылады. Мәдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі де осылай бүркелген. Бұл – Ислам өркениетінің дәстүрі. Ал қасиетті Түркістандағы Ясауи қабірінде көптен бері арнайы жапқыш жоқ. Талай заманнан келе жатқан көне жапқышты қалпына келтіру жұмысы біраз жыл бұрын басталып, аяқсыз қалған. Мен құзырлы мемлекеттік органға осы құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырамын.

Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моралына қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де! Деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі балалар да ілесіп кетіп жүр. Сондықтан мұның зардап-залалы өте зор болуы мүмкін. Таразы басында өскелең ұрпақтың рухани жағынан сау-саламатты болу мәселесі тұр. Біздің осыған қатысты ұстанымымызға саяси ахуал да, жер жүзінде сәнге айналған жаңа үрдістер де әсер ете алмайды.

Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруіміз қажет. Ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері кетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді.

Елімізде қыз алып қашуды, көп әйел алуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сынға алу жеткіліксіз. Оған құқықтық баға беріліп, біржола тосқауыл қойылуға тиіс.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық. Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз.

Жұртымыздың өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Біз осы мәдени кодымызды сақтап, бабалар жолымен жүруіміз керек. Ұлттық бірегейлігіміз мемлекеттік рәміздерде айқын көрініс тапқан. Мен былтыр аймақтардың нышанын, яғни символикасын жүйелеп, бірыңғай стандартқа келтіру

қажеттігін айттым. Нышандардан сол өңірдің ерекшелігімен қатар, еліміздің болмыс-бітімі де байқалуға тиіс. Қазір осы бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Бұған мамандар, сарапшылар және белсенді азаматтар атсалысуда.

Сонымен қатар олар Мемлекеттік нышандарымызды түгел жаңғырту туралы пікір айтып жатқанын білемін. Біздің Көк туымызда мін жоқ. Онда еліміздің бірегей болмысы нақты бейнеленген. Әнұранымыз да нағыз ұлттық рухты паш етеді. Қазақтың Әнұраны әлемнің әр түкпірінде шырқалып жүр. Жаңа жылды жақындарымыздың ортасында Әнұранмен қарсы алу жақсы дәстүрге айналды. Бір сөзбен айтсақ, Әнұранымыздың сөзі де, әуені де халықтың жүрегіне әбден орныққан.

Ал Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бей-жай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады.

Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есімін жадымызда жаңғырту да маңызды. Қазір көптеген мемлекетте өткен күннің елеулі оқиғаларына қатысты көзқарастар ақпараттық және саяси ойынның құралына айналып барады. Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылнамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды. Келесі жылы әлемде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі. Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин дұрыс айтты, айтулы датаны мерекелеуге дайындықты қазірден бастауымыз керек.

Соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр. «Төл шежіреміздің ақтаңдақ беттерін» ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Өткенді саралап, оған шынайы баға берудің маңызы зор. Сол үшін мұрағат материалдарын мұқият зерттеу қажет. Осы орайда «Қазақстанның қаһарман майдангерлері» жобасын ерекше атап өткім келеді. Жобаға Қазақстанның Еңбек Ері, Мәжіліс депутаты, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Бақтықожа Ізмұхамбетов жетекшілік етеді. Зерттеушілер бұл жұмыспен отыз жыл бойы табанды түрде айналысып келеді. Осы кезеңде Қазақстаннан шыққан жауынгерлердің тағдыры мен ерлігі туралы 56 том еңбек жарық көрді. Оның 6 томы майдан шебінде болған әйелдерге арналған.

Жеңістің 80 жылдығына орай зерттеулер тың қарқынмен жалғасады деп сенемін. Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды. Мемлекет бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра береді.

Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және басқа да батырлардың есімі елді мекендерге, түрлі нысандарға, көшелерге берілген. Училищелерді, авиация базаларын және әуежайларды батыр қырандарымыздың есімімен атау дәстүрге айналды. Мысалы, Ақтөбедегі Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты Талғат Бигелдиновтің атымен аталады. Қарағандыдағы авиация базасына Нүркен Әбдіровтің, Атыраудағы халықаралық әуежайға Хиуаз Доспановаңың есімі берілген. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет. Осы орайда майдан шебінде ерекше қаһармандығымен дараланған әйгілі ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің ерлігі лайықты бағалануға тиіс. Алматының бір көшесі осы қалада туған даңқты ұшқыштың есімімен аталады. Қазақстан әуе қорғанысы күштерінің Талдықорғандағы әуе базасын да Сергей Луганскийдің атымен атаған жөн деп санаймын.

Сондай-ақ біз кезінде ерлігі еленбей қалған батырларымызға «Халық қаһарманы» атағын беруді игі дәстүрге айналдырдық. Ең жоғары әскери атақ 2022 жылы марқұмдар Төлеуғали Әбдібековке, Александр Несмияновқа және Ыбырайым Сүлейменовке берілді. Ал 2023 жылы жүз жасаған ақсақалдарымыз Әбдіғали Қаймолдин мен Иван Гапич осы мәртебелі атаққа ие болды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі – бүгінгі және болашақ Отан қорғаушылар үшін шынайы үлгі-өнеге.

Еліміздің жылнамасына есімі алтын әріппен жазылған батырларымыз аз емес. Мен халқымыздың осындай үш даңқты перзентіне жеке тоқталғым келеді. Майданға взвод командирі ретінде аттанған Сағадат Нұрмағамбетов соғысты Берлин түбінде батальон командирі болып аяқтады. Сұрапыл соғыстың барлық қиындығын көрген ол Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі болды. Айрықша қолбасшылық қабілетімен аты аңызға айналған тағы бір тұлға – Бауыржан Момышұлы. Ол майдан шебіндегі ең қиын шайқастарға қатысты, батальон, полк, дивизия басқарды. Оның қоршаудан шығу тәсілі кейін соғыс өнеріне «Момышұлы спиралі» деген атаумен енді. Рақымжан Қошқарбаевтың өшпес ерлігі де бүгінде еш талас тудырмайды. Ол – алғашқылардың бірі болып Рейхстагқа ту тіккен батыр.

Мен былтыр Ұлттық құрылтайдың отырысында бірқатар ордендерді көрнекті тұлғаларымыздың атымен атау туралы айтқанымды білесіздер. Мұндай тәжірибе көптеген елде бар. Бұл отаншылдықты және ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға ықпал етеді. Қазір мемлекеттік наградалар жүйесін жетілдіру үшін нақты шаралар қолға алынды. Бұл жұмыспен Республикалық комиссия айналысып жатыр. Елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» ордені бар. Осы мәртебелі орденнің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атаған жөн деп санаймын. Бұл тарихи әділдікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам болмақ. Сол арқылы қаһармандарымыздың ерлігін ұрпақ

жадында жаңғыртамыз. Бұл бастама осы марапаттың мазмұнын байыта түседі. Халқымыздың біртуар перзенттеріне тән ерлік рухы осы ордендердің мәртебесін биіктетеді. Сондай-ақ награда иегерлеріне Отанымызға қалтқысыз қызмет етуге ерекше жігер береді. Мен бұған кәміл сенемін.

Келесі мәселе. Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам. Ұлы Абай «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл – әрине, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын өсиет. Бірақ әр заманның өзіне тән сын-қатерлері бар. Жаһандану үрдісіне, жаңа технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Әсіресе, біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды.

Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын.

Мен былтырғы Құрылтайда балалар мен жастардың денсаулығына, яғни тұтас ұлттың болашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан «вейптердің» таралуына тосқауыл қою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айттым. Қазір Парламентте вейптерді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралып жатыр. Бұл қадам бүгінде сәнге айналған осы бір қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратынына сенімдімін.

Денсаулыққа зиян әрі ұят әдеттің бірі – насыбай ату. Оның қалай жасалатыны – белгілі, ешқандай санитарлық талап сақталмайды. Құрамында түрлі дертті, соның ішінде онкологиялық ауруларды қоздыратын заттар бар. Насыбайды өндіруге және таратуға 2015 жылы тыйым салынған. Бірақ әлі күнге дейін көшеде, тіпті азық-түлік дүкендерінде ашық сатылып жатыр. Құқық қорғау мекемелері ешқандай шара қолданып жатқан жоқ. Қазір – XXI ғасыр, жоғары технология мен жасанды интеллекті қарқынды дамыған заман. Ал біздің азаматтарымыз аузына насыбай салып, қақырып-түкіріп жүреді. Осы жағымсыз қылықты ата дәстүрі санайды. Шын мәнінде, бұл – барып тұрған мәдениетсіздік. Оны тоқтату қажет. Жалпы, насыбай өндіріп, оны таратқаны үшін заң жүзінде белгіленген жауапкершілік тым

төмен. Қазір осыған қатысты заңдарға түзету енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Онда вейп қана емес, насыбай таратқаны үшін де қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген. Бұл қадам насыбайға толық тыйым салуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ақпарат құралдары арқылы жан-жақты түсіндіру жұмысы жүргізілуге тиіс. Бұл – ұлт саулығына да, еліміздің абырой-беделіне де кесірін тигізетін әдет. Біз өркениетті ел боламыз десек, одан толық арылуымыз керек.

Сол сияқты тағы бір қауіпті кесел – лудомания, яғни құмарпаздық. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қаланың халық санына пара-пар көрсеткіш. Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады.

Құзырлы органдар былтыр интернет-казинонының белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады. Біз нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресу үшін кешенді жоспар қабылдадық. Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажет. «Amanat» партиясы фракциясының бастамасымен осы мәселе бойынша тиісті заң жобасы әзірленді. Парламентте қаралып жатқан сол жобаны осы сессияның соңына дейін қабылдау қажет. Біз жастардың құмар ойынға салынып, арзан табысқа ұмтылуына жол бермеуіміз керек. Адал еңбекпен тапқан табыс қана берекелі болады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия да қазіргі уақыттағы қатерлі үрдіс. Ашығын айтсақ, қоғамда қатігездік күшейіп барады. Біреуге тіл тигізіп, ар-намысын таптап, тіпті, ұрып-соғуға дайын тұратындар аз емес. Жедел жәрдем және қоғамдық көлік жүргізушілеріне шабуыл жасалғанын білесіздер. Адамға әлімжеттік көрсету, қорлау дұрыс емес. Мұндай теріс әрекеттерге көз жұма қарауға болмайды. «Ауруын жасырған өледі». Сондықтан біз осы қоғамдық дертті жасырмай, ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз үйде де, түзде де өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қауіпсіз ортада өмір сүруі керек. Заң мен тәртіп қатаң сақталуға тиіс, яғни қоғамда Заң үстемдігі болуы қажет. Ең бастысы, біз мейірімді әрі мәдениетті ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

Тағы бір кесел, бұл – вандализм. Өкінішке қарай, қоғамдық мүліктен бастап, мыңжылдық мәдени мұраларға дейін – бәрін жаппай бүлдіру кейінгі кезде әдетке айналған. Бурабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы Кемпіртасты қараңыздар. Ең жауһар жерлеріміздің сұлулығы шимайдың астында қалып жатыр. Үйдегі лифтіні, ауладағы ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратудың қандай қисыны бар?! Мұның бәрі – барып тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік. Өркениетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек. Дүние жүзінде, нақты айтқанда, Жапонияда,

Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Сингапурда жағымды мысалдар көп, осы елдер көпке үлгі болып отыр. Ал біз неге олардан кем болуымыз керек?

Келесі түйткіл – ысырапшылдық. Шын мәнінде, ырыстың бастауы – үнемшілдік. Дамыған елдерде жарық пен суға дейін үнемдеп пайдалану жоғары деңгейдегі қоғамдық мәдениетке айналған. Ал бізде бұған мүлде кереғар жағдай қалыптасқан. Миллиондаған адамның ысырапшылдығы бүкіл елдің байлығын желге ұшырады. Мысалы, су мәселесі. Бізде суды үнемдеуге байланысты қалыптасқан дәстүр жоқ. Оны ашық мойындауымыз керек. Ал су болашақтың байлығы екенін бүкіл әлем мойындайды. Бұл – Қазақстан үшін аса маңызды мәселе. Себебі елімізде су тапшылығы пайда болды. Бізде материалдық қана емес, рухани ысырапшылдық та бар. Өзіңді, еліңді дамытуға қажетті қаншама алтын уақыт өнбейтін дау-дамайға, еш пайдасы жоқ іске жұмсалып жатыр. Әрқайсымыз үнемшіл әрі ұқыпты болсақ, еліміздің берекесі арта түсер еді. Ұрпақтың санасына осыны сіңіре беруіміз қажет. Осы дерттің бәрінен түбегейлі арылсақ, ұлтымыздың сапасын жақсартамыз, оны мүлде жаңа деңгейге көтереміз.

Қоғамға қауіпті кеселдермен күресуге зиялы қауым, ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, барлығы бір кісідей жұмылуы керек. Мұны әрбір азаматтың және бүкіл қоғамның міндеті деп түсіну қажет. Себебі бұл – ұлттың болашағына тікелей қатысы бар мәселе.

Келесі мәселе. Ұлттық құрылтайда біз мәдени-гуманитарлық саланың және идеологияның жаңа бағдарын айқындаймыз. Осының бәрі ұлттық бірегейлігімізді нығайту және елімізді қарқынды дамыту үшін өте маңызды. Дегенмен өзгерістердің басты мақсаты – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Сондай-ақ әр азаматтың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Осыған орай экономиканы дамытатын жаңа мүмкіндіктерді үнемі іздеп отыру керек. Бізге әжептәуір мультипликативтік нәтиже беретін жобалар қажет. Сол үшін Үкіметке биыл ауқымды төрт инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырамын. Ең алдымен, қазір жұмыс істеп тұрған 55 жылу орталығын толығымен жөндеу қажет. Ұзындығы кемінде 6,5 мың шақырым болатын инженерлік жүйені жаңғырту керек. Бұл қадам азаматтар мен кәсіпкерлерге көрсетілетін коммуналдық қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Биыл 1 наурыздан бастап іске қосылған «Отау» ипотекалық бағдарламасы ел ішінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұған қоса ауыл және аудан орталығының тұрғындарына арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасын қолға алу керек. Бұл ретте әлеуметтік тұрғыда осал топтағы жандар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспауы қажет. Сонымен қатар сатып алу құқығымен жалға берілетін баспана санын бірнеше есе көбейтуді Үкіметке тапсырамын. Жеңілдетілген жаңа ипотеканың енгізілуі және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуы құрылыс қарқынын арттырады. Құрылыс саласында жүз мыңдаған отандасымыз адал еңбек етіп жүр. Ең бастысы, бұл бағдарлама баспанаға мұқтаж көптеген адамның үй алуына жол ашады.

Жол салу және оны жөндеу жұмыстары да экономиканың дамуына тың серпін береді. Мұндай шаралар кемінде 12 мың шақырым автокөлік жолын қамтиды. Соның нәтижесінде елді мекендерге көлікпен қатынау едәуір жеңілдейді. Азаматтардың барыс-келісі жанданып, бизнестің белсенділігі артады.

Бұдан бөлек, Үкімет газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы инфрақұрылымдық бастамаларды жүзеге асыру барысында жергілікті бизнес пен отандық кәсіпорындардың мүмкіндігін толық іске жарату қажет.

Экономиканы дәйекті дамыту үшін еліміздің бәсекедегі артықшылықтарын түгел пайдалану керек. Қазақстанды Еуразия құрлығындағы негізгі транзиттік хабтың біріне айналдыру үшін батыл қадамдар жасауға тиіспіз. Таяуда біз Сиань қаласында көлік-логистика орталығын іске қостық. Қазақстан мен Қытай болашағы зор бұл жобаны «Бір белдеу, бір жол» атты жаһандық бастама аясында бірлесіп жүзеге асырды. Дәл осы аптада Әзербайжанға Сиань қаласынан алғашқы контейнер пойызы келіп жетті. Жаңа логистика орталығы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалданатын жүк көлемін едәуір арттыруға ықпал етеді. Біз еліміздің аумағы арқылы өтетін көлік дәліздерін біртіндеп дамытып, сыртқы сауда айналымының ұлғайуына барынша жағдай жасауымыз керек. Сол үшін логистика орталықтары мен қоймалар салып, темір жол құрылысының қарқынын арттырамыз. Сондай-ақ теңіз тасымалының инфрақұрылымын жақсартып, өзгертуге ыңғайлы тариф саясатын жүргіземіз. Мұның бәрі еліміздің тұрған жерін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Экономиканың көптеген саласын дамытуға септігін тигізеді.

Болашағы зор тағы бір бағыт – IT-технологиялар. Қазақстанда осы жылдың соңына дейін суперкомпьютер жасап, жаңа дата-орталықты іске қосу жоспарланған. Біз Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздеп отырмыз. Бұл жоба Еуропа мен Азия арасында тағы бір цифрлы дәліз орнатуға жол ашады. Мен жақында «Қазақстан темір жолы» компаниясының Инновация орталығында болдым. Орталық қызметінің арқасында еңбек өнімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға мүмкіндік бететін озық технология осы салаға енгізіліп жатыр. Бұл жұмысқа еліміздің және шетелдің білікті IT-мамандары жұмылдырылды.

Теміржолдың өткізу мүмкіндігінің артуы, жанар-жағар майдың үнемделуі және компания табысының көбеюі – цифрландыру ісінің нақты әрі көзге көрінетін нәтижесі. Цифрлы экожүйені осылай қалыптастыру керек. Үкімет осы жұмыстың ауқымын кеңейтіп, оны экономиканың барлық саласына енгізуге тиіс.

Тағы бір мәселе – бюджет қаржысын үнемдеу. Үкімет бұл мәселені әрдайым басты назарда ұстауға тиіс. Қазір бюджеттің кірісі мен шығысы

қайта қаралып жатыр. Қаржыны оңды-солды жұмсауға болмайды, бұл – ақиқат. Мемлекеттік мекемелердің бюджетін тексеріп отырмаса, шығыстары ұлғая береді. Мұны қатаң бақылауда ұстау керек. Тағы да қайталап айтамын. Қаражат ең қажет жобаларға, ең маңызды мәселелерді шешуге жұмсалуы қажет.

Мен бүгін тағы бір өзекті мәселеге қатысты ойымды ортаға салғым келеді. Біз соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Басты мақсат – елімізді аймақтағы ашық нарықтық экономикасы бар маңызды орталыққа айналдыру. Осы орайда, ұлттық буржуазияға зор міндет жүктеледі. Мен ұлттық буржуазия туралы ой-тұжырымды осыдан 24 жыл бұрын Давос экономикалық форумында атап өттім. Бұл жерде ұлттық деген сөз кәсіпкердің ұлтына емес, оның азаматтық сана-сезіміне қатысты айтылып отыр. Яғни, елімізге қоғам алдындағы жоғары жауапкершілігін сезінетін және Қазақстанды дамытуға елеулі үлес қосатын ұлттық буржуазия керек.

Мен Мемлекет басшысы ретінде әрбір мәселені ашық талқылауға дайынмын. Өздеріңізге мәлім, кәсіпкерлерімізбен үнемі кездесіп жүремін. Бизнес өкілдері белгілі бір саладағы саясатты жетілдіруге қатысты стратегиялық бастама көтереді деп сенемін. Олар экономиканың түрлі саласын дамыту туралы нақты ұсыныс айтады деп үміттенемін. Алайда кейбір кәсіпкерлер алдымен елдің емес, өзінің мәселесін айтып қалуға тырысады. Тіпті, бизнес-жобасына қолдау көрсетуді, өзіне жеңілдік беруді сұрайды. Сол үшін мемлекеттік органдарға тапсырма беруімді өтінеді. Бір сөзбен айтсақ, баяғы, үйреншікті жолымен жүргісі келеді. Өз мүддесін бәрінен жоғары қойып, жеке мәселесін мемлекет есебінен шешуге ұмтылады.

Басқа жұртқа қараңыздар. Көптеген елдің, тіпті, көрші елдердің өзінде ірі кәсіпкерлер мемлекетке алақан жаймайды. Керісінше, туған елін дамытуға өз еркімен қыруар қаржы жұмсайды. Осы елде кәсібін жасап, байыған адамдар қара басының ғана емес, елдің де қамын ойлауға тиіс деп санаймын. Олар жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре білуі қажет.

Елге жанашыр іскер азаматтар бізде де аз емес. Мұндай азаматтар қоғамға қажетті көптеген жобаға қаржы салып, игі істердің басы-қасында жүр. Қайырымдылық және волонтерлік бастамаларға демеушілік жасап келеді. Мемлекет те отаншыл азаматтарды өзгелерге үлгі етіп, оларға қолдау көрсетеді. Әрине, аймақтарда өз қаржысына мешіт салған кәсіпкерлердің ниеті түзу, оны түсінуге болады. Алайда жаңа мектеп, жатақхана, аурухана, кітапхана, мұражай немесе спорт сарайын тұрғызу әлдеқайда маңыздырақ. Мұның сауабы мол. Кейінгі ұрпақ та осындай игі істерге алғыс айтары анық.

Бизнес өкілдері барлық салада белсенді болуы қажет. Мұқтаж жандарға қолынан келгенше көмек көрсетіп, әрдайым әлеуметтік жауапкершілік танытуы керек. Сонда ғана, шын мәнінде, жаңа ұлттық буржуазия қалыптасады деп айта аламыз. Дәл осындай ұлттық буржуазия өкілдері бәсекеге қабілетті экономика құруға және халқына қалтқысыз қызмет етуге қашанда дайын болады.

Құрметті достар!

Біздің нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл. Жаңа ғана Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева халықаралық тәжірибеден мысал келтіре отырып, жалпыұлттық құндылықтар жүйесін бекітуді ұсынды. Талқылау барысында Дихан Қамзабекұлы, Мұрат Әбенов, Шаймардан Нұрымов және басқа да Құрылтай мүшелері осы идеяны айтқанын білемін. Мен қоғамда жаңа этика қалыптастыру қажеттігін үнемі айтып жүрмін. Алайда азаматтарға қандай да бір құндылықты күшпен таңу қиын, тіпті, мүмкін емес деуге болады.

Саяси реформалар заңдарға түзету енгізу, институционалдық өзгеріс жасау арқылы жүзеге асырылады. Бірақ қоғамдық этикаға келгенде, заңдарды өзгерту жеткіліксіз. Барынша мұқият болуды талап ететін бұл шаруаға Ұлттық құрылтай мүшелері де белсене атсалыса алар еді. Жасампаздық рухының қоғамда терең орнығуы, ескірген қасаң қағидалар мен ел ішіне іріткі салатын жағымсыз әрекеттердің келмеске кетуі өте маңызды.

Зиялы қауымның кейбір өкілдері, тіпті мемлекеттік қызметшілер де орынсыз байбалам салып, айналасын сынап-мінеуді әдетке айналдырды. Мұны доғару керек. Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда байыпты болған жөн. Үнемі артқа қарайлап, өткен күнге өкпе арта беруге болмайды. Әлем қауымдастығында лайықты орнын иеленуді қалайтын ұлт өзін өзгелерден кем сезінуден және әлеуетін әлсіретететін жалған түсініктерден арылып, болашаққа нық сеніммен қарауы керек.

Мен барлық пікірді қорыта келе, ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқталғым келеді.

Бұл, ең алдымен, тәуелсіздік және отаншылдық. Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлестіріп жұмылдыру және халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай аламыз, яғни қастерлі Тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз.

Біз біртұтас ұлт және халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде ұлттық мүддемізді, егемендігіміз бен Тәуелсіздігімізді қорғауға әрдайым дайын болуымыз қажет. Бұл, әсіресе, әлемде «заңның күші емес, күштінің заңы» деген қағидат үстемдікке ие болып, егемендігі осал мемлекеттердің маңдайына өзгеге кіріптар болу жазылған-мыс деген пайымға жол беріле бастаған бүгінгі заманда өте өзекті.

Қазір ресурстарға, инвестицияға, көлік логистикасы мен коммуникацияға қызу талас жүріп, жаһандық бәсеке күшейе түскенін баршаңыз көріп отырсыздар. Халықаралық мәселелер мен оларды реттеу жолдары туралы, соның ішінде аймақтық құрылымдардың экономикалық

және саяси түйткілдерді шешетін құдіреті жайлы бұрынғы пайым-түсініктер қазіргі аса күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы заманда тым әсіреленген, тіпті, аңғал көзқарас сияқты көрінеді.

Бізге әлемдегі оқиғалар және олардың ұлттық мүддемізге тигізетін әсері туралы кешенді талдау қажет. Бұл – құзырлы мекемелердің, ғалымдар мен саясаттанушылардың міндеті. Еліміз сындарлы диалог, белсенді дипломатиялық және сыртқы экономикалық қызмет арқылы екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамыта береді.

Еуразия кеңістігіндегі және Орталық Азия аймағындағы ықпалдастық үдерістер әрдайым біздің басты назарымызда болады. Қазақстан түркі елдерінің ынтымақтастығын дамытуға өз үлесін қосады.

Еліміздегі мемлекеттік аппараттың сыртқы және ішкі саясатқа қатысты шешімдерінің бәрі популизмді және құбылмалы ахуалдарды емес, іргелі жалпыұлттық мүдделерді негізге алуы керек. Мемлекеттік деңгейдегі әрбір шешімді қабылдар алдында оның мәні және салдары туралы жан-жақты талдау жасалуға тиіс. Халықаралық саммиттердің құжаттар арқылы талапқа сай бекітіліп, нақты міндеттемелер жүктейтін шешімдері қайта қаралмайтындықтан, әсіресе, сыртқы саясат саласына мұқият болған жөн.

Тағы бір іргелі құндылық – бірлік және ынтымақ. Біздің күшіміз – бірлікте. Жұртымыз басына түскен тауқыметтің бәрін мызғымас бірліктің арқасында жеңіп келеді. Орасан зор сын-қатерлер пайда болған қазіргі заманда ынтымақ-бірліктің маңызы арта түсті. Қазақстан – бәріміздің қасиетті қара шаңырағымыз. Сондықтан әрбір азамат ел тағдырына өз тағдырындай қарауға тиіс. Біздің күшіміз – ынтымақта. Еліміздің әлеуметтік саясаты осы құндылыққа негізделген. Мемлекет те, қоғам да көмекке шын мұқтаж адамдарды қолдауға қашанда дайын. Біздің ериктілеріміздің ерен еңбегі – жанашыр болудың шынайы үлгісі. Олар кез келген сәтте өзгелерге риясыз көңілмен көмектесуге ұмтылады. Бизнес өкілдері және басқа да азаматтарымыз түрлі қайырымдылық шараларға белсене атсалысады. Бұл да – тілеулес болудың айқын көрінісі. Халқымыздың қанына сіңген жанашырлық, қамқорлық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттер біздің ұлттық ерекшелігіміз болып қала береді.

Келесі құндылық – әділдік және жауапкершілік. Шын мәнінде, бұл мемлекеттің де, қоғамның да айнымас темірқазығы болуға тиіс. Барлық салада әділдік болса, әлеуметтік теңдік орнайды, татулық пен келісім нығая түседі. Мен мемлекет басшысы ретінде Әділетті Қазақстанды құруды өзімнің басты міндетім деп санаймын. Президент болып сайланған алғашқы күндерден бастап әділдік қағидасын қатаң ұстанып келемін. Бұл идея 2022 жылы қыркүйекте жарияланған Жолдауымда толыққанды тұжырымдама ретінде көрініс тапты. Осы орайда «әділдік» ұғымының саяси риторикада және тәжірибеде қолданылуы белгілі бір сын-қатерлер туындатып, азаматтарды шамадан тыс үміттендіріп, олардың билікке талабын күшейте түсуі мүмкін деген пікір бар. Меніңше, бұл әділдік ұғымының аясын

тарылтады, жұрт оны игіліктер мен ресурстарды тең бөлу деп қана қабылдайды. Шын мәнінде, әділдік – ең алдымен, жұрттың бәріне бірдей құқық беру және жауапкершілікті баршаға тең жүктеу деген сөз. Әділдік пен жауапкершілік – тығыз байланысты ұғымдар. Басқаша айтсақ, жауапкершілік болмаса, әділдік те болмайды. Әркім өз ісіне, міндетіне жауапкершілікпен қараса, жеке азамат та, бүкіл ел де табысқа жетеді. Әділдіктің қуаты – осында.

Тағы бір маңызды құндылық бұл – Заң және Тәртіп. Заң алдында – бәрі бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Мемлекет жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуге тиіс. Барша азамат, барлық жерде, соның ішінде әлеуметтік желіде де заңды мүлтіксіз сақтауы керек. Заңға қайшы келетін, қоғамға іріткі салатын және арандатушылық пиғылдағы кез келген әрекетке қатаң тыйым салынады. Біз «жасампаз плюрализмді толық қолдаймыз, елге іріткі салатын радикализмге түбегейлі қарсымыз» деген қағидатты берік ұстанамыз. Ел ішіндегі тәртіпке әрқайсымыз жауаптымыз.

Әлемді шынымен өзгерткің келсе, өзгерісті қарапайым нәрседен баста деп бекер айтылмаған. Яғни, отбасында береке болуын ойла, жұмыс орныңды, үй-жайыңды, ауланды ретке келтір, қоғамдық орында әдеп сақта.

Құқықтық мәдениеттің деңгейін аңғартатын айқын көрсеткіштің бірі – азаматтарымыздың көлік жүргізу мәнері. Жол жүру ережесін жаппай бұзудың және жол үстіндегі дөрекіліктің зардаптары аса ауыр болып тұр. Жыл сайын мыңдаған адам көлік апатынан қаза табады. Бұл – солардың жақын-жуықтары үшін ғана емес, тұтас еліміз үшін қайғылы жағдай.

Заң бар жерде, тәртіп бар. Көбінесе қиын сәттерде азаматтардың тәртіпке бағынуы олардың қауіпсіздігіне кепіл болады. Жақында Алматы қаласында жер сілкінгенде кейбір балабақшалар мен мектептердегі балалар ұйымшылдықтың озық үлгісін көрсетті. Осыдан-ақ баланы балабақшадан және бастауыш сыныптан бастап тәртіпке баулудың қаншалықты маңызды екенін айқын көруге болады.

Келесі маңызды құндылық – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың, әсіресе, жастардың көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын. «Туған жерге туың тік» дейді халқымыз. Бұл – өте мағыналы өсиет. Жас ұрпақ бұл сөздің мән-мағынасына терең бойлауы қажет. Қазақстан – барша азаматымыздың ортақ Отаны, қастерлі мекені. Оның қай түкпірі де – біздің туған жеріміз. Жастар еліміздің барлық аймағын бірдей жақсы көріп, тұтас еліміздің дамуына үлес қосқаны абзал.

Мен облыстарға сапар кезінде жастардың көбі туған ауылынан сыртқа шығуға құлықсыз екенін байқаймын. Менің тапсырмаммен алдыңғы жылы батыс аймақтың жастары үшін 10 мың білім гранты бөлінді. Өкінішке қарай, сол гранттың көбі игерілмей қалды. Сондықтан грант санын еселеп қысқартуға тура келді. Яғни, жастарымыз қолда бар мүмкіндікті пайдаланбай отыр.

Өмір бойы бір жерде, бір ауылда отырған жастардың келешегі және көзқарасы қандай болады? Бұл сұрақтың жауабы – анық. Айтпаса да түсінікті. Шын мәнінде, бұған үлкендер де кінәлі. Көбінесе, ата-аналар баласын алысқа жібергісі келмейді. Соның кесірінен көптеген жастар еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болып, әлеуметтік жәрдемақыға қол жайып отыр. Бұл – масылдық деген сөз.

Бала есейген соң қанаттанып, ұядан ұшуға тиіс. Басқа аймақтарда, тіпті, шетелде білім алуы қажет. Өзге жұрттың қалай өмір сүріп жатқанын көргені абзал. Сондай-ақ қай жерде өзіне және еліне пайдасы тисе, сол жерге барып еңбек етуі керек.

Бүгінде солтүстік аймақтарда жұмыс күші жетіспейді. Ол жақта тегін білім алуға, жақсы жұмыс істеуге барлық мүмкіндік бар. Мемлекет беріп отырған осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет. Біз мыңдаған шақырым жерде көшіп-қонып жүрген көшпенділердің ұрпағы екенімізді ұмытпайық. Қазіргі жастар заманауи көшпенділіктің жақсы жақтарын игере білуі керек. Көші-қон – дүние жүзіне ортақ қалыпты құбылыс.

Біз шетелге барып, қара жұмыс істеп жүр деп, көрші елдің азаматтарын менсінбей қараған адамдарды да көрдік. Шын мәніне келгенде, сол шетелде жүрген адамдар жаңа дағдыларды игереді, жаңа кәсіптерді меңгереді. Олар өз елінің экономикасын дамытуға едәуір үлес қосып жүр. Американың өзінде Орталық Азиядағы көршілес елдердің мыңдаған азаматтары тұрып жатыр. Көбі бизнесін жүргізіп, саудамен айналысады, арасында қалталы адамдар пайда болуда. Бірақ олар өзінің ұлттық ерекшелігін жоғалтқан жоқ.

Ең дамыған елдердің азаматтары да шетел асып, табыс табуға намыстанбайды. Заманауи көшпенділер, Modern Nomads дегеніміз – осы. Бұл – бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс.

Соңғы жылдары біздің де жастарымыз шетелге жиі шыға бастады. Қазір Қазақстанның 200 мыңға жуық азаматы заңды түрде сыртта жұмыс істеп жүр. Табыс табу үшін шетелде бейресми еңбек етіп жүргендер де бар. Қай жерде болсын, еңбектің, кәсіптің жаманы болмайды. Тек бәрі заңды болуы керек. Сонда мемлекет олардың құқығын қорғап, қандай бір жағдай болса, көмектесе алады. Ел ішінде немесе шетелде заңды түрде жұмыс істеп, табыс табуға мүмкіндік туса, одан бас тартпаған жөн. Ең бастысы – адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу.

Келесі құндылық – жасампаздық және жаңашылдық. Бұл – өте жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде ұлттың бәсекеге қабілетті болуының басты шарты. Озық дамыған мемлекет құру үшін біздің азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы керек. Сол себепті біз қоғамда білімпаздықты дәріптеуге, білім және ғылым саласын дамытуға баса мән беріп келеміз.

Біз адам капиталына арқа сүйесек, өзіміз белгілеген ауқымды өзгерістердің бәрін жүзеге асыра аламыз. Елімізде талантты азаматтар аз емес. Олар тың амал-тәсілдер қолданып, батыл шешімдер қабылдағанының арқасында түрлі салада зор табысқа жетіп жүр.

Соңғы жылдары креативті индустрия қарқынды дамып келеді. Қазақстанның мәдени толқыны кең қанат жайып, өрендеріміз аймақтық және жаһандық деңгейде таныла бастағаны кездейсоқтық емес. Ұлтымыздың орасан зор жасампаздық әлеуеті кино, музыка, әдебиет және өнердің басқа да жаңа салаларында айқын көрініс тапқан. Креативті индустрия экономикамызды өркендетуге тың серпін беретініне сенемін.

Еліміз біртіндеп постиндустриалды қоғам үлгісіне көшіп келеді, идея мен инновация оның басты қозғаушы күші саналады. Біз озық технологияларға негізделген білім экономикасын құруымыз қажет. Қазақстан жаппай цифрланған және жасанды интеллект жүйесі қарқынды дамыған елге айналуға тиіс. Бұл – біздің стратегиялық міндетіміз. Осы технология таяу болашақта әлемді түбегейлі өзгертеді.

Біз барлық салада цифрлы номадтар өркениетінің озық стандарттарына сай болуымыз керек. Жастарымыздың әлеуеті мен қарым-қабілетіне қарасақ, «Қазақстанның қарышты қадамын» жасауға біздің толық мүмкіндігіміз бар екені байқалады. Басқа-басқа, бірақ дәл осы жерде батыл қимылдап, құлашымызды кең сермеуден қорықпау керек. Әрине, мұның бәрі қатып қалған қағида емес. Алайда ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы негізгі бағыт-бағдар бола алады. Еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керек. Мен ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды. Сонымен бірге бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр. Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек.

Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек.

Өздеріңізге мәлім, соңғы бес жылда біз әртүрлі құндылықтар жайлы жиі пікір алмасып, ой елегінен өткіздік. Оның бәрі уақытша ғана мәні бар жалаң тақырыптарды талқылау емес, идеология саласында жүргізілетін кешенді жұмыстың нақты бағдарын айқындау үшін жасалды.

Мен бүгін маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердім. Тағы да бір қайталап өтейін: бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан XXI ғасырда лайықты орнын табады. Құзырлы мемлекеттік органдардың бәрі өз жұмысын қайта қарап, осы тұғырнамаға үйлестіруі қажет. Атап айтқанда, Оқу-ағарту министрлігі мектептегі тәрбие жұмысын

ұйымдастыру тәсілдерін жаңартуға тиіс. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждер студенттермен жүргізілетін жұмысқа осы құндылықтарды үйлестіре кіріктіруі керек. Аталған идеалдар Қарулы күштеріміздің әскери-патриоттық іс-шараларына да арқау болуы қажет.

Негізгі құндылықтарымызды бұқаралық ақпарат құралдары мен креативті индустрия, әсіресе, кино, музыка және әдебиет арқылы дәріптеу аса маңызды. Салалық ведомство көпшіліктің қызығушылығын туғызатын тың жобалар ұсынуға тиіс. Жаңа қоғамдық этиканы орнықтыру ісінде орталық органдар ғана емес, өңірлік билік те маңызды рөл атқарады. Орталық пен аймақтар тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Мысалы, ел ішіндегі еңбек көші-қонын жандандыру мәселесі бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен облыс әкімдіктері өзара үйлесімді әрекет етіп, жұмыла жұмыс істеуі қажет. Ұсынылып отырған құндылықтар жүйесі ағартушылар мен қоғам белсенділеріне бағыт-бағдар бола алады.

Озық құндылықтар біздің болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуы үшін оны қоғамда жан-жақты дәріптеудің тиімді тәсілдерін іздеу, ұсыну және тарату қажет. Сіздер, Ұлттық құрылтайдың мүшелері, осы күрделі әрі маңызды жұмыстың алғы шебінде болуға тиіссіздер.

Сырттан келмеген, өмірден іргесін ажыратпаған бұл құндылықтар төл тарихымызға, мәдениетімізге, болашаққа ұмтылысымызға негізделген. Сондай-ақ барша азаматтарымыздың мүддесіне сай келеді. Оны кеңінен дәріптеп, ілгерілету үшін мемлекеттік аппарат пен қоғамдық күштердің бәрі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла жұмыс істеуі қажет. Президент Әкімшілігіне бұл жұмысты бақылауға алуды және идеология саласындағы міндеттерді орындау үшін кешенді жоспар жасауды тапсырамын.

Құрметті достар!

Елімізді жан-жақты жаңғырту үшін кең ауқымды жұмыс жасалып жатыр. Бүгінгі айтылған бастамалар – соның бір бөлігі ғана. Көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер әлі де бар. Оның бәрі халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер етеді. Біз оны біртіндеп шешіп жатырмыз. Бірақ барлығын бір күнде реттеу мүмкін емес. Сондықтан оған уақыт, түсіністік және сабыр қажет.

Дүние жүзінде қалыптасып отырған аса күрделі ахуал жағдайды ушықтырып тұр. Кейбір саясаткерлердің жауапсыз мәлімдемесін өздеріңіз оқып жатырсыздар, олар түрлі арандатушыларға дем беруде.

Біздің алдымызда үш айрық жол тұр: құлдырау, тоқырау немесе өрлеу. Біз әрдайым өрлеуді таңдаймыз. Әрине, өрге шығу оңай емес. Талай қиындық туындауы мүмкін. Соған қарамастан, тек алға ұмтылуымыз керек.

Соңғы бес жылда көптеген маңызды бастаманы жүзеге асырдық. Нәтижесінде Қазақстан саяси тұрғыдан түбегейлі өзгерді. Халықтың әл-ауқатын арттыру үшін нақты шаралар қолға алынды. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Үкіметке экономиканы түбегейлі реформалау үшін барлық құзырет берілді. Халқымыз оның нәтижесін көп ұзамай көреді деп сенемін. Бірақ ең бастысы – нақты мақсат қойып, соған ұмтылу. Осыны жете түсінген жөн. Әр азамат еліміздің қайда бет алғанын, ертеңіміз қандай болатынын білуі керек. Бұл – өте маңызды.

Әрине, еліміздің болашақтағы бейнесі сан қырлы, оны әркім әрқалай түсінуі мүмкін. Алайда оның негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттауға болады. Бұл үшеуі бір-бірінен бастау алады және өзара тығыз байланысты.

Еліміз стратегиялық бағдарынан ешқашан ауытқымайды. Біз мықты демократиялық институттары және дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекет құрамыз. Ел ішінде заң мен тәртіп қатаң сақталады. Бұл – саясатымыздың тұғырлы қағидаты. Біз баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастырамыз. Адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлесін қосады.

Біз «бірлігіміз – әралуандықта» деген қағиданы берік ұстанып, еліміздегі бейбітшілік пен келісімді сақтайтын боламыз. Түрлі діндер мен конфессияларды жақындастыруды және қазіргі заманғы өзекті мәселелерге қатысты диалог орнатуды көздейтін мәртебелі миссиямызды атқара береміз. Біз азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыратын, барша әлемнің кәсіпкерлері, инвесторлары мен талантты адамдары қызығатын ашық әрі дамыған экономика құрамыз. Бүкіл қоғам болып жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырамыз. Бізге және ұрпағымызға ешкім сырттан келіп жарқын болашақты жасап бермейді.

Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды берік ұстана отырып, даму көкжиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді.

Мен жуырда Президенттік жастар кадр резервінің мүшелерімен арнайы кездестім. Сонда айтқан ойымды еліміздің барша жастарына тағы да қайталағым келеді. Қазақстанның болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Көп ұзамай мемлекетті басқару ісі, яғни ел тізгіні бүгінгі жастардың қолына өтеді. Сіздер осы жауапкершілікті қазірден бастап сезінулеріңіз қажет. Өздеріңізге жүктелетін тарихи миссияны орындауға қашанда дайын болуларыңыз керек.

Біз жасампаз халық болуымыз қажет. Оған әлеуетіміз толық жетеді. Сан ғасырлық тарихында қазақ мемлекеттігінің құрылымы талай рет өзгерді. Бірақ елдігіміздің тұғыры қашанда – берік, ұлтымыздың рухы – әрдайым асқақ. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға ұмтылуымыз керек. Өнімді еңбек етіп, сапалы білім алып, ортақ мақсатқа жұмыла білуіміз қажет. Сонда болашағы жарқын, қуатты мемлекетті бірге құрамыз.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Ұлттық құрылтай жұмысы жүйелі, маңызды қоғамдық институт ретінде қалыптасты. Құрылтай мүшелері нағыз елдік мәселелерді көтеретін «біртұтас командаға» айналуға тиіс. Сіздер жұмыс барысында көптеген

ұтымды ұсыныс беріп жүрсіздер. Бірқатар бастама жүзеге асырылып жатыр. Бүгін де жаңа идеялар айтылды. Оның бәрі мұқият қаралып, маңызды ұсыныстар бойынша нақты шаралар қолға алынады. Құрылтай барынша тиімді әрі оңтайлы қызмет етіп жатыр деп санаймын. Алдағы уақытта да белсенді жұмысты жалғастыра берген жөн.

Өздеріңіз білесіздер, мен осы басқосуға аймақ өкілдерін шақыру туралы тапсырма бердім. Бүгін, міне, ортамызда атыраулық ағайындар да отыр. Соның ішінде экология мәселелерін көтеріп жүрген белсенді азаматтар бар. Жалпы, Атырау жұртшылығы облыстың экологиялық ахуалына алаңдап отырғанын білемін. Қалада кәріз жүйесін, су құбырын салу өте маңызды. Инфрақұрылым әбден ескірген. Соның кесірінен жерасты сулары және Жайық өзені ластанып жатыр. Облыс орталығында қоқысты сұрыптауға және өңдеуге қатысты түйткілдер бар. Атырауда қоқыс сұрыптайтын кешен салынған. Әкімдік оны жақын арада іске қосуға тиіс. Сондай-ақ қоқыс полигонын дереу ретке келтіруі қажет. Бұл мәселелер міндетті түрде өз шешімін табуы керек. Қазір осыған байланысты нақты жұмыс атқарылып жатыр. Үкіметке және облыс әкімдігіне бұл маңызды жұмысты аяғына дейін жеткізуді тапсырамын. Бұл мәселе менің бақылауымда болады.

Жалпы, Атырау облысының дамуына ерекше мән беру керек. Сондықтан Үкімет пен әкімдік арнайы жоспар бойынша жұмыс істейді. Мен кезінде осында Онкология орталығын салу туралы тапсырма бердім. Бірақ қаржы мәселесі толық шешілмей, созылып кетті. Енді оған жер қойнауын игерумен айналысатын кәсіпорындар қаржы бөлетін болды. Құрылыс келесі жылы аяқталады.

Сондай-ақ облыс әкімінің айтуынша, Радиология корпусының құрылысын қаржыландыру мәселесі де шешімін тапты. Бұл нысан жыл соңына дейін салынып бітеді. Осы жобаларға демеушілік көрсеткен азаматтарға және компанияларға ризашылығымды білдіремін. Бұдан бөлек, биыл бірнеше емхана, оңалту орталығы және басқа да әлеуметтік нысандар пайдалануға беріледі.

Құрметті қауым!

Шын мәнінде, мұндай алқалы жиындарды аймақтарда өткізудің мән-маңызы зор. Сол арқылы облыстардың дамуына тың серпін береміз. Осы үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табады. Әйгілі Қасым хан – Сарайшықта, Абылай хан – Бурабайда ордасын тіккені белгілі. Есілдің бойында – Кенесары хан мемлекеттігімізді сақтап қалу үшін талай жорыққа шыққан. Бұл аймақ төл шежіремізде айрықша орын алады. Сондықтан Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Көкшетауда өткізуді ұсынамын.

Ал бүгін бүкіл азаматтарға Ораза қабыл болсын дегім келеді!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

IV. ЭКОНОМИКАНЫ ЫРЫҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

ҚР Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 Жарлығы
akorda.kz

Осы Жарлық бәсекелестікті дамыту, мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту, бизнестің шығындарын азайту арқылы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін алдағы уақыттағы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды.

Елдің экономикалық әлеуетін кеңейтуге және бизнес-ахуалды жақсартуға бағытталған құрылымдық экономикалық және құқықтық реформаларды жеделдету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Экономиканы алдағы уақытта ырықтандырудың негізгі бағыттары болып мыналар айқындалсын:

жеке меншікке қолсұғылмаушылықты қамтамасыз ету;

жеке кәсіпкерлік қызметінің еркіндігі және мемлекеттің нарықтық қатынастарға заңсыз араласуын болдырмау қағидаттарын толығымен іске асыру;

нарыққа қатысушылардың арасындағы еркін бәсекелестікті дамыту мен қорғауды қолдау;

нарыққа қол жеткізу үшін реттеуші және әкімшілік кедергілерді,

сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін жасанды артықшылықтарды жою;

мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарды әкімшілендіруге бизнестің жұмсалатын шығындарын жаппай азайту.

2. Экономикалық кеңістікті босату және жекеше кәсіпкерліктің әлеуетін толығымен іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жекешелендіру процесін аяқтау және бәсекелес салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар санының қайталама өсуіне кедергі болатын нормативтік шарттарды жолға қою, соның ішінде мынадай шаралар арқылы мемлекеттік сектордың экономикадағы үлесін кең ауқымда және жедел түрде қысқартуды жүргізсін:

1) «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей тапсырмалары бойынша айрықша жағдайларды қоспағанда, 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізу;

2) мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай жария тізілімін кейіннен жаңарта отырып, республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік активтерге 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ревизия жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне (тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып) 2024 жылғы 1 маусымға дейін Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офисті құруға жәрдем көрсету, ол 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін мыналарды:

міндетті түрде жекешелендіруге жататын мемлекеттік объектілерге қойылатын өлшемшарттарды тұжырымдауды;

елу пайыздан көп акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) мемлекетке және онымен үлестес тұлғаларға тиесілі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың қызметіне өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, бейінді емес активтерді бәсекелес ортаға берудің мүмкіндігі мен орындылығы тұрғысынан талдау жүргізуді;

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің шешімімен ғана бекітілуі және түзетілуі мүмкін жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің (IPO, SPO, аукциондар және басқаларды өткізуді қоса алғанда, олардың әрқайсысы бойынша өткізу шарттары мен әдістерін айқындай отырып) тізбесін қалыптастыруды;

жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің өтінімдік тізбесін қалыптастыру және енгізу арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бастамасы бойынша объектілерді жекешелендіру мүмкіндігін ұсынуды;

мемлекеттік активтердің жекешелендіру барысын мониторингтеуді қамтамасыз етуге тиіс;

4) жекешелендірудің келесі тәсілдерін бекіту:

бәсекелестік және ұсыныс деңгейі төмен тауар нарықтарына субсидиарлық (қосалқы) қатысу;

стратегиялық және әлеуметтік объектілерді, банкаралық төлемдер жүйесі мен қаржы нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржы нарығы инфрақұрылымының объектілерін қоспағанда, мемлекет қатысатын барлық нарық субъектілерін міндетті түрде жекешелендіруді білдіретін нарық субъектілеріне уақытша қатысу;

мемлекет қатысатын нарық субъектісін құрудың мақсаттары мен міндеттерін, оның функцияларын айқындау және олардың жетістіктері мен іске асырылуын бағалау;

табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, жекешелендіру кезінде жеке монополиялар (оның ішінде, жергілікті жерлердегі) құруға жол бермеу;

5) жеке инвесторлардың тек өзінің және қарыз қаражатының есебінен (мемлекеттік және квазимемлекеттік көздерден қарыз қаражатын және өзге де қаражатты тартпай) жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің бекітілген тізбесіне сәйкес мемлекеттік активтерді жаппай жекешелендіру процесін 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтауды қамтамасыз ету;

6) экономикалық қызметтің барлық түрлерінің жалпы сыныптауышының әрбір коды үшін географиялық шекараларды, мемлекет қатысатын, белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын субъектінің атауын, субъектінің тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің сол немесе өзге нарықтарында болу мерзімін міндетті түрде көрсетуді көздейтін

квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлері тізбесінің жаңа форматын қабылдау;

7) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының қолда бар заңнамалық негіздерін қайта қарау.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) мен оның еншілес және тәуелді компанияларын корпоративтік басқарудың дербес болуын, сапасын және тәуелсіздігін арттыру мақсатында:

2024 жылғы 1 шілдеге дейін тәуелсіз директорларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарын белгілеу арқылы тағайындаулардың ашық және болжанатын жүйесін құра отырып, Қор мен оның еншілес және тәуелді компанияларының директорлар кеңестерін (байқау кеңестерін) қалыптастырудың тәртібін қайта қарасын;

2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу бойынша конкурс өткізу арқылы Қор мен оның еншілес және тәуелді компанияларының директорлар кеңестерінің (байқау кеңестерінің) құрамын жаңартсын;

2024 жылғы 1 тамызға дейін кадрлық шешімдерді, сатып алуларды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, Қордың еншілес және тәуелді компанияларының операциялық қызметіне оның араласуы мүмкіндігін төмендету жөніндегі қосымша жүйелі шараларды қабылдасын;

2024 жылғы 1 тамызға дейін «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп процестердің ашықтығын арттыруды және ел ішіндегі құндылығының үлесін ұлғайтуды ескере отырып, Қордың реттелетін сатып алу жүйесін қайта қарасын.

4. Меншік нысанына қарамастан экономиканың барлық субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тең жағдайлар мен мүмкіндіктер ұсыну арқылы нарықтағы адал бәсекелестікті қамтамасыз ететін шарттарды одан әрі жетілдіру, сондай-ақ тек заңда белгіленген тәртіппен бәсекелес емес әрекеттердің жолын кесу құқығын мемлекеттің іске асыруы мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп мынадай шараларды қабылдасын:

1) отын-энергетика кешені, көлік, байланыс салаларында және өзге де салаларда:

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін мұнайды мұнай өңдеу зауыттарына жеткізу нарығында квазимемлекеттік сектордың үлесін сапалық жағынан қысқартуды, мұнайды қайта өңдеудің, мұнайды тасымалдаудың, сондай-ақ әуежайлар аумағында авиаотынды сақтаудың көрсетілетін қызметтеріне жеке мұнай жеткізушілердің тең және кемсітушіліксіз қол жеткізуін, оның

ішінде қол жеткізуді ұсыну рәсімдерін цифрландыру арқылы қамтамасыз етсін;

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін байланыс операторларының кәбілдік кәрізге толыққанды тең қолжетімділігін қамтамасыз етсін;

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер туралы деректерді цифрландыруды аяқтасын және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін оларды беру кезінде электрондық конкурсты міндетті түрде пайдалануды қамтамасыз етсін;

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін көмірсутектер саласындағы ұлттық компаниялар үш жыл ішінде тікелей келіссөздер арқылы өздеріне қатысты жер қойнауын пайдалану құқығын алуға басым құқықты іске асырмаған жер қойнауы учаскелерінің электрондық аукцион арқылы өткізілуін қамтамасыз етсін;

2029 жылғы 31 желтоқсанға дейін экономиканың (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру қызметтері) салалары ішінде және арасында тарифтерді кросс-субсидиялауды сатылап алып тастасын;

2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін, монополия нарықтарын қоспағанда, бағалар мен тарифтерді қалыптастыру еркіндігін тікелей немесе жанама түрде шектейтін Қазақстан Республикасы заңнамасын нормаларының барынша көп санын сатылап күшін жоюды қамтамасыз етсін;

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін жеке инвестициялар тарту және ұсынылатын реттелуші көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылай отырып, табиғи монополия саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында тариф құрудың ынталандырушы әдіснамасының практикалық тұрғыдан қолданылуын қамтамасыз етсін;

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін азаматтарға арналған өтемақы шараларының тиімді тетігін іске қосу мәселесін, сондай-ақ цифрлық технологияларды пайдалана отырып мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша тұрғын үй төлемін беруді пысықтасын;

2) 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін сатып алуды және биржалық сауданы жетілдіру саласында:

мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын әлеуетті өнім берушілерден кемінде екі өтінім болған жағдайда, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар болып табылатын әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін мемлекеттік сатып алуға қатысудан алып тастау арқылы «сары беттер» қағидаттарын енгізсін;

тікелей шарт жасасу арқылы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылатын жағдайлардың тізбесін қайта қарасын;

стандартталмаған тауарлармен биржалық сауда-саттықты және тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды жойсын;

биржалық сауда-саттық барысына араласу тәуекелін болдырмау және биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін тауар биржаларының цифрлық сауда жүйелерінің және клирингтік орталықтардың бағдарламалық қамтылымының тиімділігін арттырсын;

3) 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін тауарлық-ерекшелікті субсидиялардан жеңілдікті кредиттер беруге сатылап көшуді қамтамасыз етсін;

4) кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларына ашық және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында:

ұсыну тәртібін стандарттау мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ұқсас түрде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді қамтамасыз етсін;

цифрлық экожүйені жасау, оның ішінде мемлекеттік қолдау шараларын «бір терезе» қағидаты» бойынша ұсынуды қамтамасыз ете отырып жасау арқылы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының цифрлық форматын енгізуді аяқтасын;

мемлекеттік қолдау шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемелерді есептеудің және есепке алудың тиімді тетігін қамтамасыз етсін;

5) сатып алу тізіміне кірудің бизнес-процесін, оның ішінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға бағаларды тіркеуді цифрландыруды қамтамасыз етсін.

5. Қаржы нарықтарында адал бәсекелестікті қамтамасыз ететін шарттарды одан әрі жетілдіру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп:

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жаңа банктер ашу үшін мүмкіндіктерді кеңейту және тұрғындар мен кәсіпкерлік субъектілері үшін банктік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру бойынша, оның ішінде:

еншілес шетелдік банктер мен шетелдік банктердің филиалдарын ашу жөніндегі заңнамалық талаптарды ырықтандыру;

шетелдік банктердің филиалдары үшін рұқсат етілген операциялар түрлерінің тізбесін кеңейту;

банк жүйесін институционалдық жетілдіру, оның ішінде әмбебап және базалық банк лицензиясын енгізудің орындылығын қарай отырып жетілдіру арқылы шаралар қабылдасын;

2) 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, тиісті сараптамадан өткеннен кейін (жобаны бағалауды қоса алғанда) және қаржыландырудың балама көздері болмаған кезде, әрбір жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей келісімі алынатын жалпы елдік маңызы бар жобаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың субъектілері үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нарықтық емес (жеңілдікті) шарттармен мемлекеттік қаржыландыруды тартуға тыйым салуды енгізуді қамтамасыз етсін.

6. Кәсіпкерліктің еркіндігінің түбегейлі қағидаттарын іске асыру, оның ішінде мемлекеттік және құқық қорғау органдарының заңды кәсіпкерлік қызметке араласпауын қамтамасыз етудің есебінен іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (келісім бойынша) бірлесіп:

кәсіпкерлік қызмет саласындағы реттеуші саясатты одан әрі жетілдіруді, оның ішінде оның өңірлік деңгейде құқықтық тұрғыдан қолданылуының тиімділігін арттыруға басымдық бере отырып жетілдіруді;

тұтынушылардың мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдар ұсынатын көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде вагондарды беру-жинау, локомотивтік тарту қызметі, жанар-жағар май материалдарын бөлу және басқалар (қолжетімділігі автоматтандырылуға жататын көрсетілетін қызметтердің тізбесі 2025 жылғы 1 маусымға дейін айқындалуы тиіс) сияқты қызметтерге қол жеткізуін толық автоматтандыруды (цифрландыруды);

инженерлік желілерге, оның ішінде жекеше табиғи монополия субъектілерінен алынатын инженерлік желілерге қосылуға техникалық талаптар алу рәсімдерін регламенттеуді, цифрландыруды және оңайлатуды қамтамасыз етсін;

2) жаңа Салық кодексінде:

салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары бойынша мөлшеріне қарай сараланған тәсілді (шоттарға тыйым салуды барынша азайту);

борышы едәуір болған жағдайда төлеуді кепілсіз кейінгі қалдыруды/бөліп төлеуді ұсыну рәсімін оңайлатуды;

әлеуметтік төлемдер бойынша борышты өндіріп алудың шекті мәнін белгілеуді;

шағын және орта бизнесті салықтық тексеруді тоқтата тұру бойынша екі реттен асырмай шектеуді;

3) 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасына мыналарды:

экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқықтық бұзушылықтарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылтуды;

әкімшілік-деликт заңнамасын жетілдіруді, оның ішінде квазимемлекеттік сектор, табиғи монополия субъектілерінің және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың тарапынан кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуды болдырмау бөлігінде жетілдіруді, заңды түрде кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі келтірумен байланысты іс-әрекет үшін, егер оның қылмыстық жазаланатын белгілері болмаса, әкімшілік жауаптылықты белгілеуді;

мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың прокурорлармен:

тыйым салу-шектеу (субъектінің (объектінің немесе оның жеке учаскесінің) қызметін, әрекеттерді, процесті тоқтата тұруды; рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұруды, айыруды (қайтарып алуды); рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартуды; бұрын инвестордың пайдасына шығарылған шешімнің күшін жоюды (оны қайтарып алуды); біржақты тәртіппен келісімшартты не келісімді бұзуды) шараларын;

Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау және тексерулер тағайындау туралы шешімдерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың инвесторларға талап-арыздарын келісуін;

экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарламаны және баянатты Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне:

салықтық тексеру актісін, тұжырымында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар екенін көрсететін жеткілікті деректер қамтылған салық қызметі органы маманының қорытындысын (анықтамасын) қоса бермей;

сотқа дейінгі шағымдану жағдайларында жоғары тұрған органның шешімдері және сотқа шағымданған кезде сот шешімдері күшіне енгенге дейін салық қызметі органдарының актілеріне сотқа дейінгі және сотқа шағымдану кезінде;

есептеулер жұмыстарды нақты орындаусыз, қызметтер көрсетусіз, тауарларды жөнелтусіз мәмілелер бойынша жүргізілген, декларация тапсыру міндетті болғанда декларация ұсынылмаған, сондай-ақ салық салудың басқа объектілерін және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді жасыру жолымен кірістер және (немесе) шығыстар туралы көрінеу бұрмаланған деректерді декларацияға енгізген жағдайларды қоспағанда, салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомаларын толық ерікті түрде өтеу кезінде тіркеуден алып тастауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қамтамасыз етсін;

4) 2024 жылғы 1 шілдеге дейін алдыңғы қатарлы бүкіләлемдік стандарттар бойынша әзірленген іске асырылған халықаралық жобаларды қазақстандық талаптарға сәйкес жобалық-сметалық құжаттаманы міндетті әзірлеусіз пайдаланудың мүмкіндігін қамтамасыз етсін;

5) 2025 жылдың соңына дейін рұқсаттар алу үшін біліктілік талаптарын қайта қарасын, сондай-ақ оларды алудың тәртібі мен мерзімі оңтайландырылсын;

6) 2024 жылдың соңына дейін шектеулі адамдар тобына монополиялық және (немесе) басым жағдайды иеленіп отырған топтардың іс-әрекетімен келтірілген залалды өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған ұжымдық талап беру институтын заңнамалық тұрғыдан енгізудің орындылығы туралы мәселені пысықтасын.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен бірлесіп жарты жылдың және жылдың қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері туралы есепті ақпаратты Президент Әкімшілігіне 1 ақпанға және 1 тамызға дейін енгізуді, сондай-ақ тоқсан сайынғы негізде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның қарауына енгізуді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

9. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

10. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

V. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 28 маусым аралығында **Парламент Палаталарының 5 бірлескен отырысы** өтті.

СЕНАТТЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Палата отырысын Сенат Төрағасы шақырады.

Отырыстың күн тәртібі Сенат Бюросында алдын ала қаралады және Палатаның отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 28 маусым аралығында **Сенаттың 43 отырысы** өткізілді.

БЮРОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Сенаттың Бюросы Сенат Төрағасының жанындағы Парламент Сенатының үйлестіруші органы болып табылады.

Сенат Бюросының отырыстарын Сенат Төрағасы шақырады.

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 28 маусым аралығында **Бюроның 34 отырысы** өткізілді.

ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

(2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 28 маусым)

Тұрақты комитеттер өз құзыретінің мәселелері бойынша қызмет нысандары мен әдістерін таңдауға ерікті, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Бас комитет ретінде қаралған заңдар:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	18
Қаржы және бюджет комитеті	16
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	17

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	19
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	21
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	11
Барлығы:	**102**

Заңдар бойынша Комитет отырыстары
(оның ішінде кеңейтілген отырыстары)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	53 (18)
Қаржы және бюджет комитеті	74 (21)
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	44 (13)
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	40 (20)
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	40 (20)
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	36 (8)
Барлығы:	**287 (100)**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР

(2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 28 маусым)

Депутаттық сауал Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырысында Сенат депутатының мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына депутаттық сауал салынған Парламент Палаталарының тиісті отырысында сол органның немесе лауазымды адамның құзыретіне жататын мәселелер бойынша негізді түсінік беруін немесе көзқарасын баяндауын ресми талап етуі болып табылады.

Сенат депутаты Премьер-Министр мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банктің Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына және мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне сауал салуға құқылы. Бұл орайда Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған салынған сауал қылмыстық қудалау міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты болмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сауал Палатаның жабық отырысында қаралады.

2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2024 жылғы 28 маусымға дейін Сенат депутаттары **200** депутаттық сауал жолдады.

Жолданған депутаттық сауалдардың алушылары:
2024 жылғы 28 маусымға дейінгі кезеңде

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	173
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасары	4
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасарлары	18
Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі	1
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі	1
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі	1
Қазақстан Республикасының Көлік министрі	1
Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы	1
Барлығы:	**200**

СЕНАТҚА КЕЛІП ТҮСКЕН
ХАТ-ХАБАРЛАР МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІНЕ ШОЛУ
(2023 жылғы 1 қыркүйектен 2024 жылғы 21 маусымға дейін)

1. Сенатқа келіп түскен хат-хабарлар саны	**26 224**
оның ішінде:	
қызметтік хат-хабар	5 830
жеке және заңды тұлғалардың өтініштері	20 083
өтініштерге жауап	311
2. Жіберілген хат-хабардың саны	**17 844**
оның ішінде:	
электронндық түрде (ЕҚАБЖ бойынша)	3 566
е-Өтініш бойынша	13 227
қағаз түрде	1 051
3. Шығыс ішкі хат-хабарлар	**1 435**
электрондық форматта (ЕҚАБЖ бойынша)	1 175
қағаз тасығышта	260
Барлығы:	**45 503**

Жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің тақырыптары:

құқық қорғау органдарының, соттардың және т.б. жұмыс мәселелері	2 873
қаржы, банк қызметі, кредит беру мәселелері	268
заңдар мен заң жобалары бойынша ұсыныстар (заңнаманы жетілдіру жөніндегі мәселелер)	9 150
әлеуметтік сипаттағы мәселелер (зейнетақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер беру, өтемақылар мен жәрдемақылар төлеу, қандастар, жұмысқа орналастыру)	602
экономика және кәсіпкерлік мәселелері (сақтандыру, энергия үнемдеу, газбен жабдықтау, теміржол, су және әуе көлігі проблемалары, тұрғын үй құрылысы, үлестік қатысу, ЖТҚ үшін жер учаскелерін бөлу және т.б.)	1 512
мемлекеттік органдардың қызметі, лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері, сыбайлас жемқорлық	261
денсаулық сақтау мәселелері	224
білім беру, мәдениет, мемлекеттік тілді дамыту мәселелері	263
тұрғын үй-шаруашылық қызмет, көлік және коммуникация мәселелері	420
ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, халықтың тұрмысы мәселелері (шаруашылық, жер даулары, су ресурстары және т.б.)	261
қоршаған ортаны қорғау және экология мәселелері	64
ақпараттандыру, байланыс, цифрландыру, БАҚ мәселелері	57
басқа өтініштер (жеке қабылдаулар, кездесулер, қызметтер және т.б.)	4 128
Барлығы:	**20 083**

Келіп түскен өтініштерді қабылдаған депутаттар:

Өтініштердің басым көпшілігі Сенат Төрағасының атына – 7 192, Н.К. Бекназаровқа – 2 464, Е.А. Больгертке – 1 723, Ж.Б. Асановаға – 1 663, А.Г. Толамисовке – 1 388, М.Б. Қадырбекке – 1 153, К.К. Тастакеевке – 1 080, басқа депутаттарға 3 420 өтініш түсті.

Өңірлер бөлінісінде келіп түскен өтініштердің саны:

Өтініштердің басым көпшілігі Алматы қаласынан – 4 094, Астана қаласынан – 3 363, Шымкент қаласынан – 2 014, Павлодар облысынан – 2 437, Қарағанды облысынан – 888, Алматы обласынан – 879 келіп түсті.

Астана қаласы	3 363
Алматы қаласы	4 094
Шымкент қаласы	2 014
Ақмола облысы	554
Ақтөбе облысы	628
Алматы облысы	879
Атырау облысы	564
ШҚО	543
Жамбыл облысы	596
БҚО	286
Қарағанды облысы	888
Қостанай облысы	543
Қызылорда облысы	146
Маңғыстау облысы	548
Павлодар облысы	2 437
СҚО	650
Түркістан облысы	619
Абай облысы	451
Жетісу облысы	188
Ұлытау облысы	86
ТМД елдері, т. б.	6
Барлығы:	**20 083**

VI. СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЕКІНШІ СЕССИЯДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

(2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 28 маусым)

1.	Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	102
2.	Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданған заң	1
3.	Мәжіліс қабылдағаннан кейін Сенат мақұлдаған заңдар	92
4.	Мәжіліс қабылдағаннан кейін Сенат жекелеген баптарын жаңа редакцияда мақұлдап Мәжіліске қайтарған заңдар	9
5.	Сенаттың түзетулерімен Мәжіліс қабылдаған заңдар	9
6.	Конституциялық заң	1
7.	Дербес заңдар	9
8.	Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар	46
9.	Ратификациялау туралы заңдар	46
10.	Депутаттар бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	33
11.	Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	69
12.	Сессия соңында Сенаттың қарауында қалған заңдар	5

СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢ

1.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

ДЕРБЕС ЗАҢДАР

1.	Қоғамдық бақылау туралы
2.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024-2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы
3.	2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы
4.	Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы
5.	Масс-медиа туралы
6.	Мемлекеттік сатып алу туралы
7.	Ғылым және технологиялық саясат туралы
8.	Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы
9.	Жылу энергетикасы туралы

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, мемлекеттік авиация, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

5.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
7.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
10.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
11.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
12.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
13.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
14.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
15.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

16.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
17.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
18.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
19.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
20.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
21.	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
22.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
23.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
24.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндірісі және айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
25.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
26.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
27.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

28.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
29.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат, платформалық жұмыспен қамту және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
30.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
31.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сатып алу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
32.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
33.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бүлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
34.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бүлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
35.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және электрмобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
36.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
37.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

38.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
39.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
40.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
41.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
42.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
43.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
44.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
45.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
46.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімді ратификациялау туралы
2.	2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
3.	Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы
4.	Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы
5.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбекстан кедендік шекарасы арқылы құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша энергия ресурстарын өткізу кезіндегі бірлескен кедендік бақылау туралы келісімді ратификациялау туралы
6.	Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісімді ратификациялау туралы
7.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына қатысты ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы
8.	Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы
9.	Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы
10.	Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы
11.	Астанада (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы келісімді ратификациялау туралы

12.	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялау туралы
13.	2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
14.	Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы
15.	2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы
16.	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
17.	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы
18.	1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы
19.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісімді ратификациялау туралы
20.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы
21.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы
22.	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

23.	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
24.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді ратификациялау туралы
25.	Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы
26.	2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
27.	1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
28.	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
29.	2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
30.	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы
31.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы
32.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы
33.	Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы
34.	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы

35.	Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
36.	2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына ресейлік мұнайды тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
37.	1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
38.	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асырған кезде қаржылай жәрдем көрсету бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы
39.	Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (Балық аулау субсидиялары жөніндегі келісім) ратификациялау туралы
40.	Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы
41.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі келісімді ратификациялау туралы
42.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы
43.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай – Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісімді ратификациялау туралы
44.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени орталықтарды өзара құру туралы келісімді ратификациялау туралы
45.	Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісімді ратификациялау туралы
46.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының арасындағы Цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхит министрлік конференциясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы

ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, мемлекеттік авиация, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
4.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
5.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
7.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
10.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
11.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

12.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
13.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
14.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
15.	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
16.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
17.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
18.	Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы
19.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндірісі және айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
20.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
21.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
22.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
23.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

24.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және электрмобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
25.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
26.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
27.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
28.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
29.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
30.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
31.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
32.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
33.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер енгізу туралы

СЕНАТ МӘЖІЛІСКЕ ҚАЙТАРҒАН ЗАҢДАР

№	Заңдардың атауы	Түзетулердің саны
1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	10
2.	2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы	180
3.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	4
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	8
5.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	11
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	21
7.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	3
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	11

9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	35
Барлығы		**283**

СЕССИЯ СОҢЫНДА СЕНАТТЫҢ ҚАРАУЫНДА ҚАЛҒАН ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы «Қарасу» және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру және оның қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (депутаттардың бастамасы)
3.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (депутаттардың бастамасы)
4.	Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімді ратификациялау туралы
5.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

VII. СЕНАТТА МӘЖІЛІС ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАРДЫ ҚАРАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

2023 жылғы 1 қыркүйектен 2024 жылғы 28 маусымға дейінгі кезеңде Парламент **102** заң қабылдады, оның ішінде Сенат Мәжіліске **9** заң қайтарды. Олардың ішінде:

Конституциялық заңға түзетулер енгізу– **1**;

дербес заңдар – **9**;

қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу – **46**;

халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға бағытталған заңдар – **46**.

Парламент Сенатының 2023 жылғы 1 қыркүйек пен 2024 жылғы 28 маусым аралығындағы заңшығарушылық қызметі туралы ақпарат



Парламент Сенатында бас комитет ретінде:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 18 заң;

Қаржы және бюджет комитеті – 16 заң;

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 17 заң;

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 19 заң;

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 21 заң;

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 11 заң қарады.

Парламент Сенаты комитеттерінің заңды қарастыру бойынша жұмысы



7.1. СЕНАТТЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ БОЙЫНША МӘЖІЛІС ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

7.1.1. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметы арасындағы Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына қатысты ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қадырбек.

Заңның мақсаты Қазақстан мен Қытай азаматтарына қатысты көші-қон саласында ақпарат алмасу бойынша өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Заңның міндеті Мемлекет басшысының Қытай Халық Республикасына сапары барысында 2023 жылғы 17 мамырда Сиань қаласында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлері қол қойған келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына визасыз келу, азаматтығын ауыстыру, келу, болу және кету қағидаларын бұзу жөнінде ақпаратпен алмасудағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

Заңнан күтілетін нәтижелер көші-қон және қос азаматтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының құзіретті органдары арасындағы ынтымақтастық үшін құқықтық негіз құру болып табылады.

Заңды қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Заң 2023 жылы 5 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

Заңның мақсаты Уағдаласушы мемлекеттердің қылмысқа қарсы күресте тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз ету, қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты рәсімдерде барынша және өзара құқықтық көмек көрсету болып табылады.

Заңның міндеті 2022 жылғы 20 қазанда Никосияда жасалған Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) ратификациялау болып табылады.

Шарт іздестіріліп жатқан адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін оларды екі мемлекет арасында экстрадициялау мәселелерін регламенттейді. Адамдарды ұстап беру, ұстап беруді кейінге қалдыру немесе уақытша ұстап беру шарттары мен рәсімі айқындалған. Ұстап беруден бас тарту үшін міндетті және факультативтік негіздер белгіленген, ұстап беру туралы сұрау салу және қажетті құжаттар көзделген.

Шартты ратификациялау екі елдің қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқықтық ынтымақтастығының тиімділігін арттырады және екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Бұдан басқа Шартты ратификациялаған жағдайда оны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді, сондай-ақ қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Заң 2023 жылы 26 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

Заңның мақсаты қылмыспен күресте өзара ынтымақтастықты орнату және дамыту, көмекке жүгінген кезде құқық бұзушылық үшін жаза Сұрау салушы мемлекеттің юрисдикциясына кіретін құқық бұзушылықтарға қатысты қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету болып табылады.

Заңның міндеті Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасында 2022 жылғы 20 қазанда Никосия қаласында қол жасалған қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) ратификациялау болып табылады.

Құқықтық көмек шеңберінде Шарт мынадай процесстік әрекеттерді:

- құжаттарды, шақыру қағаздарын және нәрселерді беру мен табыс етуді;
- адамның жеке басын анықтауды, оның және нәрселердің тұрған жерін айқындауды;
- бейнеконференцбайланыс бойынша айғақтарды қоса алғанда, айғақтар мен арыздар алуды;
- тінтуді, тыйым салуды және тәркілеуді жүзеге асыруды;
- құжаттарға немесе нәрселерге сараптама жүргізуді;
- ақпарат және дәлелдемелер алмасуды қамтиды.

Сондай-ақ, осы Шартта көзделген құқықтық көмектің белгілі бір түрлері сақталмаған жағдайларда, мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне қатер төндірсе, оның ұлттық заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келсе құқықтық көмек көрсетуден бас тарту көзделген.

Заңнан күтілетін нәтижелер қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласында Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасының құзыретті органдарының арасындағы ынтымақтастық үшін құқықтық негіз жасау болып табылады.

Шартты ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді, ал оны іске асыру қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Заң 2023 жылы 26 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Е. Больгерт.

Парламент депутаттары бастамашылық жасаған Заңның мақсаты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) қызметінің кейбір өзекті мәселелерін реттеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын жетілдіру, сондай-ақ азаматтарды дактилоскопиялық тіркеуге және «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркіне қатысушылардың жұмыс істеуіне байланысты мәселелерді регламенттеу болып табылады.

Заң мынадай негізгі ережелерді көздейді:

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ұғымын нақтылау;

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жұмыскерлерін мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға жатқызу;

- «мемлекеттік көрсетілетін қызметке қосымша сервис» ұғымын енгізу;

- өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша нәтижелерді беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бойынша Мемлекеттік корпорацияның кәсіпкерлік субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауына жағдайлар жасау үшін әріптестік ұйымдар институтын және келісімдерді, сондай-ақ әріптестік ұйымдарға қойылатын талаптарды енгізу;

- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органның әріптестік ұйымдарға қойылатын талаптарды, үлгілік әріптестік келісімді әзірлеу және бекіту, сондай-ақ әріптестік ұйымдарды іріктеу жөніндегі құзыретін бекіту;

- ЖСН ресімдеу кезінде шетелдіктердің міндетті болуы шартын бекіту;

- Қазақстан азаматтары үшін міндетті дактилоскопиялық тіркеуді алып тастау және басқалар.

Тұтастай алғанда, Заң халыққа қызмет көрсету жөніндегі жұмысты тиімді ұйымдастыру, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру бөлігінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметін жетілдіру арқылы халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 21 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Медебаев.

Заңның негізгі мақсаты Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында қол қойды және ол 2001 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланды.

Заңның негізгі міндеті өнертабыстарды құқықтық қорғау мерзімінің өтуіне байланысты Келісімнің қолданысын тоқтатуды заңды түрде ресімдеу болып табылады.

Мәселен, Келісім ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде бар құпия өнертабыстар туралы мәліметке қатысты құпиялылық режимін қамтамасыз ету, бұрынғы КСРО-да жасалған құпия өнертабыстарды құқықтық қорғауды және құпиясыздандыру тәртібін белгілеу мақсатында әзірленген.

Келісімнің бүкіл қолданылу уақытында ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде олар бойынша іс қағаздарын жүргізу КСРО-да аяқталмаған және қорғау құжатының қолданылу мерзімі өтпеген құпия өнертабыстарды қорғау құжаттарын беру туралы бірде бір ұсыным берілген жоқ. Сондай-ақ құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру жөнінде бірде бір жағдай тіркелмеген.

Мұндай жағдай КСРО кезеңінде болған кәсіпорындардың мемлекеттік меншік нысанымен байланысты. Мұндай әзірлемелер қызметтік өнертабыстар болды және мүліктік құқықтар мемлекет атынан жұмыс берушіге тиесілі болды.

Өнертабысты қорғау мерзімі – 20 жыл, қазіргі уақытта бұрынғы КСРО-да жасалған барлық өнертабыстар бойынша қорғау құжатының қолданылу мерзімі өтіп кеткен.

Осыған байланысты ТМД Сыртқы істер министрлері кеңесі

2018 жылғы 27 қыркүйекте ТМД шеңберінде жасалған көпжақты шарттардың қолданылу мерзімін тоқтату туралы шешім қабылдап, тиісті Хаттаманы ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге қол қоюға жіберді.

2020 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырдағы №312 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Хаттамаға қол қойды.

Бүгінгі таңда Хаттамаға Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Ресей Федерациясы үкіметтерінің басшылары қол қойды.

Қазіргі уақытта Хаттаманы Армения Республикасы, Қазақстан Республикасы және Молдова Республикасы әлі ратификациялаған жоқ.

Заң 2024 жылы 18 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Арғынбекова.

Заңның мақсаты Қазақстан мен Эстонияның құзыретті органдары арасында заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау, Тараптар мемлекеттерінің аумағына кіру, онда болу немесе тұру шарттарын орындамайтын немесе орындауды тоқтатқан адамдарды сәйкестендірудің және қайтаруды ұйымдастырудың тиімді рәсімдерін орнату, сондай-ақ осындай адамдардың транзитін жеңілдету саласындағы тиімді ынтымақтастық үшін құқықтық негіз құру болып табылады.

Заңның міндеті 2022 жылғы 15 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімде адамды реадмиссиялау мақсатында Сұрау салатын Тараптың (реадмиссия туралы немесе транзит туралы өтінішхат жолдайтын Тараптардың бірінің мемлекеті) құзыретті органы пошта арқылы немесе электрондық пошта немесе факс сияқты техникалық байланыс құралдарының көмегімен реадмиссия туралы өтінішхатты Сұрау салынатын Тараптың (реадмиссия туралы немесе транзит туралы өтінішхат жолданатын Тараптардың бірінің мемлекеті) құзыретті органына жібереді деп көзделген.

Бұл өтінішхат осындай азамат Сұрау салатын Тараптың аумағына кіру, онда болу немесе тұру шарттарын орындамайтыны немесе орындауды тоқтатқаны туралы факт анықталғаннан кейін кез келген уақытта жіберілуі мүмкін.

Келісімге сәйкес Сұрау салынатын Тарап реадмиссияға жататын адамның ерік білдіруіне қарамастан, қажет болған кезде осы адамды қайтару үшін қажетті, қолданылу мерзімі кемінде күнтізбелік 30 күнді құрайтын жол жүру құжатын береді. Жол жүру құжаты реадмиссия туралы өтінішхатқа оң жауап алынғаннан кейін күнтізбелік 3 күн ішінде тегін беріледі.

Осы Келісімді іске асыру бойынша құзыретті органдар ретінде Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі; Эстония тарапынан – Полиция және шекара күзеті департаменті болып айқындалды.

Келісімді ратификациялау уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының заңсыз көші-қонның алдын алу және уағдаласушы мемлекеттердің аумақтарында болу (тұру) үшін негіздері бар адамдардың құқықтық мәртебесін реттеу саласындағы өзара іс-қимылы үшін құқықтық шарттар жасауға мүмкіндік береді.

Реадмиссияланатын адамдардың көліктік және транзиттік шығыстарын реттейтін нормалар, келіспеушіліктерді реттеу тәртібі және Келісімді орындауға байланысты басқа да нормалар көзделген.

Заң 2024 жылы 8 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қадырбек.

Заңның мақсаты 1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін Тараптардың әрқайсысын тағайындалған орталық органдар, олардың функциялары және байланыс деректері туралы дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етуге қатысты 4-бапқа өзгеріс енгізу арқылы жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеті 1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Шарт Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы құқықтық қатынастар саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара түсіністік пен егемендікті құрметтеу негізінде құқықтық көмек көрсетуге бағытталған.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер Тараптардың әрқайсысының жеке және заңды тұлғаларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған, азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту болып табылады.

Заң 2024 жылы 14 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Қ. Тастекеев.

Заңның мақсаты екі мемлекет арасындағы достық қатынастарды одан әрі дамыту, олардың азаматтарының сапарларын реттеу, сондай-ақ бір мемлекет азаматтарының екінші мемлекеттің аумағында болуы үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін құқықтық негіз құру болып табылады.

Заңның міндеті 2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Хаттамада, егер Тараптар мемлекеттері (Қазақстан мен Өзбекстан) азаматтарының болу кезеңі Тарап мемлекетінің Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезден бастап күнтізбелік 30 күннен аспайтын болса, құзыретті

органдарда тіркеусіз олардың аумақтарында болуының оңайлатылған тәртібі көзделеді. Осылайша, екі мемлекет те өз азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуының өзара мерзімін уақытша тіркеусіз күнтізбелік 5 күннен 30 күнге дейін ұлғайтты.

Атап айтқанда, бір Тарап мемлекетінің азаматтары тұрақты тұрғылықты жеріне қарамастан, егер олардың болу кезеңі Тараптың Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезден бастап күнтізбелік 30 күннен, күнтізбелік 180 күн болатын әрбір кезең ішінде жиынтығында күнтізбелік 90 күннен аспайтын болса, тізбесі Хаттамаға №1 және №2 қосымшаларда белгіленген жеке басын куәландыратын және азаматтығын растайтын құжаттар негізінде уақытша тұруға (уақытша тіркеуге) рұқсат ресімдемей, екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіре алады, одан шыға алады, транзитпен өте алады, жүріп-тұра алады. Егер бір Тарап мемлекеті азаматының екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу мерзімі күнтізбелік 30 күннен асса, көрсетілген азамат болатын Тарап мемлекетінің құзыретті органдарында уақытша тұруға рұқсат алуға (уақытша тіркеуге тұруға) міндетті.

Заң 2024 жылы 28 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Асанова.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары бастамашылық жасаған Заң әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заң мынадай негізгі ережелерді көздейді:

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы уәкілетті органды айқындау;

- жұмыс берушінің қызметкер тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарда болған кезеңге жалақысы сақталмайтын демалыс беру міндетін белгілеу;

- көппәтерлі үй мүлкі меншік иелері бірлестігі төрағасының және жай серіктестіктің сенім білдірілген адамының кондоминиум объектісінде пәтер иелерінің тұруына қауіпсіз жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар кешенін қамтамасыз ету бойынша функцияларын кеңейту;

- жергілікті атқарушы органдарға отбасын қолдау орталықтарын және өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтайтын мобильді топтарды құру бойынша құзырет беру;

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі ұғымын енгізу және оның өкілеттіктерін бекіту;

- кәмелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасаған жағдайын қоспағанда, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар бойынша татуласу мүмкіндігін болдырмау;

- құрамдарды Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚК) көшіру арқылы ұрып-соғуды және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруді криминалдандыру;

- ҚР ҚК-де қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар институтын енгізу;

- ҚР ҚК-ге жаңа 121-1-бапты енгізу арқылы кәмелетке толмағандарға сексуалдық сипаттағы тиісу үшін жауапкершілікті енгізу;

- ҚР ҚК-ні жаңа 313-1-баппен толықтыру арқылы өзін-өзі өлтіруді насихаттау үшін жауапкершілік енгізу;

- мыналар:

- өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК қолданыстағы нормаларында үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, заңмен бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзім ұсынылады);

- денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (бас бостандығын шектеу түріндегі санкциялар алынып тасталады және үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қалдырылады);

- денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (бас бостандығын шектеу түріндегі санкциялар алынып тасталады және үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қалдырылады);

- азаптау (қазір: екі жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру, ұсынылып отырғаны: үш жылға дейін бас бостандығынан айыру);

- зорлау (қазір кәмелетке толмағандарға қатысты: 20 жыл немесе өмір бойы, тек өмір бойы ұсынылады);

- кәмелетке толмағандарды ұрлау және заңсыз бас бостандығынан айыру (біліктілік белгісімен толықтыру: «көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса») үшін жазаны күшейту көзделеді.

Тұтастай алғанда, Заң әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны нығайтуға, аталған санаттағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық шараларын күшейтуге, сондай-ақ болашақта осындай құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігін болдырмау үшін профилактикалық және реттеуші тетіктер кешенін белгілеуге бағытталған.

Заң 2024 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Асанова.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары бастамашылық жасаған Заң тиісті бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту арқылы әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заң мынадай негізгі ережелерді көздейді:

- кәмелетке толмаған адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты әкімшілік жауапкершілік шараларын енгізу;

- кәмелетке толмаған адамдардың психологиялық әл-ауқатын қорғау мақсатында оларға қатысты жәбірлеуге (буллинг пен кибербуллингті қоса алғанда) бағытталған іс-әрекеттер жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу;

- он алты жасқа толмаған, ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері ертіп жүрмеген адамдарды қоғамдық көлік құралдарынан мәжбүрлеп түсіруге байланысты іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті белгілеу, сол арқылы олардың физикалық қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру.

Жалпы алғанда, Заң әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-құқықтық базаны нығайтуға бағытталған.

Заң 2024 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Медебаев.

Парламент депутаттары бастамашылық жасаған Заң халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заңды Парламент Сенатында қарау барысында мыналарды көздейтін түзетулер енгізілді:

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 428-1-бабының екінші бөлігі бойынша адам өзінің қызметтік жағдайын (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің, тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторларының қызметкерлері) пайдалана отырып, қылмыс жасаған жағдайда екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру

түріндегі қылмыстық жауаптылық қатаңдатылып, жазаның баламалы түрлері алып тасталады;

- бейнебақылау жүйелерін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін қылмыстық жауаптылықтың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне бейнебақылау жүйесі ұғымын енгізу бөлігінде түзетулер енгізіледі;

- «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңына заңнама талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау туралы дербес тараудың енгізілуіне байланысты Заңның жекелеген нормалары ҚР Кәсіпкерлік кодексінің және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының нормаларына сәйкес келтірілген;

Заң баптары нормаларының ішкі келісілуін және құқықтық олқылықты болдырмауды қамтамасыз етуге байланысты бірқатар өзгерістер енгізілді.

2024 жылы 18 сәуірде Сенат отырысында заңның жекелеген баптары мақұлданбай Мәжіліске қайтарылды.

12. «1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

Заңның міндеті Мемлекет басшысының Қытай Халық Республикасына сапары барысында 2023 жылғы 17 мамырда Сиань қаласында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлері қол қойған хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Хаттамада сот органдарының Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік соттардың шешімдері мен өтінішхаттарын орындау саласында құқықтық көмек көрсету жөніндегі функцияларын нақтылау, сондай-ақ екі тараптың құзыретті мекемелерін өзектілендіру көзделеді.

Заңнан күтілетін нәтижелер Қазақстан мен Қытай азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарын қорғауға бағытталған азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту болып табылады.

Заң 2024 жылы 16 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

Парламент депутаттары бастамашылық жасаған Заң қылмыстық процесте азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған.

Заңның міндеттері экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылту және салықтық қылмыстар бойынша кәсіпкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту нормаларының шегін айқындаудың әділ тетігін енгізу болып табылады.

Заң мынадай негізгі ережелерді көздейді:

- Қылмыстық кодекстің бизнестің мүдделерін қозғайтын төрт бабын (ҚК-нің 219, 234, 236 және 241-баптары) қылмыстық сипаттан арылту;

- ірі мөлшерде құқық бұзушылықтар жасаудың саралану белгісін қылмыстық сипаттан арылту арқылы қылмыстық жауаптылықтың басталу шегі көтерілді;

- ҚК-нің 241-бабын қылмыстық сипаттан арылтуға және ҚК-нің 235-бабын алып тастауға байланысты Кедендік реттеу туралы кодекске өзгерістер енгізу;

- «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың мақсаттары мен міндеттерін, қағидаттарын, сондай-ақ уәкілетті органның міндеттері мен функцияларын, құқықтары мен міндеттерін белгілеу мақсатындағы түзетулер.

Тұтастай алғанда, Заң кәсіпкерлерді қылмыстық қудалау орбитасына негізсіз тартуға қарсы тұруға мүмкіндік береді және азаматтар мен бизнестің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

Парламент депутаттары бастамашылық жасаған Заңның мақсаты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің кейбір баптарын Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне ауыстыра отырып, экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылту болып табылады.

Заңның міндеттері кәсіпкерлерді қылмыстық қудалау орбитасына негізсіз тартуға қарсы тұру болып табылады.

Заңда ҚР ӘҚБтК-нің 11 бабына түзетулер көзделген.

ҚР ӘҚБтК-нің 44-бабына кедендік төлемдерді, салықтық және өзге де

міндетті баждарды төлемеуге, сондай-ақ тауарларды декларациялауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін пайызбен айыппұл салу мақсатында өзгерістер енгізу ұсынылады.

ҚР ҚК-нің 219 (Кредитті заңсыз алу немесе бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану) және 241-баптарын (ҚР бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу) алып тастауға байланысты ҚР ӘҚБтК-нің 233 және 238-баптарына түзетулер енгізіледі.

Бұдан басқа, ҚР ӘҚБтК-нің 545-бабы (тауарлар мен көлік құралдарын ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізген кезде тыйым салулар мен шектеулерді қолдану тәртібін сақтамау) шеңберінде тауарларды Қазақстан шекарасы арқылы өткізген кезде тыйым салулар мен шектеулерді сақтамағаны үшін әкімшілік жауаптылық қолданылады.

ҚР ӘҚБтК-нің 551-бабының санкциясында (тауарларды, қолма-қол ақша қаражатын, ақша құралдарын декларацияламау немесе анық емес кедендік декларациялау, кедендік құжаттарда мәліметтерді анық емес мәлімдеу) айыппұлдарды декларацияланбаған мүлік сомасының пайызы мөлшерінде өлшеу ұсынылады.

Заңдар мақұлданған кезде күтілетін нәтижелер:

- экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылтуға бағытталған азаматтар мен бизнестің мүдделерін қамтамасыз ету;
- кедендік және салықтық қылмыстар бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартудың әділ тетігін айқындау.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қадырбек.

Заң Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы» 2021 жылғы 9 маусымдағы №597 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заңның міндеттері:

- адам саудасына қарсы іс-қимылдың бірыңғай жүйесінің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;
- адам саудасының құрбандарына көмек көрсету, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- адам саудасына байланысты қылмыстардың алдын алу және жолын кесу;
- адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- адам саудасына қарсы іс-қимыл және өзінің халықаралық міндеттемелерін орындау жөніндегі халықаралық ынтымақтастықтың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін құру.

Заң адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында адам саудасына қарсы іс-қимылдың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін айқындауды, оның ішінде Ішкі істер министрлігі мен

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көрінісінде уәкілетті органдарды, сондай-ақ адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы басқа да субъектілерді, олардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуді, («адам саудасы», «адам саудасының құрбаны» және басқа) анықтамаларды халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруді көздейді.

Заңның ережелері қолданылатын адамдардың, оның ішінде осал жағдайда бола отырып, материалдық, психологиялық немесе өзге де тәуелділік салдарынан қанау объектісіне айналуы мүмкін адам саудасының ықтимал құрбандары деп танылған адамдардың шеңбері айқындалады.

Профилактика мақсатында адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қауіп-қатерлерді бағалау тетігі және алдын алудың мақсатты шаралары енгізіледі.

Сонымен қатар Заң адам саудасы құрбандарының құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды және тиісті мәртебе берілген кезде оларға көмек көрсетуді көздейді.

Бұл ретте адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендірілген адамға көмек көрсету оның көмек көрсетуге келісімімен ғана басталады.

Мәселен, адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендірілген адам құқықтары мен міндеттері, қорғалуы және оған көрсетілетін әлеуметтік көмек туралы ақпарат алуға, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқылы.

Адам саудасының құрбандарын қайта бағыттаудың енгізілетін тәртібі қажетті көмек көрсету үшін оларды уақтылы және дұрыс сәйкестендіру бойынша жұмысты ұйымдастыруға ықпал етеді.

Адам саудасы құрбандарына олардың дербес деректерінің құпиялылығын сақтау құқығы беріледі.

Заңда адам саудасының кәмелетке толмаған құрбандарының құқықтарын қорғау және олардың заңды мүдделері мен пікірлерін ескере отырып, оларға көмек көрсету жөніндегі шаралар жеке тарауда көзделеді.

Заңда ұсынылып отырған нормалар адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және оларды білім беру және тәрбиелеу мекемелерінде енгізу есебінен кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмысты күшейтуге бағытталады.

Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мақсатында орталық деңгейде де, сол сияқты өңірлік деңгейлерде де консультативтік-кеңесші органдардың жұмыс істеуі көзделеді.

Осы санаттағы адамдарға әлеуметтік көмек көрсету және оларды одан әрі интеграциялау кезінде адам құқықтарына және адам саудасы құрбандарының, әсіресе балалардың ең жоғары мүдделерін қамтамасыз етуге негізделген тәсілдер сақталады.

Бұдан басқа, шетелде адам саудасының құрбандары болған Қазақстан Республикасының азаматтарын, оның ішінде кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ еліміздің аумағында адам саудасының құрбандары болған шетелдіктерді отанына қайтаруға жәрдемдесу көзделеді.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

- адам саудасына қарсы іс-қимылдың бүкіл жүйесін реттеудің базалық негізін құру;

- адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінің (мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар, жұмыспен қамтудың жеке агенттіктері және туристік фирмалар) шеңбері мен рөлін, өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

- адам саудасының қауіп-қатерін бағалау арқылы латенттілікті төмендету, сондай-ақ адам саудасының ықтимал құрбандарын полицияның ғана емес, басқа да мемлекеттік органдардың анықтауы арқылы құрбандарды қайта бағыттау тәртібін айқындау;

- адам саудасы құрбандарының өз құқықтарын және мемлекет тарапынан қабылданып жатқан қорғау шараларын түсінуі, істі сотқа дейін жеткізе отырып, оларды полицияға жүгінуге ынталандыру болып табылады.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бүлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қадырбек.

Заңның мақсаты қолданыстағы заңнаманы Мемлекет басшысының адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы шараларды күшейту туралы тапсырмасы бойынша әзірленген «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» Заңның нормаларына сәйкес келтіру болып табылады.

Заңның міндеті адам саудасының, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу және жолын кесу бойынша ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңмен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне және «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне адам саудасына байланысты қылмыстарды саралау белгілері мен олардың жаңа құрамдары енгізіледі.

Вандализм, бұзақылық және мүлікті қасақана бүлдіргені үшін жаза түрлері де қатаңдатылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне енгізілетін түзетулерде Қазақстан Республикасының адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес жәбірленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер алуға жаңа құқық беру көзделеді.

Өз кезегінде «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына адам саудасына байланысты қылмыстардың тізбесін кеңейту бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Заңды іске асырудан күтілетін нәтижелер.

Енгізілетін түзетулер адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды күшейтуге, осы саладағы қылмыстар үшін, сондай-ақ вандализм көріністері және бөтеннің мүлкін бүлдіргені үшін жаза түрлерін қатаңдатуға бағытталған.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

17. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бүлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат М. Қадырбек.

Заңның мақсаты әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы Мемлекет басшысының адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы шараларды күшейту туралы тапсырмасы бойынша әзірленген «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» Заңның нормаларына сәйкес келтіру болып табылады.

Заңның міндеті кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу және жолын кесу бойынша ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңда медициналық ұйымдардың және баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдарының жаңа туған баланы тастап кету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың келіп түсу және жеткізілу фактілері туралы хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге бағытталған түзетулер енгізіледі.

Мыналар:

- біреудің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін 50 АЕК мөлшерінде;

- ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тұрғын үй-жайларды, ортақ пайдаланылатын орындарды, көліктегі және өзге де қоғамдық орындардағы мүлікті қорлауға байланысты құқық бұзушылықтар жасағаны үшін 50 АЕК мөлшерінде;

- ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, сквелерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастағаны үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл ұлғайтылады.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті, халықтың құқықтарын, әл-ауқатын, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды жасаудың алдын алу болып табылады.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

18. «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы // Қазақстан

Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңы Парламент депутаттарының бастамасымен Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыруға бағытталған.

Конституциялық заң сот жүйесіне мықты заңгерлерді тарту үшін тиісті ынталандыру және жағдайлар жасауға, сондай-ақ заңды өрескел бұзып сот актісін шығарған кезде күшін жойған әрбір сот актісін Сот жюриінің тексеруі тетігін енгізу және «сот төрелігін жүзеге асыру сапасы» өлшемшарты бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын қайта қарауға бағытталған түзетулерді көздейді.

Заңды жүргізген депутат А. Толамисов.

7.1.2. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заң 2022 жылғы 10 мамырда Анкарада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімді ратификациялауды көздейді.

Келісім Қазақстан мен Түркия арасында өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары бойынша мәліметтермен электрондық алмасу арқылы кедендік бақылаудың тиімділігін арттыруға және кедендік бақылау жүргізу мерзімдерін қысқартуға бағытталған. Атап айтқанда, Келісім ақпарат алмасуды қолдану және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларына Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мыналарды:

- өткізу пункттерінде шекарадан өтудің басым тәртібін;
- кедендік бақылау уақытын қысқарту мақсатында кедендік формальдылықтарды оңайлатуды;
- кеден ісі саласында құқық бұзушылықтардың және контрабанданың белгілері болған жағдайларды қоспағанда, өткізу пункттерінде кедендік жете тексеруден босатуды ұсынады.

Келісімді ратификациялау кедендік рәсімдерді оңайлатуға және оңтайландыруға, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді, бұл өз кезегінде тауар тасымалдаушылардың жағдайын жақсартады

Заң 2023 жылы 7 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Өзбекстан кедендік шекарасы арқылы құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша энергия ресурстарын өткізу кезіндегі бірлескен кедендік бақылау туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нұғманов.

Заңның мақсаты – Өзбекстан кедендік шекарасы арқылы құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін энергия ресурстарын кедендік бақылаудың тиімділігін арттыру.

Заңның міндеттері – тараптар балансында энергия ресурстарын есепке алу тораптары тұрған ведомстволардың өкілдерімен бірлесіп, есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді алу бойынша ай сайынғы іс-шараларды кеден органдарының жүргізуі болып табылады.

Келісімді ратификациялау Қақастан-Өзбекстан кедендік шекарасы арқылы құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін энергия ресурстарына қатысты кедендік-тарифтік реттеу шараларын сақтауды қамтамасыз етуге, кедендік декларациялау кезінде мәлімделген ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге және кедендік бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 28 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбасаров.

Заңның мақсаты Мемлекет басшысының 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске қосу қажеттілігі туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнайы жинақтау шоттарына тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім алуға кейіннен пайдалану мүмкіндігімен, мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аударуды болжайтын тапсырмасын іске асыру болып табылады.

Заңның міндеті Қазақстан Республикасы азаматтарының жас буынын кәмелетке толған кезде (он сегіз жаста) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе 18 жасқа толғаннан кейін жинақтар есебінен білім алуға мүмкіндік беру арқылы қолдау болып табылады.

Қаражатты пайдалану мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МБЖЖ) саласындағы және тұрғын үй құрылыс жинақтары саласындағы заңнаманың немесе тұрғын үй сатып алу (үлестік құрылысқа қатысу) туралы шарттың талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларға 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы жинақтау шоттарына жыл сайын 18 жасқа толғанға дейін нысаналы жинақтар есептелетін болады.

2024 жылғы 1 қаңтарға дейін туған Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларға есептелетін жыл сайынғы нысаналы жинақтардың саны олар он сегіз жасқа толғанға дейін қалған жылдар санына тең.

Заң 2023 жылы 12 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Өтешов.

Заңның мақсаты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде аудиторлық қызметті жүзеге асыруға және реттуге қолданылатын бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге, сондай-ақ отандық аудиторлық компаниялардың бәсекеге қабілеттігін арттыруға бағытталған.

Заңның міндеттері бір мүше мемлекеттің аудиторлық ұйымдарын, жеке аудиторлары мен аудиторларын басқа мүше мемлекеттерде аудиторлық қызметті жүзеге асыруға жіберуді қамтамасыз етуге байланысты қатынастарды реттейді және басқа мүше мемлекеттерде аудиторлық қызметті жүзеге асыруғабірыңғай талаптарды айқындайды.

Келісімді ратификациялау бірыңғай нарықтың барлық қатысушылары үшін бірыңғай құқықтық негіздер белгілеуге, аудит және білітілік куәліктерінің нәтижелерін тануға, Қазақстаннан тыс жерлерде алып қоюсыз және шектеусіз қызметті жүзеге асруға, аудиттелетін субьектілердің санын ұлғайту арқылы табыс көлемін ұлғайтуға, бәсекелстік арқылы аудиторлық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 9 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024-2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Мәкежанов.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшерін 2024 жылға – 2 000 млрд теңге, 2025 жылға – 2 000 млрд теңге, 2026 жылға – 2 000 млрд теңге көлемінде бекіту.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер бойынша мұнайға кесімді баға мөлшерін 2024 жылға – бір баррель үшін 43,4 АҚШ доллары, 2025 жылға – бір баррель үшін 40,2 АҚШ доллары, 2026 жылға – бір баррель үшін 41,8 АҚШ доллары көлемінде бекіту.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мемлекеттік міндеттемелерді орындау бойынша шығыстарды қамтамасыз ету үшін республикалық бюджетке жіберілетін болады.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге және Ұлттық қордың тұрақтандыру функциясын іске асыруға мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 23 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

6. «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заң Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес 2024-2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының, бюджеттік параметрлері болжамының және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары негізінде әзірленді.

Заңның міндеттері:

1) азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ету;

2) алдағы кезеңде экономиканың тұрақты өсімі;

3) ағымдағы жағдайға бейімделген экономикалық модель қалыптастыру.

Сенат комитеттері мен депутаттарының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып Заңды талқылау барысында Мәжіліс қабылдаған Заңға мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады:

- «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын іске асыруға жалпы сомасы 18,1 млрд теңге, оның ішінде 2024 жылға – 13,6 млрд теңге;

- сумен жабдықтауға және су бұруға жалпы сомасы 19,8 млрд теңге, оның ішінде 2024 жылға – 14 млрд теңге, бұл қалаларда сумен жабдықтау қызметтеріне халықтың қолжетімділігін 99,5%-ға дейін, ауылдарда 97,8%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді;

- газ тасымалдау жүйесін дамытуға жалпы сомасы 5,1 млрд теңге, оның ішінде 2024 жылға – 3,3 млрд теңге сомасында, бұл газдандыру деңгейін 61%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді;

- жылу-, электр энергетикасын дамытуға жалпы сомасы 3 млрд теңге, оның ішінде 2024 жылға – 1,7 млрд теңге;

- инженерлік инфрақұрылымды дамытуға жалпы сомасы 7 млрд теңге, оның ішінде 2024 жылға – 2 млрд теңге;

- көлік инфрақұрылымын дамытуға жалпы сомасы 13,3 млрд теңге, оның ішінде 2024 жылға – 8,5 млрд теңге.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі 43%, жергілікті маңызы бар жолдар – 89% құрауы тиіс.

Сондай-ақ Ұлттық жоба шеңберінде денсаулық сақтау объектілерін салуға 11,4 млрд теңге сомасында шығыстар, еңбек жағдайлары зиянды жұмысқа тартылған жұмыскерлерге 55 жастан бастап зейнеткерлік жасқа жеткенге дейінгі әлеуметтік төлемдерге 25,9 млрд теңге, сондай-ақ ең төмен жалақыны арттыруға байланысты ең төмен жалақыны 85 мың теңгеге дейін арттыруға 4,9 млрд теңге сомасында шығыстар көзделді.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдар арасында қаражат қайта бөлінді, сондай-ақ депутаттардың басқа да ұсыныстары қолдау тапты.

2024 жылы 119,5 млрд теңге сомасына шығыстарды ұлғайту бойынша ұсыныстар қолдау тапты.

Шығыстарды ұлғайтуды қаржыландыру Президент пен Үкімет резервтерінің есебінен жүзеге асырылатын болады.

2023 жылы 23 қарашада Сенат отырысында Заңның жекелеген баптары мақұлданбай және Заңның көрсетілген баптарының жаңа редакциясын ұсынып отырып Мәжіліске қайтарылды.

7. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заң Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мақсатында, сондай-ақ салық салудың өзекті мәселелерін шешу үшін әзірленді.

Заң салық салынатын базаны кеңейтуге бағытталған.

Салық саясатын жетілдіру, қолайлы кәсіпкерлік ортаны құру, стратегиялық мақсаттарды іске асыру және елдің одан әрі орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдай жасау.

Заңды талқылау барысында Бас комитеттің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс қабылдаған заңға мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

1. Резидент және резидент емес заңды тұлғалар мен резидент емес жеке тұлғалар үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі сыйақыға байланысты және құн өсімінен түсетін кірістерге қатысты салық салынатын кірісті азайту бөлігінде КТС бойынша қолданыстағы жеңілдіктердің күшін жою жөніндегі нормаларды 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізу мерзімін белгілеу ұсынылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша екінші деңгейдегі банктер алған кірістерге қатысты салық салынатын кірістің азаюын болдырмау жөніндегі нормаларды 2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізу ұсынылады.

3. Салық кодексінің 3-бабы 2-тармағының тоқтатыла тұрған уақытша нормасының қолданылу мерзімін 2023 жылғы 1 желтоқсаннан 2024 жылғы 1 наурызға өзгерту ұсынылады.

2023 жылы 29 қарашада Сенат отырысында Заңның жекелеген баптары мақұлданбай және Заңның көрсетілген баптарының жаңа редакциясын ұсынып отырып Мәжіліске қайтарылды.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заң оған сәйкес мемлекеттік бажды төлеу мәселелерін құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған тиісті заң жобасын енгізу қажет болатын «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 610-бабының 1-тармағы 1) тармақшасының және 2-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Конституциялық Соттың 2023 жылғы 22 ақпандағы №3 нормативтік қаулысын және Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 25-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заңмен Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне және «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Заңнамалық түзетулер:

- сотқа жүгінген кезде мемлекеттік бажды кейінге қалдыру институтын енгізуге;

- жобаның құнына қарай АЭА қатысушыларын санатқа жатқызуды енгізуге бағытталған:

А санаты – 3 000 000 АЕК-ге дейін;

В санаты – 3 000 000-нан 14 500 000 АЕК-ге дейін;

С санаты – 14 500 000 АЕК-ден бастап.

Заң мынадай қолайлы құқықтық және экономикалық әсерлерге, атап айтқанда:

1) әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға конституциялық құқығын толық көлемде іске асыруға;

2) АЭА аумағына жоғары технологиялық, капиталды қажетсінетін және инновациялық өндірістерді тартуды ынталандыруға;

3) өндіріс рентабельділікке шыққанға және жобаның өзін-өзі ақтауына шыққанға дейін жеңілдіктерді қолданумен ғана шектеліп, салықтық жеңілдіктердің артық қолданылуын болдырмауға;

4) АЭА қатысушыларының салықтық аударымдарды төлеуі есебінен республикалық және жергілікті бюджеттерді толықтыруға алып келеді.

Заң 2023 жылы 29 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

9. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Өтешов.

Хаттама құқық қолдану практикасы барысында анықталған құқықтық реттеудегі олқылықтарды жою арқылы еуразиялық интеграцияны одан әрі дамытуға бағытталған бірыңғай және келісілген экономикалық саясат жүргізу, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) пайдаланылатын терминологияның біркелкілігін қамтамасыз ету, Еуразиялық экономикалық комиссияға оның қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар өкілеттіктер беру мақсатында әзірленді.

Хаттамамен ЕАЭО туралы шартқа ЕАЭО кедендік шекарасындағы мемлекеттік бақылау, арнайы демпингке қарсы қорғау және өтемақы шараларын қолдану, техникалық реттеу, бәсекелестік, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі, еңбек көші-қоны, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар, көлік және салық салу мәселелеріне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Хаттаманы ратификациялау Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) толық форматты интеграциялық бірлестік ретінде жан-жақты дамуы мен нығаюын қамтамасыз етуге, ЕАЭО-ның қолданыстағы құқығындағы олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді.

Заң 2024 жылы 11 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Мәкежанов.

Заңда өткізу пункттерін жайластыру және материалдық-техникалық жарақтандыру жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімдерін ұзарту бөлігінде Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі хаттаманы ратификациялау көзделеді.

Заңда Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерін (тауарлар мен көлік құралдарын өткізу орындарын) жайластыруды және материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін орындау мерзімін 108 айға дейін ұзарту ұсынылады.

Хаттаманы ратификациялау Еуразиялық экономикалық одақтың толық форматты интеграциялық бірлестік ретінде жан-жақты дамуы мен нығаюын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және біздің еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді.

Заң 2024 жылы 1 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Салықтық есепке алуға оңайлатылған қоюдың және электрондық қызметтер көрсетуге қосылған құн салығын төлеудің ұлттық тетігін енгізу.

Заңның міндеттері:

- Еуразиялық экономикалық одақ ішінде де, үшінші елдермен де ҚҚС төлеудің ашық және айқын тетігі бар салық салудың тең жағдайларын жасау;

- салықтық әкімшілендіруді жеңілдету;

- электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру саласында бизнесті жүргізуді жеңілдету болып табылады.

Заң мыналарды көздейді:

- электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер тізбесін қалыптастыру (барлығы 14 көрсетілетін қызмет);

- электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде қызметті жүргізу орнының тәртібі мен шарттарын айқындау;

- электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде ҚҚС төлеу тәртібін айқындау.

Хаттаманы ратификациялау ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер бюджеттерінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, экономикалық конъюнктураны жақсартуға, электрондық нысанда қызметтер көрсететін кәсіпорындардың табыстылығын арттыруға және түпкілікті нәтижесінде – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ басқа елдермен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылы 8 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заң Мемлекет басшысының трансферттік баға белгілеуге бақылауды күшейту жөніндегі тапсырмасын (2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 37-тармағы) іске асыру мақсатында әзірленді және халықаралық іскерлік операциялардағы және халықаралық іскерлік операцияларға байланысты мәмілелердегі мемлекеттік кірісті жоғалтудың алдын алуға бағытталған.

Заңның міндеті:

1. Нарықтық бағаны айқындау әдістерін қолдануды жетілдіру.

2. Нарықтық ауқымды айқындау тетігін енгізу.

3. Капиталды шығаруға бақылауды күшейту мақсатында өзара байланысты тараптар анықтамасын кеңейту.

4. Тауар биржаларында жасалған мәмілелерге трансферттік баға белгілеу бойынша бақылауды қайтару.

5. Есептілікке қойылатын талаптарды жетілдіру (өзгерту).

Заңның күшіне енуі келесі нәтижелерге алып келеді:

1) тауар биржаларында жасалған мәмілелер бойынша экспорттық бағалардың төмендеуін болдырмайды, бұл салық салынатын кірістің артуына алып келеді;

2) интерквартильді ауқымды және баға ауқымының медианалық мәнін қолдану арқылы экспорттық бағаны төмендетуді болдырмайды, бұл салық салынатын кірісті арттыруға мүмкіндік береді;

3) халықаралық мәмілелерге мониторинг жүргізуді жақсартады.

Заң 2024 жылы 7 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Карплюк.

Заң Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын және «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 наурыздағы №140 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Заңды талқылау барысында Бас комитеттің, басқа комитеттер мен Сенат Аппараты бөлімдерінің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс қабылдаған Заңға мынадай бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады:

- Ұлттық Банктің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландыруға ауыстыра отырып, Агенттіктің қызметін республикалық бюджет шығыстарының құрамынан қаржыландыруды алып тастау, Агенттіктің Ұлттық Банктің қағидалары бойынша сатып алу және бухгалтерлік есеп жүйесіне көшуі. Осы түзетулердің қабылдануына байланысты Заңның тақырыбын сәйкестендіру ұсынылады;

- «электрондық банктік қарыз» ұғымы қолданыстағы заңнаманың тиісті нормаларында көзделгендіктен, жаңа ұғымды енгізу алып тасталады;

- запасқа жаңадан босатылған әскери қызметшіге жұмысқа орналасу және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін уақыт беру мақсатында Заңмен ұсынылатын мерзімді әскери қызметті өткеру кезеңіне қарызды өтеу бойынша мерзімін кейінге қалдыруды 60 күнге ұзарту. Бұдан басқа, осы түзетуге байланысты ипотекалық шарттар, жылжымалы және жылжымайтын мүлік кепілі шарттары бойынша қосымша келісімдер жасасу бойынша жекелеген талаптарды қолданбау ұсынылады;

- заңды тұлғаларды биометриялық сәйкестендіруді жүргізу мүмкін еместігіне байланысты жеке тұлғаларға ғана биометриялық сәйкестендірусіз электрондық банктік қарыз беруге тыйым салуды қолдану;

- банк және микроқаржы омбудсманын сайлау кезінде қосымша талаптар белгілеу;

- мемлекет қатысатын кредиттік бюролардың қызметін регламенттейтін нормаларды нақтылау, сондай-ақ коллекторлар кредиттік бюроға ұсынатын қосымша мәліметтерді көздеу;

- ломбардтармен шарт жасасу кезінде олардың қызметінің ерекшелігіне байланысты кредиттер алудан ерікті түрде бас тартуға байланысты нормаларды сәйкес келтіру;

- Қазақстан экономикасына инвестициялауға қосымша мүмкіндік беру мақсатында синдикатталған қаржыландыруға қатысуға рұқсат етілген тұлғалар тізбесінің синдикатталған кредит беруге қатысушылар құрамын резидент емес банктер филиалдарымен және «Астана» халықаралық қаржы орталығының банктерімен толықтыру. Сонымен қатар синдикатталған қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша талаптар нақтыланады;

- Заңның кейбір ережелерін қолданыстағы заңнаманың ережелерімен сәйкес келтіру;

- осы Заңды қолданысқа енгізуді көздейтін Заңның 2-бабын пысықтау.

2024 жылы 23 мамырда заңның жекелеген баптары мақұлданбай Мәжіліске қайтарылды.

14. «Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Мәкежанов.

Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялаудың негізгі мақсаттары Келісім тараптарының сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейту, көрсетілетін қызметтерді қазақстандық экспорттаушылар үшін серіктес нарыққа қолжетімділік беру, қазақстандық капиталдың қатысуымен кәсіпорындар құру үшін мүмкіндікті қалыптастыру және өзара инвестицияларды тарту мен қорғау үшін қосымша жағдайлар жасау болып табылады.

Еркін сауда аймағының орнықты дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Келісім тараптары экономикасының одан әрі өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасау Келісімнің негізгі міндеттері болып табылады.

Келісімде қызметтер саудасы, инвестицияларды көтермелеу мен қорғау, жеке тұлғалардың орын ауыстыру, транспаренттілік, дауларды шешу, сондай-ақ институционалдық және жалпы ережелер мәселелеріне қатысты ережелер көзделген, атап айтқанда:

- әрбір Тарап екінші Тараптың қызметтері мен қызмет көрсетушілеріне осы Келісімнің тарабы болып табылмайтын кез келген Тараптың ұқсас қызметтері мен қызмет көрсетушілеріне ұсынатынынан кем болмайтын қолайлы режимді дереу және сөзсіз ұсынады;

- әрбір Тарап екінші Тарап инвесторларының инвестицияларына әділ және тең құқықты режимді, халықаралық құқыққа сәйкес толық қорғау мен қауіпсіздікті ұсынады;

- тараптар бір-бірін жеке тұлғалардың кіруіне және уақытша болуына қойылатын талаптарға қатысты өзекті түсіндірме материалдармен қамтамасыз етеді;

- Тараптар Келісімнің қолданылу аясына кіретін кез келген мәселелер бойынша жалпы қолдану шараларының сақталуын, басқа Тарапқа және мүдделі тұлғаларға олармен танысуға мүмкіндік беру үшін осы шараларды дереу жариялауды немесе еркін қолжетімділікте орналастыруды қамтамасыз етеді;

- өзара қолайлы шешімге қол жеткізу үшін Тараптар кез келген даулардың туындауын болдырмайды және оларды Келісімде айқындалған тәртіппен шешуге ықпал етеді.

Келісімді ратификациялау сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, отандық қызметтердің Сингапур Республикасының нарығына экспортын арттыруға, Қазақстанға инвестициялар көлемін ұлғайтуға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заңды Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары әзірледі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Заңның міндеттері:

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шеңберінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Орман кодексіне, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына түзетулер негізіледі.

Сонымен қатар:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемді республикалық, облыстық бюджетке және республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне түсетін түсімдерден алып тастау;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды

пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту құзыретін алып тастау;

3) қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар мемлекеттік органдардың құзыретін олардың қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлеу, табиғат қорғау мекемелері ұсынатын қызметтер үшін тарифтердің мөлшерін бекіту, сақтауды, қорғауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми зерттеулер бөлігінде айқындау және басқалар ұсынылады.

2. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі, коммуналдық меншіктегі және су (дистиллят), электр және жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметті бір мезгілде жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдардың залалдарын (борыштарын) субсидиялауды жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін отын сатып алуға энергия өндіруші ұйымдарға субсидия беру қағидаларында айқындалған тәртіппен 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдардың құзыретін белгілеу бойынша толықтырулар енгізілді.

Күтілетін нәтижелер:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құқықтық реттеудегі олқылықтарды жою;

2) өз кезегінде биоәртүрлілік пен экожүйелерді сақтау үшін маңызды табиғи аймақтарда зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу мүмкіндігін кеңейту;

3) жергілікті атқарушы органдардың энергия өндіруші ұйымдарды қолдау тетігін енгізуі.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заңды Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары әзірлеген және ол ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ тұрмыстық техниканың отандық өндірісін қолдауға бағытталған.

Заңның міндеттері:

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) бюджетке түсетін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және төлеу тәртібін регламенттейтін нормаларын алып тастау.

2. Тұрмыстық аспаптарды және (немесе) тұрмыстық электротехника аспаптарын, сондай-ақ олардың құрамдастарын өткізетін өзге де адамдарды (дистрибьюторларды) қосылған құн салығын төлеуден босату бөлігінде Салық кодексінің 394-бабы 48) және 53) тармақшаларының редакциясын нақтылау.

Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес осы тауарларды өндірушілерге және олардың уәкілетті өкілдеріне осындай жеңілдік беріледі.

3. «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «электрондық лотерея билеті» ұғымының енгізілуіне байланысты Салық кодексінің 381-бабының редакциясын нақтылау.

Күтілетін нәтижелер:

1) тұрмыстық техниканың ірі әлемдік брендтерін Қазақстан Республикасындағы өндіріске тарту мүмкіндігі және Қазақстанда өндірілген тұрмыстық техниканың құнын төмендету;

2) лотерея операторының лотерея билеттерін өткізуі кезінде салықтық әкімшілендіруді жетілдіру.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

7.1.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

1. «2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ғ. Сарыбаев.

Хаттаманың мақсаты ҰҚШҰ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарында Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті сақтау жөніндегі операцияларында Ұйымның бітімгершілік күштерін қолдану тәртібін айқындау болып табылады.

Хаттаманың міндеті «үйлестіруші мемлекет» деген ұғымды енгізу болып табылады және үйлестіруші мемлекеттің қолдауымен БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциясында қолдану үшін Ұйымның Ұжымдық бітімгершілік күштері құрылады деп көзделеді. Үйлестіруші мемлекет – Ұжымдық бітімгершілік күштердің қолданылуын жан-жақты қамтамасыз ету үшін, атап айтқанда, логистикалық, қаржылық және көлік мәселелерін шешу үшін Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі айқындайтын мемлекеттердің бірі.

Хаттаманы ратификациялаудан күтілетін нәтиже Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметінің құқықтық негіздерін жетілдіру, ұйымдастырушылық мәселелерді және БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциясында Ұжымдық бітімгершілік күштердің қолданылуын жан-жақты қамтамасыз ету мәселелерін шешу, сондай-ақ Ұйым шеңберіндегі ынтымақтастықты нығайту болады.

Заң 2023 жылы 14 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Ершов.

Келісімнің мақсаты құзыретті органдардың ынтымақтасу тетігін айқындау, жіберуші және қабылдаушы Тараптар юрисдикциясының ара-жігін ажырату, ұжымдық қауіпсіздік жүйесі күштері мен құралымдарының құрамына кіретін адамдарға қатысты қылмыстарды тергеу тәртібін айқындау болып табылады.

Келісімнің міндеті қылмыстарды жылдам және жан-жақты тергеп-тексеру, сондай-ақ қылмыс іздерін процестік бекіту мәселелері бойынша бірлескен жедел-тергеу топтарын құру, осы қылмыстарды жасаған адамдарды анықтау, ұстап алу, күзетпен қамауға алу және беру болып табылады.

Бұдан басқа Келісімде Тараптардың процестік әрекеттерді және дәлелдемелердің бірдей заң күшін өзара тануына қатысты ереже бекітілген.

Қылмысты жылдам және жан-жақты тергеп-тексеру өңірде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтап тұруға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Тұтастай алғанда, Келісім Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттермен көпжақты ынтымақтастықты жақсартуға ықпал ететін болады.

Заң 2023 жылы 14 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Асанова.

Келісімнің мақсаты ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық күштерін) қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы бір типтегі және (немесе) үйлесімді үлгілерімен, сондай-ақ материалдық құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған келісілген әскери-техникалық саясат болып табылады.

Келісімнің міндеті ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен, материалдық құралдармен қамтамасыз ету болып табылады, оны Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар өз қаражаты есебінен дербес жүзеге асырады.

ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық күштерін) өрістету және қолдану кезінде материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді Тараптар дербес жүзеге асырады. ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық күштерін) жіберуші Тараптың материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету қиын болған жағдайда, ол қабылдаушы немесе басқа Тарап ресурстары есебінен олардың арасындағы уағдаластықтар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру кезінде Тараптардың өзара іс-қимылы мәселелерін реттеу болады.

Заң 2023 жылы 14 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, мемлекеттік авиация, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Г. Шиповских.

Заң Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалар, мемлекеттік авиация, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері жөніндегі заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Заңда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы», «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы», «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер көзделеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға Қазақстан Республикасының әдебиетін дамытуға ерекше үлес қосқан, бұрын «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» («Заслуженный деятель Казахстана») құрметті атағына ие болған адамдарға және (немесе) әдебиет саласындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттарына «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағын беру бөлігінде толықтырулар енгізіледі.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңға түзетулермен мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік авиацияда ұшу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі, мемлекеттік авиациядағы ұшуларды объективті түрде бақылауды ұйымдастыру жөніндегі және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының авиация персоналының сыныптық біліктілігін беру (растау және төмендету) туралы нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту құзыреті бекітіледі.

«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Заңға мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:

- қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды кәдеге жарату объектілерінің өндірістік қызметін ұйымдастыру жөніндегі, осы жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті және оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды кәдеге жарату объектілерін күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту бөлігіндегі құзыреті белгіленеді. Бұл оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сақтау, кәдеге жарату объектілерінде күзет және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесін тиісті ұйымдастыруды айқындауға мүмкіндік береді;

- қару жарақ пен әскери техниканы жедел қалпына келтіру мақсатында оларға қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыштарды сатып алу рәсімін оңайлату және оларды мемлекеттік сатып алу рәсімі арқылы сатып алу ұсынылады;

- «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Заңның ұғымдық аппараты «мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы», «мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар» және «мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі тәжірибелік үлгі» сияқты жаңа терминдермен толықтырылады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында «техникалық аудит» ұғымының болмауына байланысты әскери мақсаттағы тауарларды отандық өндірушілер мен әскери мақсаттағы жұмыстар мен көрсетілетін

қызметтерді отандық берушілер тізіліміне енгізу үшін өтінім беретін заңды тұлғалардың оны ұсынуы туралы талапты алып тастау ұсынылады;

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін, әсіресе технологиялық өндіріс циклі ұзақ қару-жарақтың немесе әскери техниканың тәжірибелік үлгісін әзірлеу және жасау кезінде үш жылдық мерзімнің жеткіліксіз екенін ескере отырып, ғылыми зерттеулерге арналған тактикалық-техникалық тапсырманы негізге ала отырып, ғылыми зерттеулер жүргізу мерзімін айқындау туралы түзету енгізіледі.

Заң 2023 жылы 28 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Жексенбай.

Заң ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, сондай-ақ цифрлық майнинг жөніндегі қызметті реттеу мақсатында әзірленді.

Заң Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, Кәсіпкерлік, Еңбек және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының он заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді. Мәселен, түзетулермен мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерімен интеграциялану болмаған, технологиялық құралдарды пайдаланып субъектіні сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қағаз жеткізгіште жинауға, өңдеуге тыйым салу белгіленеді.

Сондай-ақ, елдің ұлттық мүдделерін қорғау және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көшіп келушілерді жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндеттеу ұсынылады.

Дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органға (Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі) дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылаудың қосымша функциясы беріледі.

Ақпараттық қауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасын құру және оның бастапқы кодтары мен олардан құрастырылған ақпараттандыру объектілерінің орындалатын кодтарының сақталатын орны ретінде «электрондық үкіметтің» бірыңғай репозиторийін айқындау арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жаңа тетіктер енгізіледі.

Цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру, оның қолданысын тоқтата тұру және қайта бастау рәсімі белгіленеді.

Заң 2023 жылы 28 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ғ. Сарыбаев.

Заң ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жекелеген күштер қызметінің тиімділігін арттыруға, отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамытуға, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы кейбір заңдардың нормаларын өзектендіруге және құқықтық олқылықтарды жоюға бағытталған.

Заңды талқылау барысында Мәжіліс қабылдаған Заңға мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады:

- адам құқығы мен бостандығын шектеуге қатысты нормаларды Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулысына сәйкес келтіру;

- алдын ала тергеу үлгісінде аяқталған өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары арасында өкілеттіктердің аражігін ажырата отырып және олардың жауапкершілік аймақтарын айқындай отырып, үш буынды модельді ендіруді көздейтін нормаларды қолданысқа енгізу мерзімін ауыстыру;

- мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтерді беру тәртібін айқындау жөніндегі құзыретті белгілейтін қайталанатын нормаларды алып тастау;

- Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты ерікті дактилоскопиялық тіркеуді енгізу бөлігінде нормаларды нақтылау;

- Заңның кейбір ережелерін қолданыстағы заңнаманың ережелеріне сәйкес келтіру.

2023 жылы 14 желтоқсанда Сенат отырысында Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы ұсынылып отырып Мәжіліске қайтарылды.

7. «2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Д. Қыдырәлі.

Заңның міндеті 2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау (бұдан әрі – Хаттама) болып табылады.

Хаттамаға 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысында (бұдан әрі – Жарғы) енгізілетін өзгерістерді заңдық ресімдеу мақсатында 2022 жылғы 26 тамызда қол қойылды.

Хаттама Жарғының 8 және 17-баптарына толықтыруларды көздейді.

Атап айтқанда, Жарғының 8-бабына Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының (бұдан әрі – Ұйым) мүше мемлекеттеріне биологиялық

қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылды кеңейтуге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді.

Бұдан басқа, Ұйымның ұжымдық қауіпсіздік Кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Шешімін орындау үшін Жарғының 17-бабына Ұйымның сыртқы істер министрлері Кеңесінің ұсынымына сәйкес Ұйымның ұжымдық қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша Ұйымның Бас хатшысының өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуға мүмкіндік беретін толықтыру енгізіледі.

Заңның қабылдануы Ұйымға мүше мемлекеттердің өзара іс-қимыл аясын кеңейтуге және Ұйым хатшылығының кадр мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 28 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімге 2022 жылғы 12 қазанда Астана қаласында қол қойылды.

Келісімнің мақсаты инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы тараптардың экономикалық ынтымақтастығын жандандыру болып табылады.

Заң өтемақы төлеуді қамтамасыз ету арқылы мәжбүрлеп иеліктен шығарудан қорғауды, халықаралық төрелікке қол жеткізуді, сондай-ақ шетелдік инвестицияларға елдердің әділ және тең қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, тараптардың өзара іс-қимыл жасау, төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру тәртібі регламенттеледі, оның ішінде оларға шектеулер, тарап пен екінші тараптың инвесторы арасындағы дауларды реттеу тәртібі белгіленеді.

Сондай-ақ әрбір тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес экономиканың сезімтал секторларын және (немесе) шектелуге немесе алынып тасталуға тиіс олармен байланысты кәсіпкерлік қызмет түрлерін белгілеу құқығын өзіне қалдырады.

Заңды қабылдау инвестициялық ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ елдер арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Заң 2024 жылы 25 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Ершов.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімге 2018 жылғы 21 қарашада Сингапур қаласында қол қойылды.

Келісімнің негізгі міндеті инвесторлардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруы кезінде олардың құқықтарының кепілдіктерін бекіту арқылы ынтымақтастық үшін құқықтық негіздер жасау болып табылады.

Келісімге сәйкес әрбір тарап барынша қолайлы жағдайлар жасайды, инвестициялар үшін әділ және тең құқықты жағдайлар жасайды, сондай-ақ әдеттегі халықаралық құқыққа сәйкес толық қорғау мен қауіпсіздікті орнатады.

Келісімнің ережелерінде шығындар үшін өтемақы шарттары, оның ішінде экспроприацияланған инвестициялардың өтемақысы, инвестицияларға байланысты барлық қаржылық аударымдарға рұқсат, тараптар арасындағы дауларды реттеу және салық салу тәртібі жазылады.

Жалпы, Заң инвестициялық ахуалды жақсартуға және Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылы 25 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Сатвалдиев.

Заңның мақсаты апатқа ұшыраған әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаждарын Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын тәжірибесіне сәйкес іздестіру және құтқару үшін мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық болып табылады.

Келісімнің ережелері:

- апатқа ұшырау жағдайындағы немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаждарын іздестіру және құтқару үшін өзара ынтымақтастықты нығайтуға;

- авиациялық оқиғалар туралы өзара хабарлау және апатқа ұшыраған әуе кемелерінің жолаушыларын іздестіру және құтқару жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;

- екі тараптың іздестіру-құтқару қызметтерінің бірлескен оқу-жаттығуларын өткізуге, ақпарат және тәжірибе алмасуға бағытталды.

Келісімде бірлескен іздестіру-құтқару операцияларын жүргізу үшін құқықтық негіз, іздестіру және құтқару аудандарының шекарасы көзделеді, сондай-ақ Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдар айқындалады.

Заңның қабылдануы Қазақстан мен Қырғызстанның аумағында авиациялық іздестіру және құтқару жұмыстарын жедел ұйымдастыруға, осы саладағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылы 3 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған Заңның мақсаттары мемлекеттік награда жүйесін жетілдіру, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы 15 наурыздағы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында берген тапсырмасын орындау болып табылады.

Заң «Айбын» орденінің әртүрлі дәрежелеріне Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рахымжан Қошқарбаевтың есімдерін беруді көздейді.

Заң мақұлданған кезде күтілетін нәтиже даңқты батырлардың жауынгерлік ерліктерін мәңгілік есте қалдыру, сондай-ақ жалпыұлттық сананы, қазақстандық азаматтық бірегейлікті нығайтуға, әскери-патриоттық тәрбиені дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Заң 2024 жылы 25 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Сатвалдиев.

Шарт саяси, сауда-экономикалық, транзиттік-көліктік, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы, азаматтық қорғаныс және энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған, сондай-ақ халықаралық аренада өзара іс-қимылды нығайтуды көздейді.

Тараптар Шарт ережелеріне сәйкес екі мемлекеттің парламенттер, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар арасындағы байланыстарды нығайтуға жәрдемдеседі.

Шарттың 4-бабына сәйкес тараптар Мемлекет басшылары басқаратын Жоғары мемлекетаралық кеңес құрады. Жоғары мемлекетаралық кеңестің қызметін үйлестіру Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне жүктеледі.

Тараптар сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік салаларында, халықаралық терроризмді, діни экстремизм мен сепаратизмді, трансұлттық ұйымдасқан қылмысты, киберқылмысты, заңсыз көші-қонды, адам саудасын, қару-жарақтың, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың

прекурсорларының заңсыз айналымын қоса алғанда, қауіпсіздікке төнген жаңа қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелерінде өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар жан-жақты ынтымақтастық, сенім, теңдік және ұлттық мүдделерді өзара есепке алу, тәуелсіздікті, егемендікті, Тараптардың мемлекеттік шекараларының аумақтық тұтастығы мен мызғымастығын өзара құрметтеу, сондай-ақ өзара міндеттемелерді адал орындау негізінде құрылады.

Шартты ратификациялау Қазақ-Өзбек қатынастарын өзара іс-қимылдың, екіжақты ынтымақтастықтың, сондай-ақ екі мемлекеттің орнықты экономикалық дамуының жаңа деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылы 25 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нұғманов.

Келісімнің мақсаты Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы транзиттік-көліктік әлеуетті және сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамыту болып табылады.

Келісім темір жол, су және автомобиль көлігінің заманауи жүйелерін дамытуға, пойыздардың кедендік рәсімдерден өтуін жеделдету үшін алдын ала ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жүктерге қатысты цифрлық технологияларды енгізуге ықпал етеді.

Бұл Заң халықаралық құрамдастырылған тасымалдардың рәсімдерін жеңілдетуге, сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер арасында автокөлікпен, теміржол және теңіз көлігімен орындалатын жүктерді тасымалдау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

Келісімнің мақсаты Келісім тараптарының аумақтары арқылы автомобиль жүк тасымалдарын ілгерілету, автомобиль көлігінің қазіргі заманғы жүйелерін дамыту, ақпараттық технологияларды ендіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы транзиттік-көліктік әлеуетті және сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Келісімде жолаушылар мен жүк тасымалы мәселелері, көлік құралының жүруіне рұқсат беру және одан босату шарттары, жүргізушілер

мен көлік құралына қойылатын талаптар, сондай-ақ сақтандыру, салық салу және өткізу пункттерінде бақылау мәселелері регламенттелген.

Заң ақпараттық технологияларды ендіру, тасымалдау жағдайларын жетілдіру және Келісім Тараптарының аумақтары арқылы автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау көлемін ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

Келісімнің мақсаты Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша мультимодальды тасымалдауды дамыту үшін автомобиль, теңіз және теміржол көлік түрлерінің басымдығын тиімді пайдалануға жәрдемдесу, сондай-ақ Келісім Тараптарының аумақтары арқылы жүктерді тасымалдау үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Заңда көліктің реттеуші салаларындағы ведомстволар мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, көлік бағытының тұрақты және тиімді жұмыс істеуін қолдау үшін даму ортасын бірлесіп қалыптастыру, логистикалық және көлік операцияларын оңтайландыру, тасымалдау уақытын қысқарту, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру көзделеді.

Келісім Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуға және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың одан әрі дамуын жақсартуға мүмкіндік береді.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай – Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Лукин.

Келісім Тараптардың ТХКБ-ны дамыту саласындағы ынтымақтастыққа, көлік байланыстарын интеграциялауға, тасымалдардың тиімділігін арттыруға, сауда-экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастыққа жәрдемдесуге, сондай-ақ Қытайдан Азияға және Азия арқылы одан әрі Еуропаға жүктерді тасымалдау үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Заңда ТХКБ бойынша жүктерді тасымалдаудың жыл сайынғы әлеуетті көлемін болжау, жылжымалы құрамды қадағалау жөніндегі деректермен алмасу және Тараптардың аумақтарында контейнерлік пойыздар үшін экспорттық-импорттық, транзиттік тасымалдарды ұлғайту жөніндегі ынтымақтастықты дамыту көзделеді.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

17. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени орталықтарды өзара құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ғ. Сарыбаев.

Келісімнің мақсаты мәдени орталықтар құру, сондай-ақ екі халық арасындағы өзара түсіністікті жан-жақты нығайту және достық қатынастарды дамытуға, Тараптар мемлекеттері арасындағы мәдени-гуманитарлық саладағы алмасу мен ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады.

Келісімнің негізгі ережелері мәдени орталықтар қызметінің тәртібін регламенттеуге, кірістер мен мүлікке салық салуға, мәдени орталықтар мен олардың басшыларының мәртебесін анықтауға бағытталған. Мәдени орталықтардың діни, миссионерлік және болу мемлекетінің заңнамасына қайшы келетін өзге де қызметті жүргізуіне, сондай-ақ жіберуші мемлекеттің жеке және заңды тұлғаларының болу мемлекетінің аумағында осындай қызметті жүзеге асыруға жәрдемдесуіне тыйым салу көзделеді.

Келісімнің 5-бабына сәйкес мәдени орталықтар түрлі мәдени және білім беру іс-шараларын өткізеді, өз үй-жайларында кітапханалар, оқу залдарын, кинозалдар құрады, сондай-ақ өз қызметі туралы ақпаратты орналастырады.

Осы Келісімді ратификациялау Қазақстанның Қытаймен мәдени-гуманитарлық және ғылыми-білім беру байланыстарын одан әрі кеңейтуге, мәдениет және өнер қайраткерлерін кеңінен тарту арқылы екі елдің туристік әлеуетін дамытуға және тарихи-мәдени мұрасын ілгерілетуге оң серпін береді.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

7.1.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ

1. «Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Л. Рысбекова.

Келісімнің мақсаты өңірішілік сауданы ұлғайту және экономикалық қызметті қолдау арқылы Түркі мемлекеттерінің ұйымына (бұдан әрі – ТМҰ) мүше мемлекеттердің экономикалық дамуына жәрдемдесуге бағытталған халықаралық қаржы ұйымы нысанында Түркі инвестициялық қорын (бұдан әрі – Қор) құру болып табылады.

ТМҰ-ға 5 мүше мемлекет: Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы, Түркия Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қырғыз Республикасы Қор құрылтайшылары болып табылады. Қор құрылымы Президенттен, Басқарушылар кеңесінен, Директорлар кеңесінен, Бас директордан және қызметкерлерден тұрады.

Қор мынадай функцияларды орындайды: жобаларды, атап айтқанда шағын және орта кәсіпорындардың жобаларын қаржыландыру, физикалық және цифрлық инфрақұрылым жасауды және оны жаңғыртуды қолдау, өнеркәсіп өндірісін, көлікті, ауыл шаруашылығын, туризмді және «жасыл экономиканы» қоса алғанда, өзара мүдделі салаларда даму жобаларын қолдау.

Қордың жарғылық капиталы жалпы номиналды құны 350 млн АҚШ долларын құрайтын төленген акцияларға, сондай-ақ номиналды құны 150 млн АҚШ долларын құрайтын тартылатын акцияларға бөлінеді. Қорға әрбір мүше мемлекетке 70 млн АҚШ долларын құрайтын төленген акциядан келеді.

Келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасына экономиканың басым секторларындағы, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жобаларын қаржыландыруды алуға, сондай-ақ ТМҰ өңірі шеңберінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 5 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Шайдаров.

Заңның мақсаты Тараптардың экономикалық өсуіне жәрдемдесу, өзара және сыртқы сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту мақсатында 2022 жылғы 20 қазанда Ереван қаласында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – Тараптар) қол қойған Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімде Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясы (бұдан әрі – Компания) Тараптар арасындағы өзара сауда, инвестициялар көлемін

ұлғайтуға, экономикалық интеграцияны дамытуға жәрдемдесуге; инвестициялық тартымдылықты арттыруға және экспорттық кредиттерді қайта сақтандыру саласындағы қызметті жүзеге асыру арқылы Тараптардың үшінші елдермен сауда-экономикалық байланыстарын кеңейтуге; халықаралық қаржы-экономикалық ынтымақтастықты, оның ішінде Тараптардың экспорттық кредиттік агенттіктерін, халықаралық қаржы, банк ұйымдары мен одақтарын нығайтуға арналған халықаралық қаржы ұйымы болып табылады деп көзделеді.

Келісімде Компания өз функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін Тараптардың үкіметтерімен, оның ішінде компанияның өз аумақтарында болу шарттары туралы, сондай-ақ Тараптардың өзге де уәкілетті органдарымен олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық шарттар жасаса алатындығы айқындалады.

Келісімге сәйкес, Компанияға ұйымдардың қызметін құру, лицензиялау, реттеу және қадағалау, сондай-ақ олардың қызметін тоқтату тәртібін белгілейтін Тараптар заңнамасының ережелері қолданылмайды.

Заң 2023 жылы 19 қазанда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Қаниев.

Заң 2022 жылғы 18 шілдеде Мәскеу қаласында қол қойылған хаттаманы ратификациялауға бағытталған.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) енгізілетін өзгерістерді заңдық ресімдеу болып табылады.

Келісімге сәйкес Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасының 27-тобында сыныпталатын, 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкетілетін мұнай және мұнай өнімдері, есепке алу мақсатында олар Ресей Федерациясында Кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілгендей кедендік декларациялауға жатады.

Хаттамада Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкетілетін мұнай мен мұнай өнімдеріне қатысты уақытша мерзімді кедендік декларациялаудың күшін жою бөлігінде Келісімнің 3-бабына өзгеріс енгізу көзделеді. Бұл ретте жабдықтар ретінде мұнай және мұнай өнімдерін әкету үшін, сондай-ақ 2022-2024 жылдары құбыр көлігімен жеткізілетін мұнай және мұнай өнімдері үшін екі ерекшелік белгіленеді.

Заң 2023 жылы 7 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Лұқпанов.

Заңның мақсаты жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу шарттарын жақсартуға, атап айтқанда:

1) практикалық геологиялық барлау жұмыстарына жедел көшуге;

2) барлық мүмкін болатын сараптамалардың мерзімін 8-12 айға қысқартуға;

3) рәсімдер бойынша әкімшілік кедергілерді 2 еседен аса – 120 күннен 50 күнге дейін азайтылған уақытта жоюға;

4) геологиялық барлаудың инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Заңды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында қарау барысында геологиялық барлауға инвесторларды тарту мақсатында жаңа кен орындары үшін KazRC халықаралық стандарттарын ендіре отырып, 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және берілген пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар мен лицензиялар үшін ғана Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысын сақтау бөлігінде түзетулер енгізілді.

Бұдан басқа:

- жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның KazRC стандарттарына сәйкес дайындалған есептерді, ондағы ресурстар мен қорлар 25 пайыздан астамға азайған кезде тексеру мүмкіндігін сақтау;

- уәкілетті органның пайдалы қатты қазбалардың кен орындарын барлау бойынша ең төмен талаптарды белгілеуі;

- есептілікте жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы мәліметтерді жасырған немесе көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді берген адамдардың жауаптылығын күшейту бойынша түзетулер енгізіледі.

2023 жылы 26 желтоқсанда Сенат отырысында Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы ұсынылып отырып Мәжіліске қайтарылды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Шайдаров.

Заң Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасын оған қажетті құралдарды шоғырландыра отырып, экспортты ілгерілетудің толыққанды институтын құру бөлігінде орындау мақсатында әзірленді.

Азаматтық және Бюджет кодекстеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 8 заңына түзетулер ұсынылады.

Азаматтық кодекс шеңберінде пайда алушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы ЭКА-ға ауысуы көзделеді.

Бюджет кодексіне енгізілетін өзгерістерге сәйкес экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктің күшін сақтандыру төлемдерін өтеу үшін де, ЭКА жүзеге асыратын кепілдік берілген төлемдерді өтеу үшін де қолдау ұсынылады. Экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдік алуға үміткер тұлғаға қойылатын талап толықтырылады. Мәселен, нақты жүзеге асырылған сақтандыру және кепілдік төлемдерінің көлемі экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктердің қолданылу кезеңінде меншікті капитал көлемінің 40%-ынан аспауға тиіс.

«Қазақстанның Даму Банкі туралы» Заңда қаржылық тұрақтылық параметрлерінің (коэффициенттерінің) нашарлау жағына қарай күтілетін өзгеруі және параметрлердің (коэффициенттердің) кем дегенде біреуі бойынша шекті мәндерге қол жеткізу кезінде Даму Банкінің жарғылық капиталы ұлғайтылуы мүмкін деп көзделеді.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңға енгізілген өзгерістермен ЭКА-ны қаржы мониторингі субъектілеріне жатқызу ұсынылады.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңда ЭКА-ның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде қызметті лицензиясы болмай жүзеге асыруына жол беріледі.

Сонымен қатар, «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңда шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы Ұлттық даму институтының: сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерін ілгерілету жөніндегі өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу арқылы өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну жөнінде қызмет көрсету; өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу арқылы өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері қабылдайтын қарсы міндеттемелерді мониторингтеуді жүзеге асыру жөніндегі функциялары толықтырылады.

Заң 2024 жылы 11 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Л. Рысбекова.

Заң кәсіпкерлік қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру және бизнестің дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленді.

Заң мемлекеттік бақылау және қадағалау нысандарын реттеуге, кәсіпкерлік қызметті жүргізуге және дамытуға жағдайды жақсартуға, Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Заңды Парламент Сенатында қарау барысында мыналарды:

- Заңның жекелеген нормаларын реттеушілік саясаттың қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес келтіруді;

- облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды салумен байланысты мақсаттар үшін мемлекеттік орман қоры жерлерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру мүмкіндігін сақтауды;

- сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындайтын шекті сауда үстемеақысын қолдану тәртібін белгілеуді;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру кезінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға қолдау көрсетуді көздеуді;

- пайдалы қатты қазбаларды өндіруге салынатын салықты есептеу мақсатында кен орнын әзірлеудің техникалық жобасында белгіленген нормаланған ысыраптар туралы деректерді қолдануды;

- өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету тетігін жетілдіруді;

- Бірыңғай төлемнің құрамдас бөліктерінің үлестерін қайта есептеуді;

- энергия беруші ұйымдар күнтізбелік бір жылда бір тұтынушыға шаққанда ажыратулар санының және ұзақтығының орташа көрсеткішінен асырған жағдайда тұтынушы пайдаланған электр энергиясы үшін бұрын жүргізілген соманы қайта есептеу және (немесе) қайтару арқылы шығыстарды өтеу кезінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді нақтылауды алып тастауды көздейтін түзетулер енгізіледі.

2024 жылы 29 ақпанда Сенат отырысында заңның жекелеген баптары мақұлданбай Мәжіліске қайтарылды.

7. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Нәутиев.

Келісім көліктің әралуан түрлерін пайдалана отырып, халықаралық жүк тасымалдарын жеңілдетуге, сондай-ақ Қазақстан мен Түркия арасындағы транзиттік-көліктік әлеуетті және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға бағытталған.

Келісімде мемлекеттік шекараны кесіп өтуден немесе Тараптар мемлекеттерінің аумағында орналасқан кез келген тиеу пункттерінен басталатын және екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан құрамдастырылған тасымалдарды түсіру пункттерінде аяқталатын, тіркелген көлік құралдарымен жүк тасымалдау операциялары үздіксіз жүзеге асырылуға тиіс екендігі белгіленген.

Келісімге сәйкес Тарап мемлекетінің аумағына кіру немесе шығу кезінде жүктерді құрамдастырылған тасымалдауды орындайтын көлік құралдары, жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ тасымалданатын тауарлар қолданыстағы рұқсат болмаған жағдайда осы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес бақылаудан өтетін болады, көлік құралы кіретін Тарап мемлекетінің аумағында тасымалдауды жүзеге асыруға жіберілмейді.

Тараптар Тараптардың мемлекеттерін байланыстыратын теміржол желілерінде, атап айтқанда, халықаралық контейнерлік блок-пойыздар мен Ro-La операциялары үшін тиісті жалғанымдарды мен транзиттік қызметтерді ұсынады. Ro-La тасымалдар – арнайы контрейлерлік платформаларда автопойыздарды, автотіркемелерді, жартылай тіркемелерді және алмалы-салмалы автомобиль шанақтарын құрамдастырылған теміржол-автомобильмен тасымалдау.

Келісімде Тараптардың халықаралық теміржол паромында жүктерді тасымалдау кепілдігін және порттар арқылы Ro-Ro операцияларын қамтамасыз ету үшін Каспий теңізі арқылы тұрақты теміржол-паромдық және Ro-Ro операцияларын жүзеге асыруы регламенттеледі. Бұл ретте, Ro-Ro тасымалдар – бұл доңғалақты платформада бекітілген автомобильдерді, жүк көліктерін, тіркемелерді және жүктерді тасымалдауға арналған теңіз көлігімен тасымалдау түрі.

Келісімнің орындалуына қатысты барлық мәселелерді реттеу мақсатында Тараптардың мемлекеттік лауазымды адамдарынан, сондай-ақ құрамдастырылған тасымалдар секторы өкілдерінен тұратын Бірлескен комитет құрылатын болады.

Заң 2024 жылы 18 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

8. «2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына ресейлік мұнайды тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Алдашев.

2013 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына ресейлік мұнайды транзиттеу туралы екіжақты келісімге қол қойылды. 2014 жылдан бастап Қазақстан арқылы Қытайға мұнай тасымалдау көлемі жылына 7 млн тоннаны құрады.

2023 жылдың ақпанында Ресей Федерациясы Қытай тарапымен 10 жылдық кезеңге 100 миллион тонна жеткізу туралы Келісім жасасты.

Осыған байланысты, 2023 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында аталған екіжақты Келісімге мұнай транзиті мен тарифтің көлемін өзектендіру мәселелеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қойылды.

Оның ішінде:

- тасымалданатын мұнай көлемі жылына 7 млн тоннадан 10 млн тоннаға дейін өседі;

- Туймазы-Омбы-Новосибирск мұнай құбырының қазақстандық учаскесінде мұнай тасымалдауға арналған тариф 2,1 доллар мөлшерінде белгіленді;

- Қазақстан аумағы арқылы тасымалданатын мұнайдың тарифі тоннасына 15 долларды құрайды.

Келісімнің қолданылу мерзімі 2034 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылады. Бұл ретте, Қазақстан мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтерге қосылған құн салығын нөлдік мөлшерлеме бойынша салатын болады. Қазақстандық тарап ұлттық салық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығын қайтару мақсаттары үшін мұнайды тасымалдау бағыты бойынша тасымалдау жөніндегі қызметтерді халықаралық тасымалдау ретінде қарайтын болады.

Тараптар Қазақстан тарапымен АҚШ долларының теңгеге бағамын төлем тағайындалған күнге және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларының теңгеге бағамын қолдануға уағдаласты.

Заң 2024 жылы 2 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Б. Қаниев.

Заңмен 9 кодекске, оның ішінде Азаматтық, Жер, Орман, Экология, Кәсіпкерлік кодекстеріне, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстерге, сондай-ақ 29-ға заңға, оның ішінде: «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Байланыс туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы», «Ақпараттандыру туралы» заңдарға түзетулер енгізу ұсынылады.

Жер кодексіне енгізілетін өзгерістерге сәйкес жария сервитуттар байланыс желілері мен құрылыстарын салу үшін белгіленетін болады. Бұл автожолдар бойында байланыс қызметтерін сапалы көрсетуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ байланыс операторларына инфрақұрылымдық шығыстарды азайтуға, оларды дамытуға қайта инвестициялауға мүмкіндік береді.

Орман кодексіне түзетумен жерді пайдалану және қорғау, орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру салаларында, су қорын пайдалану және қорғау саласында, сондай-ақ тексерулерді, профилактикалық бақылауды тағайындау және жүргізу үшін,

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының талаптарын сақтау, жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізу үшін жерді ғарыштан қашықтан зондтау мәліметтерін қолдану ұсынылады.

«Неке және отбасы туралы» Кодекске норма енгізіледі, оған сәйкес кәмелетке толмаған ата-аналарда, сондай-ақ суррогат анадан туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде басқа мәліметтермен қатар баланың ЖСН енгізіледі.

Заңда байланыс операторларының байланыс инфрақұрылымына: талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) және ұялы байланыс жабдығын орналастыру үшін жылжымайтын мүлік объектілеріне (әкімшілік ғимараттар, бизнес-орталықтар, тұрғын үй кешендері) және өнеркәсіптік объектілерге; жиіліктерге (байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды конкурстық негізде бөлу тәртібін нақтылау, жиілік спектрін пайдалану және алып қою тәртібін тәптіштеу) тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, жедел-іздестіру іс-шаралары жүйелерін шағын және орта операторларға жалға беру; елді мекенде ТОБЖ болған кезде 4G және 5G технологиялары үшін ТОБЖ трансмиссиясын пайдалануды қамтамасыз ету көзделеді.

Заңда банктік қарыз немесе микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуды электрондық үкіметтің веб-порталынан (egov.kz) басқа, кредиттік бюро арқылы белгілеу не алып тастау мүмкіндігі көзделеді.

Заң 2024 жылы 2 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асырған кезде қаржылай жәрдем көрсету бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш. Бұқтұғұтов.

Заңның мақсаты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларындағы бірлескен кооперациялық жобаларды қаржыландыру үшін құқықтық негіз құруға бағытталған Хаттаманы ратификациялау болып табылады. Хаттамаға 2023 жылғы 25 мамырда Мәскеу қаласында қол қойылды.

Хаттамада тізбесін Үкіметаралық кеңес айқындайтын өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыру бойынша қолдау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Хаттамаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының Кеңесі Одақ бюджетінің қаражаты есебінен қаржылық жәрдем көрсету туралы шешім қабылдай алады. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттеріне Одақ бюджеті бекітілген жылдың алдындағы қаржы жылындағы арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарынан түсетін түсімдердің жалпы сомасының 10%-ы қаржыландыру көзі болып табылады.

Бір жобаға арналған субсидияның ең жоғары көлемі жылына 1,8 млрд теңгені құрайтын болады, тиісінше 5 жылда – 9,4 млрд теңгені құрайды.

Бұдан басқа, Өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы хаттама (ЕАЭО туралы шартқа №27 қосымша) мыналарды: Одақ бюджетінде көзделетін қаражат көлемін; мүше мемлекеттер өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асырған кезде пайыздық арақатынас мөлшерін және қаржылай жәрдем көрсету нысанын регламенттейтін нормалармен толықтырылды.

Хаттамаға сәйкес мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іріктеу және іске асыру, сондай-ақ Одақ бюджетінің қаражаты есебінен қаржылық жәрдем көрсету тәртібі Үкіметаралық кеңес бекіткен ережеге сәйкес айқындалады.

Заң 2024 жылы 16 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш. Бұқтұғұтов.

Заңның мақсаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заңда Кәсіпкерлік кодекске және «Электр энергетикасы туралы» және «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заңда нетто-тұтынушыларды электр энергиясын бергені үшін төлемнен босату көзделеді, сондай-ақ шағын гидроэлектр станцияларына (10 МВт-қа дейін) шекті тариф бойынша электр энергиясын сату құқығы берілді. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын ауқымы шағын объектіден электр энергиясын өзінің толық немесе ішінара тұтынуын қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлғаларға энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға электр энергиясын сатуды жүзеге асыру мүмкіндігі беріледі.

ЖЭО-ны, оның ішінде республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан жылу және электр энергиясын аралас өндіруді жүзеге асыратын ЖЭО-ны жаңғырту, отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге инвестициялық келісімдер жасасу құқығын беру.

Бұдан басқа жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы уәкілетті органның:

- нетто-тұтынушылар мен энергия өткізу ұйымдарының өзара іс-қимылын біріздендіру үшін нетто-тұтынушылардан электр энергиясын сатып алу-сатудың үлгілік шартын;

- электр желілеріне қосылу және ауқымы шағын объектілерді пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту бөлігіндегі құзыреті кеңейтіледі.

Заң 2024 жылы 6 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Мемлекеттік сатып алу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Нәутиев.

Заңның мақсаты сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, шамадан тыс регламенттеуді болдырмау, сатып алу рәсімдерін одан әрі автоматтандыру және оңайлату, сатып алу бойынша бірыңғай платформа құру болып табылады.

Заңда келесі жаңашылдықтар көзделеді:

- қоғамдық бақылау элементтерін енгізу;
- сатып алу рәсімдерін оңтайландыру және қысқарту;
- тұрақты мемлекеттік сатып алу элементтерін енгізу;
- шағын сатып алуды жедел түрде жүзеге асыру үшін тауарларды

100 АЕК-ке дейінгі, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді 500 АЕК-ке дейін, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді 4000 АЕК-ке дейін бір көзден сатып алу мүмкіндігі көзделген;

- «толық дайын түрінде берілетін» құрылыс шарты көзделген, яғни объектіні жобалаудан, салудан және пайдалануға беруден бастап жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде бір жеткізушінің жауапкершілігін белгілей отырып, «толық дайын түрінде берілетін» кешенді құрылыс шарты көзделеді;

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік сатып алу уәкілетті орган бекітетін тәртіппен және көлемдерде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша жүзеге асырылатын болады;

- бір көзден алу тәсілімен офтейк-келісімшарттар жасасу мүмкіндігі;

- мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміндегі заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, жарғылық капиталына қатысуға байланысты аффилиирленген компаниялардың және тұлғалардың сатып алуға қатысуын шектеу жөніндегі шараларды күшейту;

- шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамаған өнім берушілердің жауапкершілігін күшейту;

- шағым беру тәртібін және оларды қарау мерзімдерін қайта қарау;

- саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ахуал туындаған жағдайларда жергілікті атқарушы органның резервінен бөлінген ақша есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу.

Сонымен қатар, Заңда міндеттемелерді тиісінше орындау мақсатында өнім беруші қосалқы мердігерлерге беретін орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемін 50 пайыздан 30 пайызға дейін қысқарту көзделген. Бұл ретте қосалқы мердігерлерге орындалатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің көлемін өзге қосалқы мердігерлерге беруге тыйым салынады.

Бұдан басқа, айрықша құқықтары бар адамнан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алуға монополияға қарсы органның қорытындысы болған кезде ғана жол беріледі.

Сатып алу рәсімдерінің созбақталуын болдырмау мақсатында олардың қорытындыларына шағымдану тетігін жетілдіру көзделеді. Мәселен, шағымдарды қарауды тікелей сатып алуды ұйымдастырушының өзі, ал сот тәртібімен шағымданған жағдайда, сатып алу рәсімін тоқтата тұрмай жүзеге асырылатын болады.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сатып алу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Нәутиев.

Заңның мақсаты мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, сондай-ақ нормалардың артық заңнамалық регламенттелуін болғызбау болып табылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шеңберінде мыналар: уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына; тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағымдарды қарау шеңберінде қабылданған шешіміне дау айту туралы алдын ала тыңдау мерзімдерін қысқарту көзделеді.

Сондай-ақ, Заңмен Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс уәкілетті органның мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына, тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағымдарды қарау шеңберінде қабылданған шешімдеріне дау айту туралы заңды күшіне енген сот актілеріне әкімшілік процеске қатысушылар кассациялық тәртіппен апелляциялық сатының түпкілікті нысандағы сот актісі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде шағым жасай алатын нормамен толықтырылады.

Заңнамалық деңгейде құрылыс объектілерін, оның ішінде ескірген және авариялық құрылыс объектілерін жаңарту жөніндегі шаралардың адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылу жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ ескірген және авариялық құрылыс объектілерін бұза отырып, жаңа құрылыс объектілерін тұрғызуға бағытталған кешенін көздейтін «реновациялау» анықтамасы бекітіледі.

Заңда реновациялау бағдарламасы шеңберінде тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне олардың құны өтелетін не тараптардың келісімі бойынша салынып жатқан объектілерден тең дәрежелі тұрғын емес үй-жайлар берілетін; тұрғынжайларды бұзуға тұрғынжайды барлық меншік иелерінің келісімі болған жағдайда ғана жол берілетін; тұрғынжайды реновациялауға жататын көппәтерлі тұрғын үйлер орналасқан жер учаскелерінде жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жол берілмейтін нормалар ұсынылады.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңның шеңберінде ревизиялық комиссия аудитінің тиімділігін арттыру үшін кадрларды іріктеу арқылы ревизиялық комиссияның қызметін жетілдіру мақсатында ревизиялық комиссияның төрағасы мен мүшелері лауазымдарына мемлекеттік аудитор сертификаты немесе бухгалтерлік есеп және аудит саласында халықаралық біліктілігі бар кандидатты тағайындау көзделеді.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Нәутиев.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптарын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен үйлестіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 207-бабы нормалармен толықтырылды, оларға сәйкес мыналар:

- мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының не мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші біліктілік талаптары немесе конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген жағдайда оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеуі немесе уақтылы жүгінбегені;

- өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді немесе демпингке қарсы соманы енгізбеу арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғаны туралы мәліметтерді тапсырыс берушінің уәкілетті органға ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін жауаптылық көзделеді.

Сондай-ақ Заңда мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың әкімшілік жауаптылығы қайта қаралды.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Шайдаров.

Заңның мақсаты мемлекеттік бақылау және статистика, деректерді басқару, халықты әлеуметтік қорғау жүйесі мәселелерін, сондай-ақ әкімшілік реформаларды жүргізу және қажетсіз заңнамалық реттеуді жою мәселелерін реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңда 5 кодекс пен 36 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Мемлекеттік статистика саласын дамыту шеңберінде деректерді жинау, өңдеу және цифрландыру процестерін трансформациялау, әкімшілік және баламалы көздерді белсенді пайдалану арқылы респонденттерге есептілік жүктемесін азайту, ақпарат сапасын арттыру бөлігінде түзетулер енгізілуде.

Деректерді басқаруды дамытуды жетілдіру шеңберінде қазіргі заманғы деректерді өңдеу орталықтарын құру үшін заңнамалық реттеу құралдары қарастырылған, оның ішінде бағдарламалық өнімдерді әзірлеу мен сатып алудың оңайлатылған тәртібін енгізу, деректерді өңдеу орталықтарының мәртебесін реттеу және т.б.

Сонымен қатар, өкілеттіктерді орталықсыздандыру бөлігінде әкімшілік реформаны жүзеге асыру мақсатында бірқатар түзетулер енгізілуде.

Үкімет деңгейінен орталық мемлекеттік органдарға 21 функцияны және орталық мемлекеттік органдардан жергілікті атқарушы органдарға 12 функцияны қайта бөлуді қарастырылған.

Әлеуметтік кодекске Халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін және оның құзыреттерін бекіту бөлігінде түзетулер енгізілуде.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «Жылу энергетикасы туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Лұқпанов.

Заңда жылу энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту және бақылаудың мынадай жаңа түрлерін енгізу көзделеді: қашықтан бақылау, бекітілген жылдық тізім бойынша жылына 1 реттен артық емес жоспарлы тексерулер; жоспардан тыс тексерулер, тергеп-тексерулер жүргізу. Бұл энергия кәсіпорындары мен тұтынушылардың энергетикалық жабдықтарының тиісті техникалық жай-күйін ұстап тұру, пайдалану шарттары мен жұмыс режимдерін сақтау үшін қажет.

Жылу желілеріндегі бақылау функциялары (жалпыға ортақ пайдаланылатын орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелері шеңберінде) жергілікті атқарушы органдардан Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетіне ауысатын нормалар да көзделген.

Заңда жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу бөлігінде осы саладағы бірыңғай саясатты айқындайтын жылу энергетикасы саласындағы уәкілетті органның құзыретін белгілеу; жылу энергиясын өндіру және тасымалдау бөлігінде жылу энергетикасының негізгі және нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу көзделеді.

Ұлттық экономика министрлігінің жылу энергиясына тарифтерді белгілеу бөлігіндегі құзыреті регламенттеледі.

Сондай-ақ, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы және өкілді органдарының құзыреті айқындалады.

Заңда республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жылу энергетикасының жұмыс істеуі мен дамуына бағытталған жаңашылдықтарды – жылумен жабдықтауды дамытудың және жылу энергетикасының жай-күйін мониторингтеудің ұзақ мерзімді және орта мерзімді схемаларын енгізу көзделеді.

Жылумен жабдықтауды дамыту схемаларын жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін болады және жергілікті жағдайларды ескере отырып, іс-шараларды қаржыландыру мерзімдерін, мөлшерін, басымдығы мен көздерін айқындайды.

Жылу энергетикасының жай-күйін мониторингтеу жылу энергетикасының нақты және жоспарлы көрсеткіштері негізінде, оның ішінде жылу энергиясын өндіру, тасымалдау, өткізу және тұтыну секторлары бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Жылу энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге қол жеткізу мен ақы төлеу мүмкіндігіне кемсітушілік көзқарасты болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы органдар өңірлердегі жылу энергетикасының жай-күйіне тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

Заңда орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінде жылу энергиясын өндіруге, тасымалдауға және өткізуге арналған жылу энергетикасы саласындағы тарифтерді мемлекеттік реттеу белгіленеді.

Жылу энергетикасында мынадай жылумен жабдықтау жүйелері жұмыс істейді: орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі; жергілікті жылумен жабдықтау жүйесі; жеке жылумен жабдықтау жүйесі.

Заңда жылумен жабдықтау субъектілері мен тұтынушылардың орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріндегі құқықтары мен міндеттері регламенттелген. Жылумен жабдықтау субъектілерінің меншік иелері жылумен жабдықтау объектілерінің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

Заңда мыналар: жылу энергиясын өндіру; жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт негізінде жылумен жабдықтау субъектілері мен тұтынушылар арасындағы қатынастар регламенттелген.

Сондай-ақ, Заңда жылумен жабдықтауға арналған отын сапасына қойылатын талаптар, техникалық және технологиялық нормалар және жылу энергетикасы саласындағы қауіпсіздік талаптары көзделген.

Заң энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру, жаңартылатын энергия көздерін орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне енгізудің экономикалық және техникалық орындылығы жағдайында дамытуға ынталандыру бөлігіндегі нормаларды көздейді, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындарының ортақ үй мүлкін жаңғырту және пайдалану жөніндегі міндеттемелері айқындалды.

Заңда орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріне жататын жылу энергетикасы объектілері үшін сенімділік пен қауіпсіздіктің жоспарлы және ең төменгі көрсеткіштері көрсетілген нормативтік техникалық құжаттар регламенттеледі.

Заңда жылу энергетикасы саласындағы жобаларға қойылатын негізгі талаптар айқындалған: жылумен жабдықтау жүйесіне және жобаны іске асыру орнына сәйкес отынды пайдалану; энергия үнемдеу және тиімділігін арттыру, жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және тұтыну кезінде жылу энергиясының шығынын азайту жөніндегі іс-шаралар мен технологиялар.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер: орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың сенімділігі мен үнемділігін арттыру; саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру; сала субъектілері мен тұтынушыларды жылу шығындарының деңгейін төмендетуге ынталандыру, энергия тиімділігін арттыру; жылу энергетикасы саласының жай-күйін мониторингтеу жүйесін қалыптастыру; жоспарлы құжаттар негізінде жылу энергетикасын дамыту; жылумен жабдықтау жүйесін тиімді мемлекеттік бақылау.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

17. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Лұқпанов.

Заң қолданыстағы заңнаманы «Жылу энергетикасы туралы» Заңға сәйкес келтіру және электр энергетикасы саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заңмен 3 кодекске (Кәсіпкерлік, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, Экология кодекстері), сондай-ақ Қазақстан Республикасының 6 Заңына («Электр энергетикасы туралы», «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы», «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы», «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Табиғи монополиялар туралы») түзетулер енгізіледі.

Заңмен олардың функцияларын өңірлік энергия беруші ұйымдарға бере отырып, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар бөлігінде реформа жүргізу көзделеді. Бұл ретте 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызмет түріне лицензия енгізіледі.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына оны пайдаланудың қорытындылары бойынша есептеу жолымен ғимараттардың, құрылысжайлар мен құрылыстардың энергия тиімділігі сыныбына сәйкестігіне жобадан кейінгі талдауды енгізу туралы түзету енгізіледі. Осы механизм жаңа ғимараттарға, құрылысжайлар мен құрылыстарға немесе кеңейтуден, жаңғыртудан, техникалық қайта жарақтандырудан, реконструкциялаудан және күрделі жөндеуден өткен қолданыстағы ғимараттарға, құрылысжайлар мен құрылыстарға қолданылатын болады және тиісті ғимарат, құрылысжай мен құрылыс пайдалануға берілгеннен кейін 18 ай бойы жүргізілетін болады. Құрылыс талдауының қорытындысы бойынша тапсырыс берушіге және тиісті ғимараттың, құрылысжайдың және құрылыстың құрылыс салушысына қорытынды беріледі. Бұл норма 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізіледі.

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «жасыл тариф» ұғымының анықтамасы – жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы белгілейтін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатуына арналған тариф бекітіледі.

Түзету экспортқа бағдарланған тауарларға көміртегі салығын қолдану тәуекелдерін азайту мақсатында ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін «жасыл» электр энергиясын сатып алуды көздейді.

Заңда электр энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеу регламенттеледі, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, энергия өндіруді ынталандыру тетігі ұсынылады.

«Табиғи монополиялар туралы» Заңда тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгерімін, табиғи монополиялар салаларын реттеу тетігі рәсімдерінің жариялылығы мен ашықтығын, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің тариф белгілеуінің ынталандырушы әдісін қолдану және сатып алу рәсімдерін жүргізу, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды ынталандыру және оларға сұранысты қанағаттандыру бөлігінде қамтамасыз етуге бағытталған түзетулер көзделген.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

18. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Лұқпанов.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптарын «Жылу энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен үйлестіру болып табылады.

Атап айтқанда, Кодексте:

энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымның инвестициялық бағдарламада бекітілген іс-шараларды сақтамағаны, сол сияқты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны;

энергия өндіруші ұйымдардың және жылу өндіруші субъектілердің бекітілген отын қоры нормативтерін күзгі-қысқы кезеңде сақтамағаны және оның электр станциясының негізгі жабдығы мен қазандықтың тоқтауына алып келгені;

жылумен жабдықтау субъектілерінің жылыту маусымына әзірлік паспортын алу мерзімін бұзғаны;

энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың, жылумен жабдықтау субъектілерінің электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарын, ғимараттары мен құрылысжайларын жөндеудің перспективалық жоспарын бекіту бөлігінде электр станцияларының, жылу энергиясы көздерінің, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылысжайларына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылықты көздейтін түзетулер енгізілді.

Бұдан басқа ҚР ӘҚбК-нің 18-тарауы 309-2-баппен толықтырылады, оған сәйкес орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінің және (немесе) жергілікті жылумен жабдықтау жүйесінің жылу желілеріне өз бетінше қосылғаны үшін жауаптылық көзделеді.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

19. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлік конференциясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш. Бұқтұғұтов.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлік конференциясын (бұдан әрі – конференция) ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісімде 2024 жылғы қыркүйектің 3-нен 5-і аралығында Астана қаласында өтуі тиіс конференцияны өткізу мерзімі мен орны белгіленген.

Келісімді іске асырудан жоспарланатын әлеуметтік-экономикалық әсер:

- халықаралық қатысушыларға бірқатар қазақстандық IT шешімдерді көрсету;

- елдің инвестициялық тартымдылығын, сондай-ақ Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыру;

- өңірлік цифрлық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету.

Келісімде мынадай өкілдердің немесе байқаушылардың: ЭСКАТО мүшелері мен қауымдастырылған мүшелерінің; басқа мемлекеттердің; Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясынан байқаушылар ретінде конференцияларға қатысуға тұрақты шақырулар алған ұйымдардың; Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған және аралас мекемелерінің; басқа да үкіметаралық ұйымдардың; Біріккен Ұлттар Ұйымының үкіметаралық органдарының; үкіметтік емес ұйымдардың; Біріккен Ұлттар Ұйымы хатшылығының лауазымды адамдарының; Біріккен Ұлттар Ұйымы шақырған басқа адамдардың қатысуы көзделеді.

Сонымен қатар, Келісімге сәйкес виза берудің ерекше тәртібі белгіленеді. Жоғарыда аталған барлық адамдар Қазақстанға кедергісіз кіруге және шығуға құқылы болады. Визалар мен кіруге рұқсаттар қажет болған жағдайда тегін, өте қысқа мерзімде және конференция ашылғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей беріледі.

Конференцияға қатысты Қазақстан қатысушысы болып табылатын, 1946 жылғы 13 ақпанда Бас Ассамблея қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция (бұдан әрі – Конвенция) қолданылатын болады. Осылайша, ЭСКАТО мүшелері мен қауымдастырылған мүшелерінің және мемлекеттердің өкілдеріне мынадай артықшылықтар мен иммунитеттер берілетін болады: a) жеке қамауға алудан немесе ұстаудан және жеке багажға тыйым салудан иммунитет, сондай-ақ олар өкіл ретінде айтқан, жазған немесе жасаған барлық нәрсеге қатысты кез келген сот-процестік иммунитет; b) барлық қағаздар мен құжаттарға қол сұғылмаушылық; f) дипломатиялық өкілдерге берілетін иммунитеттер сияқты олардың жеке багажына қатысты иммунитеттер мен жеңілдіктер; және басқалар. Конференцияның қалған қатысушыларына басқа да артықшылықтар мен иммунитеттер көзделеді.

Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) бейресми отырыстар өткізуге арналған конференц-залдарды, конференциялық қызметтік үй-жайларды, жұмыс үй-жайларын және басқа да тиісті үй-жайларды қоса алғанда, қажетті үй-жайларды беретін болады.

Сонымен қатар:

- төтенше жағдайлар туындаған кезде конференцияға қатысушыларға алғашқы көмек көрсету үшін қажетті медициналық қызмет көрсету;

- көлікпен қамтамасыз ету;

- кез келген араласуды болдырмайтын қауіпсіздік пен тыныштық атмосферасында конференцияның тиімді жұмыс істеуі үшін полиция күзеті; және басқалармен қамтамасыз ету көзделген.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

7.1.5. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

1. «Қоғамдық бақылау туралы»

Заңды жүргізген депутат Р. Рүстемов.

Заңның мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық бақылау арқылы мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның міндеттері Қазақстан Республикасы азаматтарын қоғамдық бақылау процесіне тарту; Қазақстан Республикасының жалпыұлттық басымдықтары шеңберінде орындалатын жобалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету; қоғамдық бақылау объектілері шешімдер қабылдаған кезде қоғамдық пікірдің ескерілуін қамтамасыз ету; қоғамдық бақылау объектілері қызметінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету; қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету; қоғамдық бақылау объектілері қызметінің тиімділігін арттыру; Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық бақылау объектілерінің қызметіне сенімінің деңгейін арттыру; қоғамда құқыққа қайшы мінез-құлыққа төзбеушілікті қалыптастыру болып табылады.

Қоғамдық бақылау объектілері болып атқарушы мемлекеттік билік және жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелері, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, дербес білім беру ұйымдары, қызметі қоғамдық мүдделермен байланысты орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар болып табылатын ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де қоғамдық бақылау объектілері әрекет етеді.

Заңмен қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылау объектісін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру туралы хабардар етуге, қоғамдық бақылау объектілеріне қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды қамтитын қорытынды құжатты жіберуге, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтауға міндеттенеді.

Өз кезегінде, қоғамдық бақылау объектілері қоғамдық бақылау субъектілерінің заңнамада белгіленген негізде және тәртіппен қоғамдық бақылау объектілерінің аумағы мен үй-жайларына кіруін қамтамасыз етуге, қолжетімділігі шектелген ақпаратты қоспағанда, өз қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге және қоғамдық бақылау субъектілерінің сұрау салуларын заңнама талаптарына сәйкес қарауға, қоғамдық бақылау субъектілерінің қауіпсіздігін осы қоғамдық бақылау объектісі үшін белгіленген нормативтерге сәйкес қамтамасыз етуге, қорытынды құжат бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға, сондай-ақ уәжді жауаптар жіберуге, қорытынды құжатты, сондай-ақ уәжді жауаптарды өздерінің интернет-ресурстарында орналастыруға тиіс.

Заңды қабылдау қоғамдық бақылауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді және азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын кеңейтеді.

Заң 2023 жылы 21 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Р. Рүстемов.

Заң қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жекелеген заңнамалық актілерді «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы негізгі Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді іске асыру Су, Әкімшілік рәсімдік-процестік, Экология кодекстеріне және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Табиғи монополиялар туралы» заңдарына бір мезгілде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда мәслихат депутатының құқығы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке қатысты мәселелер бойынша петициялар жазу жөнінде ұсынымдар мен консультациялар беру, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың петицияларды қарауына мониторинг жүргізу, петицияларды мәслихат сессиясының қарауына шығару жөніндегі нормалармен толықтырылып отыр.

Сондай-ақ «Құқық қорғау қызметі туралы», «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдар мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің, әскери оқу орындары тәрбиеленушілерінің, ұландардың, кадеттердің, курсанттардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын отбасы мүшелерінің олардың өмірімен және тұрмысымен танысу үшін баруын сол органның басшысы белгілеген тәртіппен жүзеге асыруы туралы нормалармен толықтырылды.

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Заңға университетте, зияткерлік мектептерде қоғамдық бақылау «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатыны туралы норма енгізілді.

Заң қоғамдық бақылау саласын реттеудің нормативтік негізін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңартуға мүмкіндік береді және қоғамдық бақылау саласындағы ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң 2023 жылы 21 қыркүйекте Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Астанада (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Т. Жүнісов.

Заңның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және нығайту болып табылады.

Заңның міндеті 2023 жылғы 23 мамырда Женева қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы Астанадағы (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім Қазақстан Республикасында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық өңірлік комитетінің (бұдан әрі – ДДҰ ЕӨК) жетпіс үшінші сессиясын тиімді ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Келісімге сәйкес, Астана қаласында ДДҰ ЕӨК жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру қазақстандық тараптың міндеттемесі болып табылады.

Келісім ұйымдастырушылық хаттамалық сипаттағы нормаларды қамтиды.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер: Астанада ДДҰ ЕӨК жетпіс үшінші сессиясын өткізуге байланысты ДДҰ ұсынатын материалдық-техникалық ресурстарды, қызметтерді және құқықтық мәртебені айқындау болып табылады.

Сондай-ақ, заңды ратификациялау ДДҰ-ға мүше елдер арасында Қазақстан Республикасының беделін нығайтуға және сенімін арттыруға ықпал ететін болады.

Заң 2023 жылы 2 қарашада Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Әлназарова.

Заңның негізгі мақсаты 2011 жылғы 19 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау болып табылады.

Заңның міндеті – Бала құқықтары туралы конвенцияда бекітілген құқықтар бұзылған жағдайларда балалардың немесе олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) жеке шағымдарын қарау тетіктерін белгілейтін Хаттаманы ратификациялау.

Хаттамаға сәйкес балалар немесе олардың өкілдері БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетіне өз құқықтарының бұзылғандығы туралы шағымдарды тікелей бере алады, ол өз кезегінде әрбір істі қарап, қатысушы мемлекеттерге нақты ұсынымдарды қамтитын шешімдер қабылдайды.

Ратификацияланатын Хаттамада адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар қамтылмайды. Осы құжатқа қол қою Қазақстанның бала құқықтарын қамтамасыз ету және балаларды құқықтық қорғау тетіктерін кеңейту жөніндегі міндеттемесін тағы да растайды.

Заң қабылданған кезде күтілетін нәтижелер: бала құқықтарын қорғау деңгейін арттыру, Қазақстан Республикасының азаматтарына өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүдделерін халықаралық қорғау құқығын қамтамасыз ету болып табылады.

Заң 2023 жылы 7 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Рахметова.

Заң қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Атап айтқанда, Заңда:

- қоғамдық бірлестіктер құру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру;
- азаматтарға топта кемінде үш адамнан тұратын қоғамдық бірлестік құруға мүмкіндік беру;
- еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін әлеуметтік қамсыздандыруды арттыру;
- айлық жалақының ең төменгі мөлшерін айқындау әдістемесін қарау және бекіту рәсімдерін заңнамалық тұрғыда бекіту мақсатында серпінді тәсілге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштерді ескеретін айлық жалақының ең төменгі мөлшерін айқындаудың жаңа әдістемесін ендіру;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне айлық жалақының ең төменгі мөлшерін айқындау жөніндегі әдістемені бекіту жөніндегі функцияларды енгізу;

- мемлекеттік еңбек инспекторларының өкілеттіктерін күшейту және кеңейту;

- жұмыскерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру мониторингін қамтамасыз ету;

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандыру процесін сүйемелдеудегі құзыретін кеңейту көзделеді.

Заң нормативтік базаны тұжырымдамалық тұрғыдан өзектендіруге мүмкіндік береді және қоғамдық бірлестіктерде ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғауға ықпал ететін болады.

Заң 2023 жылы 14 желтоқсанда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Әлназарова.

Заңның негізгі мақсаты 2021 жылғы 28 мамырда Минск қаласында қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Заңның міндеті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумақтарын төтенше жағдайлармен немесе төтенше жағдайлардың туындау ықтималдығымен байланысты ауруларға, сондай-ақ Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айқындалатын тізбелерге сай және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қатысты санитариялық қорғау жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізу үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Келісім денсаулық сақтау саласындағы халықаралық қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауға Келісім тараптарына мүмкіндік беретін ережелерді бекітуге бағытталған.

Заңды қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер Халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларға сәйкес денсаулық сақтау жүйесінде төтенше жағдайға әкелуі мүмкін жұқпалы аурулардың таралуын болғызбау жөнінде шаралар қабылдау арқылы ТМД-ға қатысушы мемлекеттерді санитариялық қорғау жөніндегі мемлекеттік санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізудегі ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды кеңейту болып табылады.

Заң 2024 жылы 18 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның мақсаты білім беру саласындағы және жетім балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңның негізгі міндеттері: жетім балалар үшін тәлімгерлік институтын енгізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарының басқару еркіндігін кеңейту болып табылады.

Заңмен әкімдіктерге білім беру сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті аумақтың білім беруді дамыту жоспарын әзірлеу және мәслихатқа енгізу, білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау бойынша жаңа функцияларды беру көзделеді.

Сондай-ақ Заңда орта білім беру ұйымдарында ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдалану қағидаларын бекіту, бірінші сыныпқа тестілеусіз қабылдау, балабақшаларға орын беру бойынша бірыңғай кезектілікті қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықты насихаттайтын, өзін-өзі өлтіруге итермелейтін, діни сипаттағы және т.б. ақпараттың таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау көзделген.

Заң техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау тәртібіне өзгерістер енгізеді.

Сондай-ақ, Заңмен тәлімгерлік институтын реттеу жөніндегі нормалар енгізіледі. Бұл институт Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары балалар үйлерінде тұратын жетім балаларға тегін негізде тәлімгер болуға құқылы екенін көздейді. Тәлімгер жеке қолдау көрсетеді және өз бетінше өмір сүруге дайындалуға көмектеседі. Заңда тәлімгерлерге қойылатын талаптар, олардың құқықтары мен міндеттері белгіленеді.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында терезе ойықтарын қауіпсіздік құлыптарымен міндетті түрде қамтамасыз ету бойынша заңнамалық талаптар белгіленеді. Денсаулық сақтау және білім беру объектілерін орналастыруды есепке алмай көппәтерлі тұрғын үйлерді салуға тыйым салынады.

Заңды қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер: білім беруді реттеудің ұлттық жүйесінің тиімділігін одан әрі күшейтуді және білім беру ұйымдарындағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жеке қолдау көрсетуді көздейтін оң құқықтық салдарлар болып табылады.

Заң 2024 жылы 1 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Қапбарова.

Заңның мақсаты 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы 2023 жылғы 13 ақпанда Мәскеу қаласында қол қойылған хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Хаттама Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттер денсаулық сақтау жүйесінің медициналық бұйымдарға тапшылығының туындау қаупін болдырмайтын, оларға деген қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Заңда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес медициналық бұйымды сараптау немесе тіркеу туралы өтініштер беру мерзімдерін 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту көзделген.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты нығайту және медициналық бұйымдардың неғұрлым тиімді ортақ нарығын қалыптастыру болып табылады.

Заң 2024 жылы 29 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Арғынбекова.

Заң халықты сапалы және қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету, пациенттердің мемлекет кепілдік берген құқықтарын іске асыру, медициналық мамандықтың мәртебесі мен беделін арттыру мақсатында әзірленді.

Заң медицина қызметкерлерін қаржылық және әлеуметтік қолдау жүйесін енгізуге, оларды құқықтық қорғауға; медицина қызметкерлерінің кәсіби жауаптылығын сақтандыру жүйесін қалыптастыру және одан әрі дамыту үшін жағдайлар жасауға; азаматтардың медициналық көмек көрсету кезінде денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқықтарын қорғауға; денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық қызметтер көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.

Заңды қарау барысында Парламент Сенатында мыналарды:

Заңда шегілмейтін темекі бұйымдарының, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың айналымы үшін қылмыстық жауаптылықтың заңмен белгіленуіне байланысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен электрондық тұтыну жүйелері мен оларға арналған сұйықтықтарды сату, пайдалану, оларға демеушілік көрсету үшін жауаптылықты регламенттейтін нормаларды алып тастауды;

шегілмейтін темекі бұйымдары мен вейптердің тауар белгісінің элементтерін және (немесе) атауын пайдалана отырып, тауарларды

(жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауға, сондай-ақ шегілмейтін темекі бұйымдары мен вейптерге сұраныс пен қызығушылықты ынталандыруға бағытталған түрлі іс-шараларды, оның ішінде жүлделер ұтыс ойындарын, лотереяларды өткізуге тыйым салуды белгілеуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2024 жылы 14 наурызда Сенат отырысында Заңның жекелеген баптары мақұлданбай Мәжіліске қайтарылды.

10. «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның негізгі мақсаты 2023 жылғы 8 маусымда Сочи қаласында қол қойылған Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер азаматтарының ғылыми дәрежелерін олардың аумағындағы еңбек көші-қоны шеңберінде тануды көздейді.

Келісімге сәйкес философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты және ғылым докторы сияқты ғылыми дәрежелер туралы құжаттар, мұндай құжаттардың иелері жұмысқа орналасу мемлекетінде белгіленген ғылыми дәрежесі үшін үстемеақыларға үміткер болған жағдайларды қоспағанда, ұлттық тану рәсімдері жүргізілмей танылады.

Заңның міндеті: Шартқа қатысушы басқа елде еңбек қызметін жалғастыру кезінде ЕАЭО-ға қатысушы 5 ел ғалымдарының дипломдарын автоматты түрде тануды көздейтін Келісімді ратификациялау болып табылады және ол ЕАЭО кеңістігінде еңбек ресурстарының еркін қозғалысын қамтамасыз ету арқылы ЕАЭО еңбек нарығын нығайтуға, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер азаматтарының кәсіби қызметке қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Заңның қабылдануы теріс саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық және өзге де салдарларға, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржылық шығындарға алып келмейді.

Заң қабылданған кезде күтілетін нәтижелер: ғылыми кадрлармен алмасуды ынталандыру және ЕАЭО-ға мүше елдердің білім беру жүйелерін интеграциялау болып табылады, бұл ЕАЭО шеңберінде университеттер мен зерттеу институттары арасындағы ғылыми байланыстарды нығайтуға алып келеді.

Заң 2024 жылы 3 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Т. Жүнісов.

Заңның мақсаты ғылым және білім беру саласындағы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заңның негізгі міндеттері ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға, ғалымдар үшін әлеуметтік кепілдіктерді жақсартуға және ғылымдағы қаржы ресурстарын пайдалануды оңтайландыруға бағытталған жаңашылдықтар енгізу болып табылады.

Заңда жергілікті атқарушы органдарға ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру құқығын беру көзделеді. Атап айтқанда, өңірдің басым бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды ұйымдастыру және іске асыру бойынша құзыреттер енгізіледі.

Сондай-ақ, заңда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінде ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысатын педагогтерге, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғылыми қызметкерлерге негізгі жалақыға қосымша ақы белгілеу жөніндегі нормалар көзделеді. Жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда жұмыс істейтін ғалымдар үшін ғылыми, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-техникалық сипаттағы жұмыстарды аяқтау үшін шығармашылық демалысқа құқық беріледі.

Заңда ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ұстанатын әдеп қағидаттарының, қағидалары мен нормаларының жиынтығы ретінде «ғылыми әдеп» ұғымы енгізіледі, сондай-ақ ғылыми әдептің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі уәкілетті органның құзыреті айқындалады.

Сондай-ақ, заңмен мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу орындарына түсу кезінде жеңілдіктер, сондай-ақ жатақханадан орын алуға басым құқық беріледі.

Бұдан басқа, заңда жер қойнауын пайдаланушылар субъектілерінің қаражаты есебінен іске асырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды жүргізу тәртібі регламенттеледі.

Заң қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер: ғылыми қызметкерді әлеуметтік қорғауды күшейту, ғалымның беделін және ғылыми қызметкердің еңбек тиімділігін арттыру, сондай-ақ ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін арттыру болып табылады.

Заң 2024 жылы 18 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

12. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Арғынбекова.

Заңның мақсаты 2022 жылғы 28 қазанда Астана қаласында қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің

қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты және биологиялық қатерлерге қарсы іс-қимылдың ұжымдық жүйесін дамытудың құқықтық негіздерін нығайтуға бағытталған.

Келісімнің ережелері төтенше жағдайларды жою бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттеріне көмек тәртібін регламенттейді, сондай-ақ мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар құруды көздейді және жұмыстың негізгі бағыттарын және оларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде пайдалану шарттарын айқындайды.

Келісімге сәйкес, мамандандырылған эпидемияға қарсы бригада жұмысының негізгі бағыттары: инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын анықтау; қауіпті инфекциялық аурулардың эпидемиялық ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге қатысу; сұрау салушы Тарап мемлекетінің медициналық ұйымдарына консультативтік-әдістемелік және практикалық көмек көрсету болып табылады.

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларды тарту үшін:

- Тәуелсіз мемлекеттер Достастығына қатысушы бір мемлекеттің күшімен және құралдарымен жою мүмкін болмайтын төтенше жағдайлар және тек сол мемлекеттің өтініші;

- аумақтарына төтенше жағдайлар әсер еткен мемлекеттермен трансшекаралық таралатын және келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыруды талап ететін төтенше жағдайлар негіз болып табылады.

Келісім эпидемияға қарсы бригаданы төтенше жағдай аймағына көшіру, мемлекеттік шекара арқылы басымдықпен өткізу, жарақтар мен шығыс материалдары транзиті, жеке құрамның еңбегіне ақы төлеу және оларды сақтандыру, тамақ және орналасқан жерді қорғау мәселелерін реттейді.

Келісімді қабылдау қауіпті инфекциялық аурулардан немесе жаппай инфекциялық емес аурулардан (уланулардан) туындаған, аумақты санитарлық қорғау бойынша ұлттық және (немесе) халықаралық деңгейде үйлестірілген ден қою шараларын талап ететін төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қажетті іс-шараларды бірлесіп өткізу бойынша Келісімге қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығына жәрдемдесетін болады.

Заңды қабылдаған кезде күтілетін нәтижелер қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайларға мониторинг және шұғыл ден қою жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Заң 2024 жылы 25 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

13. «Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Қапбарова.

Заңның мақсаты 2005 жылғы 6 желтоқсанда Женевада жасалған Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Хаттама қолжетімді медицинаға мұқтаж елдердің дәрілік препараттарға қолжетімділігін оңайлатуға бағытталған.

Хаттамамен Дүниежүзілік сауда ұйымына қатысушы елдерге патенттелген дәрілік заттардың құқық иесінің рұқсатынсыз кейіннен экспорттау үшін мәжбүрлі лицензиялары бойынша дәрілік заттарды өндіруге құқық беріледі.

Хаттаманың ережелеріне сәйкес, егер мәжбүрлі лицензияны экспорттаушы мүше мемлекет Хаттама шеңберінде берген болса, онда бұл мемлекет экспортталатын тауарлардың экономикалық құнын ескере отырып, патент иесіне тиісті сыйақы төлейді.

Кейіннен экспорттау үшін мәжбүрлі лицензия бойынша дәрілік заттарды өндіру нақты импорттаушы елдің қажеттіліктері үшін қажетті көлемде жүзеге асырылатыны мәжбүрлі лицензияларды беру шарттарымен нақтыланады. Бұл ретте дәрілік заттарды өндіру қоғамдық денсаулық сақтау мақсатында ғана жүзеге асырылады.

Заңды қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер дәрілік препараттарға қол жеткізуді оңайлату, елдегі фармацевтика өнеркәсібінің дамуына жәрдемдесу, сондай-ақ сауданы дамыту үшін Қазақстанның әлемдік нарықтарға қол жеткізуіне қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Заң 2024 жылы 25 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

14. «Масс-медиа туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Қапбарова.

Заң Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес әзірленді.

Заңға бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының «Телерадио хабарларын тарату туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» қолданыстағы заңдарының нормалары, сондай-ақ бірқатар жаңа нормалар енгізілді.

Атап айтқанда, заң мынадай жаңашылдықтарды көздейді:

- отандық контентті дамыту мақсатында мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына гранттар беру арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктерін жетілдіру;

- бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарына қойылатын талап қоюдың ескіру мерзімін (бір жыл) белгілеу;

- БАҚ-тың сұрау салуларын қарау мерзімдерін 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқарту;

- журналистердің әдеп кодексін әзірлеу жөніндегі функцияны бекіте отырып, медиа саланы дамыту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша қоғамдық-кәсіптік кеңес құру;

- мемлекеттік тілдегі теле-, радиобағдарламалардың апта сайынғы көлемін 50%-дан 60%-ға дейін ұлғайту, 5%-дан кезең-кезеңімен көшу (2025 жылдан бастап 55%, 2027 жылдан бастап 60%);

- отандық теле-, радиоарналардағы қазақстандық авторлардың/орындаушылардың отандық теле-, радиобағдарламалары мен музыкалық шығармаларының санын 50%-дан 60%-ға дейін ұлғайту (сондай-ақ көрсетілгенге ұқсас кезең-кезеңмен енгізу ұсынылды);

- отандық теле-, радиоарналарда шетелдік теле-, радиобағдарламалардың ретрансляциясын 20%-дан 10%-ға дейін азайту;

- уәкілетті органның құзыретіне қоғамның адамгершілік тұрғысынан дамуына зиян келтіру және жалпыадамзаттық, ұлттық, мәдени және отбасылық құндылықтардың бұзылуы тұрғысынан бұқаралық ақпарат құралдарын мониторингтеу жөніндегі функцияларды енгізу;

- журналистің кәсіби қызметінің құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету;

- суицид жасау тәсілдері және суицид жасауға шақыру туралы ақпарат таратуға тыйым салуды белгілеу;

- жергілікті атқарушы органдардың дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғысы бар қоғамдық көлікте мемлекеттік теле-, радиоарналардың өнімін және (немесе) эфирін таратуды қамтамасыз етуі және бақылауы.

Заң нормативтік базаны тұжырымдамалық тұрғыдан өзектендіруге мүмкіндік береді және бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылы 6 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Қапбарова.

Заң қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жекелеген заңнамалық актілерді «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының негізгі Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

Жоғарыда аталған ережелерді іске асыру мақсатында Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Кәсіпкерлік, Азаматтық процестік кодекстерге, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және басқа да заңдарға «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөзді «масс-медиа» деген сөзбен ауыстыру бойынша түзетулер енгізілді.

Заң 2024 жылы 6 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

16. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Қапбарова.

Заң Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің кейбір нормаларын «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Атап айтқанда, Кодексте «бұқаралық ақпарат құралы» деген сөздерді Кодекстің тиісті баптарындағы «масс-медиа» деген сөздермен ауыстыру бөлігінде түзетулер енгізілді.

Сондай-ақ, Кодекстен телерадио хабарларын тарату туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық туралы нормалар алып тасталады, өйткені «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен «Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңының күші жойылды деп танылады. Бұл ретте Кодекстің Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын бұзуға қатысты нормаларына (Кодекстің 451-бабы) медиаконтентті реттеу саласындағы заңнамалық шараларды нығайтуды және Қазақстан Республикасында ақпараттық хабар тарату сапасын қамтамасыз етуді көздейтін өзгерістер енгізіледі.

Заң масс-медиа саласын реттеудің нормативтік негізін тұжырымдамалық тұрғыдан өзектендіруге мүмкіндік береді және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылы 6 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

17. «Ғылым және технологиялық саясат туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңның мақсаты ғылым және технологиялық саясат мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіру болып табылады.

Заң ғылымды басқару моделін жетілдіруге, Ғылым қорының қызметін регламенттеуге, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құқықтық мәртебесін айқындауға бағытталған құқықтық нормаларды көздейді, сондай-ақ ғылыми инфрақұрылымның негізгі элементтерін, ғылыми ұйымдарды қаржыландыру тәртібін, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілеріне олардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламаларын іске асыруда жәрдемдесу шараларын айқындайды.

Ғылымды дамытуды, оның ішінде ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру арқылы ынталандырудың мемлекеттік шаралары, сондай-ақ ғылыми қызметті мемлекеттік қолдау шаралары айқындалады.

Бұдан басқа, Заңда ғылыми-техникалық ақпаратты жинауды, өңдеуді және талдауды қамтамасыз ету тетіктері, іске асыруға ұсынылатын ғылыми зерттеулердің негізділігі мен технологиялық әзірлігін бағалаудың жаңа тетіктерін енгізу бекітіледі.

Заң қабылданғаннан кейін ғылымның ел экономикасын дамытуға және елдің ғылыми әлеуетін арттыруға қосатын үлесінің жақсаруы күтілуде.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат, платформалық жұмыспен қамту және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңмен Азаматтық, Кәсіпкерлік және Әлеуметтік кодекстерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 6 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлік қоғам жоғары ғылыми ұйым нысанында коммерциялық емес ұйым болып қайта құрылуға құқылы екендігі туралы норма енгізіледі.

Кәсіпкерлік кодекс оған сәйкес инновациялық қызмет саласында толық ғылыми цикл жобасы деп ғылыми мазмұны бар өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жасауға бағытталған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері іске асыратын, үйлестірілген ғылыми, ғылыми-техникалық жұмыстар кешені түсінілетін нормамен толықтырылады.

Интернет-платформалар операторларын әлеуметтік аударымдарды төлеушілер және міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер деп тану мақсатында Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі нормалар енгізіледі.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер: ғылымның ел экономикасын дамытуға қосқан үлесін жақсарту, сондай-ақ ғылыми әлеуеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

19. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Нухұлы.

Заңда кәсіпкерлерді ғылыми жетістіктерді өнеркәсіптік пайдалануға енгізу, оның ішінде тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға байланысты шығыстар бойынша салық салынатын табысты азайту жолымен ынталандыру, сондай-ақ зерттеу университеттерінің жанынан ғылыми орталықтар құру кезінде салықтық преференциялар беру шаралары көзделеді.

Заң мыналарға бағытталған бірқатар түзетулер енгізуді көздейді:

- интернет-платформа операторларын салық агенттері деп тану және олар үшін арнаулы салық режимін белгілеу жолымен платформалық жұмыспен қамту арқылы қызмет көрсететін өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ресімдеу және тарту;

- Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу, халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану үшін мүлікке салынатын салық мөлшерлемесінің қолданылу мерзімін ұзарту;

- пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен арттыру.

Заң 2024 жылы 20 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

20. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Рахметова.

Заңның мақсаты азаматтарды құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу кезінде ойынға тәуелділікті (лудоманияны) қалыптастырудан қорғау бөлігінде заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Жоғарыда аталған ережелерді іске асыру Азаматтық, Қылмыстық, Қылмыстық-атқару, Кәсіпкерлік, Еңбек, Экология кодекстеріне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Жарнама туралы», «Байланыс туралы», «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы», «Ойын бизнесі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Лотереялар және лотерея қызметі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына бір мезгілде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Заңмен енгізілетін түзетулер электрондық казино мен интернет-казино қызметін ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауаптылықты енгізуді, 21 жасқа дейінгі адамдарға, сондай-ақ сатушының тікелей қатысуынсыз сауда автоматтары, өзге де электрондық немесе механикалық құрылғылар арқылы энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салуды, құмар ойындарға тәуелді адамдарды медициналық оңалту тәртібін белгілеуді және оларға консультациялық медициналық бақылау енгізуді, мемлекеттік еңбек инспекциясын жергілікті атқарушы органдардан еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға беруді көздейді.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

21. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә. Рахметова.

Заң Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) жекелеген нормаларын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңның ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Атап айтқанда, Кодексте 21 жасқа дейінгі адамдарды, Борышкерлердің бірыңғай тізілімінде тұрған адамдарды, сондай-ақ құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуы шектелген адамдарды қатысуға жібергені үшін (орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың АЕК мөлшерінде айыппұл, аталған құқық бұзушылықты қайта жасаған кезде – лицензияның қолданылуын тоқтата тұру) әкімшілік жауаптылықты енгізу, сондай-ақ лицензиясы жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне шартты түрде қолжетімді карталарды және телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радио сигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдығын таратқаны үшін (жеке тұлғаларға – 10, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 30, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 50 АЕК мөлшерінде айыппұл) әкімшілік жауаптылық енгізу бойынша түзетулер енгізілген.

Заң ойын бизнесі саласын реттеудің нормативтік негізін өзектендіруге мүмкіндік береді және ойын бизнесі саласындағы ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

7.1.6. АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат О. Булавкина.

Заңның мақсаты 2022 жылғы 30 қарашада Парижде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісімнің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында жаңартылатын энергия көздері, орнықты даму саласындағы ірі жобаларды ілгерілету, әзірлеу және іске асыру арқылы жаһандық жылынуға қарсы күрестегі ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

Келісім Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасының энергетикалық қауіпсіздік саласындағы мақсаттарына, басымдықтары мен міндеттемелеріне қол жеткізуге, экологиялық таза технологияларға көшуге және шығарындыларды қысқартуға жәрдемдесетін жобаларды ілгерілетуге бағытталған.

Келісім шеңберінде ірі жобаларды іске асыру жоспарлануда. Мәселен, Келісімде Жамбыл облысы Мирный кентінің аумағында жалпы қуаты 1 ГВт жел энергиясын пайдаланатын гибридті электр станциясын іске асыруды, әзірлеуді, салуды және пайдалануды көздейтін Мирный жобасын іске асыру көзделеді.

Бұл жобаны іске асыру жаңартылатын энергия көздері секторын дамытуды жалғастыруға, нысаналы индикаторларға қол жеткізуге, сондай-ақ жыл сайынғы көмірқышқыл газының шығарындыларын кемінде 2 млн тоннаға қысқартуға мүмкіндік береді.

Мирный жобасы 250 тұрақты жұмыс орнын, 2500 уақытша жұмыс орнын құруға және 820 млрд теңгеге жуық инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже БҰҰ жүйесі шеңберінде климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы әмбебап халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелерін іске асыру болады.

Заң 2024 жылы 18 қаңтарда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Арубаев.

Заң жайылымдарды басқару және пайдалану саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заңмен Жер және Орман кодекстеріне, «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларының қолданысын және «ҚР Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы ҚР Заңының қолданысқа енгізілуін тоқтата тұру туралы» және «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Жер кодексіне облыстың жергілікті атқарушы органдарының жайылымдардың тозуына және шөлейттенуіне қарсы күрес, сондай-ақ жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және бекіту жөніндегі өкілеттіктерін кеңейтуді көздейтін түзетулер енгізіледі.

Жер қатынастарын реттеу саласындағы төмен тұрған жергілікті атқарушы органдарға (аудандық, облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтердің) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды іске асыру, жайылымдардың тозуына және шөлейттенуіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру, сондай-ақ жайылымдарды суландыру бойынша функциялар бекітіліп берілді.

Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) және халықтың мал жаюы үшін уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен жер учаскелерін беру жөніндегі нормалар алып тасталады.

Мал жаю үшін қажетті ауыл шаруашылығы жануарларының санын жүктеме нормасын 20%-дан 50%-ға дейін ұлғайту арқылы жайылымдарды пайдаланбау өлшемшарттарын қатаңдату ұсынылады.

Халықтың мұқтажын қанағаттандыруға арналған жайылымдарды ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа түрлеріне ауыстыруға тыйым салу енгізіледі.

ҚР Орман кодексіне орман және табиғат қорғау мекемелерін жыл сайын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына шөп шабу және мал жаю мүмкін болатын мемлекеттік орман қорының учаскелері туралы мәліметтер беруге міндеттейтін түзету енгізіледі.

«Жайылымдар туралы» Заңға ауыл халқының малын жаюға арналған елді мекеннің айналасындағы жерлердің мәртебесін күшейтуге бағытталған «көпшілік пайдаланатын жайылымдар» ұғымы енгізіледі.

Жайылымдарды ұтымды пайдаланудың проблемалық мәселелерін шешу мақсатында Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың құрамы мен мазмұнын нақтылауға бағытталған түзетулер енгізілді. Аталған Жоспарды ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органы бес жылға бекітетін болады.

Заң 2024 жылы 15 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ж. Жөргенбаев.

Заңның мақсаты 1997 жылғы 21 мамырда Нью-Йоркте жасалған Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау болып табылады.

Конвенция бөліктері әртүрлі мемлекеттерде орналасқан жер үсті және жер асты суларын әділ және тұрақты басқаруға жәрдемдесудің жаһандық құқықтық тетігін білдіреді.

Конвенцияға сәйкес мемлекеттер өздерінің тиісті аумақтары шегінде халықаралық су ағынын әділ және ақылға қонымды түрде пайдаланады. Халықаралық су ағындарын әділ және ақылға қонымды пайдалану келесі факторлар мен жағдайларды:

- географиялық, гидрографиялық, гидрологиялық, климаттық, экологиялық және табиғи сипаттағы басқа да факторларды;
- тиісті су ағыны мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін;
- халықтың әрбір су ағыны мемлекетіндегі су ағынына тәуелділігін;
- бір су ағыны мемлекетіндегі су ағынын пайдаланудың бір немесе бірнеше түрінің басқа су ағыны мемлекеттеріне әсерін;
- су ағынын пайдаланудың қолданыстағы және әлеуетті түрлерін;
- су ағынының су ресурстарын сақтау, қорғау, игеру және оны пайдаланудың үнемділігін және осы мақсаттарда шаралар қабылдауға жұмсалатын шығындарды;
- салыстырмалы мәні бар, жоспарланған немесе қолданыстағы пайдалану түріне баламалардың болуын қамтиды.

Конвенцияға сәйкес мемлекеттер өз аумағында халықаралық су ағынын пайдаланған кезде басқа мемлекеттерге елеулі залал келтірудің алдын алу үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

Су ағыны мемлекеттері тұрақты негізде су ағыны, судың сапасы және тиісті болжамдар туралы оңай қол жетімді деректермен және ақпараттармен алмасуы мүмкін. Сондай-ақ, су ағыны мемлекеттері бір-бірімен консультация өткізіп, халықаралық су ағынының жай-күйі үшін жоспарланған шаралардың ықтимал салдары туралы келіссөздер жүргізе алады.

Су ағыны мемлекеті Конвенцияға сәйкес олардың кез келгенінің өтініші бойынша бірлескен тетік құруды қамтуы мүмкін халықаралық су ағынын басқаруға қатысты консультациялар жүргізеді.

Бұдан басқа, су ағыны мемлекеттері өз аумағы шегінде халықаралық су ағынына жататын құрылыстарды, қондырғыларды және басқа да объектілерді сақтау және қорғау үшін барлық шараларды қабылдауы тиіс.

Тұтастай алғанда Конвенцияны ратификациялау халықаралық су ағынын пайдалану саласындағы өзекті мәселелерді шешуге оң әсерін тигізеді.

Заң 2024 жылы 29 ақпанда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Өтеғұлов.

Заңның мақсаты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы Мәскеу қаласында 2023 жылғы 25 мамырда қол қойылған хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Хаттама Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық реттеу, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, тарифтік емес реттеу және мемлекеттік сатып алу мәселелеріне қатысты қолданыстағы құқықтарында орын алған олқылықтарды жоюға бағытталған.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа енгізілетін түзетулер:

- Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесіне енгізілмеген зиянды организмдерге қатысты шұғыл фитосанитариялық шараларды мүше мемлекеттердің енгізу мүмкіндігін көздейді. Осы ретте мүше мемлекет бұл туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны, Одақтың басқа мемлекеттерін хабардар етеді және кедендік аумақта осындай шараны енгізу туралы ұсыныс жасайды.
- электрондық форматта өткізілетін сатып алуларға қатысуға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ұлттық электрондық цифрлық қолтаңбаны өзара тануды;
- тауарларды әкелу және әкету кезінде рұқсат ету құжаттарын алу (рәсімдеу) процестерін жеңілдетуді көздейді.

Хаттаманы ратификациялау:

- ЕАЭО шеңберінде интеграциялық процестерді одан әрі нығайтуды қамтамасыз етуге;
- құқық қолдану практикасы барысында анықталған ЕАЭО-ның қолданыстағы құқығында орын алған олқылықтарды жоюға;
- 2025 жылға дейін Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытуға бағытталған стратегиялық бағыттардың іс-шараларын іске асыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Заң 2024 жылы 29 наурызда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Өтеғұлов.

Заң органикалық өнім өндірісі мен айналымы саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әзірленді және органикалық өнімнің

ішкі нарығын қалыптастыруға және дамытуға, отандық тамақ өнімдерін өндірушілерді органикалық өнім өндіруге ынталандыруға және олардың сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Заңда органикалық өнім өндірісіне көшудің негізгі шарттары көзделген, оны өндіруге және таңбалауға, органикалық өнім айналымына тікелей талаптар белгіленген, сондай-ақ органикалық өнімді есепке алу және қадағалау жүйесі енгізілген.

Сонымен қатар, заңнамалық түзетулер органикалық өндіріс үшін пайдаланылатын органикалық өнімдерді, ауылшаруашылық өсімдіктерінің тұқымдарын және ауылшаруашылық жануарларын өндірушілердің тізілімдерін жасауды және жүргізуді көздейді.

Органикалық өнім өндіру процесін сертификаттау көзделеді. Бұл тәсіл өндірістік процестерді нақтылайды және халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Бұдан басқа, сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұрудың және тоқтатудың (тоқтатудың) негізі айқындалды.

Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде (жай серіктестік) органикалық өнім өндірушілердің топтық сертификаттаудан өту мүмкіндігі бар. Бұл органикалық өндірушілердің ынтымақтастығы мен интеграциясына ықпал етеді және белгілі бір өндіруші үшін сертификаттауға кететін шығындарды азайтады.

Органикалық өнімді қолдан жасаумен күресу үшін органикалық өнімді таңбалау қарастырылған. Мұндай таңбалау сәйкестік сертификаты болған жағдайда ғана жүзеге асырылады, ал оның жарнамасында тек «органикалық» деген сөз бен оның туындылары қолданылуы мүмкін.

Агроөнеркәсіптік кешендегі сұранысқа ие бағыт ретінде органикалық ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында Заң органикалық өнім өндірісі мен айналымы саласындағы ғылыми қамтамасыз етуді регламенттейтін баппен толықтырылды.

Жалпы, Заң елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сапалы және экологиялық таза өнімді тұтынуға оң әсер етеді.

Заң 2024 жылы 30 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндірісі және айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Өтеғұлов.

Заңның мақсаты қолданыстағы заңнама нормаларын «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Заңмен Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының Экология кодексіне және «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына мыналарды:

- органикалық өнім айналымы саласында бақылауды жүзеге асыруды;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін экологиялық таңбалау жөніндегі ережені алып тастауды;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға органикалық өнім айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту бойынша құзыреттер беруді;
- жергілікті атқарушы органдарға органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асыру құзыретін беруді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Жалпы, Заң өндірілетін және экспортталатын органикалық өнімнің көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ отандық органикалық өнім өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Заң 2024 жылы 30 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

7. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А. Өтеғұлов.

Заңның мақсаты әкімшілік заңнама нормаларын «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» Заңның ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Заңмен жергілікті атқарушы органдардан бақылаудың тиісті функцияларын алып тастауға байланысты органикалық өнім өндірісі саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауаптылық алынып тасталады (ҚР ӘҚБтК 408-1-бабы).

Бұл ретте сәйкестікті растау жөніндегі органдар азаматтық-құқықтық қатынастар шеңберінде органикалық өнім өндірушілердің қызметіне инспекциялық бақылауды жүзеге асыратынын, ал органикалық өнімді өткізу сатысында органикалық өнім өндірісі мен айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органға көзделгенін атап өту қажет.

Әкімшілік заңнама нормаларын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерін айқындау қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және микроқаржылық қызмет туралы заңнаманы және банк заңнамасын бұзған кезде Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісі негізінде жүзеге асырылатын түзету көзделеді.

Заң 2024 жылы 30 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (Балық аулау субсидиялары жөніндегі келісім) ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат З. Кузиев.

Заңның мақсаты 2022 жылғы 17 маусымда Женевада қол қойылған Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (Балық аулау субсидиялары жөніндегі келісім) (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Хаттама жоғарыда аталған Марракеш келісіміне Әлемдік мұхитқа шығатын теңіздер мен су айдындарында балық аулауды және онымен байланысты қызметті жүзеге асыру мәселелерін реттейтін балық аулау субсидиялары жөніндегі келісімді оған қосу бөлігінде өзгерістер енгізуге бағытталған.

Келісімнің негізгі мақсаты – заңсыз, хабарланбайтын және реттелмейтін балық аулауды, сондай-ақ қайта ауланатын қорларды субсидиялауға тыйым салуды жүзеге асыру.

Келісімде 12 бап қамтылған, онда мыналар көзделеді:

- балық аулау саласындағы негізгі ұғымдар;
- апаттар кезінде көмек көрсетуге арналған субсидиялардың түрлері;
- кемені заңсыз балық аулауға күдіктену тұрғысынан анықтау және уақытша ұстау туралы хабарлау тәртібі, балық аулау субсидиялары жөніндегі Комитеттің ережесі және т.б.

Тұтастай алғанда, хаттаманы ратификациялау биологиялық ресурстарды сақтауға және ұтымды пайдалануға, сондай-ақ олардың орнықты пайдаланылуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Заң 2024 жылы 6 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және электрмобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Дүйсембинов.

Заң нормалары Қазақстан Республикасында экологиялық таза көлікті насихаттауға және электрмобильдер үшін инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Заңмен ортақ пайдаланылатын жер учаскелерін электрмобильдер үшін беру, электрқуаттау станцияларын орналастыру, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінде орналастыру мәселелері көзделеді.

Жергілікті атқарушы органдарға электрқуаттау станцияларын орналастыру туралы шешім қабылдау бойынша, сондай-ақ электрқуаттау станциялары үшін инженерлік инфрақұрылым ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша өкілеттіктер беріледі.

«Электрмобиль» және «электрқуаттау станциясы» деген жаңа ұғымдар енгізіледі. Электр энергиясын қосу, пайдалану және тұтыну кезінде электрқуаттау станцияларының қауіпсіз жұмыс істеуі бойынша талаптар белгіленді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағындағы жолдарды; елді мекендерді егжей-тегжейлі жоспарлауды; елді мекендердің қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақтарын; аумақтық-көліктік жоспарлау схемаларын, елді мекендердің бас жоспарларын және т. б. жобалау кезінде электрқуаттау станцияларымен қамтамасыз ету бойынша міндетті талаптар айқындалды.

«Tb» және «D» санаттарының жүргізушілеріне жоғары сұраныс мәселесін шешу мақсатында автокөлік құралдарын басқаруға рұқсат беру үшін талаптар 23 жастан басталатын болып жеңілдетілді, сондай-ақ жүргізушінің жұмыс өтілі 3 жылға дейін, «D1» кіші санатына кемінде бір жылға дейін қысқартылды.

Заңмен азаматтардың жеңілдікті санаттарын көлік құралдарының орынтұрағын пайдаланғаны үшін төлемақыдан босату ұсынылады: Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, еңбек ардагерлері, I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар: мүгедектігі бар баланың заңды өкілдері, көп балалы аналар, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтар, электрмобильдердің иелері.

Заңның қабылдануы көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту арқылы көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ықпал етеді деп күтілуде.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С. Дүйсембинов.

Заң электр желілеріне өз бетінше қосылғаны үшін, сондай-ақ электрқуаттау станцияларымен жабдықталған орындарда көлік құралдарын тоқтату немесе тұраққа қою ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу мақсатында әзірленген.

Мәселен, Заңмен электр желілеріне өз бетінше қосылғаны үшін жеке тұлғаларға – 50 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 100 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 500 АЕК мөлшеріндегі айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көздеу ұсынылады. Әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған кезде айыппұлдардың барлық мөлшері екі есе артады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органдарға электр желілеріне өз бетінше қосылуға байланысты істерді қарау бойынша өкілеттіктер беру ұсынылады.

Жол-көлік оқиғасы оңайлатылып ресімделген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайтын, ал басталған іс тоқтатылуға жататын түзету көзделеді (Еурохаттама толтыру).

Бұдан басқа, істердің жекелеген санаттары бойынша сот орындаушысының қатысуын жоққа шығаруға байланысты, айыппұл салу туралы қаулыны немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы мемлекеттік сот орындаушыларына емес, әділет органдарына жіберу ұсынылады.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мініс және мініс-жегін бағыттарындағы жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Е. Әйткенов.

Заң мініс және мініс-жегін бағыттарындағы жылқылардың отандық тұқымдарын дамытуға, сондай-ақ оның қасиеттерін сақтай отырып, мал басын ұлғайтуға және осы бағытта асылдандыру жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Заңда «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» және «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізіледі.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңға осы салада асыл тұқымды жылқыларды өсіруді ынталандыру мақсатында Қазақстан аумағында өсірілген мініс және мініс-жегін бағыттарындағы жылқылардың асыл тұқымды мал басын күтіп-ұстауға жұмсалған шығындарды өтеу бөлігінде толықтыру енгізіледі.

Сонымен қатар Заңмен ұғымдық аппаратқа «асыл тұқымды жануар» және «тұқым стандарты» сияқты түзетулер енгізіледі.

Енді асыл тұқымды жануарларға Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тұқым стандартына сәйкес келетін және республикалық палатада тіркелген таза тұқымды жануарлар жатады.

Бұдан басқа фенотиптік және өнімді көрсеткіштерге қойылатын ең төмен талаптарды ғана емес, сонымен қатар басқа көрсеткіштерді де қамтитын «тұқым стандарты» ұғымдары нақтыланады.

Жалпы Заң елдегі асыл тұқымды отандық жылқыларды сақтап қана қоймай, осы жануарлардың мал басын көбейтуге бағытталған.

Заң 2024 жылы 27 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

VIII. СЕНАТ КОМИТЕТТЕРІ ӨТКІЗГЕН ІС-ШАРАЛАР

(2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 28 маусым)

Комитеттің атауы	**Парлам. тыңдау**	**Үкімет сағаты**	**Көшпелі іс-шаралар**	**Дөңгелек үстелдер және басқа**	**Кездесу-лер**	**Барлығы**
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті			7	10	2	**19**
Қаржы және бюджет комитеті		1	5	7	9	**22**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	1		13	4	6	**24**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	1	1	5	12	19	**38**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті		1	13	12	4	**30**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті		1	9	7	12	**29**
Барлығы:	**2**	**4**	**52**	**52**	**52**	**162**

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУЛАР – 2

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 1

2023 жылғы 8 желтоқсан – Азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша парламенттік тыңдаулар.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 1

2024 жылғы 24 мамыр – «Қазақстан Республикасы Президенттінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбындағы парламенттік тыңдаулар.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ – 4

Қаржы және бюджет комитеті – 1

2023 жылғы 27 қазан – «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде салық саясатының және салықтық әкімшілендіруді жаңғыртудың негізгі тәсілдері мен тұжырымдамалық мәселелері» тақырыбына арналған Үкімет сағаты.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 1

2023 жылғы 10 қараша – Сенат Төрағасының қатысуымен Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту» тақырыбындағы Үкімет сағаты.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 1

2024 жылғы 20 ақпан – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағаты.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 1

2023 жылғы 24 қараша – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Аграрлық ғылымды дамытудағы және агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандарды даярлаудағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет сағаты.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ – 52

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 7

2023 жылғы 20 қазан – Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің II сессияның ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және құқық қорғау органдары тарапынан бизнеске қысым жасауға жол бермеу мәселелері бойынша Қарағанды облысы Осакаров ауданының прокуратурасында Комитеттің көшпелі отырысы (Қарағанды облысы, Осакаровка кенті).

2023 жылғы 23 қазан – Сот жүйесін дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты басшылығымен кездесу (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты).

2023 жылғы 24 қараша – Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің II сессияның ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыстық сипатынан арылту мәселесі жөнінде Комитеттің көшпелі отырысы (Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігі).

2023 жылғы 20 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының басшылығымен заң білімінің сапасын арттыру және одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияға дайындық шеңберінде жұмыс кездесу (Ақмола облысы, Қосшы қаласы, ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы).

2024 жылғы 30 сәуір – Парламент Сенаты депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларымен жұмыс кездесуі (Конституциялық Соттың алаңында).

2024 жылғы 22 мамыр – Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі жергілікті полиция қызметінің өзекті мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің басшылығымен кездесу (ҚР ІІМ).

2024 жылғы 11 маусым – Заңнаманы жетілдіру және сот-сараптама қызметі саласындағы өзекті проблемаларды шешу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің басшылығымен кездесу. (ҚР Әділет министрлігі).

Қаржы және бюджет комитеті – 5

2023 жылғы 26 қыркүйек – Бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша Комитеттің «Астана» халықаралық қаржы орталығына (AIX) сапары.

2023 жылғы 5-6 қазан – Қазақстан қор биржасында (KASE) бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша Комитеттің Алматы қаласына сапары, «ҚР ҰБ Банкнот фабрикасы» ШЖҚ РМК және ҚР ҰБ Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығының (КОО және ҚС) қызметімен танысу үшін Комитеттің Алматы қаласына сапары.

2024 жылғы 30 қаңтар – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Ұлттық төлем жүйесін енгізу мәселелері бойынша Комитеттің ҚР Ұлттық Банкіне сапары (Астана қ., ҚР Ұлттық Банк).

2024 жылғы 29 наурыз – Өңірлердің бюджеттік дербестігі, жергілікті атқарушы органдардың тексеру комиссияларының және ішкі аудит қызметтерінің мәселелері бойынша Комитеттің Павлодар облысына сапары (Павлодар облысы, Павлодар қ.).

2024 жылғы 25-26 сәуір – Ақпараттық жүйе, электрондық сүйемелдеу арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кеден бекетінің қызметі, сондай-ақ кедендік әкімшілендіруді жетілдіру мәселелері бойынша Комитеттің Түркістан облысына сапары (Түркістан облысы, Түркістан қ.).

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 13

2023 жылғы 17 қазан – «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ-да ғарыштық байланысты дамыту жөнінде Комитеттің көшпелі отырысы (Ақмола облысы, Ақкөл қаласы).

2023 жылғы 16-17 қараша – «Жұмылдыру дайындығы, азаматтық және аумақтық қорғаныс саласындағы заңнамалық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы дөңгелек үстелге дайындық аясында Астана қ. азаматтық және аумақтық қорғаныс объектілеріне бару.

2023 жылғы 5 желтоқсан – шығу арламенттік тыңдауға дайындық ретінде биік ғимараттардағы өрттерді сөндіру бойынша көрсетілімдік оқу-жаттығуларға шығу (Астана қаласы, Алматы ауданының №1 өрт сөндіру бөлімі).

2023 жылғы 6 желтоқсан – кездесу Түркітілдес мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығын дамыту мәселелері бойынша Халықаралық Түркі академиясының басшылығымен кездесу (Астана қ., Халықаралық Түркі академиясы).

2023 жылғы 21 желтоқсан – Шекаралық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша Астана қ. Халықаралық әуежайына бару.

2024 жылғы 25 қаңтар – АӨСШК Хатшылығының басшылығымен ұйымның қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметі мәселелері бойынша кездесу (АӨСШК Хатшылығының кеңсесі).

2024 жылғы 9 ақпан – Байқоңыр комитетінің көшпелі отырысын дайындау шеңберінде «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы»

АҚ Ұлттық ғарыш орталығына, «Ghalam» ЖШС еншілес кәсіпорнына депутаттардың кетуі.

2024 жылғы 13 ақпан – Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша Ұлттық қорғаныс университетіне бару (Астана қ., Ұлттық қорғаныс университеті).

2024 жылғы 29 ақпан – Комитет мүшелерінің «Әскери полиция органдары туралы» ҚР Заңының нормаларын зерделеу және оны іс жүзінде қолдану мақсатында әскери полицияның құрылымдық бөлімшелеріне бару үшін Қарағанды облысына кетуі.

2024 жылғы 9 наурыз – Комитет мүшелерінің Алматы қаласына «Әскери полиция органдары туралы» ҚР Заңының нормаларын зерделеу және оны практикалық қолдану мақсатында әскери полицияның құрылымдық бөлімшелеріне баруы.

2024 жылғы 12 сәуір – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институтының базасында киберқалқан тұжырымдамасы шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы әскери білім беру мәселелері жөнінде Комитеттің көшпелі отырысы (Алматы қ.).

2024 жылғы 15 мамыр – «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» ЖШС және «Қазақстан Аселсан Инжиниринг» ЖШС-не бару.

2024 жылғы 18 маусым – «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының салтанатты ашылу рәсіміне қатысу үшін вепутаттардың шығуы (Алматы қ.).

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 5

2023 жылғы 21-23 қыркүйек – «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті және көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту мәселелері жөніндегі Комитеттің Маңғыстау облысына көшпелі отырысы (Маңғыстау облысы, Ақтау қ.)

2023 жыл,ы 29 қараша – Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы моделінің жұмыс істеуі мәселелері жөніндегі Комитеттің көшпелі отырысы («Жаңартылатын энергия көздердін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы Орталығы» ЖШС, Астана қ.)

2024 жылғы 25 қаңтар – «Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы дөңгелек үстелге дайындық шеңберінде оның қызметін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-на шығуы (Астана қ., Индустриалды парк).

2024 жылғы 14-15 наурыз – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде геологиялық барлауды дамыту мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ.).

2024 жылғы 3-5 маусым – Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде өңдеу өнеркәсібін дамыту мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Жамбыл облысы).

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 13

2023 жылғы 13-14 қазан – «Демографиялық өсу – ұлттың бәсекелестік артықшылықтарының негізі» тақырыбындағы үкімет сағатына дайындық шеңберінде ішкі көші-қонды реттеу және қандастардың қоныс аударуы мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің Солтүстік Қазақстан облысына сапары (Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.).

2023 жылғы 7 желтоқсан – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Отандық ғылымды дамыту және ғылыми-техникалық прогресс» тақырыбындағы дөңгелек үстелге дайындық аясында «Назарбаев Университеті» акционерлік қоғамына Комитет мүшелерінің баруы (Астана қ., «Назарбаев Университеті» АҚ).

2024 жылғы 10 қаңтар – «Креативті индустрияны дамыту перспективалары және зияткерлік меншікті қорғаудың құқықтық тәсілдері» тақырыбындағы дөңгелек үстелге дайындық жұмыстары аясында Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына Комитет мүшелерінің баруы (Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы).

2024 жылғы 24 қаңтар – Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Демографиялық өсу – ұлттың бәсекелестік артықшылықтарының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағатына дайындық аясында Комитет мүшелерінің ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросына шығуы (Астана қ., Ұлттық статистика бюросы).

2024 жылғы 7 ақпан – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Демографиялық өсу – ұлттың бәсекелестік артықшылықтарының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағатына дайындық аясында Комитетінің Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне баруы (Астана қ., «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы).

2024 жылғы 14 ақпан – «Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан» (1905-1917 жылдар) кітабының тұсаукесері (Астана қ., Ұлттық академиялық кітапханасы).

2024 жылғы 1 наурыз – ҚР Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Отандық ғылымды дамыту және ғылыми-техникалық прогресс» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында Комитет мүшелерінің «Astana IT University» ЖШС-не баруы («Astana IT University» ЖШС).

2024 жылғы 27 наурыз – «Отандық ғылымды дамыту және ғылыми-техникалық прогресс» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында Комитет мүшелерінің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің жұмысымен танысу мақсатында баруы (Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті).

2024 жылғы 26-28 сәуір – «Білім беру жүйесін трансформациялау және балалардың құқықтарын қорғаудың басым аспектілері» тақырыбында Қызылорда облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы

2024 жылғы 23 мамыр – «Фармацевтика саласының жай-күйі мен даму перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында Комитет мүшелерінің баруы («СК-Фармация» ЖШС).

2024 жылғы 30 мамыр – 2 маусым – Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Елдің туристік саласын дамыту» Комитеттің көшпелі отырысы (Шығыс Қазақстан облысы).

2024 жылғы 3 маусым – «Фармацевтика саласының жағдайы мен даму перспективалары» тақырыбына арналған Дөңгелек үстелге дайындық аясында Комитет мүшелерінің «EiraMed» ЖШС-на баруы («EiraMed» ЖШС).

2024 жылғы 11 маусым – «Фармацевтика саласының жағдайы мен даму перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында «Қарағанды фармацевтика кешені» ЖШС-ке бару (Қарағанды қ. «Қарағанды фармацевтика кешені» ЖШС).

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 9

2023 жылғы 15-16 қыкүйек – «Өңірдегі табиғатты және жануарларды қорғау саласының жай-күйі және де ақбөкендердің оралдық популяциясының кейбір мәселелері» тақырыбындағы Батыс Қазақстан облысында Комитеттің көшпелі отырысы (Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.).

2023 жылғы 5 қазан – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының таныстырылымы (Мәжілісте).

2023 жылғы 13 қараша – Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы әкімдігінің басшылығымен Астананы көгалдандыру және жасыл аймақ құру мәселелері бойынша кездесу (Астана қаласының әкімдігі).

2023 жылғы 14 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауда берген тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мәселелері бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу (Астана қ., «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КАҚ).

2024 жылғы 16 ақпан – Аграрлық салада Мемлекет Басшысының Жолдауында көзделген реформаны жүргізу мәселелері бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу (Астана қ., ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі).

2024 жылғы 26 ақпан – «Су ресурстары: сумен тұрақты қамтамасыз етудің проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы Комитеттің Қызылорда облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Қызылорда облысы, Қызылорда қ.).

2024 жылғы 26-27 сәуір – Қазақстан Республикасы Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Білім беру жүйесін трансформациялау және балалардың құқықтарын қорғаудың басым аспектілері» Комитеттің көшпелі отырысы (Қызылорда облысы, Қызылорда қ.).

2024 жылғы 16-18 мамыр – Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылған Қазақстанның Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналдыру туралы тапсырмасы шеңберінде «Оңтүстік аймақтағы агроөнеркәсіптің жай-күйі: проблемалары мен шешу жолдары» тақырыбындағы Комитеттің Түркістан облысындағы Комитеттің көшпелі отырысы (Түркістан облысы, Түркістан қ.).

2024 жылғы 11 маусым – «Тұрмыстық қатты қалдықтар және оларды кәдеге жарату проблемалары. Өндірушінің кеңейтілген міндеттемелері жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізу аясында Астана қаласындағы қайталама шикізатты өңдейтін кәсіпорындарды аралау (Астана қаласындағы нысандар).

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ІС-ШАРАЛАР – 52

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 10

2023 жылғы 13 қыркүйек – Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде қылмыстық-атқару заңнамасындағы талаптарды ұстау шарттары бойынша сақтау мәселелері бойынша Комитет отырысы.

2023 жылғы 5 желтоқсан – «Отбасы-неке қатынастарынан туындайтын дауларды қарау кезінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселелер» тақырыбына арналған Комитеттің отырысы.

2024 жылғы 30 қаңтар – «Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы: жағдайы және одан әрі дамыту жолдары» тақырыбы бойынша Комитеттің отырысы.

2024 жылғы 6 ақпан – «Қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуде тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы қағидаттарын іске асыру туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел (Парламентаризм институтымен бірлесіп).

2024 жылғы 27 ақпан – «ҚР еңбек мигранттары мен адам саудасы құрбандарының құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған Комитеттің отырысы.

2024 жылғы 6 наурыз – Дербес кассациялық соттар құру мәселесі жөнінде Комитеттің отырысы.

2024 жылғы 12 наурыз – Президенттің VIII шақырылымдағы Парламенттің II сессиясының ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен «Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің өзекті мәселелері: проблемалар және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 26 наурыз – Заң білімінің сапасын арттыру және одан әрі дамыту мәселелері жөнінде ғылыми-практикалық конференция.

2024 жылғы 2 сәуір – «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыстық сипатынан арылтудың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған Комитет отырысы.

2024 жылғы 21 мамыр – «Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың таралуына қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама мен құқық қорғау практикасының проблемалық мәселелері» тақырыбына арналған Комитет отырысы.

Қаржы және бюджет комитеті – 7

2023 жылғы 2 қараша – «2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024 – 2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақтан Республикасы заңдарының таныстырылымы.

2023 жылғы 26 желтоқсан – «Аудиторлық қызмет: даму перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 28 наурыз – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту жөніндегі шаралар туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 23 сәуір – «Павлодар облысына сапардың қорытындысы бойынша «Өңірлердің бюджеттік дербестігінің деңгейі, жергілікті атқарушы органдардың тексеру комиссияларының және ішкі аудит жұмыстарының қызметі туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 30 сәуір – «Капиталды заңсыз әкетудің алдын алу мақсатында валюталық реттеуді жүзеге асыру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 22 мамыр – Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерінің таныстырылымы.

2024 жылғы 29 мамыр – «Кедендік әкімшілендірудің проблемалық мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 4

2023 жылғы 24 қараша – Жұмылдыру жұмысын жетілдіру мәселелері жөніндегі комитеттің отырысы.

2023 жылғы 30 қараша – «Жұмылдыру дайындығы, азаматтық және аумақтық қорғаныс саласындағы заңнамалық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

2024 жылғы 30 қаңтар – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдарында, базалары мен қоймаларында сақталған қару-жарақ және оқ-дәрілердің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде Комитеттің отырысы.

2024 жылғы 29 ақпан – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде отандық әскери-өнеркәсіптік кешенді нығайту және оның даму перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 12

2023 жылғы 9 қараша – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қ.Б. Шарлапаевтың Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы шеңберінде 15 ірі серпінді жобаны іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына ауызша жауабы туралы.

2023 жылғы 16 қараша – «Хайрэйжа Энерджи» ЖШС «жасыл» сутегі және «жасыл» аммиак өндіру бойынша жобасының тұсаукесері.

2023 жылғы 28 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстандағы инновациялық қызметті жетілдіру мәселелері жөніндегі Комитеттің отырысы.

2024 жылғы 10 қаңтар – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның таныстырылымы.

2024 жылғы 15 ақпан – Қазақстан Республикасының Көлік министрі М.К. Қарабаевтың «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қызметі туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына ауызша жауабы туралы.

2024 жылғы 27 наурыз – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының инновациялық әлеуетін дамыту» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 16 сәуір – Парламент депутаттары бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша таныстырылымы.

2024 жылғы 23 сәуір – Астана Hub-тың «Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі» атты ақпараттық платформасының таныстырылымы.

2024 жылғы 26 сәір – «Мемлекет Басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 22 мамыр – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы бойынша таныстырылымы.

2024 жылғы 7 маусым – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы бойынша таныстырылымы.

2024 жылғы 7 маусым – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы бойынша таныстырылымы.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 12

2023 жылғы 26 қыркүйек – «Мүгедектігі бар адамдардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2023 жылғы 17 қазан – «Әділетті Қазақстанның ұлттық құндылықтары» тақырыбындағы «Ұлттық мүдде» диалогтық алаңының отырысы.

2023 жылғы 8 желтоқсан – «Бір ел – бір мүдде» Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттық тобының «Мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру жүйесінде «біз әр түрліміз, бірақ біз теңбіз», «әртүрліліктегі бірлік» қағидаттарын оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру» тақырыбындағы отырысы.

2024 жылғы 15 қаңтар – «QAZAQ OXFORD DICTIONARY» сөздігінің тұсаукесері.

2024 жылғы 31 қаңтар – «Қолжетімді және тиімді Денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбындағы Үкімет сағатында қабылданған ұсынымдарды іске асыру қорытындылары бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2024 жылғы 6 ақпан – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының таныстырылымы.

2024 жылғы 5 наурыз – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Креативті индустрияны дамыту перспективалары және зияткерлік меншікті қорғаудың құқықтық тәсілдері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 29 наурыз – Президенттің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Отандық ғылымды дамыту және ғылыми-техникалық прогресс» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2024 жылғы 29 сәуір – «Масс-медиа туралы», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» заңдардың таныстырылымы.

2024 жылғы 30 сәуір – «Ғылым және технологиялық саясат туралы»;,«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат, платформалық жұмыспен қамту және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексін (Салық кодексі) заңдардың таныстырылымы.

2024 жылғы 31 наурыз – «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбындағы Үкімет сағатында қабылданған Ұсынымдарды іске асыру қорытындылары тақырыбына арналған Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2024 жылғы 14 маусым – «Фармацевтика саласының жағдайы мен даму перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 7

2023 жылғы 20 қазан – Алматы және Жетісу облыстарындағы су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2023 жылғы 29 қараша – Президенттің 2023 жылғы 1-қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Еліміздің өңірлеріндегі ауыл

шаруашылығы кооперациясының жай-күйі және шаруа қожалықтарын ірілендіру туралы» тақырыбындағы Ауыл шаруашылығы министрлігі басшылығының қатысуымен Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2023 жылғы 12 желтоқсан – Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру аясында Батыс Қазақстан (Жайық өз.) және Абай (Ертіс өз.) облыстарының су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2023 жылғы 21 желтоқсан – «Жайылымдарды пайдалануды құқықтық реттеу саласындағы заңнама: проблемалары мен шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел (Парламентаризм институтымен бірлесіп).

2023 жылғы 21 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі Н.М. Нұржігітовтің гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына ауызша жауабы туралы.

2024 жылғы 13 наурыз – «Агроөнеркәсіптік кешеннің экспорттық әлеуетін арттыру, импортты алмастыру жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мәселелері» атты Үкімет сағатының қорытындысы бойынша қабылданған ұсынымдардың іске асырылуы туралы» тақырыбы арналған Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2024 жылғы 12 маусым – «Тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚҚ) және оларды кәдеге жарату проблемалары. Өндірушінің кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел (Парламентаризм институтымен бірлесіп).

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР – 52

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 2

2024 жылғы 11 маусым – ҚР Парламенті Сенатының мәслихаттармен өзара іс-қимыл жасауды одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Астана қаласы мәслихатының депутаттарымен жұмыс кездесу.

2024 жылғы 18 маусым – Судьялар корпусының сапалық құрамын жақсарту, кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру, судьялардың біліктілігін арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және Жоғары Сот Кеңесінің басшылығымен кездесу (2023 жылы жүргізілген сот реформасының нәтижелері бойынша).

Қаржы және бюджет комитеті – 9

2023 жылғы 5 желтоқсан – Салық саясаты және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің басшылығымен, сондай-ақ бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесу.

2023 жылғы 6 желтоқсан – Кедендік және салықтық реттеу саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің проблемалық мәселелері бойынша «Қазақстан кәсіпкерлер және сервисті қызметтер қауымдастығы» өкілдерімен кездесу.

2023 жылғы 14 желтоқсан – Жалпыға бірдей декларациялау: нақты жай-күйі, перспективалары және проблемалық мәселелерін қарау мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

2023 жылғы 21 желтоқсан – Отандық автоөнеркәсіпті дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларының нәтижелерін, оның ішінде жеңілдікті автокредиттеу нәтижелерін талқылау бойынша кездесу.

2024 жылғы 25 қаңтар – Аудиторлық қызмет туралы заңнаманың жекелеген мәселелерін жетілдіру мәселесі бойынша кездесу.

2024 жылғы 22 ақпан – 2021-2025 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарының шеңберінде бастапқы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің акцияларын орналастыру мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

2024 жылғы 29 ақпан – «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы заңнаманы іске асыру барысы туралы» тақырыбы бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

2024 жылғы 14 наурыз – Көлік құралдарына алғашқы тіркеу, кәдеге жарату алымының мөлшерлемелерін қайта қарауға қатысты өтінішті талқылау бойынша кездесу.

2024 жылғы 26 сәуір – Қаржы Министрлігінің өкілдерімен, аудиторлық қызмет туралы заңнама мәселелері бойынша кәсіби аудиторлық ұйымдардың өтініштерін қарау жөніндегі аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің Басқарма мүшелерімен кездесу.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 6

2023 жылғы 14 желтоқсан – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ басшылығымен қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамытуға байланысты мәселелер бойынша кездесу**.**

2024 жылғы 7 ақпан – Жергілікті өзін-өзі басқару реформасы тұжырымдамасы бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен кездесу.

2024 жылғы 14 наурыз – «Аналардың жүрегі» Сарбаз аналар комитеті» республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 28 наурыз – «Әскери полиция органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мәселелері бойынша күш құрылымдарының басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 30 мамыр – Еліміздің ақпараттық-имидждік саясатын іске асыру мәселесі бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен кездесу (CIM, KAZINVEST, KazAID, Отандастар, Kazakh Tourism).

2024 жылғы 19 маусым – Қызылорда облысындағы (Қызылорда және Байқоңыр қалалары) аэроғарыш саласына байланысты мәселелер жөніндегі комитеттің көшпелі отырысын дайындау шеңберінде мемлекеттік органдармен кездесу.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 19

2023 жылғы 19 қыркүйек – Комитет мүшелерінің Орталық мемлекеттік органдармен Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде «Көлік-логистикалық әлеуетті іске асыру» бағытын талқылау жөніндегі жұмыс кездесуі.

2023 жылғы 20 қыркүйек – Комитет мүшелерінің Орталық мемлекеттік органдармен Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде «Цифрландыру, инновация және креативті индустрияны дамыту» бағытын талқылау жөніндегі жұмыс кездесуі.

2023 жылғы 3 қазан – орталық мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылығымен ШОБ дамыту мәселелері бойынша кездесу.

2023 жылғы 6 қазан – Өңдеу өнеркәсібін дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрімен кездесу.

2023 жылғы 9 қазан – «Атамекен» ҰКП, қауымдастықтар мен бизнес өкілдерімен шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың өзекті мәселелері бойынша кездесу.

2023 жылғы 10 қазан – Қазақстан геологтарының бірінші съезінің уәкілетті делегаттарымен кездесу.

2023 жылғы 17 қазан – Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың өзекті мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің жергілікті атқарушы органдармен кездесу**.**

2023 жылғы 26 қазан – Астана, республикалық маңызы бар қалалар және облыстар мәслихаттарының өкілдерімен Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың өзекті мәселелері бойынша кездесу (ZOOM).

2023 жылғы 15 қараша – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдармен жұмыс кездесу.

2024 жылғы 7 ақпан – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР инновациялық әлеуетін дамыту» тақырыбында дөңгелек үстелге дайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен жұмыс кездесу.

2024 жылғы 21 ақпан – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С.Әшімбаевтың Атырау облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша тапсырмалар хаттамасын талқылау бойынша Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарымен, Атырау облысының әкімдігімен және мәслихатымен жұмыс кеңесі.

2024 жылғы 8 сәуір – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауға дайындық барысында мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 9 сәуір – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық барысында мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 15 сәуір – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауға дайындық барысында «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 17 сәуір – Парламенттік тыңдауға дайындық барысында «ҚР химиктер одағы» ЗТБ өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 17 сәуір – Дөңгелек үстелге дайындық барысында мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 19 сәуір – «Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауға дайындық барысында мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 22 сәуір – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауға дайындық барысында мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 29 сәуір – Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауға дайындық барысында мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 4

2024 жылғы 25 қаңтар – Қазақстан Республикасындағы ойын бизнесін мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 26 қаңтар – «Демографиялық өсу – ұлттың бәсекелестік артықшылықтарының негізі» тақырыбындағы Үкімет сағатына дайындық аясында «Демографиялық ерекшеліктерді ескере отырып еліміздің ауылдық аймақтарын дамыту» тақырыбына арналған мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 2 ақпан – «Демографиялық өсу – ұлттың бәсекелестік артықшылықтарының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағатына дайындық аясында «Демографиялық ерекшеліктерді ескере отырып еліміздің ауылдық аймақтарын дамыту» тақырыбына арналған мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу.

2024 жылғы 19 маусым – «Ұлттық спорт түрлерін дамытудың перспективалары» тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің басшылығымен кездесу.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 12

2023 жылғы 20 қыркүйек – «Өңірдегі табиғатты және жануарларды қорғау саласының жай-күйі және де ақбөкендердің оралдық популяциясының кейбір мәселелері» тақырыбындағы Батыс Қазақстан облысына көшпелі отырысында айтылған ұсыныстарды іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесу.

2023 жылғы 19 қазан – ҚР Парламетінің Сенаты Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті мен ФАО-ның Қазақстан Республикасындағы Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросымен кездесу.

2024 жылғы 26 қаңтар – «Орман шаруашылығын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту, сондай-ақ оларды қорғау мәселелері туралы» тақырыбында ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 27 наурыз – «Мемлекеттің «жасыл инвестицияларды тартуды және қолжетімді үздік техниканы кеңінен қолдануды ынталандыруы мен қолдауы бөлігінде ҚР Экологиялық кодексін іске асыру туралы» тақырыбында Экология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 17 сәуір – «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» республикалық және өңірлік филиалдарының, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесті.

2024 жылғы 22 сәуір – Алматы және Жетісу облыстарындағы автокөлік жолдарын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдар өкілдерімен жұмыс кездесу.

2024 жылғы 23 сәуір – Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданын дамыту бойынша жұмыс кездесу.

2024 жылғы 29 сәуір – Мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен 2023 жылы Риддер су электр станциялар каскадындағы техногендік төтенше жағдай салдарынан халыққа келтірілген залалды өтеу мәселелерін талқылау бойынша жұмыс кездесу.

2024 жылғы 30 сәуір – «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру мәселелері бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 4 маусым – Аграрлық ғылымды қаржыландыру барысындағы проблемалар бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің басшылығымен кездесу.

2024 жылғы 5 маусым – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Сауда және интеграция министрлігінің басшылығымен Қазақстан Республикасындағы астық саласын дамыту мәселелері бойынша жұмыс кездесу.

2024 жылғы 27 маусым – Шекаралас аймақтарды дамыту шеңберінде өткізу пункттерін ашу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен жұмыс кеңесі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН МОНИТОРИНГТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯ

(2023 жылғы 20 маусымдағы Парламенттің қаулысы)

1.	ӘШІМБАЕВ Мәулен Сағатханұлы	–	Сенат Төрағасы, парламенттік комиссияның төрағасы
2.	ПЕРЕПЕЧИНА Ольга Валентиновна	–	Сенат Төрағасының орынбасары
3.	РАУ Альберт Павлович	–	Мәжіліс Төрағасының орынбасары
4.	АЛДАШЕВ Сүйіндік Тасеменұлы	–	Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы
5.	БЕКТАЕВ Әли Әбдікәрімұлы	–	Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы

6.	ЖҮСІП Нұртөре Байтілесұлы	–	Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы
7.	САБИЛЬЯНОВ Нұртай Салихұлы	–	Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы
8.	ЛУКИН Андрей Иванович	–	Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы
9.	БЕКНАЗАРОВ Нұрлан Құдияұлы	–	Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы
10.	БОЛЬГЕР Евгений Андреевич	-	Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы
11.	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	–	Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы
12.	КАРПЛЮК Сергей Алексеевич	–	Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы
13.	ЗЕЙНУЛЛИН Аян Талғатұлы	–	Мәжілістің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі
14.	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	–	Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі
15.	ҚОШМАНБЕТОВ Айтуар Асқарұлы	–	Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі
16.	РАҚЫМЖАНОВ Асхат Нұрмағамбетұлы	–	Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
17.	САДЫҚОВ Асқар Аманбайұлы	–	Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі
18.	СТАМБЕКОВ Ерлан Дәулетұлы	–	Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
19.	ТАНАШЕВА Гауһар Шаймерденқызы	–	Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі

2023 жылғы 19 қыркүйек – Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның жұмыс кеңесі.

2023 жылғы 6 қазан – «Орнықты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде сапалы денсаулық сақтау мен білім беруді қамтамасыз ету» (ОДМ 3 және ОДМ 4) тақырыбында Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның отырысы.

2023 жылғы 31 қазан – Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның жұмыс кеңесі.

2023 жылғы 11 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның көшпелі отырысы (Өскемен қ.).

2024 жылғы 29 қаңтар – «ОДМ іске асыру шеңберінде Қазақстанда балама энергия көздерін және «жасыл» технологияларды дамыту» тақырыбы бойынша Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның отырысына дайындық аясында жұмыс кездесуі.

2024 жылғы 23 ақпан – Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның отырысы.

2024 жылғы 29 наурыз – Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның көшпелі отырысы (Түркістан қ.).

2024 жылғы 29 сәуір – «ESG-трансформация: Орнықты даму күн мақсаттарын іске асырудағы бизнестің рөлі» тақырыбында Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның отырысына дайындық аясында жұмыс кездесу.

2024 жылғы 17 мамыр – Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның жұмыс кеңесі.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СЕНАТОРЛАР КЕҢЕСІ

2023 жылғы 26 желтоқсан – Кеңестің отырысы.

2024 жылғы 28-29 мамыр – Кеңес мүшелерінің Қостанай облысына баруы.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН (МӘСЛИХАТТАРМЕН) ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

(2023 жылғы 15 мамырдағы Сенат Бюросының қаулысы)

Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс – қимыл жөніндегі кеңестің лауазымдық құрамы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары, Кеңес төрағасы;

«Өңір» депутаттық тобының жетекшісі, Кеңес төрағасының орынбасары *(Сенат депутаттарымен өзара іс-қимыл мәселелері);*

«Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Кеңес төрағасының орынбасары *(мәслихаттармен өзара іс-қимыл мәселелері);*

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы;

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының төрағалары;

Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту және өңірлік даму саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы басшысының орынбасары.

2024 жылғы 26 қаңтар – Сенат Төрағасының қытысуымен Кеңес отырысы. (ВКБ)

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІ

(2023 жылғы 3 сәуірдегі Сенат Бюросынығң қаулысы)

АСАНОВ Жақып Қажманұлы	–	Сенат Төрағасының орынбасары, Жобалық кеңсенің басшысы
БЕКНАЗАРОВ Нұрлан Құдияруұлы	–	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы, Жобалық кеңсенің мүшесі

КАРПЛЮК Сергей Алексеевич	–	Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі
САРЫБАЕВ Ғалиасқар Төлендіұлы	–	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі, Жобалық кеңсенің мүшесі
ШАЙДАРОВ Серік Жаманқұлұлы	–	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі
БУЛАВКИНА Ольга Александровна	–	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі
УАҚПАЕВ Марат Сұлтанұлы	–	Сенат Аппараты Басшысының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі
ДАНАБЕКОВ Олжас Қайратұлы	–	Сенат Аппараты Басшысының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі
СҮЛЕЙМЕН Ләззат Жаңылысқызы	–	Парламентаризм институты директорының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі
ТӨРЕҚОЖА Қанат Абдуллаұлы	–	Сенат Аппараты бөлім меңгерушісінің орынбасары, Жобалық кеңсенің хатшысы

2023 жылғы 8 қыркүйек – Жобалық кеңсесінің отырысы.

2023 жылғы 20 желтоқсан – Сенат Төрағасының қатысуымен жобалық кеңсесінің көшпелі отырысы (М.С. Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ).

2023 жылғы 26 желтоқсан – Жобалық кеңсесінің отырысы.

2024 жылғы 16 ақпан – Жобалық кеңсесінің көшпелі отырысы (М.С. Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ).

2024 жылғы 3 мамыр – Сенат Төрағасының қатысуымен Палатаның Жобалық кеңсесі, Maqsut Narikbayev University және Ақмола облысының әкімдігінің бірлескен іс-қимылы аясында БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі акселератор өз жұмысын бастады.

«ӨҢІР» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

(2023 жылғы наурызда құрамы жаңартылды)

1.	ШАЙДАРОВ Серік Жаманқұлұлы	Депутаттық топтың жетекшісі, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы	*Ұлытау облысы*

2.	АРҒЫНБЕКОВА Айнұр Серікпайқызы	Депутаттық топ жетекшісінің орынбасары, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы	*Абай облысы*
3.	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Астана қаласы*
4.	АСАНОВА Жанна Бейсентайқызы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Алматы қаласы*
5.	ҚАПБАРОВА Айгүл Жарылқасынқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Шымкент қаласы*
6.	БЕКЕНОВ Нұрлан Жексембайұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	*Ақмола облысы*
7.	НҰҒМАНОВ Амангелді Шайхоллаұлы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Ақтөбе облысы*
8.	ДҮЙСЕМБИНОВ Сұлтан Мырзабекұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Алматы облысы*
9.	ЛҰҚПАНОВ Сағындық Есенғалиұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Атырау облысы*
10.	БҰҚТҰҒҰТОВ Шәкәрім Сабырұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Шығыс Қазақстан облысы*
11.	АРУБАЕВ Сәкен Қаланұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Жамбыл облысы*

12.	ӨТЕҒҰЛОВ Арман Кәрімұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Батыс Қазақстан облысы*
13.	ЕРШОВ Сергей Михайлович	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Қарағанды облысы*
14.	НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғауез Торсанұлы *(2023 жылғы 28 қыркүйекке дейін)*	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Қостанай облысы*
15.	РҮСТЕМОВ Руслан Рүстемұлы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Қызылорда облысы*
16.	ОРЫНБАСАРОВ Бекбол Тілеумұратұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	*Маңғыстау облысы*
17.	ТОЛАМИСОВ Амангелді Ғабдылкәрімұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Жетісу облысы*
18.	ӘЙТКЕНОВ Ернұр Нұрмұханұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Павлодар облысы*
19.	ҚАДЫРБЕК Мұрат Болатұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Түркістан облысы*
20.	РАХМЕТОВА Асем Қалашбайқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Солтүстік Қазақстан облысы*

2023 жылғы 27 қыркүйек – депутаттық тобтың отырысы (Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Родина ауылы).

2023 жылғы 16 қараша – депутатық тобтың отырысы.

2024 жылғы 14 ақпан – депутатық тобтың отырысы.

2024 жылғы 19 маусым – депутатық топтың отырысы.

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

(2023 жылғы 2 маусымдағы Сенат Бюросының қайлысы)

ҚР Парламентінің Сенаты			
1.	ЖҮСІП Нұртөре Байтілесұлы	–	Топ басшысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
2.	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
3.	КУЗИЕВ Закиржан Пирмухамедович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
4.	ШИПОВСКИХ Геннадий Геннадиевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
5.	НИЯЗОВА Нурия Исмагиловна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
6.	САТВАЛДИЕВ Алишер Гапиржанович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
7.	БОЛЬГЕРТ Евгений Андреевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
8.	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
9.	РЫСБЕКОВА Ләззат Тұякбайқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
10.	НУХҰЛЫ Алтынбек	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
ҚР Парламентінің Мәжілісі			
«AMANAT» партиясының фракциясынан			
11.	АВЕРШИН Константин Викторович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
12.	ӘБІЛ Еркін Аманжолұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі

13.	БАШИМОВ Марат Советұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
14.	БЕЙСЕНБАЕВ Елнұр Сабыржанұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Amanat» партиясының атқарушы хатшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі
15.	ДЕМЕНТЬЕВА Наталья Григорьевна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
16.	ЗАЙЫТОВ Ринат Рифхатұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
17.	ИМАШЕВА Снежанна Валерьевна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
18.	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
19.	КУЧИНСКАЯ Юлия Владимировна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
20.	МЫСЫРӘЛІМОВА Айна Ермекқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
21.	ПОНОМАРЕВ Сергей Михайлович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
22.	РАУ Альберт Павлович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
23.	РОЖИН Максим Николаевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
24.	ТОЛЫҚБАЕВ Мақсат Мәлікұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
25.	ШАТАЛОВ Никита Сергеевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының фракциясынан			
26.	АРСЮТИН Николай Геннадьевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі

«Respublica» партиясының фракциясынан			
27.	ҚҰСПЕКОВ Олжас Хайроллаұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясынан			
28.	БАРЛЫБАЕВ Ерлан Хайланұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Қазақстан Халық партиясы фракциясынан			
29.	МАГЕРРАМОВ Магеррам Мамедович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясынан			
30.	САҒАНДЫҚОВА Ажар Бахытқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

2023 жылғы 26 қыркүйек – Этносаяси сауаттылық бойынша семинарға қатысу.

2023 жылғы 8 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Парламентінің «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының «Оқу-тәрбие процесінде «Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз», «Бірлігіміз – әралуандықта» мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша отырыс (Астана қ., ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасы).

2024 жылғы 29 наурыз – депутаттық тобтың мүшелері мен Қазақстан халқы Ассамблеясының кездесуі (Мәжіліс ғимараты).

2024 жылғы 25 маусым – «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының отырысы (Достық үйі ғимараты).

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ САРАПШЫЛАР КЛУБЫ

2023 жылғы 13 қыркүйек – Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында айтылған еліміздің экономикалық дамуының жаңа парадигмасын және оны іске асыру тетіктерін талқылау.

2023 жылғы 21 қараша – «Qazaqstan: орнықты даму жолында» атты аналитикалық материалдар жинағының таныстырылымы.

2023 жылғы 6 желтоқсан – креативті индустрияны дамыту мәселелерін талқылау.

2024 жылғы 16 ақпан – Жас сарапшылар клубының мүшелері Ақмола облысының сарапшылар қауымдастығымен кездесті

2024 жылғы 21 мамыр – елдің экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

2024 жылғы 26 маусым – «Қазақстанның орнықты даму бағдары» талдамалық материалдар жинағын сараптамалық талқылау.

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» ДИАЛОГ АЛАҢЫ

2023 жылғы 17 қазан – Сенат Төрағасының қатысуымен диалог алаңының отырысы.

2024 жылғы 27 ақпан – диалог алаңының отырысы.

2024 жылғы 20 маусым – Сенат Төрағасының қатысуымен диалог алаңының отырысы.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары			
1.	ҚАЛТАЕВА Ләззат Молдабекқызы	–	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
2.	АРҒЫНБЕКОВА Айнұр Серікпайқызы	–	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы
3.	ӘЙТКЕНОВ Ернұр Нұрмұханұлы	–	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдаланужәнеауылдықаумақтарды дамыту комитетінің мүшесі
4.	АСАНОВА Жанна Бейсентайқызы	–	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі
5.	ҚАНИЕВ Бауыржан Нұралыұлы	–	Экономикалықсаясат,инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі
6.	НИЯЗОВА Нурия Исмагиловна	–	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
7.	ТОЛАМИСОВ Амангелді Ғабдылкәрімұлы	–	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі
8.	ОРЫНБАСАРОВ Бекбол Тілеумұратұлы	–	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
9.	РАХМЕТОВА Әсем Қалашбайқызы	–	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
Мемлекеттік органдардың өкілдері			
10.	ҚҰРМАНОВА Айзада Амангелдіқызы *(келісім бойынша)*	–	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
11.	ОСПАН Еділ Сабырұлы *(келісім бойынша)*	–	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

12.	САҒЫНДЫҚОВА Назгүл Ерікқызы *(келісім бойынша)*	–	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі
13.	СҰЛТАНҒАЗИЕВ Тимур Сламжанұлы *(келісім бойынша)*	–	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі
14.	СЕЙТЖАН Кенжеғұл Социалұлы *(келісім бойынша)*	–	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл
15.	*(келісім бойынша)*	–	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі
16.	САФИНОВ Қанатбек Бейсенбекұлы *(келісім бойынша)*	–	МТҚБ «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК директоры.
Сарапшылар			
17.	АЛМАЗ Ержан	–	«Elaman» әлеуметтік инновациялық жобалар қорының басшысы *(келісім бойынша)*
18.	АСКЕРОВ Эмин Халилович	–	Қазақстан Республикасының әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті *(келісім бойынша)*
19.	БАКЛАЖАНСКАЯ Татьяна Ивановна	–	«Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің директоры *(келісім бойынша)*
20.	БУРАШЕВА Гүлмира Майоровна	–	«Қ.Иманалиев атындағы мүгедектердің құқықтары жөніндегі комиссия» қоғамдық бірлестігіннің төрайымы
21.	ГАПЛАН Динара	–	«Болашақ» корпоративтік қорының қамқоршылық кеңесінің төрағасы *(келісім бойынша)*

22.	ЖАЛМАҒАНБЕТОВА Баян Өмірзаққызы	–	Әлеуметтік жобалар бойынша кеңесшісі *(келісім бойынша)*
23.	УЛЬЖЕКОВА Нургуль	–	«Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының басшысы *(келісім бойынша)*
24.	ХАЛДЕНОВА Айгуль Тулегеновна	–	Медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы сарапшы *(келісім бойынша)*
25.	ШАКИБАЕВА Айгуль	–	Ментальдық бұзылулары бар балалар мен ересектер құқықтары саласындағы сарапшы *(келісім бойынша)*
26.	ШИМАНСКИЙ Василий Леонидович	–	Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, «Шанс» мүгедектерді оңалту орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы *(келісім бойынша)*

2023 жылғы 31 қазан – Кеңестің бірінші отырысы.

2023 жылғы 28 қараша – «Балалар мүгедектігінің өсу мәселелері: ерте араласу, ведомствоаралық тәсіл» тақырыбына арналған Кеңестің отырысы.

2024 жылғы 24 қаңтар – «Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту. Инклюзивті орта құрудағы және қаржылық қызметтер мен өнімдерге қол жеткізудегі бизнестің рөлі» тақырыбындағы Кеңес отырысына дайындық бойынша кездесу.

2024 жылғы 30 қаңтар – «Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту. Инклюзивті орта құрудағы және қаржылық қызметтер мен өнімдерге қол жеткізудегі бизнестің рөлі» тақырыбындағы Кеңес отырысы (Астана қ., «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»).

2024 жылғы 3 мамыр – Сенат Төрағасының қатысуымен Кеңестің отырысы.

2024 жылғы 25 маусым – Инклюзия жөніндегі Кеңестің отырысы.

IX. СЕНАТТЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫМДАР

(2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 30 маусым)

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ

I. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2023 жылғы 8 желтоқсанда **азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша** Парламенттік тыңдаулар өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасы Үкіметіне:**

1.1. орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, азаматтық қорғау саласындағы іс-шараларды қаржыландыру бойынша жүйелі және кешенді шешімдер қабылдау;

1.2. мемлекет қаражаты есебінен азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін әскери қызметшілермен және ішкі істер органдарының қызметкерлерімен ұқсастығы бойынша тұрғын үймен немесе тұрғын үй төлемдерімен қамтамасыз ету бойынша тұрғын үй қатынастары шеңберінде жұмысты жалғастыру, қызмет атқару кезінде тамақтануға байланысты проблемаларды шешу ұ.сынылады.

2. **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне:**

2.1. Өнеркәсіп және құрылыс, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп, профилактикалық жұмыстарды сақтамауға, тиісті бақылауды әлсіретуге, сапасыз және уақтылы емес күрделі жөндеуге, жүйелі емес жобалық және техникалық шешімдерге және т.с.с. қатысты өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріндегі олқылықтарды жою жөнінде кешенді жұмыс жүргізуі қажет;

2.2. өрт қауіпсіздігін жоспарлы қамтамасыз ету, өнеркәсіптік қауіпсіздікті жетілдіру, сейсмикалық қауіпсіздікті сақтау жөнінде шаралар кешенін қабылдау. Осы мәселелерде озық әлемдік тәжірибені зерделеу, ғылыми әлеуетті пайдалана отырып, жаңа тәсілдерді енгізу;

2.3. депутаттық корпуспен бірлесіп, ҚР Парламенті қарайтын заң жобалары шеңберінде:

1) үй-жайларда (оның ішінде бейімделген) өрт бақылауын одан әрі күшейту;

2) жергілікті атқарушы органдардың материалдық-техникалық және кәсіптік жарақтандырумен өрт сөндіру бекеттерін ұйымдастыру және құру жөніндегі жауапкершілігі, сондай-ақ еріктілерді әлеуметтік қорғау және оқыту мәселелерін пысықтау;

2.4. қорытынды алу үшін биіктігі 15 метрден асатын көппәтерлі тұрғын үйлерді өрт қаупі жоғары объектілер тізіміне қосу мәселесін қарау. Құрылыс салушының жауапкершілігіне өрт қауіпсіздігінің барлық шараларын қамтамасыз ету қажеттілігін енгізу;

2.5. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

- табиғи өрттерді сөндіруге, сондай-ақ ұйымдар мен елді мекендерде волонтерлерді, еріктілерді тарту. Белгіленген жалақыны сақтай отырып, оларды ТЖ жою кезеңінде еңбек міндеттерін орындаудан босатуды заңдастыру, сондай-ақ орындалған жұмыстар үшін еңбекақының белгілі бір мөлшерін белгілеу;

- қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдарда бірыңғай қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өндірістік бақылау қызметін құру. Еңбек кодексіне және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге тиісті толықтырулар енгізу;

2.6. объектіге барусыз камералдық бақылауды жүзеге асыра отырып, автоматты өрттен қорғау жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін автоматты режимде қашықтан мониторингілеу үшін автоматты өрт қорғау жүйесін (сигнализация, түтінді шығарып тастау, дыбыстық құлақтандыру және т.б.) 112 пультіне қосу мәселесін пысықтау;

2.7. өрт қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында ғылыми-техникалық орталық құру арқылы ғылыми әлеуетті жандандыру мүмкіндігін қарастыру;

2.8. заң жобасының глоссарийін зілзала қаупін азайту саласындағы негізгі терминдермен толықтыру;

2.9. өңірлердегі халықтың жалпы санын, туристік объектілердің, су айдындары мен құтқарушылардың қажетті санына әсер ететін жүктемені және басқа да факторларды ескере отырып, ТЖ жөніндегі аумақтық департаменттердің авариялық-құтқару қызметтері жеке құрамының штат санын есептеу нормативтерін әзірлеу жөнінде шаралар қабылдау;

2.10. авариялық-құтқару қызметінің, оның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттерінің инфрақұрылымын одан әрі кеңейту, оларды медициналық-құтқару көлігімен және арнайы жабдықтармен жарақтандыру, сондай-ақ суда құтқару қызметінің жұмысын күшейту жөнінде шаралар қабылдау;

2.11. құтқарушыларды азаматтық қызметшілер санатынан азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің санатына ауыстыру жөніндегі әлеуметтік қорғау тетігін пысықтау;

2.12. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өрт сөндіру бекеттерінің ұйымдық-құқықтық мәртебесін айқындау және қолданыстағы заңнамаға енгізу;

2.13. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

- еліміздің таулы аудандарында бақылау желісін күшейте отырып, сел және көшкін жағдайын автоматтандырылған түрде мониторингілеу жүйесі желісін кеңейту;

- сел және көшкін қаупі бар өңірлерде инженерлік құрылыстар салу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрғандарын күрделі және ағымдағы жөндеу мәселесін қарау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарының, жетім балалардың,

көп балалы отбасылардан шыққан балалардың, мүгедектігі бар адамдардың жеке тұрғын үйлерде өрт туралы хабарлағыштарды, улы және табиғи газ датчиктерін орнату бөлігінде тиісінше пайдалану мәселесін пысықтау;

2.14. сейсмикалық станциялар желілерін кеңейту және оларды цифрлық сейсмобақылау аппаратурасымен және қазіргі заманғы байланыс құралдарымен қайта жарақтандыру;

2.15. тұрғын үй ұйымдарының (пәтер иелерінің кооперативтері, мүлік иелерінің ұйымдары) басшыларымен көппәтерлі тұрғын үйлер үшін өрт қауіпсіздігінің және үй маңындағы аумақты күтіп ұстаудің міндетті талаптарын түсіндіру бойынша консультациялар өткізу;

2.16. республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен өрт сөндіру депосын салу бойынша іске асырылып жатқан жобалардың аяқталуын бақылауға алу. Жаңа азаматтық қорғау объектілерін кезең кезеңімен салуға және қолда бар объектілерді реконструкциялауға қаржы қаражатын көздеу;

2.17.республикалық бюджетте әскери бөлімдердің қажетті инфрақұрылымын салуға, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің бөлімшелерінде жөндеу жүргізуге, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің жеке құрамын даярлаудың оқу-материалдық базасын, ведомстволық ғылыми ұйымдардың зертханалық базасын дамытуға қаржы қаражатын көздеу;

2.18. азаматтық қорғау бөлімшелерін тиесілілік нормаларына сәйкес арнайы техникамен және жабдықпен, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметкерлерін нысанды киіммен және арнайы киім-кешекпен жарақтандыруды жалғастыру ұсынылады.

3. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

3.1.жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп орман шаруашылықтарын материалдық-техникалық жарақтандыру, кадр мәселелерін шешу (оның ішінде орман өрт сөндіру станцияларының өртке қарсы қызметінің 877 штаттан тыс қызметкерін штатқа ауыстыру және барлық штаттық қызметкерлерге қосымша ақыны қолдану), орман шаруашылықтарының азаматтық қорғау қызметтерімен өзара іс-қимылы жөнінде шаралар қабылдау;

3.2. белгіленген тәртіпте:

- Орман кодексіне және «Азаматтық қорғау туралы» Заңға тиісті алгоритм шеңберінде орман өрттерін сөндіру үшін мемлекеттік өртке қарсы қызметті тарту тәртібін айқындау бөлігінде;

- Орман кодексіне жергілікті атқарушы органдардың өрт орнында тартылатын әуе кемелеріне жанармай құятын авиаотын резервін құру бөлігінде;

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға орман қорын қорғау мен қорғауды қамтамасыз ету үшін «Қазавиаорманқорғау»-мен шарт жасасу рәсімдерін оңайлату бөлігінде;

- Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларына мен Орман өртін сөндіру станциясы туралы ережеге орман ресурстарын пайдалану және орман қорына

бару кезінде жеке және заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды арттыру бөлігінде келісу рәсімін өткізу;

3.3. орман мониторингі және өртті ерте анықтау үшін бағдарламалық-аппараттық кешені бар ЭТРМ-нің ахуалдық орталығын құру, сондай-ақ орманды заңсыз кесу, браконьерлік, орман күзетінің кешенді қауіпсіздігі және мемлекеттік орман қорына келушілер жағдайларын азайту мәселесін пысықтау;

3.4. Төтенше жағдайлар министрлігімен, Бас прокуратурамен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

- Қазақстан өңірлерінің бірінде орман өрттерімен күрес жөніндегі бірлескен іс-шаралар алгоритмін (пилоттық жоба) әзірлеу және енгізу;

- 2024 жылдың бірінші тоқсанында пилоттық жобаны іске асыру барысымен танысу үшін таңдалған өңірге баруды жоспарлау және ұйымдастыру;

3.5. мемлекеттік кәсіпорындарға өрттен кейін орманды санитарлық кесуді жүзеге асыруға басым құқық беру мәселесін зерделеу ұсынылады. Бұл ретте ағаш сатудан түскен табыс мемлекеттік бюджетке түсуге тиіс;

3.6. өндірісті төмендету немесе тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау үшін қолайсыз метеожағдайлар бойынша ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды тиісінше құлақтандырмағаны үшін жауапкершілікті айқындау;

3.7. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп орманды дала өрттерінің алдын алу бойынша ведомствоаралық профилактикалық іс-шараларды жалғастыру ұсынылады.

4. **ҚР Әділет министрлігіне** жақын және алыс шетелдердің тәжірибесін зерделей отырып, құқық қолдану практикасын ретке келтіру үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қылмыстар үшін тікелей қылмыстық жауаптылықты енгізу мәселесін қарау ұсынылады.

5. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:**

5.1. құрылыс саласындағы ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға беру бойынша көппәтерлі үйлерді салу кезінде техникалық құжаттаманы келісу алгоритмі туралы ақпарат ұсыну;

5.2. әлеуметтік маңызы бар объектілерді шолу, сейсмикалық қауіпсіздігі тұрғысынан үлгілік жобалау шешімдерін талдау мақсатында жобалау-сметалық құжаттамасының бірыңғай мұрағаттық базасын құру мәселесін зерделеу;

5.3. Көлік министрлігімен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

- нөсер кәрізі мен арық жүйелеріндегі дамымаушылықты жою мақсатында сәулет-қала құрылысы заңнамасына түзетулер енгізу;

- еріген қар суы мен тасқын суларды бұру үшін нөсер кәрізі жүйелерін және арық жүйелерін салу және дайын күйде ұстау мәселесін шешу ұсынылады.

6. **ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:**

6.1. Экология және табиғи ресурстар министрлігімен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қолданыстағы гидрологиялық бекеттерге мониторинг жүргізу және қажет болған жағдайда жергілікті жерлерде су

тасқыны жағдайының ұлғаюын болжау мақсатында қосымша бекеттер құру мәселесін қарау;

6.2. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

- құқықтық қайшылықтар мен олқылықтарды жою және анықтау мақсатында су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының, оның ішінде заңға тәуелді актілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізу;

- гидротехникалық құрылысжайларды аспаптық бақылау жүйесін (бұдан әрі – ГТҚ) әзірлеу;

- иесіз ГТҚ-ны коммуналдық меншікке беруді аяқтау;

- ГТҚ-ны кезең-кезеңімен салуды, қолданыстағыларын жөндеуді және оларды жергілікті құлақтандыру жүйелерімен жарақтандыруды қамтамасыз ету ұсынылады.

7. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ҚР Төтенше жағдайларминистрлігімен** бірлесіпжоғарыоқуорындарында«Сейсмология» мамандығы бойынша мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама енгізу ұсынылады;

8. **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне ҚР Төтенше жағдайлар министрлігімен** бірлесіп жалпы білім беретін мектептердің міндетті оқу бағдарламасына «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» пәнін енгізу туралы мәселені қарау ұсынылады;

9. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

9.1. өзендерге жақын жерде құрылыстар салуға және пайдалы қазбаларды өндіруге рұқсат беру құжаттарын беруге бақылауды күшейту;

9.2. су тасқынына қарсы іс-шаралардың орындалуын бақылауға алу және оларды іске асыруға қаражаттың уақтылы бөлінуін қамтамасыз ету;

9.3. жергілікті бюджет қаражаты есебінен ТЖМ өрт сөндіру бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтандыруды нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

9.4. барлық өңірлерде газ-техникалық инспекциялар құру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

9.5. төтенше жағдайлар кезінде облыстық және аудандық, оның ішінде ауылдық округтер деңгейінде халықты құлақтандыру және хабар беру жүйесін кезең-кезеңімен жаңғыртуды жалғастыру мәселесін қарау ұсынылады.

II. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 2024 жылғы 24 мамырда Мемлекет басшысының **«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында экономиканың өңдеуші секторын дамыту»** тақырыбындағы Парламенттік тыңдаулар өткізді.

Тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап өтіп Парламенттік тыңдауға қатысушылар келесіні ұсынды:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне**:

1.1. Келесі мәселелерді шешуге бағытталған «Мұнай-газ химия өнеркәсібі туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу:

- мұнай-газ химия жобаларын шикізатпен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге;

- мұнай-газ химия өнімдеріне ішкі сұранысты ынталандыруға.

1.2. Өнеркәсіп объектілерінің құрылысын реттеу тетігін жеңілдетуге және халықаралық стандарттарды қолдануға бағытталған сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.3. «Арнайы экономикалық аймақ – Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» (АЭА-«НИНТ») қатысушыларына өндіруші – «Karabatan Utility Solutions» ЖШС шарттары бойынша электр энергиясын сатып алуға мүмкіндік беру бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.4. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаларда отандық тауар өндірушілердің құрылыс материалдарын пайдалану жөніндегі міндеттемелерді енгізу бөлігінде ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.5. Қазақстанда өндірілуі мүмкін тауарлардың импортына баждар немесе квоталар түрінде уақытша қорғау шараларын енгізу бөлігінде ҚР заңнамасына, оның ішінде «Бәсекелестікті қорғау туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.6. Отандық тауар өндірушілердің өнімдерін сатып алуға міндетті квоталарды енгізу бөлігінде ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.7. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары үшін қызметкерлердің орташа жылдық санын есепке алмағанда, орташа жылдық табыс негізінде кәсіпкерлік субъектілерінің санатын айқындаудың жекелеген өлшемшарттарды көздеу.

1.8. Ұлттық режимнен алу жөніндегі нормаларды тек тауарларға ғана емес, сонымен қатар жұмыстар мен қызметтерге де қолдану мәселесін қарастыру.

1.9. Өңдеуші салаға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың барлық шараларының тиімділігіне толық тексеру және бағалау жүргізу.

1.10. Жергілікті атқарушы орган арқылы «біріңғай терезе» қағидаты бойынша инвестициялық жобаларға техникалық шарттар беру мүмкіндігін қарастыру.

2. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне**:

2.1. Екі жақты түсіндіруді болдырмау мақсатында заңнамада офтейк-келісімшарттың бірыңғай тұжырымдамасын бекіту.

2.2. Офтейк келісімшарттарының қоғамдық тізілімін жасау.

2.3. Офтейк-келісімшарттарды жасасу және орындау қағидаларын әзірлеу және оларды мемлекеттік сатып алуларда жасасу тетігі бойынша әдіснамалық түсіндірме беру.

2.4. Реттелетін сатып алуларға енгізілген және отандық полимерлерден дайын өнімді отандық өндірушілермен оффтейк-келісімшарттар жасасуға арналған өнімдердің тізбесін кеңейту.

2.5. Құрылыс барысында ЖСҚ-да көзделген отандық тауарлар мен жабдықтарды импорттық тауарлар мен жабдықтарға ауыстыру үшін жауапкершілікті белгілеу мәселесін қарау.

2.6. Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қолжетімді шикізатпен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді («Кейбір заңнамалық актілерге бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы шеңберінде қабылданған) іске асыру, оның ішінде тек металдар бойынша ғана емес, басқа да шикізат бойынша, оның ішінде полипропилен бойынша жеңілдікті шикізатпен қамтамасыз ету жөнінде келісімдер жасасу жөнінде шаралар қабылдау.

2.7. Ел ішіндегі құндылық үлесінің нақты деңгейін анықтау үшін елде өндірілетін тауарлардың әрбір тобы бойынша талдау жүргізу.

2.8. Отандық тауар өндірушілер шығаратын өнімнің күрделілігін арттыруды ынталандыру мақсатында басым тауарлар тізбесіне енгізу үшін Тауарды қайта бөлу деңгейін бағалау әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

2.9. Жамбыл облысында минералды тыңайтқыштар өндіру зауытын салу бөлігінде «минералды тыңайтқыштар шығару зауытын салу және пайдалану» жобасын іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Келісімнің іске асырылу барысына тиісті бақылауды қамтамасыз ету.

3. **ҚР Энергетика министрлігіне**:

3.1. Жыл сайынғы индекстеуді ескере отырып, мұнай-газ-химия жобалары үшін тауарлық газға ұзақ мерзімді тариф белгілеу мәселесін қарастыру.

3.2. Өңірдегі газ, электр энергиясының теңгерімін ескере отырып, жаңа өндірістік объектілерді газбен, электр энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі жоспарларды әзірлеу.

3.3. Мұнай-газ-химия жобаларын тиімді іске асыру үшін «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аумағында қажетті инфрақұрылым құрылысын аяқтау жөнінде шаралар қабылдау.

4. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне**:

4.1. Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде ірі жобалардың тізбесін бекіту кезінде келесідей мәселелерді шешуді көздеу:

- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу (электр қосалқы станциялары, электр беру желілері, газ, су құбырлары, автомобиль жолдары, теміржол жолдары және т. б.)

- газ, электр энергиясы және басқа да энергия ресурстарының көлемімен қамтамасыз ету.

4.2. Мемлекет басшысының Жолдауын орындау шеңберінде өнеркәсіптік саясатты және ірі жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттік

органдарды ведомствоаралық үйлестіруді күшейту жөнінде шаралар қабылдау.

5. **ҚР Ауыл шаруашылығы және денсаулық сақтау министрліктеріне**:

5.1. Адал бәсекелестік үшін жағдай жасау және «сұр» импортты болдырмау мақсатында тамақ өнеркәсібінің өткізілетін өніміне бақылауды күшейту, оның ішінде өнімнің техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігіне бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылдау.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ

І. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 27 қазанда өткізілген **«Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде салық саясатының және салықтық әкімшілендіруді жаңғыртудың негізгі тәсілдері мен тұжырымдамалық мәселелері»** тақырыбындағы үкіметтік сағаттың қорытындысы бойынша **Қазақстан Республикасының Үкіметіне** келесі ұсыныстар берілді:

- тиімсіз салық жеңілдіктерін оңтайландыру және оларды беру жөніндегі мониторинг сапасын арттыру мақсатында салық жеңілдіктерін 20%-ға қысқарту мәселесін қарастыру қажет;
- салық салудың болжамды жағдайын қалыптастыру және инвестиция тарту мақсатында орта мерзімді перспективада салық жүктемесінің тұрақтылығы жөніндегі мәселені қарау;
- геологиялық барлауда салықтық ынталандыру шараларын көздеу;
- техногендік минералдық түзілімдерден (ТМТ) пайдалы қазбаларды алуға салық салу мәселелерін реттеу;
- жер қойнауын пайдалануда таусылған (көне) кен орындарына арналған (ЖҚБС) балама салықты қолдану құқығын беру;
- бюджет шығынына жол бермей, трансферттік баға белгілеу туралы заңнаманы ескере отырып, шикі мұнайды өткізудің нақты бағасын негізге алып, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты және экспортқа рента салығын есептеу жөніндегі мәселені қарау;
- газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде, сондай-ақ ұңғымаларды сынау кезінде әлемдік бағаларға емес, өндірістік өзіндік құнға сүйене отырып, бюджет шығындарына жол бермей салық салу тетігін қайта қарау;
- өңдеуші өнеркәсіп өнімін өндіруді қолдау шараларын, оның ішінде Қазақстанда қайта өңделетін шикізат импортына ҚҚС бойынша кейінге қалдыруды көздеу;
- бизнеске пайданы қайта инвестициялау кезінде КТС бойынша жеңілдіктер беру жолымен әлеуметтік салаға инвестициялардың одан әрі түсуі үшін ынталандыру шараларын ескере отырып, әлеуметтік сала үшін, оның ішінде дивидендтер төлеу бойынша шектеулерді алып тастау бөлігінде жеңілдіктердің қолданыстағы тетігін қайта қарау;

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін қолданыстағы арнаулы салық режимін сақтау;
- ҚҚС бойынша қосымша есепке жатқызуға құқығы бар қызмет түрлерінің тізбесіне ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін өндірістік қызмет түрлерін қосу;
- жеке қосалқы шаруашылықтарды жүргізумен айналысатын адамдардың жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табысқа салық салу бөлігінде қолданыстағы жеңілдіктерді сақтау;
- әлеуметтік маңызы бар автобус тасымалдарын ҚҚС-тан босатуды көздеу;
- теңіз кемелерінде қолданыстағы жеңілдікті сақтау;
- сақтандыру компанияларына қолданыстағы КТС ставкалары мәселесін қарастыру;
- сақтандыру қызметтерін тұтынушылар үшін қолданыстағы салық жүктемесі мәселесін қарастыру;
- салықтық есепке алу мәселесінің халықаралық қаржылық есептіліктің 17 стандартына сәйкестігін қарау;
- лизингтік компаниялардың қолданыстағы салық жүктемесін сақтау;
- ең сұранысқа ие арнайы салық режимін сақтау: жеңілдетілген декларация және бөлшек салық, сондай-ақ бірыңғай жиынтық төлем қағидаты бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін режимді жаңарту мәселесін қарастыру;
- шағын бизнестің орташа бизнеске бірқалыпты көшуі үшін ынталандыру шараларын көздеу (атап айтқанда, бөлшек салықты қолдану аясын кеңейту);
- бизнес пен мемлекет мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу мақсатында ҚҚС әкімшілендірудің қағидаттары мен тетіктерін түбегейлі қайта қарау;
- камералық бақылау арқылы анықталған барлық бұзушылықтарды «болжамды» деп анықтау;
- хабарламаны орындалмады деп тану және түсініктеме қабылдау туралы шешім шығару институтын қайта форматтау;
- мемлекеттік кірістер органдары тарапынан цифрлық шешімдер мен сервистік тәсілді қолдануды ескере отырып, салықтық әкімшілендіру жүйесін түбегейлі қайта қарауды.

II. 2023 жылғы 10 қарашада Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту»** тақырыбындағы үкімет сағатын өткізіп, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

I. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеу барысында келесілерді қарастыру:

- мемлекеттік қолдау шараларын экономика секторларының басымдығы, өндірістің технологиялық күрделілік деңгейі және бизнес санаттары бойынша саралау. Экономиканың басым секторларының тізбесі өңдеуші өнеркәсіп субъектілерінен және дайын өнім шығаруға мамандандырылған кәсіпорындарды қамтитын сектордан құрылуы тиіс;

- орта кәсіпкерлік үшін жекелеген талаптарды көздей отырып, шағын бизнес субъектілерімен қатар орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету.

2. Өңірлердегі мемлекеттік кірістер органдарының талаптары бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану жөніндегі материалдарды сотқа дейінгі қарау жөніндегі келісу комиссиясының құрамына жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін қосу және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер Палатасы өкілдерінің санын ұлғайту мәселесін қарастыру.

3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін:

- орта кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруға бағытталған нормаларды енгізу (өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтін, сондай-ақ дайын өнім шығаруға маманданған орта бизнес өкілдері үшін ҚҚС-тың қолданыстағы мөлшерлемесін сақтау мәселесін қарастыру);

- арнайы салық режимдерінің санын қысқарту (өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жеке кәсіпкерлер үшін 7-ден 3-ке дейін – салық режимінде, оңайлатылған декларацияны, қосымша опциямен бөлшек салықты қолданған кезде);

- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жеке кәсіпкерлер үшін айналымның/кірістің 3% мөлшері көлемінде бірыңғай төлем белгілеу және оның ішіне зейнетақы аударымдарын, әлеуметтік төлемдерді ең төменгі сома бойынша талаптар, қызмет түрлері бойынша шектеулер және заңды тұлғалар клиенттері үшін шегерімдер белгіленбей енгізу;

- арнайы салық режимдерінің санын қысқарту (7-ден 4-ке дейін – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жеке кәсіпкерлер үшін салық режимінде, оңайлатылған декларацияны, бөлшек салықты қолданған жағдайда);

- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жеке кәсіпкерлер үшін айналымның/түсімнің 4% мөлшеріндегі бірыңғай төлем белгілеу және оған зейнетақы аударымдарын, әлеуметтік төлемдерді енгізу.

4. Салық салу жүйесін жетілдіру бойынша келесі ұсыныстар әзірлеу:

- шағын бизнесті ірілендіруге ынталандыру, ұсақтауды және орта бизнестің шағын бизнеске ауысуын болдырмау;

- ең алдымен өңдеу өнеркәсібіне назар аудара отырып, экономика салаларының басымдылығына байланысты салық жүктемесін саралау.

II. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне:**

5. Бизнес субъектілерінің, әсіресе ШОБ-ты кредиттеудің қамтуын кеңейту мақсатында алдын ала ойластырылған шараларды қолдана отырып, кредит беру процестерін оңайлату және ынталандыру жөніндегі шараларды ұсыну.

6. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып, ауылдық аймақтардағы ШОБ субъектілері үшін кредиттеудің қолжетімділігін арттыру мақсатында офтейк келісімшарттары бойынша ақша ағындарын кепілді қамтамасыз ету ретінде қолдануды кеңейту, сондай-ақ белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін астық қолхаттарын қатты кепіл санатына енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

III. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:**

7. Мемлекеттік қолдауды алу процесінде артық кедергілерді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру Қағидаларына өзгерістер енгізу:

- «жаңа бизнес-идея» ұғымынан «жаңа бизнес-идеяны іске асырудың нәтижесі нарыққа жаңа және (немесе) жетілдірілген тауарларды (өнімдерді)/қызметтерді/жұмыстарды әзірлеу және (немесе) енгізу немесе практикада іске асырылған және технологиялық алмасу (патенттік емес лицензиялар, ноу-хау, кеңес беру) арқылы таратылатын талаптарды алып тастау;

- конкурстық комиссияның өтінімдерді қарауы және оларды іске асыру үшін мемлекеттік грант беру мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы шешім қабылдауы кезінде кәсіпкердің жобасын бағалау өлшемшарттарынан бизнес-идеялардың жаңалығын алып тастау.

8. ШОБ субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- гранттық қаржыландыру жобаларын берілген қаражатты мақсатты пайдалану және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу тұрғысынан 100% бақылауды қамтамасыз ету;

- шағын және орта бизнес бағыты бойынша осы тетіктің тиімділігі мен қажеттілігі тұрғысынан мемлекеттік гранттар беру тетігіне жан-жақты талдау және бағалау жүргізу.

9. Отандық ШОБ субъектілері өндіріп шығарған өнімді ілгерілетуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларына өзгерістер енгізу:

- стационарлық сауда объектілері тауарлардың жалпы ассортиментінен қазақстандық өндірушілердің өнімін толтырудың міндетті үлесі бойынша талаптарды 50% деңгейде белгілеу;

- қазақстандық тауар өндірушілер өндірген тауарлар мен импортталатын тауарлар үшін шекті сауда үстемесін саралау;

- импортталатын тауармен салыстырғанда стационарлық сауда объектілерінде басым орналастыру бойынша қазақстандық тауарларды ілгерілету және олардың сату көлемін ұлғайту мақсатында нормативтік талаптарды белгілеу.

IV. **ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:**

10. Өндірісті оқшаулау деңгейін арттыруды ынталандыру жөніндегі нормаларын қоса алғанда, тауарлардағы елішілік құндылық үлесін ұлғайтуға бағытталған тауарлардың шығарылған елін айқындаудың қолданыстағы тетігін жетілдіру бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу және енгізу.

V. **ҚР Энергетика министрлігіне:**

11. Электр энергиясының тапшылығын барынша азайту мақсатында табиғи монополиялар субъектілерінің техникалық шарттары бойынша электр энергиясын тұтыну ауытқыған жағдайда, сондай-ақ, бизнес субъектілеріне рұқсат етілген электр қуатының толық емес көлемін нақты тұтынуын ескере отырып, бір қоректендіру орталығы шеңберінде қуатты бір тұтынушыдан екіншісіне қайта бөлу мүмкіндігімен бұрын берілген техникалық шарттарға талдау жүргізу ұсынады.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 24 қарашада **Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Аграрлық ғылымды дамытудағы және агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандарды даярлаудағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары»** тақырыбына арналған үкімет сағатын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Мына мәселелер бойынша жүйелі шаралар қабылдау:

- Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген аграрлық ғылымды дамыту және АӨК үшін кадрлар даярлау;

- 2030 жылға қарай аграрлық ғылымды бағдарламалық-нысаналы, гранттық және базалық қаржыландыруды қоса алғанда, аграрлық ғылымды қаржыландыру көлемін ауыл шаруашылығынан кемінде 1%-ға біртіндеп жеткізу.

1.2. Мына мәселелерді пысықтау:

- мемлекеттік тапсырманы жүзеге асыруға арналған шарттар негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңнамасына сәйкес басым бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыс шарттарының негізінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын қосылған құн салығынан босату туралы Қазақстан Республикасы Салық кодексі 394-бабының 40) тармақшасына толықтырулар енгізуді;

- халықаралық ғылыми орталықтармен ынтымақтастықта жаңа технологиялар мен білім трансферті бойынша жобаларды қаржыландыру үшін қосымша бюджет қаражатын бөлуді;

- топырақтың құнарлылығын қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу

туралы заңнамалық құжат әзірлеуді, топырақтың сапасына бағалау жүргізуді және тыңайтқыштарды қолдану бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттарды жаңартуды.

1.3. Мына мәселелердің мүмкіндігін қарастыру:

- «Ауыл шаруашылығы», «Ветеринария» мамандықтары бойынша оқитын студенттердің (бакалавриат) стипендиясын «Педагогикалық ғылымдар» мамандығында оқитын студенттердің стипендиясымен теңестіру, яғни 41 898 теңгеден 67 200 теңгеге дейін арттыру;

- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша аграрлық сала мамандары үшін әлеуметтік қолдау шараларын күшейту және көтерме жәрдемақылар мөлшерін 100-ден 200 АЕК-ке дейін, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға берілетін кредит сомасын 2000-нан 3000 АЕК-ке дейін ұлғайту;

- «Серпін» бағдарламасы бойынша өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарынан ҚР азаматтарын оқытуға арналған 3 аграрлық ЖОО (ҚазҰАЗУ, ҚАТЗУ, БҚАТУ) тізбеге енгізу;

- білім алушылардың тәжірибенің барлық түрлерінен өтуі үшін ірі инновациялық агроқұрылымдарға қаржы бөлу;

- ірі ауыл шаруашылығы тауар өндіруші компанияларға жас мамандарға тұрғын үй салу үшін субсидиялар бөлу;

- аграрлық мамандықтар бойынша ауылдық квота үлесін ауыл мектептерінің түлектері үшін 35-тен 70%-ға дейін ұлғайту;

- республикалық бюджеттен жоғары оқу орындары үшін бөлінген квоталар бойынша конкурс қаңтар-наурыз айларының ҰБТ нәтижелері бойынша өткізу және мамыр-маусым айларында грант иегерлердің тізімін бекіту (ЖАО гранттарына ұқсас);

- бірлескен білім беру бағдарламаларын дайындау, енгізу және қос дипломды оқытуға көшу үшін жеке бюджеттік бағдарлама әзірлеу;

- «ҰАҒББО» КеАҚ орталық аппаратын республикалық бюджеттен қаржыландыру.

2. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен** бірлесіп:

- АӨК үшін кадрларға қажеттілік мониторингінің тетіктерін жетілдіру және аграрлық мамандықтар бойынша мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту;

- жоғары оқу орындарына еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға түсуге ниет білдірген ауыл мектептерінің түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту;

- ауыл шаруашылығы мамандықтары және ветеринария бойынша грантқа түсушілер үшін Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне өту балын 60-тан 55-ке дейін төмендету;

- мемлекеттік тапсырысты ҚР АШМ үш мамандандырылған аграрлық жоғары оқу орындарында (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті)

бакалавриат (70% дейін), магистратура (100%), докторантура (100%) орналастыру;

- ҚР ҒЖБМ бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде ҚР АШМ-ның үш аграрлық ЖОО үшін студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігіне бөлінетін қаражатты көбейтуді қарастыру;

- ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарының мемлекеттік гранттарын толық игеру және оларды жұмысқа орналастыру мәселелерін пысықтау.

3. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

3.1. Мына мәселелерді пысықтау:

- тиісті нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп және бекіте отырып, агроөнеркәсіп кешенінде «ҰАҒББО» КеАҚ-ны бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, салалық гранттар, білімді тарату бағдарламасы мен ахуалдық орталықтың операторы ретінде айқындау;

- ғылыми жетістіктерді бекіту және оларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жоғары оқу орындарының адами ресурстарын және олардың ғылыми әлеуетін пайдалану мақсатында ауыл шаруашылығы бойынша кейбір жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттарын біріктіру арқылы «ЖОО – ҒЗИ – тәжірибелік шаруашылық – өндіріс» пилоттық жобасын іске асыру;

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ақпараттық-білім беруді қамтамасыз ету, оларды ғылыми жетістіктермен таныстыру, қызмет көрсету және агробизнесті дамытуды ғылыми сүйемелдеу үшін «ҰАҒББО» КеАҚ-та ақпараттық-консультациялық қызметтің бірыңғай жүйесін құру;

- 2025-2035 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің топырақ құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру» ұзақ мерзімді мемлекеттік ғылыми нысаналы бағдарлама қабылдап, күрделі және қолданбалы зерттеулер жасау үшін бейінді институт – «Ө.О. Оспанов атындағы қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ін қаржыландыру;

- мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жарғылық капиталды ұлғайта отырып, топырақ ғылымын ынталандыру және бейінді институттың жабдықтарын жаңарту.

3.2. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

- өндіріске инновациялар мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін енгізуді жеделдетуге бағытталған жергілікті атқарушы органдардың 019 «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру;

- ауылдағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелерді шешу арқылы ауылдағы жас кадрларды жұмысқа орналастыру және бекіту жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және сынақтан өткізу.

4. **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне:**

4.1. Мына шараларды қамтамасыз ету:

- аграрлық мамандықтар алу үшін мектеп түлектерін тарту бойынша техникалық және кәсіптік колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту;

- техникалық және кәсіптік колледждерге ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша мемлекеттік гранттарды толық игеру;

- ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік колледждердің түлектерін жұмысқа орналастыру.

5. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:**

- агробизнес субъектілерінде, сондай-ақ «ҰАҒББО» КеАҚ бейінді ұйымдарының базасында ветеринариялық биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін отандық биологиялық және фармацевтикалық препараттарды өндіруді қарастыру.

IV. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2024 жылы 20 ақпанда **Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Демографиялық өсу – ұлттың бәсекелестік артықшылықтарының негізі»** тақырыбына арналған үкімет сағаты өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. демография саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді реттеу, жүйелі демографиялық саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында демография саласын басқару және реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган құру туралы мәселені зерделеу;

1.2. демографиялық өзгерістердің Қазақстанның ұзақ және орта мерзімді перспективада әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына әсерін талдау мақсатында форсайт-сессиялар өткізуді, сондай-ақ демография бойынша Ұлттық баяндама дайындауды көздеу;

1.3. ұлттық, өңірлік деңгейлердегі санақ деректері негізінде және елдегі халықтың демографиялық өсуін ескере отырып, Қазақстан Республикасының тұрақты демографиялық дамуының ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу мәселесін қарау;

1.4. халық санының қысқаруы орын алып отырған аумақтарға ерекше мәртебе беру және осы аумақтарды дамытудың кешенді бағдарламаларын енгізу жолымен жұмыс күші артық, халқы тығыз орналасқан өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге ерікті қоныс аударуды қолдау тетіктерін қайта қарау;

2. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:**

2.1. елдегі демографиялық үрдістерге сәйкес ұлттық экономикалық даму және өңірлік даму тұжырымдамаларын қайта қарау;

3. **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:**

3.1. Ұлттық экономика, Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп климаттық жағдайлары күрделі аумақтарға және шекара маңындағы

аумақтарға халықтың көші-қоны процестерінің тиімділігін арттыру мақсатында жекешелендіру құқығымен жер учаскелерін жалға беруді, жеңілдетілген шартпен лизингке техника беруді, мал сатып алуға және үй салуға төмен пайызбен кредит беруді қамтитын кешенді кепілдендірілген қолдау пакетін ұсыну, жалақыға арнайы үстеме тағайындау, салық жүктемесін азайту мүмкіндігін қарастыру және т.б;

3.2. егде жастағы азаматтардың өмір сүру сапасын, дербестігі мен тәуелсіздігін және олардың әл-ауқатын арттыру саясатын іске асыру мақсатында Қазақстанда қартаюдың жол картасын, белсенді ұзақ өмір сүру тұжырымдамасын және егде жастағы азаматтарға арналған іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;

4. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:**

4.1. қоғамдық денсаулықты сапалы қамтамасыз ету және салауатты өмір сүру салтын насихаттау тетігі арқылы аурулардың алдын-алу және осы бағыттағы шараларды ынталандыру бойынша, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жол-көлік оқиғасынан болатын өлім-жітімді азайтуға қатысты ұсынымдарына сәйкес кешенді іс-шараларды қарастыруға;

4.2. халықтың репродуктивтік қал-ахуалын зерттеу, репродуктивтік мәдениетті қолдау және жастардың қауіпсіз репродуктивтік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша кешенді шаралар қабылдауға;

4.3. Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп жастардың психологиялық жай-күйін зерделеу мақсатында психолог мамандардың қолдауын қажет ететін жастармен байланыс үшін «uSupport» жастарға арналған онлайн-психикалық денсаулық платформасын пайдалану мүмкіндігін қарастыру;

5. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне:**

5.1. жоғары оқу орындарына «Демография» мамандығы бойынша гранттар бөлу және озық тәжірибелі шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен бірлесіп магистрантар дайындау арқылы демограф мамандардың ұлттық пулын қалыптастыру;

5.2. мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп демография саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының (бұдан әрі – ҒЗЖ) тақырыптарын белгілеу және оларды гранттар, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру арқылы жандандыру, сондай-ақ елдегі демографиялық ахуалды тұрақты түрде зерделейтін ғылыми-зерттеу институтын құру мәселесін зерделеу;

6. **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне:**

6.1. жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жалпыға бірдей сапалы білім беру және тәрбиелеу, лайықты жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау қызметтеріне уақтылы және сапалы қол жеткізу, толыққанды әлеуметтік қамсыздандыру бойынша мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру;

6.2. NEET жастарды есепке алудың әдістемесін жетілдіру, жастар орталықтары мен жастарға арналған әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсарту, жастарды дамытудың әлемдік оң тәжірибелерін пайдалана отырып әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға жататын, табысы төмен және

жұмыссыз жастардың дағдылары мен құзыреттерін арттыру;

7. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

7.1. ауылдық елді мекендерді дамытуда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тетіктерін іске қосу арқылы «мемлекет-бизнес-қоғам» кешенді моделін енгізу, сондай-ақ «In situ урбанизация» қағидатын қолдана отырып, елдің трек-ауылдары мен аудан орталықтарында ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығынан өзге өндірістерді дамыту;

8. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:**

8.1. урбанизация жағдайында сәулет, әлеуметтану, көлік, экология, қауіпсіздік салаларын зерттеу негізінде қала құрылысын жоспарлау және жүргізуде икемді және ұтымды стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін «мастер-жоспар» кеңістіктік жоспарлауды енгізуді зерделеу;

9. **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне:**

9.1. ел халқының жас мөлшері, гендерлік құрамы, әлеуметтік мәртебесі және т.б. бойынша демографиялық деректер негізінде төтенше жағдайлар тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын әзірлеу;

10. **ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне:**

10.1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау курстарында елдегі демографиялық үрдістерге талдау жүргізу және тәуекелдерді басқару тақырыбы бойынша оқу курстарын ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру;

11. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

11.1. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы және қандастар мен қоныс аударушыларды көшіру бағдарламалары шеңберінде Қазақстанның шекара маңындағы аумақтарына келетін жастар үшін ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы емес ірі өндіріс орындарының жанынан баспана салу мүмкіндігін қарастыру;

11.2. оң демографиялық өзгерістерді қалыптастыру мақсатында халықтың осал топтарының жекелеген санаттары үшін жергілікті бюджеттен медициналық сақтандыру жүйесіне аударымдар жүргізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ

І. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 15-16 қыркүйек Батыс Қазақстан облысындағы **«Өңірдегі табиғатты және жануарларды қорғау саласының жай-күйі және ақбөкендердің оралдық популяциясының кейбір мәселелері»** тақырыбына арналған көшпелі отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

«Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі №190 бұйрығына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қарастыру.

2. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне** төмендегі мәселелерді қарастыру:

2.1. Ақбөкендердің егіс алқаптарын таптауынан зардап шеккен шаруа қожалықтарының шығындарын есептеп, оларды өтеуді жүзеге асыру;

2.2. Сойылған етті тексеру және ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу;

2.3. «Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі №16-07/307 және «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрықтарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2.4. Дәнді дақылдарды қайта өңдеуді қолдаудың қосымша шараларын әзірлеу;

2.5. Инвестициялық субсидиялау қағидаларындағы №12 «Жылыжай кешенін салу және кеңейту» паспорты бойынша субсидияларды есептеуге жол берілетін ең жоғары құнды ұлғайту;

2.6. ҚР Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп ақбөкен етінен ет өнімдерін өндіруге арналған стандарттарды, техникалық шарттарды және басқа да нормативтік құжаттарды әзірлеу.

3. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:**

Ақбөкендерді аулауға және союға қатысатын адамдарды сібір жарасына қарсы иммундау мәселелерін ұйымдастыру.

4. **ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:**

Трансшекаралық су шаруашылығы объектісі болып табылатын, сумен қамтамасыз ету бойынша баламасы жоқ және экологиялық тепе-теңдікті сақтайтын Жәнібек суландыру жүйесінің жұмысын тұрақты түрде қамтамасыз ету үшін Батыс Қазақстан облысының Жәнібек және Бөкей ордасы аудандарында жоғарыда аталған су шаруашылығы объектілерін реконструкциялау үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлуді қарастыру.

5. **Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Қостанай облыстарының әкімдіктеріне** қамтамасыз ету:

5.1. Ет комбинаттарына киік етін өткізу;

5.2. Ет өңдеу кәсіпорындарына киік еті жеткізілгеннен кейін автокөлікке дезинфекция жасау;

5.3. Инсинераторлардың, жанар-жағармай материалдарының және көлік құралдарымен қамту;

5.4. Қалдықтарды (өт қабы, ішек-қарын, қан және т.б.) кәдеге жаратуды және дезинфекциялау.

II. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2023 жылы 17 қазанда «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ-да (Ақмола обл., Аққөл қ.) **ғарыштық байланысты дамыту мәселелері** жөніндегі комитеттің көшпелі отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ мемлекеттік монополия, арнайы құқық субъектілерін тізімнен шығару туралы мәселені қарау.

Арнайы құқық субъектісінің мәртебесі Республикалық ғарыштық байланыс орталығының дамуына кедергі келтіреді. Атап айтқанда:

- компанияның табыстылығының төмендеуіне, әлеуметтік жоба шеңберінде сараланған тарифтерді қолдануды шектеуге әкеп соғатын икемсіз тарифтерді белгілеуге – қол жетімсіз ауылды мекендерді кең жолақты Интернетпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге әкеп соғады (клиенттердің Қазақстан Республикасының аумағында оларды ұсыну мүмкіндігі бар шетелдік спутниктер арқылы көрсетілетін қызметтерге кету қаупі бар);

- «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ арнаулы құқық саласына жатпайтын, бірақ ғарыш саласының одан әрі дамуына әсер ететін қызметтер көрсетуге құқылы емес (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 193-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік монополия, арнайы құқық субъектілеріне тауарларды өндірумен технологиялық байланысты қызметті қоспағанда, мемлекеттік монополия, арнайы құқық саласына жатпайтын тауарларды өндіруге тыйым салынады). Аталған шектеу HTS (жоғары өткізу қабілеті) технологиясы бойынша спутниктік шешімдердің дамуына әсер етеді, оның ішінде геостационарлық және геостационарлық емес жоғары жылдамдықты спутниктік жүйелердің VNO (виртуалды оператор) моделі бойынша байланыс арналарының өткізу қабілетін беру сияқты спутниктік байланыс қызметтерінің жаңа түрлерін көрсетуге кедергі келтіреді. Сонымен қатар, бұл қолданыстағы ғарыш аппараттарының транспондерлік сыйымдылығын қамтамасыз ету қызметін шектейді (қызмет ету мерзімі 2026 және 2029 жылдар);

- еншілес ұйымдарды, серіктестермен бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндігінің болмауы, бұл ғарыштық байланыс жүйесін дамытуға инвестициялар тартуға теріс әсер етуі мүмкін.

2. HUB-технологиясымен спутниктік байланыс үшін жылдық төлем мөлшерлемесін төмендету мәселесін қарастыру (қолданыстағы 30 АЕК төлемі өте жоғары болып табылады және спутниктік HTS шешімдері негізінде байланыс қызметтерін дамыту үшін экономикалық ынталандыруды қалыптастырмайды).

Геостационарлық емес спутниктік орбиталарды (бұдан әрі – ГЕСО) қолданумен байланыс үшін салық ставкасын төмендету ГЕСО спутниктерін

қолданатын жүйелер арасында радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін және геостационарлық жүйелер базасында HUB технологиясымен спутниктік байланыс үшін ақы төлеу – теңсіз жағдайлар туындатады. Көрсетілген шарттар Қазақстан Республикасы операторларының Қазақстанның геостационарлық спутниктік байланыс жүйесінен шетелдік операторлар жүйесінің ГЕСО-ға кетуіне әкеп соғуы мүмкін.

III. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары жөніндегі комитеті 2023 жылғы 24 қарашада **Қазақстан Республикасы Президентінің Парламенттің VIII шақырылымының II сессиясының ашылуындабергентапсырмаларыніскеасырушеңберіндеэкономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыссыздандыру мәселесі бойынша** көшпелі отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

ҚР Қаржы мониторингі агенттігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

1. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыстық сипатынан арылтуға бағытталған заң жобасын әзірлеу жөніндегі жүйелі жұмысты жалғастыру.

2. Заң жобасын әзірлеу кезінде Комитет отырысын да талқылау барысында айтылған ұсыныстар мен ескертулерді қарастыру.

IV. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университетінде **жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша** болды, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. Әскери-патриоттық тәрбие беру мәселесін заңнамалық тұрғыдан реттеу. Бүгінгі таңда бұл міндеттер заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер деңгейіне дейін төмендетілді. Осыған байланысты заң деңгейінде мемлекеттік органдардың негізгі міндеттерінің бірі ретінде әскери-патриоттық тәрбие беруді бекіту керек.

2. БАҚ-та және әлеуметтік желілерде әскери-патриоттық контентті (әскери-патриоттық рухты, мәдениет пен ұлттық тарихты насихаттайтын бағдарламалар, фильмдер, кітаптар және интернет-контент, ұлттық батырлар, отандық тұлғалар, өз ісінің шеберлері) ұйымдастыру және жариялау үшін сарапшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, блогерлерді тарту жөніндегі мемлекеттік ақпараттық саясатты екпіндеу жөніндегі мәселені пысықтау.

3. Армияның имиджі мен рейтингін жұртшылық алдында жақсарту және жастардың әскери іске деген қызығушылығын арттыру мақсатында күш органдарына мемлекеттің барлық әскери құралымдарын ақпараттық жүйеге біріктіретін және өз штатында тікелей әскери журналистері болатын бірыңғай әскери медиа-холдинг құру бойынша күш-жігерді біріктіру ұсынылады.

4. Қызмет жағдайларын жақсарту және жастарды тарту мақсатында Қазақстанның Қарулы Күштеріндегі ақшалай үлесті арттыру, тұрғын үй жағдайлары мен жеңілдіктерді жақсарту туралы мәселені қарастыру, бұл армияның имиджіне оң әсер етеді.

5. Жастарды қамтуды кеңейту мақсатында мектептер, орта және жоғары оқу орындары жанындағы әскери-патриоттық ұйымдардың (үйірмелер, сыныптар мен секциялар) үлесін сапалы арттыру мәселесін қарастыру.

6. Мәдениет және білім беру ұйымдарында педагогтерге әдістемелік көмек көрсету және әлемдегі геостратегиялық шиеленісті ескере отырып, әскери-патриоттық тәрбие бойынша іс-шаралар өткізу мақсатында жасалған оқу-әдістемелік құралдарды жаңарту мәселесін пысықтау.

7. Қазақстанның жоғары оқу орындарында жеңілдіктерді кеңейту мүмкіндігін қарастыру, мысалы, әскери мансапқа қызығушылықты ынталандыратын және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал ететін әскери қызметке байланысты студенттерді қабылдау немесе оқыту кезінде ерекше жағдайлар жасау.

V. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылғы 26-27 ақпанда Қызылорда облысында **«Су ресурстары: сумен тұрақты қамтамасыз етудің проблемалары мен перспективалары»** тақырыбында көшпелі отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. 2024 жылдың соңына дейін Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және пайдалану туралы үкіметаралық келісімді келісу рәсімін аяқтауды.

2. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі жүйесіндегі басқару, ұстау және бақылау процестерін регламенттейтін «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу қажеттігін қарастыруды.

3. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін бақылау және қадағалау функцияларын Орталық мемлекеттік органды айқындау және оған мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында беруді.

4. Күріш чектерін теңестіруді қамтамасыз ету, Қызылорда облысында суды бөлу мен есепке алуды автоматтандыра отырып, суару желілерін реконструкциялау мен жаңғыртуды жандандыру арқылы судың ысырабы мен артық шығынын азайту жөнінде қажетті шаралар қабылдауды.

5. Суарудың заманауи су үнемдейтін технологияларын сатып алуға жұмсалған шығындарды өтеуді субсидиялауға бірыңғай жүйелік тәсілді әзірлеуді, сондай-ақ қажетті инфрақұрылымды жүргізу жөніндегі мәселені қарастыруды.

6. Ауыл шаруашылығы өндірушілерін суарудың су үнемдейтін технологияларын пайдалануға ынталандыруды, суды бөлу мен есепке алуды цифрландыру бойынша субсидиялау тетігін әзірлеуді.

7. Су ресурстары және ирригация министрлігіне арналар арқылы су беру жөніндегі тарифтік реттеушінің функциясын беру мәселесін қарастыру.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:

8. Қазақстан Республикасы Президентінің 20 жаңа су қоймасын салу, жұмыс істеп тұрған 15 су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ кемінде 3500 шақырым каналды жаңғырту және цифрландыру жөніндегі тапсырмасын толық және уақтылы орындау жөнінде шаралар қабылдауды.

9. Суды бөлу мен есепке алуды цифрландыру және автоматтандыру жөніндегі жұмысты күшейтуді.

10. Су тапшылығы мәселелерін шешу шеңберінде ылғал сүйгіш дақылдарды егу алаңдарын азайту, каналдардың өткізу қабілеттілігіне және өзен бассейндері бойынша гидрологиялық болжамдарға сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының алаңдарын орналастыруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандыруды.

11. Саладағы кадрлар тапшылығы проблемаларын шешу мақсатында Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, қажетті шараларды, оның ішінде су ресурстарын басқару және пайдалану саласындағы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын жетілдіру арқылы қабылдауды.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне:

12. Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп жер асты суларын ластанудан және сарқылудан қорғау жөнінде қажетті іс-шаралар әзірлеп, сондай-ақ шаруашылықты ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жерасты суларының ластану себептерін болдырмау жөнінде шаралар қабылдауды (жер асты суларының ластану ошақтарын оқшаулау және жою және олардың қайтадан пайда болуына жол бермеу; Ағынды суларды неғұрлым терең тазарту жөніндегі технологияларды қолдану; жер асты суларын су қабылдағыштардың әсер ету аймағынан тыс ағынды сулар мен өнеркәсіптік қалдықтар; жұмыс істеп тұрған су қабылдағыштардағы су алу режимін өзгерту және басқалар).

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

13. Су ресурстарын сақтау және Арал теңізі бассейніндегі экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында Қызылорда облысының әкімдігімен бірлесіп, суды аз қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарына әртараптандыра отырып, күріш ауыспалы егіс алқаптарын кезең-кезеңімен қысқартуды.

14. Озық су үнемдеу технологияларын енгізуді жеделдету бойынша шұғыл және шұғыл шаралар қабылдау – жылына 150 мың га дейін. Суармалы жерлерде су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша өңірлік жол карталарын бақылауды және орындауды қамтамасыз етуді.

Облыс әкімдіктеріне:

15. Ауыл шаруашылығы және экология және табиғи ресурстар министрліктерімен бірлесіп ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша оқытуды ұйымдастыруды;

16. Суарудың су үнемдейтін технологияларын қолдана отырып, алаңдарды ұлғайту жөнінде тиісті шаралар қабылдаужды.

VI. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2024 жылғы 26 сәуірде Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қызылорда облысында **«Білім беру жүйесін трансформациялау және балалардың құқықтарын қорғаудың басым аспектілері»** тақырыбында көшпелі отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар қабылданды:

1. **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне:**

1.1. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының «PISA-2022» желісі халықаралық бағалаудың нәтижелеріне жан-жақты талдау жасау қорытындысымен отандық білім беру жүйесін ғаламдық білім беру жүйесінің озық тәжірибесіне сәйкес трансформациялау, оның ішінде: қала мен ауыл оқушыларының білім сапасының алшақтығын жоюға бағытталған шараларды қарастыру;

1.2. оқу-ағарту жүйесіндегі білім беру стандарттарын жалпы адами және ұлттық құндылықтармен, қазіргі замануи ғылым, ғылыми-технологиялық және мәдени жетістіктермен үйлестіру арқылы ұлттық тәлім-тәрбиеге негіздеп қайта пысықтау бойынша шараларды қарастыру;

1.3. білім беру ұйымдарында (мемлекеттік және жекеменшік) ата-аналарды оқу-тәрбие жұмыстарына тарта отырып, заманауи мәдени жетістіктермен үйлестірілген ұлттық тәлім-тәрбие негізінде, жас өспірімдерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге және «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» құндылықтарын олардың бойына сіңіруге бағыттылған шараларды қарастыру;

1.4. білім беру ұйымдарын (мемлекеттік және жекеменшік), білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлемнің жетекші елдерінің озық тәжірибесі мен еліміздегі еңбек нарығының өзгеріп отыратын талаптарына және ұлттық құндылықтарымызға сәйкес келетін сапалы оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оларды жоғары рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге мүмкіндік беретін әдебиеттермен толық қамтамасыз ету бойынша шараларды қарастыру;

1.5. Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, білім берудің бағыттары бойынша білікті педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және осы жұмыстардың нәтижелерін оқу процестеріне енгізу, сондай-ақ педагог кадрларды даярлау мен олардың (мемлекеттік және жекеменшік білім беру ұйымдарындағы) біліктілігін көтерудің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қарастыру;

1.6. «Білім берудегі 1000 өзгеріс көшбасшысы» жобасы аясында резервке алынған кәсіби көшбасшылардың әлеуеті негізінде мектеп басшыларының кадрлық резерві жүйесін құру, сондай-ақ тәжірибелі мектеп директорын жаңадан тағайындалған мектеп басшысына тәлімгер болу мүмкіндігін қарастыру;

1.7. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, кәсіптік және техникалық білім беру аясында орта буын кәсіби мамандар дайындауда

мемлекеттік тапсырысты еңбек нарығының сұраныстары мен өңірлік қажеттіліктерді ескере отырып орналастыру, жұмыс берушілер сұранысына сәйкес жаңа мамандықтар ашу талаптарын оңтайландыру, сондай-ақ түлектердің біліктілігін тану орталықтарында оқыту нәтижелеріне тәуелсіз бағалауды енгізу мүмкіндігін қарастыру;

1.8. әлемнің жетекші елдерінің озық тәжірибесіне негізделген Worldskills Kazakhstan ұлттық чемпионатына қатысушы кәсіптік және техникалық орта білім беру ұйымдарының (мемлекеттік және жекеменшік) шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу мүмкіндігін қарастыру;

1.9. кәсіптік және техникалық орта білім беру ұйымдарына (мемлекеттік және жекеменшік) «Төтенше жағдайда қорғау» мамандығына талапкер қабылдауда, оларды арнайы медициналық және физикалық дайындығы бойынша тексерістен өткізу мүмкіндігін беруді қарастыру;

1.10. Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, білім беру ұйымдарында (мемлекеттік және жекеменшік) тәрбиеленушілер мен оқушылардың денсаулығына алғашқы диагностика әдістерін кеңейту, салауатты өмір салтын ұстану, оның ішінде дұрыс тамақтану және дене шынықтыру бойынша арнайы бағдарламалар мен нұсқаулықтарды әзірлеу, сондай-ақ оларды толыққанды қаржыландыру бойынша шаралар қарастыру;

1.11. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ерекше білім беруді қажет ететін балалар (бұдан әрі – ерекше бала) үшін инклюзивті білім беру процесінде олардың қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып:

- қажетті ресурстармен және қолдау құралдарымен (бейімделген оқу ортасы, дайындалған педагогтер, икемді оқу материалдары және т.б.) қамтамасыз етуді, балаларды физикалық сүйемелдеу үшін «білім беру ұйымдарында жеке көмекші» жаңа лауазымын енгізуді қарастыру;

- арнайы білім беру, түзету-дамыту орталықтарының (мемлекеттік және жекеменшік) шығындарын бюджеттен толыққанды қаржыландыру, оның ішінде: арнайы білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтарының еңбек ақысын көтеруді қарастыру;

- кәсіптік және техникалық орта білім беру ұйымдарында (мемлекеттік және жекеменшік) ерекше балаларға білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуді, оның ішінде: оқу-өндірістік орталықтарын ашу және оларды жұмысқа орналаса алатындай мамандық түріне оқытуды қарастыру;

1.12. жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, балалардың құқықтарын толыққанды қорғау үшін келесідей шараларды қарастыру:

- білім беру ұйымдары (мемлекеттік және жекеменшік) ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың жас өспірімдер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, оның ішінде: буллингке нөлдік төзімділікті қалыптастыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытында жұмысты күшейту;

- өмірдің қиын жағдайында қалған отбасыларға (балаларға) қолдау көрсету бойынша ведомствоаралық алгоритмін әзірлеу, оның ішінде: қамқоршылық және қорғаншылық органдардың функциясын жүзеге асыратын мамандардың штат санын ұлғайту мүмкіндігін қарастыру;

- ауылдық жерлердегі дарынды балаларды анықтау мен қолдаудың нақты тетіктерін қарастыру, оның ішінде: оларға мамандандырылған мектептерде білім алу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

VII. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылғы 16-18 мамырда **«Оңтүстік аймақтағы агроөнеркәсіптің жай-күйі: проблемалары мен шешу жолдары»** тақырыбында Түркістан облысында өткен көшпелі отырыс қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Үкімет тарапынан эрозияға ұшыраған жерлерді ұзақ мерзімді кезең-кезеңімен қалпына келтіру бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Жол картасын әзірлеуді;

2. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың (15.07.2019ж. Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына сәйкес) Үкіметке барлық ауыл шаруашылығы жерлеріне аудит жүргізуді және цифрландыруды тапсырған болатын, аталған жұмыстарды 2024 жылы аяқтау жоспарланған. Осыған сәйкес, цифрландырылған ақпараттарды өңдеп, геоботаникалық және топырақтық зерттеу нәтижелерін қоса ақпараттық жүйеде шаруаларға қолжетімді болуын қамтамасыз етуді;

3. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат есебінен жүргізілген зерттеулер мен цифрландыру жұмыстарының қорытындысына сәйкес, шаруаларға ақпараттық жүйеде жеке кабинетін ашуды (онда, жер учаскелері, топырақтық, геоботаникалық зерттеулер, мал саны, эпизотикалық ақпараттар мен жерді пайдалану бағытында ұсынымдар болуын) қамтамасыз етуді Үкімет тарапынан қатаң бақылауға алуды;

4. Субсидиялауға байланысты Заңнамалардан бөлек, Ережелер мен Қағидаларды (бюджетпен қоса алғанда) Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзіретінен алып жергілікті өкілетті органдарға (Мәслихаттарға) беру мәселесін қарастыруды;

5. Үкімет тарапынан мақта шаруашылығындағы қайта өңдеудің алғашқы кезеңін (жіп иіруге дейін) ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің жауаптылығынан ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзіретіне беруді, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп мақта саласы бойынша стандарттарын жаңарту мәселесін пысықтап, субсидияландыруды және мақта-тоқыма кластерін құру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру (ол мақта шаруашылығын, оның ғылыми базасын, елдегі тоқыма және жеңіл өнеркәсіпті жүйелі дамытуды көздеуі тиіс) мүмкіндіктерін қарастыруды;

6. Фитосанитариялық және ветеринариялық бақылау шараларын күшейтуді және қажетті зертханалар мен жабдықтарын заман талабына сай жаңартуға қаражат бөлуді және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтердің электронды түрде қолжетімді болуын және эпизотикалық ахуалды қадағалауды қамтамасыз етуді Үкімет тарапынан қатаң бақылауға алуды;

7. Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту деңгейін Президенттің тапсырмасына сәйкес жылына 10 % жеткізу мақсатында, ауыл шаруашылығы техникаларына алынатын утил алымды алып тастау, лизингтік компаниялардың шаруаларға қойылатын талаптарын оңтайландыру және ауыл шаруашылығы техникаларын жаңартуға қаражат бөлу секілді техниканы жаңартуға бағытталған жаңа мүмкіндіктерді қарастыруды;

8. Басым ауыл шаруашылығы дақылдарын (мақта, мақсары және жылыжай шаруашылықтары) субсидиялау бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлу мәселесін пысықтауды және жалпы өнім көлемін 2 есеге арттырудың жол картасы шеңберінде минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді қарастыруды;

9. Жылыжайлардың басқа елдермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету мақсатында, жылыту шығындарын және басқа да АӨК саласындағы коммуналдық шығындардың бір бөлігіне берілетін мемлекеттік қолдау шараларын ұлғайтуды қарастыруды;

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

10. Субсидияға байланысты нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, Министрлік жергілікті атқарушы органдармен кәсіпорындарға әр тоқсанда кемінде бір рет түсіндірме жұмыстарын жүргізуді;

11. Инвесторлар үшін жеңілдіктер мен кепілдіктерді қоса алғанда, қолайлы инвестициялық орта құру, халықаралық көздерден агроөнеркәсіп саласына инвестицияларды тартуды;

12. «Инвестициялық субсидия» қағидаларына келесідей өзгерістерді енгізуді:

- Ереженің №4 «Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен (құдықтар, ұңғымалар) қамтамасыз ету» және №11 «Су алу және жеткізу инфрақұрылымын құру және кеңейту арқылы су үнемдейтін суару технологияларын енгізу» паспорттары бойынша «Арнайы су пайдалануға рұқсат» көшірмесі болуы туралы талабын жеңілдетуді немесе ақпараттық жүйе арқылы (https://gosagro.kz/) оңтайландыруды, сондай-ақ, Су кодексіне өзгерістер енгізу барысында «арнайы суды пайдалануға рұқсатты» қажет ететін норманы қайта қарауды;

- №11 паспортқа шаруалардың суды үнемдеп қолдануды ынталандыру үшін қажетті материалдары мен құрал жабдықтарын сатып алуға кеткен шығынын жыл-сайын 80 % субсидиялауды пысықтауды;

- Субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының тізбесіне

спутниктік жоспарлаушы жабдығын енгізуді қарастыру;

- Жүгеріні терең өңдеу паспорты бойынша нақты салынған шығыстарды ескере отырып, субсидиялау нормативінің көлемін ұлғайтуды (субсидияларды есептеу үшін жол берілетін ең жоғары құн) қарастыру;

13. Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалған шығындардың құнын арзандату бағытында Ережеге өзгерістер енгізуді пысықтау;

14. Өсімдік шаруашылығы қағидалары шеңберінде субсидияланатын ғылыми нормалардың талаптарына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының 1 га алаңына минералды тыңайтқыштарды енгізу лимитін ұлғайтуды қарастыру;

15. Субсидия алу үшін жолданған өтінімді дер кезінде қабылдау үшін gosagro.kz порталының қателіктерін дұрыстау, басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияны аяқтауды;

16. Тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп меншіктің барлық нысандарынан (АҚ, ЖШС, ШҚ, ЖК) көкөніс қоймаларындағы көкөніс қорларының статистикалық есебін енгізуді;

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:

17. Мүдделі органдармен бірлесіп отандық су үнемдеу технологияларын өндірушілер үшін қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуден босату түрінде салықтық жеңілдіктер беру мәселесін қарастыру;

18. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, ағымдағы жылға арналған бюджетті нақтылау кезінде 177,5 млрд.теңге мөлшерінде инвестициялық шығындарды субсидиялауға қосымша қажеттілікті қарастыру;

19. Республикалық бюджет көлемінің шектелуін ескере отырып, оңтүстік өңірлердегі жоспарланған қажеттілікке байланысты, су шаруашылығы құрылыстарын іске асыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарының қаржысын жұмылдыруды;

20. Республикалық, коммуналдық және жекеменшіктегі гидротехникалық имараттарды көп факторлы тексеруден өткізу кестесін бекітіп, қаржы бөлуді қаратырсын;

21. Экономиканың барлық салаларында су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша нақты қадамдарды көрсете отырып, модельдік жоспарды әзірлеп бекітуді қарастырсын;

22. Суармалы жерлерге гидрогеологиялық-мелиоративтік мониторингті жүргізуге бағытталған жұмыстарды оңтайландыру мақсатында, оңтүстік аумақтарда орналасқан қолданыстағы гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедицияларды Су ресурстары және ирригация министрлігіне беруді қарастыруды;

23. Құрғақшылықты тиімді басқару бойынша Халықаралық мемлекеттердің тәжірибелерін қолдануды қарастыру;

24. Су ресурстарын басқарудағы мекемелердің өзара үйлесімділігін арттыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау және су

ресурстарын үнемдеуге ынталандыратын заңдар мен ережелерді қабылдау;

25. Еңбек нарығының қажеттіліктерін, кәсіби стандарттарды және өңірлік қажеттілік карталарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту;

26. Қоғамдық бірлестіктерді, ауыл шаруашылығы су тұтынушыларын және басқа да мүдделі тараптарды тарта отырып, суару жүйелерінде су ресурстарын бөлудің инновациялық тәсілдерін енгізу;

27. «Казсушар» РМК материалдық техникалық жабдықтарын жаңарту бағытында жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ету;

Қазсушар» РМК материалдық-техникалық қамтамасыз ету өте қанағаттанарлық емес жағдайда. Мәселен, қолда бар техниканың 1440 бірлігінің жартысынан көбі жаңартуды талап етеді, оның 374 бірлігі есептен шығаруға жатады

28. Шаруалар мен су беруші арасындағы құқықтар мен міндеттерді нақты регламенттеу мақсатында, каналдар арқылы су беруге типтік келісім шарттарды әзірлеп бекітуді қарастыру;

ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:

29. Сауда объектілеріндегі бағаларға тұрақты мониторинг жүргізу және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттік қолдау шаралары арқылы бағаларды тұрақтандыру мәселесін пысықтау;

30. Делдалдарды азайту мақсатында «сауда үстемесі» ұғымын және «сауда үстемесін» мемлекеттік бақылау тәсілдерін қайта қарау;

31. Азық-түлік тауарларын сатып алуға және өткізуге байланысты ішкі сауда субъектісіне азық-түлік тауарларын жеткізушінің «сыйақы» тетігін қайта қарау;

32. Экспортқа шектеу шараларын қолдану не тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану кезінде АШТӨ (өткізу нарығының жоғалуы, ауыл шаруашылығы өнімін өсірудің тартымдылығын төмендету және т. б.) үшін осындай іс-әрекеттердің салдарына талдау жүргізу және тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары енгізілген жағдайда АШТӨ-нің шығындарын уәкілетті органмен өтеу мүмкіндігін қарастыру;

Жергілікті атқарушы органдарына:

33. Агроөнеркәсіп саласына инвестиция тарту, оның ішінде осы саланы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауды;

34. Облыс және қала әкімдері облыс әкімдігінің құрылымдық бөлімшелері жанынан тиімді су үнемдеу жөніндегі бөлімді құру мәселесін қарастыруды.

VIII. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2024 жылғы 31 мамырда Президенттің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Шығыс Қазақстан облысында **«Елдің туристік саласын дамыту»** тақырыбында көшпелі отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне:**

1.1. туризм саласының инвестициялық тартымдылығы және серпінді инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыру бағытында саланы мемлекеттік қолдау механизмдерін қайта пысықтауды қарастыру:

- туризм саласын реттейтін ұлттық заңнамада туризмді субсидиялау тізбесін кеңейту бойынша талдамалық жұмыстарды жүргізу, оны кеңейту мәселесін пысықтау *(туристік бағыттағы кіші авиация мен су көліктерін, автобустарды сатып алуды, жол жүру билеттерін және т.б.)*;

- туристік бизнестің бағыттарының ерекшеліктерін ескере отырып, оларды несиелендіру тетіктерін, оның ішінде кепіл қою, пайыздық мөлшерлемелерін азайту және қаржыландыру мерзімдерін ұзартуды қарастыру;

1.2. туристік маусым алдында республика көлеміндегі іс-шаралардың күнтізбесін әзірлеуді және оны туристер үшін қолжетімді онлайн платформаларда және масс-медиада таратуды қарастыру;

1.3. **Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерімен** бірлесіп, эко, этно, аңшылық, медициналық, ғарыштық және т.б. туризм бағыттарын дамытудың әлеуетін пысықтау және оларды дамытудың кешенді жоспарын әзірлеуді қарастыру;

1.4. **Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерімен** бірлесіп, туризм саласына қажетті мамандықтар тізбесін зерделеп, жоғары және орта кәсіптік мамандар дайындауға білім гранттарының қол жетімділігін қамтамасыз етуді қарастыру;

1.5. **Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** бірлесіп**,** туризм саласын толыққанды цифрландыру жұмыстарын аяқтауды қарастыру ;

2. **Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне:**

2.1. туристік маусымдарда авиа, темір жол, автобус билеттерінің тапшылығын және олардың ретсіз қымбаттауын болдырмауды қамтамасыз етуді қарастыру*;*

2.2. туристік орындарға ұшатын республика және облыс ішінде авиа қатынастарды дамыту стратегиясын пысықтауды, сондай-ақ өңірлердегі туристік орындарға апаратын ішкі автомобиль жолдарын жөндеудің тиімділігн арттыруды қарастыру;

2.3. су көліктеріне қойылатын саниталық-гигиеналық, техникалық талаптар бойынша саланы дамытуды тежейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жеңілдету бойынша ұсыныстар енгізу;

3. **Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне** туризм саласының ұлттық экономикадағы үлесін арттыру мақсатында облыстар және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерінің жұмысын бағалау көрсеткіштеріне өңірде туризмді дамытудың арнайы индикаторын (KPI) белгілеуді қарастыру;

4. **Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

4.1. ұлттық парктерге келуші туристер санын арттыру мақсатында туристік инфрақұрылымды дымту мәселесін *(гигиеналық тораптар, қауіпсіз соқпақтар, қолжетімді интернет, тамақтану орындары және. т.б.)* жергілікті әкімдікпен, бизнес қауымдастықпен бірлесе отырып қарастыруды және бұған құқықтық мүмкіндіктер беру бойынша ұсыныстар енгізу;

4.2. ұлттық парктерден, орман қорлары жерлерінен туристік объектілер мен тау шаңғы инфраструктурасын құрушыларға жерді ұзақ мерзімге жалға беру бойынша бизнес қауымдастықтың ұсыныстарын орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жан-жақты пысықтау және заңнамалық өзерістер енгізу бойынша ұсыныстар беруді қарастыру;

5. **Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне:**

5.1. Қазақстан Республикасының визалық көші-қон порталының үздіксіз, сапалы жұмыс жасауын, әуежайлардағы көші-қон қызметінің виза беру рәсімдерін ұйымдастыратын мамандардың халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсетуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ виза алу жұмыстарын цифрландыруды одан әрі жетілдіруді қарастыру;

5.2. **Мәдениет және ақпарат, Туризм және спорт министрліктерімен** бірлесіп, шетелдік, отандық онлайн платформаларда және масс-медиада отандық креативтік индустрияның еліміздің туристік әлеуеті мен мүмкіндіктерін насихаттайтын сапалы өнімдер жасауды қарастыру;

6. **Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне:**

6.1. ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, туристік маршруттардың бойында халықаралық стандарттарға сай санитарлық гигиеналық тораптар мен сервистік қызмет көрсету орындарын ашуды және бұған кәсіпкерлік субъектілерін кеңінен тартуды ынталандыру;

6.2. өңірлерде туризм саласын дамытуға жауапты құрылымдардың әлеуетін күшейту және оларды білікті кадрлармен қамтамасыз етуді қарастыру;

6.3. жергілікті бизнес өкілдеріне әлеуеті жоғары туристік орындар тізбесін әзірлеу, туризм саласының мемлекеттік қолдау механизмдері бойынша ақпараттарға қол жетімді ету, осы бағытта жәрмеңкелер мен шаралар өткізуді қаратыру;

6.4. туристік орындарда, нысандарда инклюзивті қоғам өкілдеріне қажетті жағдайлар жасауды қаратыру ұсынылады.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ОТЫРЫСТАРЫ

Дөңгелек үстелдер

I. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2023 жылы 26 қыркүйекте **«Мүгедектігі бар адамдардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары»** тақырыбына арналған дөңгелек үстелді өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларына сай келетін жеке заң әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды;

1.2. Мыналарды:

2013 жылғы 23 маусымдағы Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті шектеулі өзге де адамдардың жарияланған шығармаларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау;

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының аутистік спектр бұзылыстары туралы қарарына Қазақстан Республикасының қосылу (WHA67.8 Аутистік спектр бұзылыстарын басқару жөніндегі кешенді және келісілген күш-жігер) мүмкіндігін қарастыруды;

1.3. Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының рухы мен қағидаттарына сәйкес келтіре отырып ересектер мен балалардың мүгедектігіне қатысты кемсітуші терминологияны алып тастау тұрғысынан Қазақстан заңнамасына ревизия жүргізуді;

1.4. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың тұрақты және тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді, сондай-ақ осы саладағы саясатты жүргізу және жұмысты үйлестіру үшін жеке мемлекеттік орган құру жөніндегі мәселені пысықтауды;

1.5. Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын іске асыру бойынша азаматтық сектордың қатысуымен тәуелсіз мониторингтік механизм құруды қамтамасыз етуді және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарына байланысты шараларды іске асыру үшін жауапкершілікті барлық деңгейдегі әкімдердің рейтингіне енгізуді;

1.6. Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау жөніндегі жеке ұлттық комиссия құру жөнінде ұсыныс енгізуді ұсынады.

2. **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:**

2.1. Мүгедектігі бар адамдар үшін олардың физикалық қажеттіліктерін ескере отырып арнайы жұмыс орындарын құру бойынша жұмыс берушілерге қойылатын талаптарды қатаңдатуды және оның орындалуына тұрақты мониторингті қамтамасыз етуді;

2.2. Жұмыс берушілерді мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасын орындауға ынталандырудың жаңа тетіктерін әзірлеуді және мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасын орындамағаны үшін жұмыс берушілердің міндетті өтемақы төлемдерінің тетігі жөніндегі мәселені қарауды;

2.3. Орналасқан орны мен жеріне қарамастан қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүргізілетін көрсетілетін қызметтерді алушының әлеуметтік қызметтерді алуының үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мәселені пысықтауды;

2.4. Мүгедектігі бар баланың қамқоршысы үшін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысын беру және мүгедектігі бар адамдардың еңбек жағдайлары туралы ережені ұжымдық шартқа енгізу жөніндегі нормалармен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін толықтыру жөніндегі ұсыныстарды қарауды;

2.5. Көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын қайта қарау туралы мәселелерді пысықтауды және көрсетілетін қызметтердің немесе тауарлардың жекелеген түрлерін олардың қолжетімділігін арттыру, оның ішінде ауылдық жерлерде қолжетімділігін арттыру мақсатында монетизациялау үшін жан басына шаққандағы нормативті енгізуді;

2.6. Мүгедектігі бар адамдар тұратын отбасыларға көмек көрсетудің интеграцияланған моделін автоматты проактивті режимде енгізу туралы мәселені қарастыруды;

2.7. Мыналар:

мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың зейнеткерлік жасын 50-55 жасқа дейін төмендетуді;

мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеу уақытын күтім жасайтын ата-аналардың еңбек өтіліне қосуды;

II топтағы мүгедектігі бар баланың күтіміне байланысты берілетін жәрдемақыларды 18 жастан кейін сақтауды;

18 жастан асқан мүгедектігі бар адамға қорғаншылық алу рәсімін жеңілдету жөніндегі ұсыныстарды қарастыруды;

2.8. Мүгедектігі бар адамға жұмыс істейтін ұжымында бейімделуге және жұмыс орнында тұрақтауға көмектесу үшін мансап орталықтары немесе еңбек ұтқырлығы орталықтары жанынан «коуч-сүйемелдеу» жүйесін енгізу жөніндегі мәселені пысықтауды;

2.9. ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы бойынша бір рет пайдаланылатын урологиялық катетерлермен тегін қамтамасыз етуге мұқтаж мүгедектігі бар адамдардың, оның ішінде омыртқа аурулары мен жарақаттары бар адамдардың тізбесін кеңейту мүмкіндігін пысықтауды ұсынады.

3. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:**

3.1. Бастапқы мүгедектікті төмендету бойынша, оның ішінде халықтың мүгедектік алуына алғашқы себеп болып табылатын жұқпалы емес аурулармен күресу бөлігінде алдын алу шараларын қабылдауды жеделдету, сондай-ақ заңнамаға «жұқпалы емес аурулар» және «ерте араласу» ұғымдарын енгізу мәселесін пысықтауды;

3.2. Оңалту орталықтарын жабдықтауға қойылатын ең төменгі талаптарды нормативтік бекіту мәселесін пысықтауды;

3.3. Қазақстанда тіршілік әрекеті мен денсаулықтың жұмыс істеуінің, шектелулерінің халықаралық сыныптамасын енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

3.4. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен бірлесіп, балалар мүгедектігін төмендету тетіктерін әзірлеуді;

3.5. Жаңа ауруларды ескере отырып, мүгедектікті белгілеу өлшемшарттарын қайта қарауды, сондай-ақ мүгедектікті растау тәртібін оңайлатуды;

3.6. 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдардың стоматологиялық қызметтердің барлық түрлерін МӘМС шеңберінде алу мүмкіндігі жөніндегі мәселені пысықтауды;

3.7. Мүгедектігі бар адамдардың репродуктивтік жүйе органдарының патологияларын, онкологиялық ауруларды және т.б. анықтау тұрғысынан профилактикалық қарап-тексеруден өтуіне тұрақты мониторинг жасауды қамтамасыз етуді ұсынады.

4. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне ҚР Көлік министрлігімен** бірлесіп:

4.1. Жаңа және жұмыс істеп тұрған құрылыс объектілері мен көлік инфрақұрылымының мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді болуы және кедергісіз орта құру тұрғысынан оларды салу және реконструкциялау кезінде бақылауды күшейтуді;

4.2. Мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта құру және объектілерді бейімдеу бөлігінде заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

4.3. Тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдардың авиабилеттерді авиакомпаниядан растау алу қажеттілігінсіз сатып алуы, сондай-ақ Қазақстан бойынша және басқа елдерге мүгедектігі бар ересек адамдар мен балаларға және олармен ілесіп жүретін адамға әуе сапарларына жеңілдігі бар тарифтер мен жеңілдіктер беру жөніндегі мәселені пысықтауды;

4.4. Қазақстанның барлық әуежайлары мен теміржол вокзалдарына амбулифтілерді сатып алу талаптарын белгілеуді және мерзімдерін айқындауды ұсынады.

5. **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне:**

5.1. Мектепке дейінгі ұйымдардың, бастауыш, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының штат кестесіне сурдоаудармашы, аудармашы-дактилолог, педагог-ассистент (тьютор) лауазымдарын енгізе отырып, «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 қаулысына түзетулер енгізуді, сондай-ақ педагогикалық жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламаларына тиісті курстарды енгізе отырып, оқу орындарында олардың даярлығын қамтамасыз етуді;

5.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына «мүгедектігі бар адам» немесе «мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасы» санатын қаржылық және материалдық көмек алу үшін азаматтардың жекелеген санаттарының қатарына қосу бөлігінде түзетулер енгізуді;

5.3. Жалпы білім беретін мектептерде және ТжКБ-да оқитын зағип балалар мен тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға арналған еріп жүретін адамды білім беру ұйымдарының штатына енгізу туралы мәселені қарауды ұсынады;

5.4. ҚР Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп мыналар бойынша:

мүгедектігі бар балалардың еріп жүрушімен бірге демалысын ұйымдастыру стандарттарын әзірлеу;

мүгедектігі бар балалардың демалысы үшін жалпы үлгідегі демалыс лагерьлеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету;

мүгедектігі бар балалар үшін демалысты ұйымдастыру бойынша мүдделі адамдарды әдістемелік қолдау жөніндегі мәселелерді пысықтауды.

6. **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне:**

6.1. ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп мүгедектігі бар адамдар үшін әртүрлі форматтардағы ақпаратқа, оның ішінде цифрлық технологияларға қолжетімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды;

6.2. Қазақ және орыс тілдерінде бедерлі-нүктелі кітаптар шығару үшін баспаханалар құру және зағип жандар үшін оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуді;

6.3. Интеллектілігі бұзылған адамдарға ақпаратқа қол жеткізу үшін Easy-toread («Анық тіл») форматын енгізу мәселесін қарауды ұсынады.

7. **ҚР Туризм және спорт министрлігіне:**

7.1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп бейімделген дене шынықтыру бойынша мамандар даярлауды ұйымдастыру және мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасына «Бейімделген дене шынықтыру және спортпен шұғылдану» бөлімін енгізуді;

7.2. Спорт объектілерінің қолжетімділігін, оның ішінде бассейндерді көтергіштермен және басқа да ассистивтік құралдармен жабдықтауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды;

7.3. Туризм объектілерінің, оның ішінде жолдардың, туристер демалатын және орналасатын аймақтардың мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету, туристік маршруттардың бойында арнайы санитарлық тораптардың жабдықтау жөнінде шаралар қабылдауды ұсынады.

8. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне;**

8.1. Сақтандыру ұйымдарының шетелге шығатын мүгедектігі бар адамдардың өмірін сақтандыру жөніндегі полистерді ресімдеуі жөніндегі мәселені пысықтауды;

8.2. Мүгедектігі бар жұмыс істейтін адамдардан заңнамаға сәйкес оларда міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалмауына байланысты екінші деңгейдегі банктерде кредиттер ресімдеу және олардың тауарларды бөліп сатып алу мүмкіндігі туралы мәселені пысықтауды ұсынады.

9. **ҚР Әділет министрлігіне:**

9.1. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бірлесіп, әрекетке қабілетсіз азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған, оның ішінде сот төрелігіне қол жеткізуге, әрекетке қабілеттілігін қалпына келтіру, қорғаншыны ауыстыру, емделуге келісім алу үшін сотқа өз бетінше жүгінуге байланысты заңнамалық түзетулер енгізу жөніндегі мәселені қарауды;

9.2. Мүдделі органдармен бірлесіп, қорғаншылықты белгілеудің қолданыстағы құқықтық тетігін қайта қарау және зияткерлік және ментальдық бұзылыстарының дәрежесіне қарай әрекетке қабілетсіздік пен құқық қабілеттілігінің сараланған дәрежесін белгілеу мүмкіндігі туралы мәселені пысықтауды ұсынады.

II. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 26 желтоқсанда өткізілген **«Аудиторлық қызмет: даму перспективалары»** тақырыбында дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша келесі **Қазақстан Республикасның Үкіметіне:**

1. Халықаралық аудит стандарттары бойынша көрсетілетін қызметтерді саралау жөніндегі анықтамаларды аудиторлық қызмет туралы заңнамаға енгізу кезінде ілеспе қызметтер бойынша дәйексіз есеп жасағаны үшін аудиторлық ұйымның жауапкершілігін белгілеу.

2. Аудиторлыққа кандидатқа ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін, сондай-ақ экономика саласындағы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы талап белгілеу.

3. Аудиторлық қызмет бойынша бірыңғай Кәсіби кеңес (бұдан әрі – АҚКК) құру, оның қызметінің ашықтығын, барлық кәсіби аудиторлық ұйымдардың АҚКК қызметіне тең қатысуын қамтамасыз ету.

4. Қоғамдық қызығушылық ұйымдарының тізбесін белгілеу, сондай-ақ Аудиттің халықаралық стандарттарын орыс тілінде жариялау.

5. Халықаралық The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA) біліктілік қазақстандық аудитордың біліктілігін тану бойынша АҚКК-пен бірлесіп жұмыс жүргізу.

6. Қаржы-шаруашылық операциялары мәселелерін тексеру бойынша қызметтер көрсету үшін аудитор тартылған жағдайда, құқық қорғау органдарының аудиторлық ұйыммен шарт жасасуы.

7. Шағым түскен аудиторлық ұйымның шағымдарды жан-жақты қарау мақсатында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің тиісті ден қою шараларын қабылдауы үшін АҚКК-ке қажетті құжаттарын ұсыну міндеттемелерін белгілеу ұсынады.

III. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2024 жылы 5 наурызда Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде **«Креативті индустрияны дамыту перспективалары және зияткерлік меншікті қорғаудың құқықтық тәсілдері»** тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне:**

1.1. Креативтік индустрияны ұлттық құндылықтар, ұлттық тіл, мәдени дәстүрлер және тарихты қолдау мен насихаттау негізінде дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдау;

1.2. Халықаралық креативті индустрия орталығын құру арқылы және оның әлеуетін пайдалана отырып креативті индустрия саласының кәсіпкерлерін халықаралық көрмелер мен іс-шараларға қатысуына, халықаралық нарыққа шығуына және олардың танымалдығын арттыруына қолдау көрсету;

1.3. Шығармашылық индустрияны орталықта және өңірлерде кеңінен дамытуға қажетті инфрақұрылымды жасау және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылдау;

1.4. Ұлттық ою өрнектер, таңбалар мен символдарды креативті индустрияда пайдалануды олардың тарихи мән-мағынасын жоғалтпай, этнограф, тарихшы ғалымдар мен сарапшылар ортасында талқылаудың негізінде жүргізу және методикалық қолдау көрсету бойынша шаралар қабылдау;

1.5. Шығармашылық орта өкілдерімен байланыс жасай отырып отандық әдебиетті кешенді қолдау бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде әдеби кітаптардың таралымын көбейту және халыққа қол жетімділігін қамтамасыз ету;

1.6. Жергілікті атқарушы органдармен және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, өңірлерде қолөнершілерді қолдаудың, оларды республикалық, халықаралық алаңдарға шығарудың кешенді жоспарын әзірлеу;

1.7. Ғылым және жоғары білім министрлігі, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, креативті индустрия салаларына білікті кадрлардың қажеттілігіне талдау жүргізу және кәсіптік дағдылар мен білімдерді дамытуға бағытталған халықаралық стандарттар негізінде оқу бағдарламалары мен курстарын (workshop) өткізу бойынша шаралар қабылдау;

2. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:**

2.1. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, экономиканы әртараптандыруда креативтік индустрияның әлеуетін кеңінен қолдану, осы саладағы шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау жөнінде арнайы бағдарламалар әзірлеу мүмкіндіктерін қарастыру;

2.2. өңірлерде креативті индустрияны дамыту бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалаудың алгоритмін әзірлеу және тиімділік (KPI) көрсеткіштерін енгізуді қарастыру;

3. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:**

3.1. креативтік индустрия, оның ішінде шығармашылық және IT индустрияларда жасанды интелектіні қолдану мүмкіндігі бар жобаларды жүзеге асыруды және бұған Astana Hub алаңының әлеуетін кеңінен қолдануды қарастыру;

3.2. Әділет министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрліктерімен бірлесіп, жасанды интелектімен жұмыс жасаудың этикалық нормаларын

белгілеу, стандарттарды анытау, оның ішінде авторлық құқықтарды және жасанды интеллект жасаған туындыларды пайдалану тектіктерін бекіту;

4. **ҚР Әділет министрлігіне:**

4.1. Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, креативті индустрия саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша қолданыстағы құқықтық актілерге талдау жүргізу және өзектендіру;

4.2. зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша зияткерлік меншік субъектілері арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ зияткерлік меншік құқықтарын түсіндіруге бағытталған түрлі форматтағы жадынамаларды әзірлеу және оларды ақпараттық арналар мен әлеуметтік желілерге орналастыру;

5. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне:**

5.1. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, жоғары оқу орындарында креативтік хабтар (Creative Hubs) ашу мүмкіндіктерін қарастыру;

6. **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне:**

6.1. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, орта кәсіптік білім беру бағдарламалары аясында креативтік индустрияға қажетті мамандар дайындауды қарастыру;

6.2. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, адамзаттық құндылықтарға, ұлтық рухани-дәстүрге, мәдениетке, тарихқа және тәрбиеге негізделген балаларға арналған әдеби туындылар мен шығармаларды, оның ішінде кітаптарды білім беру мекемелерінде кеңінен тарату бойынша шаралар қабылдау;

7. **ҚР Туризм және спорт министрлігіне:**

7.1. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, туризмді дамыту бағдарламаларында креативтік индустрия өнімдерін халықаралық алаңдарда насихаттау және туристерді тарту бойынша шараларды қарастыру ұсынылады.

IV. 2024 жылғы 27 наурызда Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті **Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының инновациялық әлеуетін дамыту»** тақырыбына арналған Парламент Сенатының депутаттары, орталық атқарушы органдардың басшылары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері және басқалар қатысқан дөңгелек үстелін өткізді.

Іс-шараға қатысушылар инновациялық дамудың қазіргі жай-күйін қарастырып, жүйелі проблемалар анықтады, сондай-ақ, құқықтық реттеудің жетілдіруін қоса алғанда, оларды шешу жолдарын талқылады.

Белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсете отырып дөңгелек үстелге қатысушылар:

I. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1. Тиісті құқықтық базаны құру және инновациялық қызметті ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының инновациялар саласына тиісті қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтыруларды келесі бөлігінде енгізу:

- «Ұлттық инновациялық жүйенің «Бірыңғай терезесі» ақпараттық платформасының (бұдан әрі – ҰИЖ БТ АЖ) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен инновациялық жобалардың ақпараттық платформасы ретінде жұмыс істеуін, сондай-ақ ғылыми әзірлемелер мен инновациялық жетістіктерді коммерцияландыруды регламенттеу;

- ҰИЖ АЖ инновациялық, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет бойынша мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабарлауға арналған платформа ретінде белгілеу;

- ҰИЖ АЖ бойынша интеграция жүргізу, ақпараттық толықтыру және сүйемелдеу;

- жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру саласындағы міндеттемелерді орындау процестері мен нәтижелерінің мониторингі бойынша инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы, көмірсутектер, уран, қатты пайдалы қазбалар өндіру саласындағы, ҰИЖ БТ АЖ ақпараттық толтыру және (немесе) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамада көзделген инновациялық жобалар бойынша уәкілетті органдардың өкілеттіктерін айқындау;

- екінші деңгейдегі банктерді, сақтандыру компанияларын және басқа да қаржы ұйымдарын тарту арқылы венчурлік қаржыландыру нарығын дамыту;

- мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылатын инновациялық қызметті, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті мемлекеттік қолдау, сондай-ақ ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру шараларының айқындылығы, ашықтығы және қайталануын болғызбау қағидаттары.

II. **Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, өнеркәсіп және құрылыс, энергетика, ғылым және жоғары білім министрліктеріне:**

1. Отандық өндірістік кәсіпорындардың одан әрі қолдануы үшін инновациялық жобаларды немесе технологиялар трансфертін іске асыру арқылы шешілуі мүмкін салалар бойынша кәсіпорындардың технологиялық тапсырмалары мен өндірістік қажеттіліктерін анықтау және қалыптастыру және оларды ҰИЖ БТ АЖ енгізу жөнінде шаралар қабылдау (ғылымның, инновациялар мен өндірістің интеграциясы мен өзара іс-қимылын, сондай-ақ озық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету мақсатында).

2. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалардың

тиімділігін міндетті бағалауды, оларды іске асыру мониторингін, сондай-ақ қол жеткізілген индикаторларды талдауды заңнамалық тұрғыдан бекіту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

III. **ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ҚР ғылым және жоғары білім министрлігімен** бірлесе отырып:

4. Орындауға тиіс мемлекеттік қолдау шараларын алған кезде инновациялық қызмет субъектілерінің қарсы міндеттемелерін (мақсатымен негізгі индикаторларға қол жеткізу, инновациялық қызметтің міндеттерін, нәтижелерін іске асыру, енгізуді, коммерцияландыруды қоса алғанда және т.б.) регламенттейтін нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және қабылдау мүмкіндігін қарастыру.

IV. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен «Ғылым қоры» АҚ бірлесе** отырып:

5. Мемлекеттік қолдау шараларын алу және ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру арқылы жобаларды іске асыратын аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілеріне қойылатын талаптарды өзектендіру.

V. **Өнеркәсіп және құрылыс, энергетика министрліктеріне:**

6. Алдыңғы жылдағы жер қойнауын пайдаланушының өндіруге жұмсаған шығыстарының бір пайыз мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру мониторингін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдау. Бұл ретте мониторинг нәтижелерін қолжетімді интернет-ресурстарда жариялауды қамтамасыз ету.

7. Салалық ғылыми-техникалық кеңестердің қызметі шеңберінде іске асырылған жобаларға талдау жүргізу және келесілер бойынша ұсыныстар әзірлеу:

- жер қойнауын пайдаланушының өндіруге жұмсаған шығындарының бір пайызы шеңберінде қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың, сондай-ақ инновациялық жобалардың тиімділігін арттыру;

- жобаның тиімділігін бағалауға, коммерцияландыруға және оларды іске асыру кезінде индикаторларға қол жеткізуге негізделген іске асыру үшін ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, сондай-ақ инновациялық жобаларды іріктеу жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының өткен жылы өндіруге жұмсаған шығындарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру Қағидаларына, сонымен қатар тиісті Министрліктің ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық Кеңес туралы Ережеге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

V. Қаржы және бюджет комитеті 2024 жылғы 28 наурызда өткізілген **«Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту жөніндегі шаралар туралы»** тақырыбында дөңгелек үстелдың қорытындысы бойынша келесі:

1. **Өнеркәсіп және құрылыс, ауыл шаруашылығы министрліктері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен** бірлесіп:

- 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін кәсіпкерлік субъектілерін республикалық бюджет қаражаты немесе өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерінің операторы есебінен жеке лизингтік компанияларды жеңілдікпен кредиттеу тетігі арқылы жеңілдікпен лизингтік қаржыландыру көзделсін;

2. **Ұлттық экономика, қаржы, өнеркәсіп және құрылыс, ауыл шаруашылығы министрліктері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен** бірлесіп:

- «Даму «кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ экономиканың нақты секторының басым салаларын мемлекеттік қолдау шараларының бірыңғай операторы болып белгіленсін, бұл мемлекеттік ресурстарды жұмсаудың тиімділігін арттырады;

3. **ҚР Ұлттық экономика министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен, «Атамекен» ҚР ҰКП, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығымен** бірлесіп:

- 2024 жылғы 1 маусымға дейін бағдарламалардың санын, олардың тиімділігін, жағдайларын оңтайландыруды, қаржылық қолдау шараларын алудың, пайдаланудың және әкімшілендірудің қарапайымдылығын ескере отырып, «таза парақтан» кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа кешенді бағдарламасының тәсілдерін қайта қарау;

4. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ҚР Ұлттық банкпен** бірлесіп:

- ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін банктерді ашу үшін құжаттар тізбесін қысқартуды, сондай-ақ резидент емес банктердің филиалдарына қойылатын реттеушілік талаптарды төмендетуді көздейтін банкті (резидент емес банктің филиалын) ашу жөніндегі қолданыстағы талаптарды ырықтандыру жөнінде шаралар қабылдансын;

5. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ҚР Ұлттық Банкпен, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен** бірлесіп:

- шағын және орта бизнеске (бұдан әрі – ШОБ) қатысты қарыз алушылардың құқықтарын қорғау шарттарын қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді заңнамалық деңгейде пысықтау:

- кәсіпкер міндеттемелерін орындамаған кезде ШОБ кредиттері бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) шекті мөлшерін белгілеу және айыппұл санкцияларын алу үшін негіздер тізбесін шектеу;

- ШОБ қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен көтеруге тыйым салуды белгілеу;

– мерзімі өткен берешекті, бірінші кезекте – негізгі борыш пен сыйақы бойынша, соңғысына-тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) бойынша өтеу кезектілігі тәртібін енгізу ұсынады.

VI. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2024 жылы 29 наурызда Президенттің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде **«Отандық ғылымды дамыту және ғылыми-техникалық прогресс»** тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне, мүдделі мемлекеттік органдармен** бірлесіп:

1.1. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы аясында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық зерттеулер (бұдан әрі – ғылыми зерттеу) мен оның нәтижелерін коммерцияландыруда (бұдан әрі – ғылым нәтижелерін коммерциаландыру) экономикаға оң серпін беретін жобаларды қолдау мен өндіріске ендіруге негіз болатын прогресивті нормаларды ұсыну;

1.2. отандық ғылымды қаржыландыру көлемін ЖІӨ-нің 1%-на жеткізу, осы мақсатта өзге көздерден (мемлекеттік емес), оның ішінде жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан ғылымды 1% көлемінде қаржыландыру есебінен арттыруды қарастыру;

1.3. елімізде ғылымды дамыту және оның нәтижелерін коммерцияландыру, жаңа технологияларды экономикаға табысты ендіруде үздік халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, ғылыми институттар, университеттер мен өндіріс орындарының өзара (консорциум/коллаборация) тиімді іс-қимылын үйлестіру бойынша шараларды қабылдау;

1.4. ұлттық экономиканың тұрақты дамуы үшін бірегей инновациялық орта құру, стартап бағдарламаларды қолдау және ғылыми, ғылыми-техникалық зерттеулерді бизнестің технологиялық қажеттіліктеріне сәйкес интеграциялауға және бизнестің ғылымға қатысуын ынталандыруға (жеңілдіктер) мүмкіндік беретін заңнамалық өзгерістерді ұсынуды қарастыру;

1.5. ғылым нәтижелерін коммерциаландыру, тәжірибе-конструкторлық және т.б. стартап жобаларды экономикалық айналымға қосуда венчурлік қаржыландыру тетігін кеңінен пайдалану және олардың құқықтық мәселелерін шешу жолдарын қарастыру;

1.6. ғылыми зерттеу мен оның нәтижелерін коммерцияландыруда төмендегі қағидаттарды енгізу мүмкіндігін қарастыруды:

- ғылыми зерттеулерді жалпы қаржыландырудың 20%-ға дейінгі мөлшерін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің (бұдан әрі - ғылым субъектілері) ғылыми бастамаларына (идеялар) (3 жылға дейінгі мерзімге) конкурстық негізде бағыттау;

- ғылыми зерттеулерді жалпы қаржыландырудың 20%-ға дейінгі мөлшерін ғылым субъектілерінің іргелі ғылыми жұмыстарына (5 жылға дейінгі мерзімге) бағыттау;

- мемлекеттік стратегиялық міндеттер мен мақсаттарды шешу үшін, ғылыми зерттеулерді жалпы қаржыландырудың 40%-ға дейінгі мөлшерін ғылым субъектілерінің қолданбалы ғылыми жұмыстарына (5 жылға, оның ішінде аграрлық ғылым үшін 10 жылға дейінгі мерзімге) конкурстық негізде бағыттау;

- ғылыми зерттеулерді жалпы қаржыландырудың 20%-ға дейінгі мөлшерін ғылым нәтижелерін коммерциаландыруға (3 жылға дейінгі мерзімге) конкурстық негізде бағыттау;

- ғылыми зерттеу мен оның нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыру механизмдерін толық қанды цифрландыру;

1.7. шетелдердегі озық ғылыми лабораторияларда ғалымның, ғалымдар тобының 3 жылға дейінгі мерзімде тағылымдамадан (постдокторантура) өтуіне мүмкіндік беруді, сондай-ақ осындай лабораторияларда жетекші ғалым ретінде халықаралық деңгейде оң нәтижелерге қолы жеткен отандастарымызға уәклетті мемлекеттік орган тапсырысы негізінде ғылыми зерттеулер жүргізуге қаражаттар бөлуді қарастыру;

1.8. отандық ғылыми зерттеу орталықтарында жұмыс істейтін жас мамандарға өндірістен қол үзбей қашықтықтан оқыту (сырттай білім беру) жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыру;

1.9. ғылыми-зерттеу институттары мен жоғарғы оқу орындары базасында бірлескен ғылыми кеңестерді (бұдан әрі – Кеңес) құру және осы кеңестерде диссертацияларды және ғылыми атақтарды (PhD) қорғау мүмкіндіктерін қарастыру;

2. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

2.1. аграрлық ғылым нәтижелері мен инновациялық шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында төмендегі қағидаттарды енгізу мүмкіндігін қарастыруды:

- отандық және үздік шетелдік генофондты өсімдік дақылдарының ұлттық генетикалық банкін құру;

- биотехнологиялық прогресивті әдістер негізінде ауыл шаруашылығы дақылдары мен олардың сорттарын жеделдетіп алуға, сондай-ақ асыл тұқымды мал түрлерін шығаруға негізделген пән-аралық ғылыми-техникалық зерттеулер ұйымдастыру;

- ғылым субъектілері мен жоғары оқу орындары тарапынан ауылшаруашылық субъектілеріндегі дақылдардың сорттары мен асыл тұқымды малдарға ғылыми сүйемелдеу мен мониторинг жүргізуді міндеттейтін нормаларды қолданыстағы заңнамаға енгізу бойынша ұсыныстар беру;

- ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталықтарын вертикалды интеграцияланған Агротехнологиялық хабқа трансформациялау, сондай-ақ үздік шетелдік агрономия орталықтарымен толыққанды ғылыми-практикалық ынтымақтастық орнату мүмкіндіктерін қарастыру;

3. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:**

3.1. мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, озық халықаралық тәжірибе негізінде ғылыми зерттеу, ғылыми нәтижелерді коммерциаландыру және инновациялар бойынша бизнестің шығындарына салықтық және инвестициялық жеңілдіктер беру тетіктерін одан жетілдіру мүмкіндігін қарастыру;

4. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

4.1. өңірлік ірі кәсіпорындар, ғылым субъектілерімен бірлесіп ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

VII. Қаржы және бюджет комитеті 2024 жылғы 23 сәуірде өткізілген **«Өңірлердің бюджеттік дербестігінің деңгейі, тексеру комиссияларының және жергілікті атқарушы органдардың ішкі аудит қызметтерінің жұмысы туралы»** тақырыбында дөңгелек үстелдың қорытындысы бойынша келесі:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасы жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп:

1) Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасына ұқсас өңірлердегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қаржылық тәуелсіздігі мәселесін қарау;

2) мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын өңірлердегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарының штатын ұлғайту/қайта бөлу мүмкіндігін қарастыру.

2. **Орталық салалық мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп:

1) жаңа Бюджет кодексі шеңберінде инженерлік-коммуникациялық, көліктік және өзге де инфрақұрылымның ең төмен стандарттарын (желілерін) және ең төмен әлеуметтік стандарттарды ескере отырып, бюджет шығыстарын жоспарлау үшін заңнамалық негізді қамтамасыз ету;

2) әлеуметтік, инженерлік-коммуникациялық, көліктік және өзге де инфрақұрылымдағы базалық нормативтер (желілер) саласындағы НҚА-ға жүргізілген тексеру негізінде өңірлердегі нақты ахуалдың ең төменгі стандарттар өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізу;

3) ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жүргізілген жұмыстың қорытындылары туралы ақпарат ұсынылсын;

4) орталық мемлекеттік органдардан қосымша штат санымен бірге жергілікті атқарушы органдарға қосымша функцияларды беруді жүзеге асыру.

3. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі** базалық инфрақұрылым нормативін қолдану мәселесін шешу үшін құрылыс кодексінің жобасында тиісті нормалар мен ережелерді көздесін.

4. **Ұлттық экономика, қаржы министрлігі:**

1) күрделі шығыстарды, инфрақұрылымдық жобаларды (оның ішінде даму бюджетін) қалыптастыруды қоса алғанда, жергілікті бюджеттердің тұрақты сипаттағы базалық шығыстарын қалыптастыру бөлігінде блоктық қаржыландыру элементтерін енгізу және әкімшінің үш жылда бір рет бюджеттік өтінім беруі;

2) келесі қаржы жылында Ұлттық қордан қаржыландырылатын аяқталмаған бюджеттік инвестициялық жобалардың қаражаты пайдаланылғанға дейін жүзеге асырылу;

3) жергілікті атқарушы органдар мен тексеру комиссиялары мемлекеттік қызметшілерінің жалақысын Қазақстан бойынша орташа айлық жалақы деңгейіне дейін ұлғайту;

4) халықаралық біліктілігі және жоғары санаты бар тексеру комиссиялары мемлекеттік аудиторларының лауазымдық айлықақыларына үстемеақы белгілеу бойынша сұрақтарды қарастыру.

5. **ҚР Ұлттық экономика министрлігі** бюджет қаражатын тиімді пайдалану және оңтайлы мемлекеттік аппаратты қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 27 ақпандағы №84 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік органдар қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі Әдістемеде штат қаражатының лимитін қосымша ұлғайтуды сұрайтын мемлекеттік органдарға мемлекеттік органдардан қолда бар тұрақты бос орындарды қайта бөлу жөніндегі тетікті көздесін.

6. **Орталық салалық мемлекеттік органдар, Ұлттық экономика, қаржы министрліктері және жергілікті атқарушы органдар** жоғары тұрған органдардың нормативтік құқықтық актілерді қабылдауынан туындайтын жергілікті бюджеттердің шығыстарын міндетті өтеу жөніндегі мәселелерді бірлесіп пысықтасын.

7. **ҚР Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен** бірлесіп келесі мәселелерді пысықтасын:

1) ішкі мемлекеттік аудит қызметтеріне «Қазынашылық Клиент»

(4-20, 5-15-нысандар және төлем шоттарының тізілімі) және «Мемлекеттік мүлік тізілімі» ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуді ұсыну;

2) жергілікті бюджет бойынша бюджеттік жоспарлау процестерінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы автоматтандыру, оның ішінде ақпараттық жүйеде жергілікті бюджеттің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін қалыптастыру;

3) ішкі аудит қызметтерінің құқық қорғау органдарымен заңнамалық деңгейде өзара іс-қимыл тетігін қосу;

4) ішкі аудит қызметтері жұмыстарының тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша есеп беруді автоматтандыру;

5) ішкі аудит қызметінің тиімділігі бойынша.

8. **ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі** ішкі аудит қызметкерлерін «Б» санатынан «А» санатына ауыстыру, сондай-ақ олардың жергілікті атқарушы органдарға есептілігін сақтау жолымен ішкі аудит қызметтерінің мәртебесін арттыру жөніндегі мәселені қарасын ұсынады.

VIII. 2024 жылғы 26 сәуірде Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Парламент Сенатының депутаттары, орталық атқарушы органдардың басшылары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері, қауымдастықтар және басқалардың қатысуымен **«Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың өзекті мәселелері»** тақырыбына арналған дөңгелек үстелдің отырысын өткізді.

Іс-шараға қатысушылар геологиялық барлау саласының қазіргі жай-күйіне қатысты мәселелерді қарастырды, жүйелі проблемаларды анықтап, олардың шешу жолдарын талқылады.

Белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсете отырып, дөңгелек үстелге қатысушылар:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде басым тәртіппен келесі мәселелерді қарау:

- геологиялық барлау саласына тиесілі қаржыландыруды әлемдік орташа көрсеткіштерге дейін ұлғайту ($90 шаршы километрге);

- республикалық геологиялық қорларда сақталып отырған 4,5 миллионнан астам геологиялық есептерді цифрландыру үшін қаражат бөлу.

1.2. Геологиялық барлау саласына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған шараларды әзірлеу және келесідей мүмкіндіктерді қарастыру:

- геологиялық барлау жұмыстарына арналған шығыстарды корпоративтік табыс салығы бойынша шегерімдерге, сондай-ақ қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу;

- «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР кодексіне сәйкес қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу (преференциялар беру бөлігінде) туралы келісімді геологиялық барлау жұмыстарының кезеңін енгізу арқылы кеңейту.

2. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, Энергетика және цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен** бірлесе отырып:

2.1. Елдің жылдар бойы жер қойнауын геологиялық зерттеу, оның ішінде цифрландыру және деректерді сақтаудың қазіргі заманғы жүйелері құралдары бойынша жинақталған геологиялық ақпараттың қор қоймасы инфрақұрылымын жаңғыртуды жүргізу.

2.2. Қашықтықтан зондтаудың құрылымдық деректерін қолдану арқылы геологиялық процестерді зерттеудің заманауи әдістеріне көшуді жүзеге асыру, ол өз кезегінде мыналарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- кен орындарын анықтау бойынша құрылымдық және геологиялық карталарды құру үшін аэромагниттік және спутниктік түсірілім деректерін оқу;

- геологиялық барлаудың нақты объектілерін кен орындарының түрлері немесе минералды шикізат түрлері бойынша жіктеу;

- кен орындары аумақтарының үш өлшемді модельдерін алу үшін екі өлшемді, үш өлшемді сейсмикалық және аэромагниттік түсірілім деректерін түсіндіру;

- географиялық ақпараттық жүйенің интерактивті карталарын жасақтау.

2.3. Кері байланысты және әлеуетті жер қойнауын пайдаланушылардың (инвесторлардың) сұратылған учаскелер бойынша инфрақұрылымды, геологиялық және геофизикалық есептерді қоса алғандағы ақпаратқа қол жеткізуін ескере отырып жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасын (minerals.gov.kz) пысықтау жөнінде шаралар қабылдау. Бұл бизнес-процестерді жеделдетуге және инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

3. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, энергетика, ғылым және жоғары білім министрліктерімен** бірлесіп

3.1. Геологиялық барлауды ынталандыру және ғылымды тарту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТКЖ қаржыландыру саласындағы міндеттемелері шеңберінде бөлінетін қаражаттың үлесін, яғни өткен жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын геологиялық зерттеуге жұмсаған өндіру шығындарының 1%-ын пайдалану мүмкіндігін қарастыру.

Қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының өткен жылы өндіруге жұмсаған шығындарының бір пайызы мөлшерінде Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру қағидаларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

4. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен** бірлесіп

4.1. Келесідей шаралар қолдансын:

- кен орындарын жерасты игеру жүйесін дамыту;

- аумақтың үйінділеріне жақын орналасқан экологиялық көрсеткіштерге тұрақты мониторинг жүргізу;

- шикізатты өңдеушілердің үйінділерді міндетті түрде рекультивациялауын жүзеге асыру;

- кен орындарына барумен экологиялық бақылау жүргізу.

5. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне:**

5.1. Жер қойнауын геологиялық зерттеу барысында аккумуляторларға арналған материалдарды (никель, кобальт, литий және т.б.) және сирек кездесетін металдарды қамтитын металдардың ең сұранысқа ие санаттарына назар аудару.

6. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен** бірлесіп:

6.1. Геологтар, маркшейдерлер, тау-кен инженерлері мамандықтарын даярлау шеңберінде студенттер үшін өндірістік практикаларды ұйымдастыру және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөнінде шаралар қабылдау.

IX. Қаржы және бюджет комитеті 2024 жылғы 30 сәуірде өткізілген **«Капиталды заңсыз әкетудің алдын алу мақсатында валюталық реттеуді жүзеге асыру»** тақырыбында дөңгелек үстелдың қорытындысы бойынша келесі:

1. **ҚР ҚМ МКК және ҚР Ұлттық Банкке:**

- Ұлттық Банктен МКК-ке және МКК-тен Ұлттық Банкқа автоматты жүктеу арқылы МКК-тің және Ұлттық банктің деректерін беруді көздейтін экспорттық-импорттық валюталық бақылау жөніндегі жаңа ақпараттық жүйені (ЭИВБ МКК АЖ) әзірлеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу;

2. **ҚР Бас прокуратурасына, ҚР Әділет министрлігіне, ҚР Ұлттық Банкке және МКК:**

- Қылмыстық кодексте тауарлардың экспортын жүзеге асырған тұлғаларға қатысты экспорттық келісімшарттар бойынша валютаны репатриациялау мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылықты көздеу;

3. **Әділет, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктеріне:**

- резиденттің экспорт немесе импорт бойынша ұлттық және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындауын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынбағаны немесе белгіленген мерзімді бұза отырып ұсынғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгілеу;

4. **Әділет, Ұлттық экономика министрліктеріне, ҚР ҚМ КХД және Ұлттық Банкке:**

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабының нормаларын қолдану құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нормаларды көздеу ұсынады.

X. Қаржы және бюджет комитеті 2024 жылғы 29 мамырда өткізілген **«Кедендік әкімшілендірудің проблемалық мәселелері және оларды шешу жолдары»** тақырыбында дөңгелек үстелдың қорытындысы бойынша келесі Қазақстан Республикасның Үкіметіне:

1. **ҚР Қаржы министрлігі ҚР сауда және интеграция министрлігімен, ҚР Ұлттық экономика министрлігімен, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және Қазақстан кедендік брокерлер қауымдастығымен** бірлесіп, СЭҚ ТН белгілерін қосымша төрт белгіге кеңейту жолымен «Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі №378 шешіміне тиісті өзгерістер енгізу мәселесін қарасын.

2. **ҚР Көлік министрлігі «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-мен** бірлесіп, өткізу пункттері аумағындағы, сондай-ақ өткізу пункттеріне кірме жолдардың

санына қарай қосымша жол жолақтарын салуды көздей отырып, жолдарды қайта құру мәселесін пысықтасын.

3. **ҚР Көлік министрлігі, ҚР Туризм және спорт министрлігі және шекара маңындағы облыстардың жергілікті атқарушы органдары** үшінші елдермен өткізу пункттеріне (жол бойындағы сервис) жақын маңда инфрақұрылымдық объектілерді ұйымдастыру және салу арқылы шекара маңындағы көлік инфрақұрылымдарының техникалық жай-күйін жақсарту мәселесін қарастырсын.

4. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі органдармен** бірлесіп, автомобиль өткізу пункттерінің жанында фитосанитариялық зертханаларды ұйымдастыру мәселесін пысықтасын.

5. Кедендік рәсімдерді оңайлату жолымен шекара маңындағы теміржол станцияларының өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында **ҚР Көлік министрлігі ҚР Қаржы министрлігімен, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-мен** бірлесіп, кедендік бақылау аймағына келгенге дейін не тікелей кедендік бақылау аймағында вагондардың нақты салмағы туралы ақпаратпен (ақпараттық жүйелерді интеграциялау) қамтамасыз ету, оның ішінде динамикалық салмақ жабдығы болмаған кезде оларды орнату (қозғалыс кезінде өлшеу) жолымен мәселені пысықтасын.

6. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп, шекара маңындағы аумақта байланыс инфрақұрылымын жақсарту мәселесін пысықтасын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің кеден бөлімшелеріне жедел-іздестіру қызметін, кинологиялық қызметтің жұмысын, арнайы құралдар мен қызметтік-іздеуші иттерді қолдануды қоса алғанда, құқық қорғау функцияларын беру мәселесін қарасын.

8. 2024 жылдың соңында Қытай Халық Республикасымен шекарадағы «Қалжат», «Алакөл», «Бақты», «Майқапшағай» кеден бекеттерін, Өзбекстан Республикасымен шекарадағы «Қапланбек», «Атамекен», «Қазығұрт», «Тәжен» кеден бекеттерін және Түрікменстан Республикасымен шекарада «Темір – Баба» кеден бекетін реконструкциялаудың аяқталуына, сондай-ақ кеден бөлімшелерінің штат санының тапшылығына байланысты штат санын ұлғайту мәселесін қарасын.

9. **ҚР Қаржы министрлігі** Дөңгелек үстелге қатысушылар айтқан ұсыныстарды ескере отырып, тәуекелдер бейінін қалыптастыру тетігін қайта қарасын.

10. **ҚР Қаржы министрлігі** Кедендік тазартуды жасау қағидаларына (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы №73 бұйрығы, лауазымды адамдардың іс-әрекеттерін нақтылау және кедендік тазартудың әрбір кезеңіндегі кедендік бақылау мерзімдері бөлігінде) және Кедендік жете тексеруді және қарап-тексеруді жүргізу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы

14 ақпандағы №188 бұйрығы) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстарын ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

11. **ҚР Қаржы министрлігі** «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 411-бабына тексеру жүргізу мерзімдері мен негіздерін қарау бөлігінде толықтырулар енгізу туралы мәселені пысықтасын.

12. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың кедендік шекара арқылы өткізілуін бақылау саласындағы құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құрсын.

13. **ҚР Қаржы министрлігі ҚР Көлік министрлігімен** бірлесіп, Қазақстан Республикасының және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздігі сақталған жағдайда, үшінші елдерге теміржол көлігімен тасымалданатын транзиттік тауарларға кедендік жете тексерулер жүргізуге 3 жыл мерзімге мораторий енгізу туралы тиісті құқықтық акт дайындасын деген ұсынады.

XI. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылғы 12 маусым **«Тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚҚ) және оларды кәдеге жарату проблемалары. Өндірушінің кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері»** тақырыбына арналған дөңгелек үстел (Парламентаризм институтымен бірлесіп) қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі – ҚТҚ) басқару жөніндегі қолданыстағы экологиялық заңнамаға экономикалық аспектілердің басым болуына байланысты жекелеген заңнамалық актіде ҚТҚ мәселелерін реттеу қажеттілігін айқындау тұрғысынан талдау жүргізу;

1.2. Қалдықтарды басқару процесіне барлық мүдделі тараптарды тартудың нақты тетіктерін әзірлеу;

1.3. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің шотына түскен ақшаны кәдеге жарату төлемі түрінде жіберетін Экологиялық кодексте айқындалған бағыттарды оңтайландыру мәселесін қарастыру;

1.4. ҚТҚ басқару саласында саланы дамыту мақсатында қалдықтарды жинауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салу қағидатын қайта қарау;

1.5. Қалдықтармен жұмыс істеу бойынша бұзушылықтар (стихиялық қоқыс үйінділері) үшін жеке, заңды және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қатаңдату (айыппұлдарды ұлғайту) бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарау;

1.6. ҚТҚ басқару мәселелерін жан-жақты пысықтап, саладағы проблемалық сұрақтарды шешу мақсатында Үкімет деңгейінде барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен тараптарды тарта отырып, жұмыс тобын құру;

2. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

2.1. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, тұйық цикл экономикасы қағидаттары негізінде қалдықтарды басқаруға кешенді көзқарас қағидатын енгізу жөнінде шаралар қабылдау;

2.2. Көптеген қоқыс шығаратын компаниялар тұрғындардан ҚТҚ үшін төлемнің төмен жиналуына тап болғанын ескере отырып, дамыған елдердің тәжірибесін ескере отырып, төлем жинау механизмін қайта қарау;

2.3. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп қалдықтарды басқару процесіне цифрландыру және жасанды интеллект элементтерін енгізуді қамтамасыз ету;

2.4. Өндірушілерден өндірілетін өнім қалдықтарының көлемін азайтуға бағытталған міндетті шараларды көздеу;

2.5. Заңсыз (рұқсат етілмеген) полигондар санын қысқарту жөнінде жүйелі шаралар қабылдау;

2.6. ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігімен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүйелі негізде халық үшін бөлек жинаудың маңыздылығы, қалдықтарды азайту әдістері және басқалар туралы, сондай-ақ қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары (бағдарламалары) туралы ақпараттық және білім беру науқандарын жүргізуді қамтамасыз ету;

2.7. Сусындардан (Махі шай) бөтелкелер, аралас материалдардан жасалған қаптамалар, гигиена заттары (памперстер, дымқыл майлықтар және т.б.) сияқты қаптама қалдықтарының жекелеген түрлерін қайта өңдеудің күрделілігі мен қымбаттығына байланысты тиісті қалдықтар үшін кәдеге жарату төлемдерінің мөлшерлемесін қайта қарау мәселесін қарастыру.

3. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

3.1. Қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау инфрақұрылымын (қабылдау пункттері, торлар, контейнерлер) ұйымдастыру үшін жер учаскелерін жалға беру бөлігінде жер заңнамасын (ҚР ЖК 48-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы) іске асыруды қамтамасыз ету;

3.2. Экологиялық кодекстің (ҚР ЭК 365-бабы 4-тармағының

1) тармақшасы) нормаларына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды (ККББ) әзірлеуді ұйымдастыру барысында және олардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қалдықтарды басқару проблемаларын шешу үшін ККББ-да нақты жобаларды алдын ала көздеу, сондай-ақ оларды іске асыру үшін жергілікті бюджеттен қаражат жоспарлау. Жобалар қалдықтарды басқарудың толық циклін шешуге (коммуналдық қалдықтарды жинаудан, тасымалдаудан, қайта пайдалануға дайындаудан, сұрыптаудан, өңдеуден, қайта өңдеуден, залалсыздандырудан және (немесе) оларды көмуді барынша азайта отырып кәдеге жаратудан) бағдарлануы тиіс;

3.3. ҚР Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, ірі сауда нүктелері мен желілерінде кәсіпкерлік субъектілерінің қайта өңдеген өнімдерін өткізу тетіктерін әзірлеу.

4. **Парламентаризм институты ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен** бірлесіп, қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару мәселелері бойынша егжей-тегжейлі және тиімді жүйе құру мақсатында ҚТҚ жөнінде жеке заң жобасын әзірлеуді қарастыру.

XII. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2024 жылғы 14 маусымда **«Фармацевтика саласының жай-күйі мен даму перспективалары»** тақырыбында дөңгелек үстел отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне**:

1.1. отандық фармацевтикалық және медицина өнеркәсібін дамытудың бірыңғай саясатын қалыптастыру мақсатында а.ж. соңына дейін мақсатты көрсеткіштерді, күтілетін нәтижелер мен оларға қол жеткізу әдістерін көрсете отырып, өңірлерді дамыту жоспарларымен үндестірілген стратегиялық бағдарламалық құжатты әзірлеуді қарастыру;

1.2. отандық тауар өндірушілердің (бұдан әрі - ОТӨ) фармацевтикалық өніміндерін ілгерілету мақсатында «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ, «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ, «QazInnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ, «QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ және т.б. арқылы инвестицияларды тарту, медициналық препараттарды өндіру технологияларын коммерцияландыру, өнеркәсіп гранттарын бөлу, сондай-ақ ОТӨ субсидиялау, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда инфрақұрылымдар беру арқылы мемлекеттік қолдау шараларын қарастыру;

2. **Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне:**

2.1. заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру мақсатында фармацевтика саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге ревизия жүргізу және келесілерді көздейтін заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеуді қарастыру:

- отандық тауар өндірушілерден басым сатып алуды көздейтін нормаларды бұзғаны үшін жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының әкімшілік жауапкершілігін регламенттеу жөніндегі нормаларды;

- уәкілетті орган бөліп берген жыл сайынғы квоталар шеңберінде дәрілік заттарды өндіру үшін пайдаланылатын денатураттамаған этил спиртін акцизден босату, сондай-ақ кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде фармацевтикалық субстанцияларды (белсенді фармацевтикалық субстанцияларды) және медициналық бұйымдар өндіру үшін материалдар мен жинақтаушыларды ҚҚС-тан босату жөніндегі норманы сақтауға мүмкіндік беретін преференциялар туралы нормаларды Салық кодексіне қайтаруды;

2.2. дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың отандық өндірісін тұрақты дамыту мақсатында ОТӨ өндіретін жоғары сұранысқа ие стратегиялық маңызды дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін қалыптастыру мүмкіндігін қарастыру;

2.3. фармацевтика және медицина өнеркәсібінің инновациялық әлеуетін қалыптастыру мақсатында биоинженерия және фармация бойынша өнеркәсіптік технопарктер құру жөнінде ұсыныстарды енгізу;

2.4. фармацевтикалық индустрияның ғылымды қажетсінетін салаларын және медициналық жабдықтар, гендік инженерия және биотехнология өндірісін дамыту жөнінде ғылыми бағдарлама әзірлеуді қарастыру;

2.5. **Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен** бірлесіп, өнеркәсіп саясаты туралы заңнамаға сәйкес қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен фармацевтика және медицина өнеркәсібінің тұрақты дамуына жәрдемдесуді, сондай-ақ 5%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесі бойынша өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы жеңілдетілген кредит беруді қарастыру;

2.6. **Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен** бірлесіп, ағымдағы жылдың соңына дейінгі мерзімде патенттік қорғау саласындағы, оның ішінде қайталама патенттер мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру мүмкіндігін пысықтау;

2.7. **Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен** бірлесіп, ЕАЭО елдеріне дәрілік препараттардың экспорты бойынша кепілдіктерді қамтамасыз ету және ЕАЭО рәсімі бойынша тіркелгендермен ұлттық рәсім бойынша тіркелген дәрілік препараттардың қадағалану жүйесін интеграциялау жөнінде шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастыру;

2.8. **Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен** бірлесе отырып, фармацевтикалық қызмет субъектілерінің дәрілік заттарға таңбалауды енгізу жөніндегі жұмыстарды аяқтауды жеделдету мүмкіндігін қарастыру, бұл ретте фармацевтика саласының ОТӨ мүдделерін қорғауды көздеу *(бақылау-сәйкестендіру белгілерін ұсынған кезде, таңбалау үшін жабдықтар мен ақпараттық жүйелерді сатып алу шығындарын өтеу және т.б.)*.

2.9. **Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі** және **Сауда және интеграция министрліктерімен** бірлесіп, өтпелі кезең аяқталғанға дейін *(2025 жылдың соңына дейін)* ЕАЭО талаптарына сәйкес дәрілік заттарға ұлттық тіркеу куәліктерін жеделдетіп сәйкестендіру жөнінде шаралар қабылдауды қарастыру;

2.10. **Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен** және **жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп, а.ж. 1 қарашаға дейін өңірлік медициналық ұйымдар деңгейінде жүзеге асырылатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу процесстерін цифрландыруды аяқтау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Комитеттердің тақырыптық отырыстары

I. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2023 жылғы 12 қыркүйекте **Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстау жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарын іске асыру және сақтау мәселелері бойынша** отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. ҚР Бас прокуратурасымен және Ішкі істер министрлігімен бірлесіп қылмыстық-атқару заңнамасын, оның ішінде қамауда ұстау жағдайларын қамаудағы адамдарға қараудың ең төменгі стандарттарына жақындату бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарын сақтау бөлігінде жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

1.2. Пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңғыртуға, сондай-ақ сотталғандарды камералар бойынша ұстау үшін жасақтық-барактық ұстау мекемелерді реконструкциялауға шығыстарды ұлғайту мәселесін қарауды;

1.3. «Еңбек» РМК-ны «Еңбек-Өскемен» РМК-мен оңтайландыру мәселесін қарастыруды;

1.4. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жағдайды жақсарту жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған жол картасының сапалы орындалуын қамтамасыз етуді.

2. **ҚР Бас прокуратурасымен** бірлесіп **Ішкі істер министрлігіне:**

2.1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарды жұмыспен қамтуды арттыру бойынша шаралар қабылдауды.

3. **ҚР Ішкі істер министрлігіне:**

3.1. Азаптаулардың алдын алу және қатыгездікке мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру мақсатында қылмыстық-атқару жүйесінің жеке құрамымен және Ұлттық ұланның әскери қызметшілерімен жұмыс жүргізуді ұсынады. Қызметкерлердің жұмыс орындарда қосылмаған бейнетіркеу құралдарымен болуына жол бермеуді;

3.2. Электрондық өтініш беру терминалдарын сотталғандар үшін қолжетімді жерлерде орналастырылуын, олардың дұрыс жұмыс істеуін және әкімшіліктің бақылауысыз пайдаланылуын қамтамасыз етуді;

3.3. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде кешенді қауіпсіздік жүйесін құра отырып, пенитенциарлық мекемелердің бейнебақылау құралдарымен жабдықталуын қамтамасыз етуді;

3.4. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұялы байланыс құралдарын тасымалдау, жеткізу немесе пайдалану үшін жауапкершілікті күшейту мәселесін пысықтауды;

3.5. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру бойынша шаралар қабылдауды;

3.6. Сотталғандарды қоғамға одан әрі қайта әлеуметтендіру және бейімдеу үшін құқыққа бағынушылық мінез-құлықты, қоғамға құрметпен қарауды қалыптастыру мақсатында сотталғандармен тәрбие жұмысын күшейту.

II. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 20 қазанда **Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру аясында Алматы және Жетісу облыстарында су ресурстарын тиімді пайдалану тәжірибесі бойынша** комитеттің кеңейтілген отырысы қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

- белгіленген мерзімде ҚР Парламентіне жаңа Су кодексінің жобасы енгізілсін;

- барлық су пайдаланушылардың тиімді тұтынуын ынталандыратын жүйелік нормаларды енгізу мақсатында су заңнамасын өзектендіру;

- республикада ирригациялық жүйелерді жөндеу бойынша ақпарат беру.

2. **ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:**

- суды игеру, су ресурстарын басқару саясаты;

- су беру қызметтері бөлігінде (арналар мен жылдар бойынша) тарифтік саясатты қайта қарау бойынша ақпарат беру;

- республикада суды тиімді пайдалану бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер және қабылданып жатқан шаралар бойынша ақпарат беру;

- республика бойынша су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі жобаларды инвестициялық субсидиялау бойынша ақпарат беру;

- Гидротехникалық құрылыстарды цифрландыру бойынша, оның ішінде гидротехникалық құрылыстардағы су ресурстарын есепке алу, бақылау және мониторингілеу бойынша процестерді цифрландыру бойынша жүргізілетін жұмыстар бойынша ақпарат беру;

- барлық гидротехникалық құрылыстар (су қоймалары, су тораптары және т. б.) және каналдар, жүргізілген және жоспарланған күрделі және қалпына келтіру жөндеулері бойынша ақпарат;

- су объектілеріндегі суды жіктеудің бірыңғай жүйесінің ережелерін әзірлеу;

- суаруға сарқынды суларды пайдалануды есептеу әдістемесін әзірлеу;

- көлдердің жинақталу проблемасы бойынша іс-қимыл алгоритмін ұсыну және т. б;

- ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру, жаңа су шаруашылығы объектілерін (каналдар, су қоймалары) салу, Гидротехникалық құрылыстарды қорғау және пайдалану, топтық су құбырларын реконструкциялау және қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, су үнемдеу жөніндегі шараларды енгізу жөніндегі шараларды қабылдау.

- суармалы жерлердің ауданын ұлғайту мақсатында республика бойынша суару желілері мен гидротехникалық құрылыстарды қалпына келтіру бойынша жәрдем көрсету;

- суару арналары мен су қоймаларына түгендеу жүргізу, суармалы судың кепілді көлемімен қамтамасыз етілген тоқтатылған суармалы жерлердің алаңдарын айқындау жөнінде шаралар қабылдау;

- суармалы жерлерді сумен қамтамасыз етуге арналған иесіз суару каналдарын, су қоймаларын және басқа да су объектілерін мемлекет меншігіне қайтаруға көмектесу;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін суармалы жерлерде су үнемдеу технологияларын енгізуге ынталандыру және цифрлық су есебін қолдануды кеңейту жөніндегі пәрменді тетіктерді әзірлеу;

- әкімдіктермен бірлесіп суару желілерінің ирригациялық құрылыстарының жай-күйі және суармалы сумен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жағдайды зерделеу мақсатында комиссия құру.

3. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі:**

- режим мен балансты зерделеу бойынша жер асты суларының мониторингі;

- Қазақстан аумағындағы жер асты суларының жай-күйі мен ұтымды пайдаланылуын режимдік бақылау;

- ҚР әкімшілік облыстары бойынша сумен қамтамасыз ету бойынша схемалық карталар құруды, кен орындарын орналастыруды және ҚР Су шаруашылығы бассейндері мен әкімшілік облыстары бойынша жерасты суларының қорларын бөлуді, ҚР Әкімшілік облыстары бойынша ауыз және техникалық жерасты суларының қорларын бөлуді және орналастыруды қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру.

4. **ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен әкімдіктер** «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша сұранысқа ие мамандықтар тізбесін қалыптастыру кезінде «Су ресурстары және су пайдалану», «Су шаруашылығы», «Су ресурстарын басқару» және т.б. мамандықтар бойынша түлектерді бағдарламаға қатысу үшін қосуды қарастырсын.

5. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі** су саласындағы білім беру бағдарламаларын жаңарту жөнінде ақпаратты, сондай-ақ су саласының талап етілетін пәндері бойынша жоғары білім алу үшін мемлекеттік білім беру гранттарының саны жөнінде ақпаратты берсін.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 29 қарашада **«Еліміздің өңірлеріндегі ауыл шаруашылығы кооперациясының жай-күйі және шаруа қожалықтарын ірілендіру»** тақырыбында кеңейтілген отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай Ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Өңірлердегі ауыл шаруашылығы кооперациясының бүгінгі жай-күйіне және шаруа қожалықтарды ірілендіру мәселесіне сараптама

жүргізіп, кооперативтердің құрылуына кедергі болатын тежеуші факторларды ескере отырып, қажет болған жағдайда ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту жұмыстарын жүйелендіру үшін Координациялық кеңес құруды.

1.2. ҚР Жер Кодексіне және ҚР «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңына:

- кооператив мүшелерінің жер учаскесімен (жерді бөлуге қатысты) өзара жарна ретінде кіру және оның құрамынан шығу тетіктерін жетілдіру, реттеу мәселелерін енгізуді;

– республика көлемінде егістік жердің орташа балл бонитетінің төмендегенін ескере отырып, оны көтеру мәселесіне талапты күшейтуді.

1.3. ҚР Салық кодексіне:

- қосарланған салық салуды қайта қарау немесе алып тастауды (мысалы, ҚР Салық кодексіне сәйкес, кәсіпкерлік субъектілеріне (кооператив мүшесі) жеке ауыл шаруашылығы өнімдерін сату кезінде 10% мөлшерінде жеке табыс салығы салынады. Оған қосымша, 3% салық тағы салынады (оңайлатылған бойынша), сондай-ақ кооперативтерге шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандары біріктірілуі мүмкін, олардың әрқайсысының өзіндік салық салуы бар (жеке кәсіпкерлік субъектілері, шаруа қожалықтары, ЖК, ЖШС).

- жаңадан құрылған кооперативтерге салық салу мөлшерін барынша жеңілдетіп немесе салық салудан (3 жылға) босату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуді.

1.4. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтері бойынша биылғы жылғы қорытындыны сараптап, өңірлердің спецификасы мен даму деңгейін ескере отырып, несие беру лимитін қарастыруды (қажет аудандарға ұлғайту).

1.5. Өңірлердің мамандануын ескере отырып, қайта өңдеу кәсіпорындарын, өнімді сақтау қоймаларын құру үшін «Бәйтерек ҰБХ» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне несие берудің басқа да жекелеген бағдарламаларын әзірлеуді.

1.6. Жеке кәсіпкерлерді ауыл шаруашылығы кооперативтеріне кіруге ынталандыруды мақсатында кооперативтік одақтар құру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді.

1.7. Өңірлер бойынша шағын шаруа қожалықтары арасында ауыл шаруашылығы кооперациясының артықшылықтарын түсіндіру бойынша жүйелі жұмыстарды жүргізуді.

2. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп:

2.1. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қаржылық сауаттылығын арттыру, бизнес негіздеріне оқыту бойынша нақты ұсыныстар беруді.

2.2. Өңірлік ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өнімдерін өткізу бойынша шаралар қабылдап, пысықтауды;

2.3. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін несиелеу кезінде ауылдық округтердің мамандандырылуын ескеруді;

2.4. Жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін ауыл шаруашылығы кооперативтерін ауыл шаруашылығы жерлерімен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды;

2.5. Барлық қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, өтеусіз негізде ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту мақсатында оқыту-үйрету жөніндегі жұмысты күшейтуді.

2.6. Шалғай аудандардың ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу проблемаларын зерделеп, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің көлік шығыстарын субсидиялау бойынша ұсыныстарды қарауды.

3. **ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:**

3.1. Кәсіпкерлік субъектілерінің өнімді сақтауға арналған қоймалардың немесе өндірілген өнімдерді сатып алу мәселесін шешу үшін өңірлерде Сауда-логистикалық орталықтар құру бойынша ұсыныстар мен механизмдерді Ауыл шаруашылығы министрлігімен пысықтап, ұсыныс енгізуді.

3.2. Заңнамаға ішкі сауда саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету құзыретін бекіту туралы өзгерістер енгізуді.

3.3. «Егістен – сөреге» механизмін жан-жақты пысықтап, мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып жетілдіруді.

IV. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2023 жылғы 5 желтоқсанда **«Отбасы-неке қатынастарынан туындайтын дауларды қарау кезінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселелер»** тақырыбына арналған отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **ҚР Жоғарғы Сотына:**

1.1. Неке-отбасы даулары бойынша Жоғарғы Соттың қабылданған нормативтік қаулыларын іске асыру үшін құқық қолдану практикасын және істердің көрсетілген санаты бойынша дауларды қарау кезінде туындайтын мәселелерді талдау және қорыту жолымен сот төрелігін іске асыру сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

1.2. Сот процестеріне қатысатын адамдар үшін адам құқықтарының халықаралық стандарттарын қоса алғанда, балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнама бойынша семинарлар ұйымдастыру.

1.3. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға байланысты істерді қарауға маманданған судьялар үшін эмпатия дағдыларын, әдеп қағидаларын және әр жағдайдың ерекшелігін ескере отырып, салмақты және әділ шешім қабылдау қабілеттерін дамыту мақсатында тренингтер өткізу.

1.4. Кәмелетке толмағандардың мүдделерін қозғайтын дауларды шешудің баламалы тәсілдерін қолданудың тиімділігіне талдау жүргізу.

2. **ҚР Бас Прокуратурасына:**

2.1. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу.

2.2. Мемлекет басшысының балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға қатысты тапсырмаларын орындау шеңберінде білім беру ұйымдарының қызметіне сапалы тексерулер жүргізуді қамтамасыз ету.

2.3. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарға байланысты қылмыстық істерді тергеген кезде қадағалауды жүзеге асыру кезінде балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтауға ерекше назар аудару.

3. **ҚР Ішкі істер министрлігіне:**

3.1. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3.2. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу тетіктерін жетілдіруге бағытталған тиімді құқықтық және практикалық шараларды әзірлеу бойынша уәкілетті құрылымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

3.3. Мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының бірлескен күш-жігерін, атап айтқанда, отбасындағы зорлық-зомбылық проблемаларын практикалық тұрғыдан шешумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шоғырландыруға ықпал ететін шаралар қабылдау.

4. **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне:**

4.1. Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, ішкі істер органдарын уақтылы хабардар ету мақсатында педагогикалық қызметкерлердің және медицина қызметкерлерінің басшылық алуы үшін кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықты ерте анықтау жөніндегі әдістемені әзірлеу.

4.2. Сауалнама, психологиялық тексерулер (тестілеу) және басқаларды жүргізу арқылы жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарын анықтау бойынша мектеп психологтарының жұмысын күшейту.

4.3. Қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың штаттарын нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру.

4.4. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары мамандары санының нормативін белгілеу бойынша білім беру және балаларға арналған тәрбие беру мекемелеріне жоспардан тыс тексерулер жүргізу функциясын заңнамалық тұрғыда бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу.

5. **ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен** бірлесіп:

5.1. Жүйелік негізде интернет кеңістігінде заңсыз мазмұндағы контентті анықтау және шектеу бойынша жұмыс жүргізу.

5.2. Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік медиада отбасылық құндылықтарды насихаттау, балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша контентті күшейту жөнінде шаралар қабылдау.

5.3. Құқық бұзушылық жасағаны үшін, оның ішінде телебағдарламалар мен фильмдер арқылы құқық бұзушылық жасағаны үшін халықтың жауапкершілік туралы хабардар болу деңгейін арттыру бойынша кең ауқымды науқан әзірлеу және жүргізу.

5.4. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өтеусіз негізде жұмыс істейтін балалар үйірмелері

V. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 12 желтоқсанда **Батыс Қазақстан (Орал Өз.) және Абай (Ертіс өз.) облыстарының су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері бойынша** кеңейтілген отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

- Абай және Батыс Қазақстан облыстарындағы тозығы жеткен гидротехникалық құрылыстарды жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары бойынша талдау жүргізуді;

- осы жұмыстарды одан әрі жалғастыру бойынша Жол картасын әзірлеуді (гидротехникалық құрылыстар бойынша толық паспорттауды және түгендеуді аяқтау, жергілікті атқарушы органдардың теңгерімінде жоқ гидротехникалық құрылыстарды қабылдау бойынша рәсімдерді жүргізу, коммуналдық меншіктің инфрақұрылымын пайдалану және оны тиісті жағдайда ұстауды қамтамасыз етуді);

- «Қазсушар» РМК Абай облысы бойынша филиалын құруды, сондай-ақ коммуналдық МТҚ-ны оның балансына беруді жеделдетуді;

- республикалық бюджеттен Жайық-Көшім суару жүйесіне қаражат бөлуді қарастыруды;

- «Қазсушар» РМК балансында тұрған 2 су қоймасының (Қаракөл су қоймасы (құрылысы 1986 жылы басталған жобалық көлемі 55 млн текше метр) және Шар су қоймасының (жобалық көлемі 80 млн текше метр) құрылысын аяқтауды жеделдету;

- республика бойынша гидрогеологиялық карталарды дайындау, жаңарту мәселесін зерделеу (бұл жұмыс тәуелсіздік алғаннан бері жүргізілген жоқ).

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне:

- жаңа су шаруашылығы объектілерін (каналдар, су қоймалары) салуды, Гидротехникалық құрылыстарды қорғау және пайдалануды, топтық су құбырларын реконструкциялау және қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, су үнемдеу жөніндегі құрылғыларды орнату бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат беруді;

- суармалы жерлерді сумен қамтамасыз етуге арналған иесіз суару

каналдарын, су қоймаларын және басқа да су объектілерін мемлекет меншігіне қайтару жөніндегі іс-шаралар Жоспарын әзірлеуді;

- трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының жұмысы шеңберінде ресей тарапымен су ынтымақтастығы саласындағы жұмысты жалғастыруды;

- жер асты сулары ластануға және жыл мезгілдері бойынша су деңгейі мен температурасының өзгеруіне аз ұшырайтынын ескере отырып, елді мекендер мен ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларын пайдалану мәселесін зерделеуді,

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және әкімдіктермен бірлесіп:

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін суармалы жерлерде су үнемдеу технологияларын енгізуге ынталандыру және цифрлық су есебін қолдануды кеңейту жөніндегі пәрменді тетіктерді әзірлеуді;

- суармалы жерлерде су үнемдеу технологияларын орнату кезінде субсидиялау индикаторларын қарастыруды;

- ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп су үнемдеу технологиялары мен суару техникаларын дайындау жөніндегі зауыттарды ашудың мақсаттылығын қарастыруды;

- өңірлердің бөлінісінде республика бойынша тамшылатып суаруды қолдану тиімділігіне талдау жүргізуді (ауа райы, аумақтық жағдайлар бойынша қажеттілік мәніне);

- суару желілерінің ирригациялық құрылыстарының жай-күйі және суармалы сумен қамтамасыз етілу мәселелері бойынша жағдайды зерделеу мақсатында комиссия құруды;

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі және ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп:

- Батыс Қазақстан облысы мен Абай облысының су объектілерінде жаңа гидропосттар салуды қаржыландыруды қамтамасыз етуді;

Облыс әкімдіктерімен бірлесіп:

- суды үнемдейтін суару технологияларын қолдана отырып, алаңдарды ұлғайту жөнінде шаралар қабылдауды.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі және «Қазгидромет» РМК трансшекаралық өзендердің дәл және сапалы мониторингі үшін бекеттер санын ұлғайту мәселесін қарастыруды.

VI. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетімен 2024 жылғы 30 қаңтарында **«Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы: жағдайы және одан әрі дамыту жолдары»** тақырыптық отырыс өткізілді, оның нәтижелері бойынша келесі ұсынымдар ұсынылды:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. мемлекеттік органдар, қоғамдастық, ғылыми қауымдастық өкілдерін, практик заңгерлер мен басқа да сарапшыларды тарта отырып, Әділет министрлігі жанынан азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ведомствоаралық жұмыс тобын құру мүмкіндігін қарастыру;

1.2. Азаматтық кодекстің нақты нормаларын және олардың іс жүзінде қолданылуын зерделеу жолымен Азаматтық кодекстің барлық құрылымына және оның нормативтік ережелеріне талдау жүргізу; Азаматтық кодекс нормаларын басқа заңнамалық актілермен және халықаралық стандарттармен салыстыру мәселесін қарауды ұсынады;

1.3. Азаматтық кодексе талдау жүргізу кезінде отырысқа қатысушылардың азаматтық заңнаманы жаңғыртуға бағытталған келесі ұсыныстарын зерделеу:

- корпоративтік заңнаманы жетілдіру мәселелерін қарастыруды;
- Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасын жетілдіру мәселелерін қарауды;
- талап ету құқығы, зияткерлік меншік құқық объектілері, цифрлық құқықтар, мүліктік емес құқықтар және т.б. сияқты объектілердің осы сыныптамадағы орнын анықтау арқылы азаматтық құқық объектілерінің құқықтық табиғаты мен сыныптамасын зерделеуді;
- Азаматтық кодекстен жедел басқару және шаруашылық жүргізу құқығын алып тастаудың орындылығын анықтау үшін заттық құқықтар туралы Азаматтық кодекстің ережелерін талдауды;
- электрондық коммерция (e-commerce) туралы нормаларды жетілдіру мәселесін қарастыруды ұсынады.

Тауар айналымы мен электрондық коммерцияның қарқынды дамуы шарттық қатынастарды ресімдеудің жаңа тәсілдерін құқықтық реттеудегі олқылықтардың анықталуымен тығыз байланысты. Смарт-келісімшарттар және электрондық коммерция (e-commerce) туралы заңнаманы жетілдіру тұтынушылардың қатысуымен болатын құқықтық қатынастарды қоса алғанда, шарттық құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтарын қорғауға бағытталуы тиіс.

- талап арыз мерзімі ескіруінің абсолютті мерзімі бойынша нормаларды белгілеу бөлігінде Ресейдің тәжірибесін қабылдаудың орындылығын қарастыруды;
- алу мерзімінің ескіруі негізінде, бірақ құқықты алу мерзімін ұзарта отырып, бұрынғы жосықты иеленушілер үшін ғана емес, сонымен бірге жосықсыз иеленушілер үшін де меншік құқығын тану мүмкіндігін қарастыруды;
- әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалардың жалпы жиналыстарының шешімдерін даулаудың және жарамсыз деп танудың бірыңғай тәртібін, осындай талаптар үшін талап арыз қоюдың бірыңғай мерзімдерін айқындау мәселесін қарауды;
- абоненттік шарт; опциондық шарт; депонирлеу талабы бар шарт; агенттік шарт; смарт-келісімшарттар (қолданыстағы ҚР Азаматтық кодексте осы шарттарды құқықтық реттеу жоқ) сияқты шарттардың жекелеген түрлерін регламенттеу қажеттілігі мәселесін қарастыруды ұсынады;

Зияткерлік меншік құқығы иелерінің авторлық және басқа да құқықтарын бұзу, сондай-ақ Қазақстан аумағында контрафактілік өнімді тарату зияткерлік меншік саласының өзекті мәселелері болып табылады.

Ішкі істер органдарының, экономикалық тергеу қызметінің 2016-2023 жылдардағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі статистикалық деректері ел аумағында контрафактілік өнімнің таралуы жағдайындағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бойынша қабылданып жатқан шаралардың жеткіліксіздігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау деңгейі Қазақстан Республикасына инвестициялар тартуда көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты әділет органдарының, құқық қорғау және кеден органдарының құқық қолдану практикасын жетілдіруді қоса алғанда, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін пысықтау қажет.

1.4. Азаматтық кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде цивилист-ғалымдардың, оның ішінде Азаматтық кодексті әзірлеуге қатысқан адамдардың пікірін ескеру қажет. Бұл ретте цивилист-ғалымдардың Азаматтық кодексте түзетулер заңнаманы жетілдіруге, құқықтық реттеудің сапасын жақсартуға және тиімділігін арттыруға, қазақстандық айналымды халықаралық экономикалық және гуманитарлық байланыстар жүйесіне неғұрлым толық интеграциялауға және тұтастай алғанда орнықты дамуға ықпал ететін ерекше қажетті немесе орынды жағдайларда ғана енгізу жөніндегі ұсыныстарына назар аударамыз. Сондай-ақ, азаматтық заңнаманы жетілдіру бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру мақсатында цивилист-ғалымдар басқа елдердің (атап айтқанда, Ресей, Украина, Молдова және басқа да елдердің) тәжірибесі негізінде цивилист-ғалымдардан тұратын жұмыс тобын құру туралы ұсыныс енгізді.

VII. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылғы 30 қаңтарда **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының арсеналдарында, базалары мен қоймаларында сақтаудағы қару-жарақ пен оқ-дәрілердің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі** комитеттің отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. 2023-2025 жылдарға арналған қару мен оқ-дәрілерді сақтау объектілерін жаңа оқ-дәрілерді сақтау объектілерін біркелкі аумақтық орналастыру бөлігінде жетілдіру жөніндегі кешенді жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселені пысықтау.

2. Қоймаларда, оқ-дәрілері бар арсеналдарда тыйым салынған аймақтар мен аудандарды белгілеу процесін аяқтау.

3. Арсеналдарды, әскери базалар мен қоймаларды өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету мәселелерінде тығыз өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

4. Елдің қорғаныс-өнеркәсіптік кешені кәсіпорындарында оқ-дәрілердің жеке түрлерін өндірудің толық циклінің жобасын іске асыру жөнінде шаралар

қабылдау, сондай-ақ отандық кәсіпорындармен бірлесіп ірі калибрлі оқ-дәрілерді қалпына келтіру және жөндеу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

5. Республикалық бюджетті нақтылау кезінде регламентті жүзеге асыру және әскери бөлімдер бөлімшелерінің күштерімен техникалық қызмет көрсету үшін оқ дәрілерді техникалық бақылау зертханаларын сатып алу, сондай-ақ сондай-ақ зымырандар мен оқ-дәрілерді жаңарту мәселелерін қарауға оралу.

6. Ауқымды төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында сақтауға, пайдалануға жарамсыз және жойылуы тиіс оқ-дәрілерді кәдеге жарату жұмыстарын күшейту.

7. Бюджет қаражатын игермеуге жол бермеу мақсатында бюджетті қалыптастыруға жауапкершілікпен қарау. Стратегиялық міндеттер мен басымдықтарды ескере отырып, бюджеттік жоспарлауға, сондай-ақ объектілер құрылысы жобаларының жобалау-сметалық құжаттамасын уақтылы дайындауға ерекше назар аудару.

8. Оқ дәрілерді сақтау объектілерін салу барысында жеткілікті тәжірибесі мен мінсіз беделі бар компанияларды тарту.

VIII. 2024 жылғы 31 қаңтарда Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті **Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі»** тақырыбындағы Үкімет сағатында қабылданған ұсынымдарды іске асыру қорытындылары тақырыбына арналған Комитеттің кеңейтілген отырысын өткізді.

Кеңейтілген отырыстың қорытындысы бойынша Комитет келесі ұсынымдарды қабылдады:

ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:

1) халыққа медициналық көмек көрсетудің барлық сатысында қолжетімділікті, сапасы мен оның уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге, азаматтардың медициналық қызметтерге өз қалтасынан шығатын шығындарын азайту бойынша кешенді шаралар қабылдауға;

2) елдегі скринингтік бағдарламалардың сандық және сапалық тиімділігін бағалауды жүргізуге, олардың негізгі мақсаттарын, міндеттерін және әдістерін анықтау бойынша шаралар қабылдауға;

3) мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар арасында бәсекелестік ортаны құруға, сондай-ақ медициналық қызмет көрсетушілердің қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша кешенді шаралар қабылдауға;

4) азаматтардың жұқпалы емес аурулардан және олардың өмір сүру салтына байланысты (наркомания, алкоголизм, ЖИТС, жол транспорт оқиғалары және т.б.) мезгілсіз өлім қауіпін азайту бойынша жүйелі шаралар қабылдауға;

5) халықты иммундау жөніндегі жұмысты жандандыруға және халықты иммундау мониторингінің бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін енгізу жөніндегі жұмысты жүргізуге;

6) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдары негізінде халықтың қант, май және тұз мөлшері жоғары азық-түлік өнімдерін тұтынуын шектеу мақсатында азық-түлік қаптамасын міндетті таңбалау жөніндегі шараларды енгізуді жеделдету, сондай-ақ бұл жұмысты Еуразиялық экономикалық комиссияның қызметінде қарауды ұсынуға;

7) МСАК шеңберінде көрсетілетін қызметтерді жан-жақты талдау негізінде медициналық қызметтер пакетін және емханалар функционалын ұлғайтуды талап ететін міндеттер мен бастамаларды қаржылық қамтамасыз етуге (штаттар мен алаңдарды кеңейту, медициналық ұйымдарды қаржыландыруды қысқарту, оның ішінде желілік шкала бойынша алу есебінен);

8) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен бірлесіп дебиторлық берешегі бар медициналық ұйымдарға аудит жүргізуге;

9) босандыру қызметтерін бағалау сапасының халықаралық стандарттарын ескере отырып, акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету стандарттарына өзгерістер енгізу мәселесін қарастыруға, сондай-ақ ана өлімі мен қиын жағдайлардың құпия аудитін енгізу мәселесін қарастыруға;

10) халыққа нефрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруды талдау негізінде бүйрек аурулары кезінде көмек көрсету бағдарламаларын құруға бағытталған жұмыстарды жандандыруға;

11) МӘМС жүйесіне пациенттердің қатысуы және олар туралы мәліметтерді алу үшін меншік нысанына қарамастан, медициналық ұйымның елде бірыңғай ақпараттық жүйесін құру бойынша шаралар қабылдауға;

12) көрсетілген медициналық көмек көлемін негізсіз асырып жібергені үшін айыппұл санкцияларының өсу себептеріне талдау жүргізу және оларды жою жөніндегі шараларды енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеуге;

13) амбулаториялық-дәрілік қамтамасыз ету бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысының, сондай-ақ медициналық ұйымдарды және халықтың табысы аз адамдар (отбасылар) топтарын дәрі-дәрмектермен, медициналық бұйымдармен қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға.

IX. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетімен 2024 жылғы 27 ақпанда **«Қазақстан Республикасындағы еңбек мигранттары мен адам саудасы құрбандарының құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері»** тақырыбына арналған Комитет отырысы өткізілді, оның нәтижелері бойынша келесі ұсынымдар ұсынылды:

1. **ҚР Ішкі істер министрлігіне:**

1.1. Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және адам саудасына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмысын үйлестіруді күшейтуді.

1.2. Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында ақпарат және тәжірибе алмасу үшін халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуды.

1.3. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың мамандарын оқыту бағдарламасын іске асыруды жалғастыруды.

1.4. Халықтың адам саудасы саласындағы проблема, оның ішінде оның алдын алу жолдары туралы хабардар болуын арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді.

1.5. Адам саудасының құрбаны болу қатері басым халықтың топтары арасындағы жағдайға тұрақты түрде талдау жасау және тәуекелдерді бағалау тетіктерін әзірлеп, енгізуді.

1.6. Адам саудасына қарсы күрес саласында, оның ішінде құрбандарды қорғау және оларға көмек көрсету мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты жалғастыруды ұсынады.

2. **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:**

2.1. Еңбек мигранттарының құқықтарын қорғау бойынша қосымша шаралар қарастыруды.

2.2. Қазақстан азаматтарын көптеп тартатын негізгі елдермен еңбекші мигранттардың құқықтарын қорғау жөніндегі екіжақты шарттарды жасасу және іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды.

2.3. Еңбекші мигранттар үшін олардың Қазақстандағы құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ олардың құқықтары бұзылған жағдайда қолжетімді қолдау және қорғау шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды.

2.4. Адам саудасының құрбандарына медициналық, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық қолдауды қоса алғанда, кешенді арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді жалғастыруды.

2.5. Адам саудасының құрбандарына қызмет көрсететін дағдарыс орталықтары желісінің жұмысын күшейтуді және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруды.

2.6. Адам саудасына қарсы күреске тартылған еңбек инспекторлары мен басқа да мамандардың мәжбүрлі еңбек құрбандарын анықтау және қайта бағыттау бойынша жұмысының тиімділігін арттыруды ұсынады.

X. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары Академиясымен бірлесіп 2024 жылғы 26 наурызда **заң білімінің сапасын арттыру және одан әрі дамыту мәселелері жөнінде** ғылыми-практикалық конференция өткізілді, оның нәтижелері бойынша келесі ұсынымдар ұсынылды:

1. Заң білімінің сапасын арттыру үшін **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне:**

1.1. ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдарымен, ҚР Ішкі істер министрлігімен, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігімен, ҚР прокуратура органдарымен және ҚР Қорғаныс министрлігімен, өздеріне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы оқу орындарымен және Сот төрелігі академиясына қатысты ҚР Жоғары Сот Кеңесімен бірлесіп құқықтану салаларының, оның ішінде құқық қорғау блогының қажеттіліктерін ескере отырып, Заң білімін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу.

Тұжырымдамада жоғары оқу орындарының, оның ішінде бакалавриат деңгейіндегі жоғары оқу орындарының ұсынымдары ескерілсін:

1) заң саласындағы кадрларды дайындайтын ЖОО-ларды бейіндеу және ЖОО-ның негізгі бағытын ескере отырып, заңгерлерді даярлау үшін лицензия беру кезінде біліктілік талаптарын күшейту, оның ішінде профессорлық-оқытушы құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) кәсіби практикалық тәжірибесінің немесе тағылымдамасының болуы;

2) құқықтану салалары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру және теориялық даярлық курсын аяқтағаннан кейін таңдалған бейін бойынша практикалық тағылымдамадан өту;

3) заң, оның ішінде құқық қорғау қызметінің басым бағыттарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру;

4) түлектердің теориялық білімі мен практикалық дағдыларының өзара тығыз байланысын күшейту;

5) кәсіби заң қоғамдастығы (кәсіби қауымдастықтар) тарапынан білім беру бағдарламаларын кәсіби аккредиттеуді енгізу;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде:

1) «Құқық», «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» дайындық бағыттары бойынша докторанттарды қорғауға шығатын жарияланымдарға қойылатын талаптардың өзектілігін зерделеу;

2)жетекшішетелдікғылымиұйымдардажәнехалықаралықрейтингтерде алғашқы 1000 позицияны немесе тиісті бағыт бойынша (by Subject (бай сабджект)) алғашқы 200 позицияны иеленетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында шетелдік тағылымдамаларды ұйымдастыру бойынша жоғары арнаулы оқу орындары (бұдан әрі – ЖАОО) үшін талаптарды белгілеудің орындылығын зерделеу;

3) «7М123» және «8D123» (Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс) магистратура және докторантура кадрларын даярлау бағыттары бойынша онлайн-оқыту мүмкіндігін зерделеу.

1.2. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде магистратураның бітіруші курстарының білім алушылары арасында кешенді тестілеу өткізу кезінде «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнін, бакалавриаттың қазақ (орыс) тілі пәндерін алып тастау бөлігінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖАОО Бағалау өлшемшарттарын қайта қарау.

1.3. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы жүйесінде жұмыс істеп тұрған Философия, саясаттану және дінтану институтының базасында Құқықтану орталығын ашу мүмкіндігін зерделеу.

1.4. Ғылыми жетекшілерге қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау, оның ішінде Скопус базасына кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланымдардың болуы жөніндегі мәселені пысықтау.

1.5. ТМД-ға қатысушы-елдер Парламентаралық Ассамблеясының 31-ші жалпы отырысында қабылданған (25.11.2008 жылғы №31-14 қаулы) «Ғалым және ғылыми қызметкер мәртебесі туралы» модельдік заңға ұқсас Ғалым мәртебесі туралы заңның жобасын әзірлеу туралы мәселені зерделеу.

2. **ҚР Әділет министрлігіне:**

2.1. Заң салалары бойынша кәсіби стандартты әзірлеу және бекіту.

2.2. Еңбек нарығын жоғары білікті заң кадрларының құзыреттері мен дағдыларын растау жолы арқылы қамтамасыз ету үшін:

- жұмыс істейтін қауымдастықтардың жанынан Заң саласындағы тану орталығын құру;
- заң тәжірибесіне рұқсат алу үшін кәсіби сертификаттау стандарттарын енгізу мәселесін пысықтау.
- мемлекеттің жоғары білікті заң кадрларын даярлаудағы қажеттілікті болжау жөніндегі мемлекеттік орталық құру туралы мәселені қарау.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

I. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 13 қарашада ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің басшылығымен **елорданың айналасын көгалдандыру және жасыл аймақ құру мәселелері бойынша** кездесу (Астана қ. Әкімдігінде) өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Астананың айналасындағы жасыл белдеуді заңнамалық реттеу жөнінде ұсыныстар енгізуді;

1.2. Жасыл желектерді жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау шараларын көздеуді.

2. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

2.1. Жасыл аймақты құру және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ғылыми сүйемелдеуді және мониторингті қамтамасыз етуді;

2.2. Орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп басым міндеттерді шешу және жасыл аймақты құру және күтіп ұстау жөнінде жүйелі шаралар қабылдау жөнінде ұсыныстар әзірлеуді.

3. **Астана қаласының әкімдігі:**

3.1. Ө. О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп, Астана қаласының климаты мен топырағына неғұрлым қолайлы ағаш түрлерін зерттеуді;

- жасыл желектерді суару үшін биологиялық тазартылған ағынды суды пайдалануды;
- біржылдық гүлдерден көпжылдық гүлдерге ауысуды;
- ағаштар мен жасыл желектерді суару үшін дамыған елдердің тәжірибесі бойынша дренаждық және суару жүйесін енгізуді;
- климат пен топыраққа қолайлы өсімдіктерді бақылау, күту және суарудың заманауи жүйелерін зерттеу және пайдалануды;
- көшет отырғызуды, ағаштардың жай-күйіне міндетті түрде одан әрі қызмет көрсетуді және мониторингті қамтамасыз ететін мердігерлік ұйымдарға есеп бере отырып, бекітіп беруді (бұл шарттар қызмет көрсету шартында оларды орындамағаны үшін жауапкершілік к жазылуы қажет).

3.2. Жасыл желектерді күтіп ұстау және күту жөніндегі жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар беруді.

3.3. Астана қаласының жасыл белдеуін дамыту және көгалдандыру жөніндегі жол картасы бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп жұмыс тобы құрылсын.

3.4. Саябақ аймақтарын, сквелерді, аллеяларды ұлғайту мәселесін қарастыру.

II. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 14 желтоқсандағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агро-техникалық университетінде **«Қазақстан Республикасы Президентінің ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мәселелері жөніндегі Жолдауын іске асыру туралы»** тақырыбындағы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

1.1. Импортты алмастыруға және экспорттық әлеуетті дамытуға бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемін ұлғайту жөніндегі шараларды іске асыруға жүйелі негізде жәрдем көрсету;

1.2. Отандық өндірушілерді астықты неғұрлым терең өңдеуге ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау, бұл ретте қосымша құны жоғары түрлі өнімдердің кең тізбесін алуға болады;

1.3. Өңірлерде айналымнан шығарылған жерлерді қалпына келтіре отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарын, соның ішінде қант қызылшасын өсіруге арналған егіс алқаптарын кеңейту мәселесін қарастыру;

1.4. Импорт үлесін төмендету (сыртқы факторлардың әсерінен қорғау) және ауыл шаруашылығы өнімдерін уақтылы өңдеуді қамтамасыз ету мақсатында қант саласын дамыту жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

1.5. Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі саласына білікті мамандарды тарту үшін профильді жоғары оқу орындарының мамандандырылған бағдарламаларын кеңейтуге, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындары мен

ғылыми орталықтарда кадрлардың біліктілігін белсенді арттыруды жолға қоюға жәрдем көрсету;

1.6. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға несие беру қағидаларына (ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №322 бұйрығымен бекітілген) Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге байланысты бағыттар үшін несие беру шарттарын кеңейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру;

1.7. ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп, ішкі нарықты отандық жылыжай өнімімен қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылған энергия көздерінің (электр энергиясы, газ, көмір, сумен жабдықтау) 50%-ын субсидиялау қарастыру;

1.8. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, тауар өндірушілерге қайта өңдеуге тапсырылған ауыл шаруашылығы шикізатының көлемі үшін субсидиялар беру мәселесін пысықтау.

2. **ҚР Ұлттық экономика министрлігі Ауыл шаруашылығы, Қаржы министрліктерімен** бірлесіп:

2.1. Шикізат экспорты кезінде 0-ден 50%-ға дейін, дайын өнім 100%-ға дейін сараланған ҚҚС қайтаруды пилоттық режимде енгізуді пысықтау;

2.2. ҚР Салық кодексінің 429-бапқа (2 т.) өзгерістер енгізе отырып, өз өндірісінің тауарларын өндірушілер үшін жалпы салық салынатын айналымдағы ҚҚС нөлдік ставкасы бойынша (экспорт кезінде) салық салынатын өткізу айналым үлесін 70% – дан 50% – ға дейін төмендету.

3. **ҚР Сауда және интеграция министрлігі** «бір терезе» қағидаты бойынша сыртқы нарықтарда отандық өнімді ілгерілету жөніндегі даму институттарын мемлекеттік қолдаудың барлық құралдарын жинақтайтын, шикізаттық емес тауарларды өндіруші барлық экспорттаушыларды біріктіретін және мүдделерін білдіретін бірыңғай экспорттық орталық құруды пысықтасын.

4. **ҚР Көлік министрлігі «Қазақстан темір жолы» АҚ-мен** бірлесіп, логистиканың жиі туындайтын проблемаларын (вагондардың тапшылығы мен уақтылы жеткізілмеуі, жүктерді жеткізудің төмен жылдамдығы, локомотив тартымының болмауы, тасымалдауға жоғары тарифтер және т.б.) жоя отырып, шикізаттық емес тауарларды ел ішінде де, экспорт кезінде де үздіксіз теміржол тасымалдарын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. **ҚР Энергетика министрлігіне** ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілер үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтаушылар үшін электр энергиясына сараланған тарифті (түнгі тариф) енгізу.

6. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

6.1. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, егіс алқаптарын әртараптандыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдау;

6.2. ҚР Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, отандық

тауар өндірушілер үшін сауда орындарына қолжетімділікті қамтамасыз ету (жеңілдіктер қарастыру) және сауда үстемелерін бақылау.

III. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 14 желтоқсанда өткізілген **«Жалпыға бірдей декларациялау: нақты жай-күйі, перспективалары және проблемалық мәселелерін қарау мәселелері бойынша** мүдделі мемлекеттік органдармен кездесудің қорытындысы бойынша **Қазақстан Республикасның Үкіметіне:**

- «Банктер және банк қызметі туралы» ҚРЗ 50-бабы 6-2 тармағының қолданылу мерзімін алып тастау мүмкіндігін қарастыру. Бұл норма 1.01.2026 жылға дейін қолданылады, алайда 1.01.2026 жылдан бастап активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну міндеті кәмелетке толған адамдарда туындайды, сондықтан осы тұлғалардың кірістері мен активтерін салықтық басқару үшін банктік шоттар мен несиелер туралы ақпарат қажет;

- жергілікті атқарушы органдармен және ХҚКО-лармен бірлесіп жалпыға бірдей декларациялаудың 4-кезеңін енгізу бойынша жұмыс жүргізу;

- тек қана төлем көзінен салық салынатын табыс алатын адамдарды жыл сайынғы декларацияны ұсыну бойынша декларанттар шеңберінен шығару мүмкіндігін қарастыру;

- қарызды өтеу кезінде жеке тұлғалардың нотариустардан қарыз шарттарын жабу жөніндегі міндеттемелерін заңнамалық регламенттеу мүмкіндігін қарастыру. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда дебиторлық/кредиторлық берешек көрсетіледі. Салықтық әкімшілендіру үшін жеке тұлғалардың осы міндеттемелері бойынша мәліметтерді нотариустар салық органдарына ұсынады. Алайда, осы шарттар бойынша қарызды өтеу фактісін белгілеу нотариустарда көзделмеген, бұл әкімшілендіруді қиындатады;

- көлік құралдарын сату кезінде мәмілелер сомасын міндетті түрде көрсету және осындай мәмілелердің есебін жүргізу мәселесін пысықтау. Қазіргі уақытта көлік құралдарын сату бойынша мәмілелер жасасу кезінде жеке тұлғалар мәміленің нақты сомасын көрсетпейді («Шарттық түрде» немесе 1 теңге деп көрсетіледі);

- орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қаржы және салық сауаттылығын арттыру мәселесін пысықтау;

- прайм-таймда республикалық және жергілікті телеарналарда жалпыға бірдей декларациялау бойынша ақпаратты тұрақты тарату мәселесін қарау. Шалғайдағы ауылдық жерлерде интернеттің жоқтығын ескере отырып, халықты кешкі уақытта теледидардан үнемі хабардар ету қажет деп ұсынды.

IV. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылғы 26 қантарда **«Орман шаруашылығын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту, сондай-ақ оларды қорғау мәселелері туралы»** тақырыбында

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен кездесуінің қорытындысы бойынша ұсынымдары:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Мемлекеттік орман қоры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін ауыстырудың орындылығы бөлігінде Үкімет тарапынан бақылауды күшейту.

1.2. Сұрақтарды қарастыру:

- орман шаруашылығының штаттан тыс жұмысшыларының еңбекақысын арттыру.

1.3. Орман және табиғат қорғау мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандырумен қамтамасыз етуге қаржы қаражатын бөлу жөніндегі жұмысты күшейту.

1.4. Уәкілетті орган қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің штат санын ұлғайту.

1.5. Орман қоры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында өз бетінше басып алынған жер учаскелерін және заңсыз құрылысты анықтау жөнінде кешенді шаралар қабылдау.

2. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

2.1 төмендегілер бойынша шаралар қабылдау:

- халықаралық міндеттемелер шеңберінде бағдарламаларды орындау;
- ұлттық парктер инфрақұрылымын дамыту үшін қосымша қаражат бөлуді көздей отырып, ішкі туризмді дамыту;
- төтенше жағдайларға ден қою кезінде табиғатты қорғау мекемелерінің кадрларын кәсіби даярлауды жетілдіру;
- орман және табиғатты қорғау ұйымдарын заманауи түнде көретін ұшқышсыз ұшу аппараттарымен, соның ішінде байланыс және хабарлау құралдарымен (радиотолқындардың өтуін қамтамасыз ететін радиостанциялар) жарақтандыру;
- ұлттық табиғи парктер аумақтарында егіс жұмыстары үшін суды пайдалануды реттеу және гидротехникалық құрылыстар салуды қаржыландыру;
- тікұшақ техникасын қажетті жанар-жағармай көлемімен қамтамасыз ету;
- орманды қалпына келтіру және оттықтарды қайта өңдеу бойынша үлкен тәжірибесі бар ірі инвесторларды тарту.

2.2. Келесідей мәселелерді қарастыру:

- орман питомниктерінің құрылысына қосымша қаражат бөлу;
- Алакөл табиғи қорығында инспекторлық кордон салу және ғылыми жұмыстар жүргізу үшін қолданыстағы инспекторлық кордондарда күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- өртке қарсы алшақтықтарды ұлғайтуға қатысты орман орналастыру нормативтерін, техника мен жабдықтардың тиістілік нормаларын қайта қарау;

- табиғи резерваттар аумақтарындағы оттықты қайта өңдеуді және санитариялық кесу жүргізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық акт қабылдау;

- орман өрттерін сөндіруге қатысты профилактиканы жетілдіру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру.

2.3. Табиғатты қорғау және орман мекемелерін техникамен, өрт-техникалық жабдықтармен (мамандандырылған киіммен) толық жарақтандыру жұмыстарын жалғастыру.

2.4. Құландарды «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағынан Қазақстанның басқа аумақтарына көшіру бойынша бірыңғай бағдарлама әзірлеу.

2.5. Жасанды интеллект бағдарламасымен жабдықталған Ахуалдық орталықты құруды жеделдету.

2.6. Орман иелерінің ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелері талаптарын орындауына мемлекеттік бақылауды күшейту.

2.7. Қамтамасыз ету:

- Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің бөлімшелерін орман өрттерінің орын алуы туралы дереу хабардар ету.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

- мемлекеттік орман шаруашылығы және табиғатты қорғау мекемелерінің орман өрттерімен күресуіне дайындығын қамтамасыз ету;

- облысаралық ден қою бойынша өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтарды (Жоспарларды) әзірлеу;

- орман алқаптарында өртке қарсы жаңа алшақтықтарды орнату мәселесін қарастыру;

- еліміздің барлық ұлттық парктері мен орман шаруашылықтарының аумақтарында өрттерді ерте анықтаудың заманауи түнде көретін жүйелерін енгізу бойынша жұмысты жалғастыру;

- орман орамдары салынған карталарды дайындау, оларды Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттердің Дағдарыс жағдайларын басқару басқармаларына беруді қамтамасыз ету;

- экологиялық ағарту және қоршаған табиғатпен қарым-қатынас бөлігінде халықпен жұмысты күшейту.

3. **ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі миистрлігіне:**

3.1. Орман өрттері туындаған кезде бөлімшелердің уақытылы ден қоюын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.

3.2. Өрт қауіпті кезеңі басталар алдында мүдделі мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі миистрлігі мен Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өңірлік бөлімшелерін, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарды қамти отырып, Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу форматында өрт-тактикалық оқу-жаттығуларын ұйымдастыру.

3.3. Өрт қауіпті кезеңде профилактикалық жұмыстарға бақылауды күшейту, бірлескен рейдтік іс-шараларды өткізу бойынша БАҚ-та жұмыстарды белсендендіру (теледидар, радио, баспасөз, интернет-ресурстарда сөз сөйлеулер).

4. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

4.1. Нақты аумақтар, учаскелер мен алаңдар бойынша орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды орындауға жауапты басшыларды тиісті бұйрықтармен (шешімдермен) бекітуді тәжірибеге енгізу.

4.2. Минералданған жолақтардың құрылысын қамтамасыз ету, рұқсат етілмеген күйдірулерді, ауыл шаруашылығы алқаптарында құрғақ шөптің бақылаусыз құлауын, сабанды жағу және өрт қауіпсіздігі ережелерін басқа да бұзушылықтарды болдырмау.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен орман өрттерін ерте анықтау жүйелерін орнату.

4.3. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өртке қарсы құралымдар (ерікті өрт сөндіру құралымдары және өрт сөндіру бекеттері) құру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

V. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылғы 6 ақпан **Аграрлық салада Мемлекет басшысының Жолдауында көзделген реформаны жүргізу мәселелері бойынша** ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесудің қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

- АӨК дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес 2024 жылы форвардтық сатып алуды қаржыландырудың жалпы сомасын 100 млрд теңгеге дейін ұлғайту үшін 60 млрд теңге сомасында қосымша қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыруды;

- ауыл шаруашылығы өндірушілерінің белгілі бір санаттары (жылыжай шаруашылықтары, мал шаруашылығы кешендері, көкөніс қоймалары және басқалар) үшін жылу энергиясының құнын төмендету не оларға жұмсалған шығыстардың бір бөлігін өтеу тетігін әзірлеу мүмкіндігін қарастыру. Бұл аталған сектордың инвестициялық тартымдылығын жақсартуға мүмкіндік береді және олардың өнімінің өзіндік құнын төмендетуге елеулі үлес қосады;

- жаңа Салық кодексін әзірлеу аясында АӨК қайта өңделген өнім үлесін ынталандыру және ұлғайту бөлігінде салық саясатын қайта қарауды;

- Қазақстанның ветеринариялық қызметіне уақтылы ғылыми-консультациялық және практикалық көмек көрсету мақсатында қазақ ветеринариялық ғылыми-зерттеу институтын «QazBioFharm» Ұлттық холдингінен Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыретіне беру мәселесін қарастыруды.

2. **Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

- 2024-2028 жылдарға арналған ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есеге ұлғайту жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау бойынша Жол картасында көзделген индикаторлар мен іс-шаралардың орындалуына мониторингті жүзеге асыруды;

- орта мерзімді перспективада Министрліктің бағдарламалық құжаттары шеңберінде тыңайтқыштарды қолдану көлемін ұлғайту жөніндегі шараларды, оның ішінде отандық минералды тыңайтқыштарды өндіруді ынталандыру және олардың ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қолжетімділігі жөніндегі шараларды көздеуді;

- сектордың импортқа тәуелділігін болдырмау мақсатында ауыл шаруашылығы машиналарын жасау өніміндегі жергілікті қамту үлесін, сондай-ақ оларды локализациялау деңгейін одан әрі арттыру шараларын көздеуді;

Ауыл шаруашылығын субсидиялаудың тұрақты және түсінікті қағидаларын белгілеу және егер олар ауыл шаруашылығы өндірушісінің жағдайын жақсартуға бағытталмаса, тиісті қағидалар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде (мысалы, 3 жыл ішінде) өзгертілмейтіні туралы норманы бекітуді;

- агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау жүйесін қайта қарау:

- АӨК субъектілерінің орнына тікелей отандық өндіруші зауыттар мен қаржы институттарына («ҚазАгроҚаржы» АҚ) субсидиялар төлеу арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және техника мен минералды тыңайтқыштарға қол жеткізуді оңтайландыруды;

- субсидиялау процесін оңтайландыру және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірден арзандатылған кредит алуы үшін пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды қаржы институттарымен тікелей жүзеге асыруды;

- ауыл шаруашылығы өндірушілеріне субсидия алу кезінде жауапты тәсіл мақсатында қарсы міндеттемелерді енгізу мәселесін қарастыруды (өндіріс көлемі мен еңбек өнімділігінің өсуі, жалақының ұлғаюы, ауыл халқы алдындағы әлеуметтік жауапкершілік және т. б.);

- Клаас, Джон Дир, Кейс және т.б. ірі жоғары функционалды ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларын жетілдіре отырып, субсидиялар төлеуді уақтылы жүзеге асыруды;

- жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп суару жүйелері бойынша нормативтерді 50% – дан 80% – ға дейін ұлғайту мәселесін қарастыру, оның 30% – ы жергілікті бюджеттен төленетін болады;

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен бірлесіп пайдалануға ыңғайлы мобильді қосымшалар сервистерін дамыту жолымен ауыл шаруашылығы саласындағы көрсетілетін қызметтер, соның ішінде мемлекеттік қызмет түрлерін цифрландыруды көздеуді;

- Gosagro ақпараттық жүйесінің техникалық бөлігін осы жүйені пайдаланушылардан келіп түскен ұсыныстары мен ескертулерін ескере

отырып, оны оңтайландыру және пайдаланушыларға ыңғайлы ету мақсатында барынша жетілдіруді көздеуді;

- ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға ықпал ететін жаңа технологияларды өндіру үшін инвестицияларды тартудың нақты шаралары мен тәсілдерін әзірлей отырып, инвесторларға арналған нұсқаулықты дайындау мәселесін қарастыруды;

- ветеринариялық зертханаларды азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіретін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардағы заттардың қалдықтарын анықтау бойынша сандық талдау жүргізу мүмкіндігі үшін заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қабылдауды;

- ауыл шаруашылығы жануарлары басының басым бөлігін біржолғы сәйкестендіруді жүргізу жөніндегі мәселені қарастыруды;

- жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ауылдық елді мекендерде шаруа қожалықтарының кооперациясын көбейту мақсатында ынталандырудың тетіктерін қарастыруды;

3. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, егіс алқаптарын әртараптандыру мен агротехнологияларды енгізу мақсатында дикандарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларды ынталандыру жолдарын қарастыруды;

- Ауыл шаруашылығы және Су ресурстары және ирригация министрліктерімен бірлесіп, суармалы жерлердің ауданын ұлғайту жолдарын жасау, сондай-ақ су үнемдеу технологияларын қолданғандарға мемлекеттік қолдау көрсету шараларын жетілдіруді;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жеке қосалқы шаруашылықтар мен агроқұрылымдардағы жануарлардың жай-күйін ұдайы бақылауда ұстауды.

VI. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 29 ақпанда өткізілген мүдделі мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес ұйымдармен **«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы»** кездесудің қорытындысы бойынша **Қазақстан Республикасның Үкіметіне:**

1. Соттан тыс банкроттыққа жататын қарыздар берген кредиторлар тізіміне мынадай:

- бұрын тиісті қызметті жүзеге асырған, бірақ кейіннен лицензиялардан айырылған;

- қаржы қызметтерін көрсетуге уәкілетті органның лицензиясы жоқ және банктік қарыздар шарттары, қарыз шарттары және микрокредит беру туралы шарттар бойынша жеке тұлғаларға талап ету құқықтары берілген;

- арнаулы қаржы компанияларын қосу жөніндегі мәселе қаралсын.

2. Барлық банктік қарыздарды қарау бөлігінде банк омбудсменінің функцияларын кеңейту, сондай-ақ микроқаржы қарыздары бойынша микроқаржы омбудсменін құру мәселесі қаралсын.

Осыған байланысты, банк омбудсмені мен оның кеңсесінің қызметін ұйымдастырушылық-кадрлық, материалдық-техникалық және ақпараттық-бағдарламалық қамтамасыз етуді одан әрі дамыту қарастырылсын.

3. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімдеріне қатысатын барлық кредиторлардың «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ға және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-не барлық қажетті ақпаратты ұсыну міндетін белгілеу туралы тиісті толықтырулар енгізілсін.

4. Борышкер кредит бойынша жүргізген соңғы төлем күнінен бастап коллекторға немесе арнаулы қаржы компаниясына бергенге дейін, егер олар төлемнің өзге мерзімін растамаса, өтеудің болмау мерзімін есептеуді жүзеге асыру мәселесі пысықталсын.

5. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімін қолдану үшін борышкер қоса беретін құжаттар тізбесінен борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөнінде шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесін алып тастау мәселесі қарастырылсын.

6. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы шешім қабылдау кезінде деректердің алшақтығын болдырмау шеңберінде «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС деректерінің сәйкестігі және уақтылы өзектендірілуі қамтамасыз етілсін.

7. Борышкердің мүлкі болмаған кезде, бірақ тұрақты табыс болған кезде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану мүмкіндігі қарастырылсын.

8. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру туралы келісімді сотқа өтініш бергенге дейін борышкердің қаржы басқарушысын таңдау және онымен жасасу құқығы көзделсін.

9. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығын қалпына келтіру рәсімдерін қолдану туралы өтінішпен жұмыс істеу туралы кредиторларды хабардар ету мерзімін екі жұмыс күнінен бес жұмыс күніне дейін ұлғайту мәселесі қарастырылсын.

10. Мерзімі өткен берешек туындаған кезден берешекті реттеу және (немесе) өндіріп алуды жүргізу мерзімін бастап он сегіз айдан он екі айға дейін төмендету мәселесі қарастырылсын.

11. Борышкерге қатысты борышты өндіріп алу жөніндегі соттардың шешімдерін ғана емес, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімдерін, сондай-ақ азаматтардың төлем қабілеттілігін қолдану кезінде атқарушылық

құжаттардың (атқарушылық жазбалар, салық бұйрықтары және т. б.) соттан тыс түрлері бойынша да орындалуын тоқтата тұру мәселесі қарастырылсын.

12. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы азамат өтініш берген күннен бастап шарттың талаптарын өзгертуге және қарыз алушының жағдайын нашарлататын қарыз бойынша құқықтарды беруге тыйым салу мәселесін белгілеу мәселесі қарастырылсын.

13. Қаржы қызметтерін көрсетуге уәкілетті органның лицензиясы жоқ және банктік қарыздар шарттары, қарыз шарттары және микрокредит беру туралы шарттар бойынша жеке тұлғаларға талап ету құқықтары берілген тұлғаларды қосу арқылы кредиттік бюроларға ақпарат берушілердің тізбесін кеңейту мәселесін қарау.

14. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісі деңгейінде кредиттік бюроға ақпарат берушілердің міндетті түрде ұсынуына жататын ақпарат тізбесін кеңейту мәселесін қарау.

15. Борыш бойынша өтеудің болмау мерзімін айқындау кезінде ескерілмейтін төлем сомасын белгілеу мәселесін қарастыру.

16. Сот банкроттығы рәсімін қолдану кезінде борышкердің елден тыс жерлерге шығуын шектеу кезеңін айқындауды ұсынады.

VII. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылғы 27 наурыздағы **Мемлекеттің «жасыл инвестицияларды тартуды және қолжетімді үздік техниканы кеңінен қолдануды ынталандыруы мен қолдауы бөлігінде ҚР Экологиялық кодексін іске асыру туралы» тақырыбында** ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен кездесу қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

1.1. «Жасыл экономикаға» көшу, экономиканы декорбанизациялау бөлігінде бақылауды күшейту.

1.2. Келесідей шараларды қабылдау:

- Қазақстанда жасыл технологияларды енгізу жоспарын әзірлеу және қабылдау, сондай-ақ осы процесті қолдау үшін заңнамалық базаны нығайту;

- осы саладағы жұмысшылар мен менеджерлердің хабардарлығы мен құзыреттілігін арттыру үшін жасыл технологиялармен байланысты әртүрлі салалардағы мамандарды оқыту бағдарламалары мен курстарын өткізу.

1.3. Су ресурстарын тұтыну деңгейлері бойынша ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға байланысты Су кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру.

2. **ҚР Энергетика министрлігіне:**

2.1. Келесідей шараларды қабылдау:

- инвесторлар үшін жеңілдіктер мен кепілдіктерді қоса алғанда,

қолайлы инвестициялық орта құру, сондай-ақ халықаралық көздерден инвестицияларды белсенді тарту арқылы энергетика саласына жасыл инвестицияларды тарту;

- жаңартылатын энергия көздері жобаларын таңдау бойынша жыл сайынғы аукциондарды өткізу;

- шағын гидростанциялар салу бойынша жобаларға бекітілген тарифті қолдану және субсидиялау;

- жасыл технологияларды енгізу тәжірибесін жетілдіру мақсатында энергетика саласындағы кәсіпорындар, сондай-ақ халықаралық серіктестер арасында тәжірибе және білім алмасу;

- Үкіметпен жасалған шарттар шеңберінде жаңартылатын энергия көздері саласындағы ірі жобаларды іске асыру кезінде ішкі құндылық деңгейін арттырудың міндетті шартын қамтамасыз ету;

- халықтың жаңартылатын энергия көздерін, оның ішінде шағын көлемдегі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану туралы хабардарлығын арттыру;

- субсидияларды қазба отынынан жаңартылатын энергия көздеріне ауыстыру;

- энергетикалық қауіпсіздікті сақтау, сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ электр энергиясын тұтынудың жыл сайынғы өсімін ескере отырып, жаңа энергия қуаттарын іске қосуды және қолданыстағы электр станцияларын жаңғырту;

- «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасына сәйкес нысаналы индикаторларға қол жеткізу.

3. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:**

3.1. Келесідей шараларды қабылдау:

- жасыл технологияларды енгізу бойынша жобаларды бірлесіп жүзеге асыру үшін жеке сектормен серіктестікті нығайту;

- жаңа жасыл технологияларды дамытуға және қолданыстағыларын жақсартуға бағытталған инновациялық ғылыми жобаларды қолдау және ықпал ету;

- озық жасыл технологияларды енгізуге инвестиция салатын кәсіпкерлік субъектілерін ынталандыру.

3.2. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне жаңа қолжетімді технологияларды және жасыл технологияларды енгізетін кәсіпорындарға салықтық жеңілдіктер беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелерін пысықтау.

4. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен** бірлесіп:

4.1. ҚР Экологиялық кодексінің нормаларына сәйкестендіру мақсатында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне жер қойнауын пайдалануға байланысты қызметте (темір рудасын өндіру, түсті металл рудаларын өндіру, мұнай мен табиғи газды өндіру және т.б.), ең

үздік қолжетімді технологияларды пайдалану бойынша өзгерістерді әзірлеу мәселесін қарастыру.

5. **«Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» КЕАҚ**:

5.1. Келесідей шараларды қабылдау:

- жаңа технологияларды дамытуға және қолданыстағыларын жетілдіруге бағытталған жасыл технологиялар саласындағы инновациялық бағдарламалар мен зерттеулерді қолдау;

-экологиялық мәселелер мен жасыл технологиялардың артықшылықтары туралы хабардар ету, сондай-ақ жасыл бастамаларды жүзеге асыруға қоғамның қатысуын ынталандыру үшін ақпараттық науқандар мен іс-шараларды өткізу;

- кәсіпкерлер, сарапшылар және мемлекеттік органдар арасында тәжірибе алмасу және жасыл технологиялар туралы білім беру үшін конференциялар, семинарлар және форумдар секілді іс шараларды ұйымдастыру.

6. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

6.1. Келесідей мәселелерді пысықтау:

- қалдықтарды қайта өңдеп, одан әрі кәдеге жарату кезінде бөлек жинауды енгізу;

- жаңартылатын энергия көздері объектілерін, соның ішінде су электр станцияларын салу үшін жер учаскелерін беру мәселесін пысықтау;

- жер қойнауын пайдаланатын кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластану деңгейін төмендету, сондай-ақ зиянды өндіріс қалдықтарын басқару.

VIII. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылғы 28 наурызда **«Әскери полиция органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мәселелері бойынша** күш құрылымдарының басшылығымен кездесу өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. Әскери қызметшілердің ақшалай үлесін (ақшалай қамту, тұрғын үй жәрдемақылары және т.б.) одан әрі арттыру, сондай-ақ зейнетақы төлемдерінің төмен мөлшерін және әскери зейнеткерлерді жұмысқа орналастыру кезіндегі қиындықтарды ескере отырып, әскери қызметшілер үшін зейнеткерлік жас шегін ұлғайту мәселесін қарастыру.

2. Әскери қызметшілерді заттай үлеспен қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды қаржыландыруды ұлғайту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысаны мен айырым белгілерін кию қағидаларын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау.

3. Әскери полицияның барлық бөлімшелерін бірыңғай уәкілетті органға біріктірудің орындылығын талдау.

4. Ішкі қауіпсіздік құрылымдары мен әскери полиция органдарының функцияларын олардың қайталануын болдырмау бөлігінде жетілдіру мәселесін қарау.

5. Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында әскери қызметшілердің ұлттық және мемлекеттік мерекелерге салтанатты әскери киім киюін мәселесін зерделеу.

6. Әскери полицияның қоғаммен, азаматтық қоғам институттарымен, оның ішінде «Аналар жүрегі» сарбаздар аналары комитеті» РҚБ-мен өзара іс-қимылын жандандыру.

7. Жастардың әскерде қызмет етуге қызығушылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне көктемгі және күзгі шақырумен байланысты ақпараттық және насихаттық материалдарды тарату үшін қосымша эфирлік уақыт бөлу жөнінде мүдделі мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізу.

IX. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2024 жылғы 30 сәуірде **«Ауыл аманаты» жобасын іске асыру мәселелері бойынша** ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. «Ауыл аманаты» бағдарламасының қолжетімділігін арттыру үшін электрондық өтінімді қашықтықтан беру үшін бағдарламаның бірыңғай веб-порталын іске қосуды жеделдетуді (үлгілік жобалармен, өңірлердің мамандануымен, табыс тарихымен, білім мен технологиялық оқыту роликтерімен, сондай-ақ кредит беруге онлайн өтінім беру функциясымен, сондай-ақ жұмыспен қамту және көші-қон мониторингісімен);

1.2. Өнімді өткізуді, қайта өңдеуді және оны іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысушылар іске асыратын жобаларды кластерлік модельге немесе кооперацияға интеграциялауды;

1.3. Ауыл тұрғындарына жеңілдікпен шағын несиелендіруге қолжетімділікті кеңейту мақсатында «Даму» КДҚ АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысушылардың қарыздарына кепілдік беру мүмкіндігін қарастыруды;

1.4. Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту қарқынын арттыру және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруды қосымша ынталандыру үшін ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін ауыл шаруашылығы техникасының лизингін енгізу мәселесін қарастыруды;

1.5. Үлгілік жобалар бойынша қаржыландыру лимиттерін түзету (мысалы, мал шаруашылығы бойынша кредиттік кесте бойынша төленгеннен кейін отбасының табысы кемінде 500 мың теңгені құрайтындай етіп, кемінде 50 бас ірі қара мал басына фермалар құру), зәкірлік

әріптестерге немесе жер қойнауын пайдаланушыларға, оның ішінде ӘКК арқылы кепілдендірілген өткізу жобаларына кредит беруді;

1.6. Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне жеңілдікпен кредит беру мәселесін қарастыруды;

1.7. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағындағы кенттердің тұрғындарына микрокредит беру мәселесін қарауды;

1.8. Су тасқыны кезінде төтенше жағдайдан зардап шеккен елді мекендердің тұрғындарына материалдық жағдайды жақсарту мақсатында өз бизнесін ашу үшін «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде жеңілдікпен кредиттер беру, қосымша қаражат бөлу жолымен қолдау көрсетуді.

2. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп:

2.1. Өңірлік ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өнімдерін өткізу бойынша шаралар қабылдап, пысықтауды;

2.2. Жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін ауыл шаруашылығы кооперативтерін ауыл шаруашылығы жерлерімен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды;

2.3. Шалғай аудандардың ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу проблемаларын зерделеп, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің көлік шығыстарын субсидиялау бойынша ұсыныстарды қарауды.

3. **ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:**

3.1. Кәсіпкерлік субъектілерінің өнімді сақтауға арналған қоймалардың немесе өндірілген өнімдерді сатып алу мәселесін шешу үшін өңірлерде Сауда-логистикалық орталықтар құру бойынша ұсыныстар мен механизмдерді Ауыл шаруашылығы министрлігімен пысықтап, ұсыныс енгізуді.

3.2. «Егістен – сөреге» механизмін жан-жақты пысықтап, мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып жетілдіруді.

X. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетімен 2024 жылғы 30 сәуірде ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асановтың қатысуымен **Конституциялық Соттың судьяларымен жұмыс кездесуі** өткізілді.

Кездесудің қорытындылары бойынша Комитет Конституциялық Сотпен одан әрі өзара іс-қимыл жасау бойынша келесі шараларды ұсынды:

- ағымдағы жылдың қыркүйек-қазан айларында Сенатта мүдделі мемлекеттік органдардың, Парламентаризм институтының, ғылыми-құқықтық қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын іске асыру тиімділігін арттыру мәселелері бойынша бірлескен «дөңгелек үстел» өткізу;

- уәкілетті мемлекеттік органдардың Конституциялық Сот шешімдерін уақтылы орындауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның құқықтық ұстанымдарын ескере отырып, Конституциялық Сот шешімдерінің

орындалуын бақылау тетіктерін жетілдіруге бағытталған заң жобаларына Сенат депутаттарымен бастамашылық жасау (қажетті сараптамалар мен қорытындыларды алғаннан кейін);

- Сенат пен Сенат Аппаратының Конституциялық Сотпен, оның ішінде Конституциялық Соттағы Сенат Аппаратының тұрақты өкілі арқылы өзара іс-қимылын жалғастыру.

XI. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 2024 жылғы 30 мамырда **мемлекеттің ақпараттық-имидждік саясатын іске асыру мәселесі бойынша** мемлекеттік органдармен және ұйымдармен кездесу өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. Әлемдегі ірі кинокомпанияларды тарту үшін Қазақстанда рибейт жүйесін енгізу бөлігінде кинематография саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мәселесін қарастыру. Бұдан еліміз кино мен теледидарда «қуатты жарнамалық ресурс» алып, танымал бола түседі. Сонымен қатар, бұл отандық киноиндустрияның дамуына серпін береді.

2. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Қазақстан азаматтары мен шетелдіктердің демалуы үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету бөлігінде елдің бүкіл аумағы бойынша туристік орындардың инфрақұрылымын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ жол бойындағы сервис деңгейін арттыру.

3. Қазақстанның Халықаралық ұйымдарға қатысуының орындылығы мен өзектілігін талдау және мүшелік жарналарды төлеу бойынша ревизия жүргізу.

4. Тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп хаттамалық іс шараларда мемлекеттік органдар пайдаланатын Мемлекеттік рәміздері бар кәдесый өнімдерін стандарттау және сертификаттау жөніндегі талаптарды сақтау мәселесін қарау.

5. Желілік іздеу жүйелерінде Қазақстан туралы қауымдастықтардың мониторингі мен бағалауын жүргізу, сондай-ақ оларды тұрақты негізде түзету және өзектендіру үшін іздеу жүйелерімен ынтымақтастықты жолға қою.

6. Ел мүдделерін насихаттау және ілгерілету үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын Қазақстан спикерлерінің пулына қосу мүмкіндігін қарастыру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫ

I. Парламенттік комиссия 2023 жылғы 6 қазанда **салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдар үшін әл-ауқатқа жәрдемдесу (3 ОДМ), сондай-ақ жан-жақты және әділ сапалы білім беру, өмір бойы білім алу мүмкіндігін көтермелеу (4 ОДМ) мәселелерін** талқылады.

Отырыс қорытындысы бойынша Комиссия **Қазақстан Республикасының Үкіметіне** мыналарды ұсынады:

1.1. Бүгінгі күннің шындығын ескере отырып, ұлттық индикаторларды қайта қарау жөніндегі жұмысты жандандыру.

1.2. 2025 жылдан бастап жыл сайын халықаралық ұйымдарды және талдамалық құрылымдарды тарта отырып, Қазақстан Республикасында ОДМ-ның іске асырылуы туралы Ұлттық баяндаманы әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

1.3. Нысаналы мәндерді бекіте отырып, ОДМ ұлттық индикаторларын Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі жаңа Ұлттық даму жоспарына интеграциялауды қамтамасыз ету.

1.4. ОДМ мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізбеуді бағалау және тәуекелдер бойынша жұмыстарды жүргізу, қажетті шаралар кешенін алдын ала қарастыру және тиісті қаржы саясатын пысықтау.

1.5. Көзделген дезагрегацияларды ескере отырып, республикалық және жергілікті деңгейлерде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына өзекті ұлттық индикаторлардың жаңартылған тізбесін имплементациялау мүмкіндігін қарастыру.

1.6. Мультииндикаторлы кластерлік зерттеудің (MICS) келесі раундын өткізілуін жылдамдату және оның жаңа жаһандық MICS раундтарының мерзіміне сәйкес тұрақты түрде өткізілуін қамтамасыз ету.

1.7. Басым реформаларды қолдауға және өңірлерді дамытуға баса назар аудара отырып, ОДМ-ның өзекті мәселелерін тарату және халықпен олар бойынша байланыс жасау үшін платформа құруды қамтамасыз ету.

1.8. Ұйымдарды (БҰҰДБ, Парламентаризм институты және ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ) тарта отырып, ОДМ-ның артта қалған индикаторлары бойынша секторлық талдау жүргізу.

1.9. Мемлекеттік органдардың заң жобаларын Парламентке енгізуі кезінде заң жобасының ОДМ қағидаттарына сәйкестігі және оның релеванттық ОДМ-ды іске асырып, оған қол жеткізуге әсерін бағалау туралы түсіндірме жазба ұсынуы жөніндегі талапты бекіту мүмкіндігін қарастыру.

1.10. Ауаның ластануына тиімді мониторинг жүргізуді және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүргізу, нақты өңірлерде халықтың әртүрлі санаттарының санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығының нашарлауының себеп-салдарлық байланыстарына талдау жүргізу технологиясын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

2. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне** мыналар тапсырылсын:

2.1. ДДҰ Еуропалық бюросы әзірлеген Денсаулық пен әл-ауқатты қолдаудың жол картасын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау.

2.2. Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесіне кейіннен кіріктіре отырып, қауіп факторларына және аурулардың жалпы ауыртпалығына эпидемиологиялық қадағалау жүйесін (негізгі 4 инфекциялық емес аурулар бойынша елдің тұрақты бейіндерін әзірлеуді қоса алғанда) құру арқылы

инфекциялық емес аурулардың (ИЕА) ауыртпалығын төмендету жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз ету.

2.3. Денсаулық сақтау министрлігінің жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін жауапты бөлімшесі белгіленсін.

2.4. МӘМС пакетіне кейіннен енгізе отырып, ТМККК шеңберінде, оның ішінде БҰҰ мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы контрацептивтерді сатып алу жолымен халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар үшін қазіргі заманғы контрацептивтерді ұсыну мүмкіндігін қарастыру.

2.5. Халық арасында АИТВ инфекциясын, сондай-ақ В және С гепатиттерін жұқтырудың жаңа жағдайларын азайту бойынша жүйелі шаралар қабылдау.

3. **ҚР Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктеріне** мыналар тапсырылсын:

3.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, әсіресе астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы ұйымдардың 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамтуын ұлғайту бойынша кешенді шараларды қабылдау. Сондай-ақ бизнесті мектепке дейінгі мекемелерді ашуға қосымша ынталандыру шараларын әзірлеу қажет.

3.2. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бизнес-қоғамдастықты тарта отырып, үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін шешу.

3.3. Республиканың барлық мектептерінде жаңа қосымшалар арқылы жүктеудің нақты жылдамдығына мониторинг жүргізуді, мектептерді заманауи интернет-шешімдерге қосуды, цифрлық алшақтықты еңсеру бойынша мұғалімдер мен оқушылар арасында цифрлық сауаттылықты арттыруды жалғастыру.

3.4. Азаматтық қоғамды тарта отырып, мектептегі және мектепке дейінгі мекемелердегі санитариялық жағдайларға және тағам сапасына мониторинг жүргізу және тиісті шаралар қабылдау.

3.5. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында (оның ішінде ТжКБ) және жоғары оқу орындарында мүгедектердің жекелеген санаттары үшін оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу шараларын қамтамасыз ету.

3.6. Өңірлерді дамытудың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеу кезінде тиісті индикаторларды көздей отырып, жастарды өңірдегі қоғамдық пайдалы қызметке тарту жөніндегі жұмысты күшейту.

3.7. Білім берудегі инклюзивтілікке, сондай-ақ ЮНЕСКО статистика институтының әдістемесіне сәйкес 4-ші ОДМ-нің сапалық көрсеткіштеріне байланысты деректерді жинауды, талдауды, олардың өлшемділігі мен сенімділігін қамтамасыз ету.

4. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне** мыналар тапсырылсын:

4.1. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, есептеу әдістемелері әзірленген кейінге қалдырылған индикаторларды ескере отырып, ұлттық индикаторлар тізбесін жаңарту бойынша жұмыстарды жүргізу.

4.2. Әкімдіктермен бірлесіп, өзекті индикаторларды индикаторлардың базалық тізбесіне енгізе отырып, өңірлер үшін олардың тізбесін қалыптастыру.

4.3. ОДМ индикаторларының декомпозициясын ескере отырып, Жедел кешенді бағалауды жүргізу.

4.4. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, донорлардың, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың есептері мен зерттеулерінің негізінде оларды ұлттық индикаторларға интеграциялау мақсатында қосымша релевантты индикаторларды қарастыру және анықтау.

4.5. Жаңа Бюджет кодексі шеңберінде бюджет жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ОДМ қағидаттарын енгізу.

5. **ҚР Қаржы министрлігіне** мыналар тапсырылсын:

5.1. ОДМ міндеттеріне сәйкес бірыңғай бюджеттік сыныптауышты жаңалау.

5.2. Ұлттық индикаторлардың жаңалануын ескере отырып, жоспарлау және бекіту сатысында қарау үшін ОДМ міндеттеріне сәйкес жасалған баламалы бюджетті қалыптастыру.

5.3. Мемлекеттік органдардың бюджеттік өтінімдерін қалыптастыру және келісу процесіне сұратылып отырған қаржыландырудың ОДМ-ға қол жеткізу негіздемесін және әсер ету нәтижесін (қаржыландыру әсер ететін индикаторлар бойынша талдау ұсыну) енгізу мәселесін пысықтау.

5.4. БҰҰДБ әдіснамасы негізінде Экономикалық зерттеулер институтымен бірлесіп, 2022-2023 жылдардағы қаржы ресурстарының қолжетімділігін бағалауды жүргізу.

5.5. БҰҰДБ әдіснамасы бойынша жергілікті даму жоспарларына ОДМ индикаторларын енгізуге бюджет қаражатын бөлу мүмкіндігін қарастыру.

6. **ҚР жергілікті атқарушы мен өкілді органдарына** мыналар тапсырылсын:

6.1. Мәслихаттарды, сарапшыларды және азаматтық қоғамды, бизнесті және басқа да мүдделі тараптарды тарта отырып, ОДМ бойынша жұмыс топтарын құру және олардың қызметін жандандыру.

6.2. ОДМ-ның басым бағыттары бойынша бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету.

6.3. Ана, сәби және бала өлімін азайту жөніндегі шаралардың іске асырылуына бақылауды күшейту.

II. Қазақстан Республикасының Орнықты даму мақсаттары жөніндегі міндеттемелерін іске асыру шеңберінде 2023 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. Әшімбаевтың төрағалығымен Өскемен қаласында **«Ауаның ластануы экологиялық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатер»** тақырыбында Парламенттік комиссия мүшелерінің көшпелі отырысы өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша Комиссия мыналарды ұсынады:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. 7 – ОДМ 7.2.1. көрсеткіштеріне сәйкес, ауаның ластануын, ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға, сондай-ақ көмірді кезең-кезеңімен шығаруға және жаңартылатын энергия көздерін қолдауға бағытталған жұмыстарды күшейту.

1.2. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына жыл бойы ОДМ ұлттық көрсеткіштерін, олардың ыдырауы мен дезагрегациясын ескере отырып енгізу;

1.3. Стратегиялық мақсаттар мен халықаралық міндеттемелерді іске асыру үшін қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруі, су ресурстары және тұрақты даму мәселелері бойынша ұлттық деңгейде қабылданған іс-шаралар жоспарын әзірлей отырып және олардың орындалуын бақылай отырып, салалар, кәсіпорындар және аумақтық органдар деңгейінде нысаналы индикаторларды оқшаулау бойынша жұмыстарды жүргізу;

1.4. 9 ОДМ 9.4.1 индикаторға қол жеткізу үшін халықаралық тәжірибені ескере отырып, бизнесті неғұрлым тиімді «жасыл» инновациялар мен технологияларды енгізуге ынталандыру, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату процесіне инвестициялау бойынша шаралар қабылдау.

1.5. Экономиканың барлық салаларында және мемлекеттік секторда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жұмысты күшейту.

1.6. Шығарындылар төлемдерін мақсатсыз пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін бекіту;

1.7. Радиоактивті ластанудың тарихи көздерін жою жөніндегі мемлекеттік органды анықтау.

2. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

2.1. Қолданыстағы экологиялық заңнамаға мыналарды көздейтін өзгертулер енгізуге бастамашылық ету:

- тереңдетілген зертханалық зерттеулер жүргізу және есептілік материалдарын талдау мақсатында орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты экологиялық тексерулер жүргізу мерзімін заңнамада көзделген он бес күннен отыз жұмыс күнге дейін ұлғайту;

- мемлекеттік экологиялық бақылауды күшейту;

- 10 жыл ішінде 1-ші санаттағы ірі кәсіпорындардың жабдықтарын жаңарту мәселесін жетілдіру (Экологиялық кодекс);

- 3, 4-санаттағы объектілердің (шағын және орта бизнес) өндірістік экологиялық мониторингін экологиялық заңнамасына енгізу мүмкіндігін қарастыру.

2.3. мыналарды қамтамасыз ету:

- Шығыс Қазақстан облысының кәсіпорындарында Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкіне автоматты бақылау жүйелерін орнату және интеграциялау;

- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ауа сапасының жаңа стандарттарына, оның ішінде өңірлік даму жоспарларына кезең-кезеңімен көшу.

2.4. Ұлттық экологиялық стандарттарды жаһандық стандарттармен кезең-кезеңімен үйлестіру бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде экономиканың өнеркәсіптік ерекшеліктері мен елдің энергетикалық қажеттіліктерін ескере отырып, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаһандық нұсқаларына сәйкес келетін кәсіпорындар үшін рұқсат етілген шығарындылардың шекті деңгейін қайта қарау.

2.5. Атмосфералық ауаның сапасын басқару саласында осы саладағы бірінші кезектегі шаралар жоспарын, оның ішінде жағдайды медициналық-демографиялық бағалауды және ауаның ластануының себептерін талдау үшін тәуелсіз сарапшылар мен жұртшылықтың қатысуымен кешенді экологиялық зерттеу жүргізу және халықтың өмір сүру жағдайын әлеуметтік-экономикалық бағалау.

2.6. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс, Денсаулық сақтау министрліктерімен және Ұлттық статистика бюросымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 11 ОДМ 11.6-көрсеткішке сәйкес, экологиялық және санитарлық талаптарды белгілей отырып, қолданыстағы полигондарды есепке алу тетігін әзірлеу жеделдетсін.

2.7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика және Денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесе отырып, тексерудің «кенеттен» принципін енгізу үшін ҚР Кәсіпкерлік кодексінен (144-баптың 2-тармағы) алдын ала (30 күн бұрын) тексерудің басталғаны туралы хабарламаны алып тастау мүмкіндігі қарастырсын (тексеру (I – IV санаттардағы объектілер үшін).

3. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен** бірлесіп:

3.1. Ауаның сапасын жақсарту және табиғи экожүйелерді сақтау бойынша инновацияларды қолдау және дамыту бойынша шаралар қабылдау.

3.2. Табиғи полигондардың ғарыштық мониторингінің өлшемдері мен кезеңділігін, сонымен қатар нәтижелері туралы уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды ақпараттандыру механизмін әзірлеу.

4. **ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігіне:**

4.1. Сұранысты мамандықтар тізбесін қалыптастыру кезінде атмосфералық ауаны қорғау саласында жоғары білікті кадрларды даярлау мәселесі қарастырылсын.

4.2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесе отырып, өнеркәсіптік объектілердің шығарындыларының экономикаға және адам денсаулығына әсерін анықтаудың сенімді ғылыми негіздерін жасау мақсатында, озық тәжірибені пайдалана отырып, өнеркәсіптік аймақтардағы атмосфералық ауаның сапасын егжей-тегжейлі зерттеуге гранттар бөлу мүмкіндігін қарастыру.

5. **ҚР Оқу-ағарту министрлігіне:**

5.1. Барлық деңгейлерде, әсіресе суды сақтау және климаттың өзгеруіне бейімделу саласында экологиялық сана мен білім беруді дамыту мәселесімен жұмыс істеу. Осы мәселе бойынша ұсыныстарды Парламенттің қарауына енгізу.

6. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:**

6.1. Атмосфераның ластануымен байланысты қоршаған орта объектілеріне және халықтың аурушаңдығына санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды күшейту. Мониторинг нәтижелері бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға атмосфералық ауаның ластануын азайту, сонымен қатар атмосфералық ауаның ластануымен байланысты халықтың сырқаттануы мен өлім-жітімін төмендету бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпарат беру.

6.2. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ауа сапасы жөніндегі жаһандық ұсынымдарын ескере отырып, қолданыстағы гигиеналық стандарттарды, оның ішінде ластаушы заттардың жиынтық әсеріне қатысты стандарттарды жаңартуды қарастыру және оларға мемлекеттік деңгейде бақылауды күшейту.

6.3. ДДҰ ұсынымдарын ескере отырып, халық денсаулығына қоршаған орта факторларының теріс әсер ету қаупін бағалау үшін ғылыми ұйымдар базасында медицина мамандарын даярлау бойынша шаралар қабылдау.

6.4. Облыс әкімдіктерімен бірлесе отырып, халықтың денсаулығын жағымсыз факторлардан қорғау бөлігінде нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуына, оның ішінде жобалау және салу кезінде санитарлық-қорғау аймағын және оның өлшемдерін белгілеу кезінде санитарлық талаптарды сақтау мәселелеріне бақылауды қамтамасыз ету.

6.5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп халық денсаулығына қоршаған ортаның әсері мәселелері бойынша халықаралық сарапшыларды тарта отырып, тәуелсіз зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету.

7. **ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:**

7.1. Экологиялық бақылаудың сапасын арттыру мақсатында дәлдік класының ең аз қатесі бар заманауи құрылғылар қолдану бойынша өлшемдердің бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізу Қағидаларына өзгерістер енгізу.

7.2. 2024 жылы Типтік даму жоспарына қалалық және ауылдық елді мекендердің қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының Ұлттық стандартын әзірлеуді енгізу және оны бекітуді қамтамасыз ету.

8. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Энергетика министрлігімен** бірлесіп:

- Қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада тұрғын үйлердегі экологиялық, энергия тиімді және жаңартылатын шешімдер үлесін арттыруды қоса алғанда, ғимараттардың энергетикалық жаңғырту көрсеткіштерін анықтау;

- 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту Тұжырымдамасының 70 тармағы іс-шаралар жоспарындағы 1 273 КПТУ (көп пәтерлі тұрғын үйлер) терможаңғырту элементтерімен жыл сайынғы күрделі жөндеу бөлігін іске асыру үшін үйлестіру кеңесін/жоба кеңсесін ұйымдастыру;

- толық циклді пилоттық жобаларды әзірлеу және енгізу;

- мемлекеттік секторда пилоттық жобаларды іске асыру арқылы энергетикалық сервистік қызметті дамыту үшін заңнамалық кедергілерді жою және ынталандыру шараларын қабылдау;

- ғимараттардың ЭЖ (ғимараттардың электр жабдығы) масштабтау мақсатында, Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарында пилоттық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету;

- мемлекеттегі ЭҚ (энергетикалық электр жабдығы жобасы) ғимараттарын қолдау, оның ішінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында, сондай-ақ жеңілдетілген несиелеу, құны бойынша мемлекет тарапынан қаржылық қолдауды ескере отырып, қолдау бағдарламаларын қалыптастыру және іске асыру, гранттық құрамдас бөлігінің 50 %-ға дейін және одан да көп үлесімен қалпына келтіру;

-екінші деңгейлі банктер арқылы несие желісін жүзеге асыру арқылы сыртқы қарыздар негізінде арнайы айналым қорларын құру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

9. **ҚР Энергетика министрлігі, Өнеркәсіп және құрылыс, Экология және табиғи ресурстар министрліктерімен** бірлесіп, электр және жылу энергиясын өндіру үшін көмірді пайдалануды кезең-кезеңімен қысқарту жоспарын әзірлеуі, климаттық міндеттемелерге сәйкес және өнеркәсіпте энергия тиімділігін арттыру үшін энергия тиімділігі стандарттары мен ынталандыруды енгізу.

10. **Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі Экология және табиғи ресурстар министрлігімен** бірлесіп:

10.1. 2021-2025 жылдарға арналған ормандарды молықтыру және орман өсіру көлемін ұлғайту жөніндегі кешенді жоспардың іс-шараларын және Шығыс Қазақстан облысы мен Өскемен қаласында экологиялық проблемаларды кешенді шешудің Жол картасын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру.

10.2. Сарапшылармен және жұртшылықпен бірлесіп, қоршаған ортаны қорғау орталығына денсаулыққа аса қауіпті көрсеткіштерді және елді мекендердің атмосфералық ауасында олардың шоғырлануын жыл сайын төмендету жоспарын қосумен қол жеткізудің өңірлік бағдарламасын жаңарту. Аймақтық даму бағдарламасына және қала құрылысы саясатына экологиялық көрсеткіштер мен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі шараларды біріктіру.

10.3. Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес (314-бап), қалың жұртшылықты тарта отырып, энергетикалық және су инфрақұрылымының

климатқа төзімділігін арттыру және бейімдеу технологияларын оқыту және трансферттеу бойынша жергілікті орталықтар желісін құру жөніндегі шараларды қоса алғанда, климаттың өзгеруіне бейімделудің өңірлік бағдарламасын және климаттың өзгеруінің жағымсыз әсерлерін жұмсарту және оларға бейімделу бойынша басқа да шаралар әзірлеу;

10.4. Автокөлік құралдарынан шығарындыларға атмосфералық ауа мониторингін бақылауды күшейту және жолаушылар көлігі паркін жаңарту және дамыту бойынша шаралар қабылдау.

11. **Шығыс Қазақстан облысы әкімдігіне:**

11.1. Суды үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың 2024-2026 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу және іске асыру бойынша жұмыстарды жүргізу.

11.2. Қаладағы жасыл желектерді және өнеркәсіптік кәсіпорындар аумағында жасыл желектерді ұлғайту мүмкіндігін қарастыру;

11.3. Озық халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, қалдықтарды қайта өңдеу үшін фракциялар мен кешендерге бөлек жинауды енгізу;

11.4. Қалдықтарды жинау жөніндегі ұйымдарды Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және табиғи ресурстар мемлекетінің Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесіне деректерді қосу;

11.5. Төтенше жағдайлардың және басқа да қолайсыз табиғи-метеорологиялық жағдайлардың туындауы туралы халықты уақтылы қамтамасыз ету;

11.6. Жеке секторды газдандыруды, жұмыс істеп тұрған жылу электр станцияларын жаңғыртуды және реконструкциялауды жеделдету.

11.7. Қолданыстағы тазарту қондырғыларын, полигондарды және шығарындылар көздері болып табылатын басқа да коммуналдық объектілерді салу және жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастыру.

11.8.Қоғамда экологиялық ойлауды, саналы тұтынуды және экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру үшін волонтерлар мен қоғамдық белсенділерді тарта отырып, тәрбие жұмысын жүргізу тәжірибесін енгізу.

11.9. Әрбір көзден ауаны ластауға қосқан үлесін анықтауға және проблемаларды шешу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге бағытталған жоғары сапалы ғылыми зерттеулердің жүйелі түрде жүргізілуін қамтамасыз ету.

11.10. Кешенді салалық жоспарлау үшін коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламаларын әзірлеу.

III. Парламенттік комиссия 2024 жылғы 23 ақпанда **баламалы энергия көздерін және жасыл технологияларды дамыту мәселелерін талқылау бойынша отырыс өткізді (7 ОДМ)**.

Отырыс қорытындысы бойынша Комиссия мыналарды ұсынады:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. 7 ОДМ-ге қол жеткізу жөніндегі саясатты іске асыруға жауапты

мемлекеттік органдар қатарына Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігін енгізуді.

1.2. 7 ОДМ ұлттық индикаторлары бойынша нысаналы және болжамды көрсеткіштерді ОДМ-ге қол жеткізу жөніндегі ерікті ұлттық шолуларға қосуды.

1.3. 7 ОДМ-ге қол жеткізуде ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтуді.

1.4. Барлығы үшін арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша 7 ОДМ-ді іске асыруға сәйкес ел өңірлерінің тартымдылығын мониторингілеу әдіснамасын және индикаторлар жүйесін әзірлеуді ұсынады. Өңірдің тартымдылығы оның қолда бар ресурстарға, қолданыстағы дәстүрлерге және басқару сапасына байланысты баламалы энергия көздерін дамыту қабілетін білдіреді.

1.5. Жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдардың ОДМ-ге қол жеткізуі үшін институционалдық деңгейде тиісті әдістемелік ұсынымдары бар орнықты даму индикаторларын әзірлеуді.

1.6. Жылумен жабдықтау, ТКШ, көлік, ауыл шаруашылығы секторларында 2030 жылға қарай кемінде 5%, 2050 жылға қарай 15% деңгейінде ЖЭК үлесіне қол жеткізу бойынша қосымша мақсаттар енгізуді.

1.7. ОДМ-ге қол жеткізудің ағымдағы үрдістерін талдау бойынша талдамалық құрал ретінде өңірлік ОДМ платформасының әлеуетін белсенді пайдалануды.

2. **ҚР Энергетика, экология және табиғи ресурстар министрліктеріне:**

2.1. Өңірлер бөлінісінде бағалауды қоса алғанда, барлығы үшін қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етудің кешенді мониторингін жүргізуді.

2.2. Үкіметпен жасалатын келісімшарттар шеңберінде ЖЭК саласындағы ірі жобаларды іске асыру кезінде елішілік құндылық деңгейін арттыру жөніндегі міндетті шартты қамтамасыз етуді.

2.3. Энергетикалық қауіпсіздікті сақтау, сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ электр энергиясын тұтынудың жыл сайынғы өсуін ескере отырып, жаңа энергия қуаттарын іске қосуды және қолданыстағы электр станциялары мен инфрақұрылым – жылу және электр желілерін жаңғыртуды қамтамасыз етуді.

2.4. Генерациялаудың (күн және жел электр станцияларының) тұрақты емес режимі бар ЖЭК бойынша аукциондар өткізу және энергия жүйесін теңгерімді дамыту мақсатында халықаралық келісімдер жасасу кезінде инвесторлардың ЖЭК электр энергиясын жинақтау жөніндегі міндеттемелерін көздеуді.

2.5. Энергия жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі мақсатында Қазақстан Республикасының энергия теңгеріміндегі ЖЭК шекті үлесінің ғылыми негізделген есептеулерін жүргізуді.

2.6. Көмірқышқыл газы шығарындыларына квоталарды бөлу жүйесін жетілдіруді.

2.7. Жұмыс істеп тұрған көмір ЖЭО-да көмірқышқыл газын төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын пысықтауды және ұсынуды.

2.8. Атмосфераға зиянды шығарындылардың ең аз мөлшері мен генерациясы бар қоқыс өңдеу зауыттарын салу тәсілдерін әзірлеуді.

2.9. Нормативтік қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін ЖЭК жабдықтарын кәдеге жарату жөніндегі тетікті әзірлеуді.

2.10. Климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға ҚР-ның жаңартылған ұлттық үлесіне қол жеткізу және даму үшін болашақ тауашалар бөлігінде бизнеске жол ашатын Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын іске асыру жөніндегі жоспарларды әзірлеуді.

2.11. Дамудың көміртегі салығын енгізу арқылы экономиканың қосымша секторларына реттеуді кеңейте отырып, парниктік газдар шығарындыларымен сауда жасау жүйесін жетілдіру жөніндегі заңнамаға өзгерістер әзірлеуді.

2.12. Декарбонизация мен энергияның ауысуын қолдау бойынша ұлттық көміртегі қорын құруды, сондай-ақ дамудың парниктік газдары шығарындыларын азайту жөніндегі жобалар үшін кепілдендірілген ақша ағынын қамтамасыз етуді.

2.13. ЖЭК-тің екіжақты келісімшарттарын дамыту мәселелерін институционалдық тұрғыдан пысықтауды, оның ішінде ашық «ойын қағидаларын» (заңнамалық нормаларды) енгізуді, жүйелік оператордың осындай объектілерді қосу жөніндегі талаптарын оңайлатуды.

2.14. Қазақстаннан 7 ОДМ жаһандық индикаторларына қол жеткізу жөніндегі деректерді өзектендіру мақсатында халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда Халықаралық энергетикалық агенттікпен өзара іс-қимылды күшейтуді ұсынады. Атап айтқанда, халықаралық тәжірибені зерделеу және халықаралық консультанттармен өткізілетін консультациялар негізінде ЖЭК құрылымында ГЭС-ті есепке алу бойынша жұмыс жүргізуді.

2.15. Жаңадан енгізілетін ғимараттар мен құрылыстар үшін ЖЭК технологияларын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жаңадан енгізілетін ғимараттар мен құрылыстар үшін энергия тиімділігі сыныбы бойынша жоғары талаптарды міндетті пайдалану мүмкіндігін қарастыруды.

2.16. Биомассадан қатты отынды тасымалдауға, қатты биомассада ЖЭО құруға жеңілдіктерді қоса алғанда, энергетикалық мақсаттар үшін қатты биомасса қалдықтарын (сабан, ағаш өңдеу және тамақ өнеркәсібі қалдықтары) пайдаланудың мемлекеттік бағдарламасын/кіші бағдарламасын, сондай-ақ тұрмыстық пайдалануға арналған көмірді биомассадан алынған қатты отынмен ауыстыруды қолдау бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды.

3. **Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктеріне:**

3.1. Мектептердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының оқу

және білім беру бағдарламаларын жасыл дағдыларды дамыту тұрғысынан картаға түсіруді жүргізуді, сондай-ақ бағдарламалармен қамтылмаған бағыттарды ескере отырып, бағдарламаларды тиісінше жетілдіруді.

3.2. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту және энергия үнемдеу мәселелерін қоса алғанда, мектеп оқушыларына климат бойынша факультативтік сабақтарды, мысалы, климаттық қорап сияқты сабақтар енгізуді.

3.3. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде Қазақстанда ЖЭК дамыту мүмкіндіктері туралы ғылыми зерттеулерді көздеуді.

3.4. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, «жасыл» сутекті алу үшін су ресурстарының қолжетімділігі туралы және сутекті қолдану үшін орынды салалар туралы зерттеулер жүргізуді.

4. **ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:**

4.1. Өңірлер бөлінісінде 7 ОДМ ұлттық индикаторларының сапалы декомпозициясын жүргізуді және 2030 жылға дейін 7 ОДМ өзекті индикаторлары бойынша ұлттық және өңірлік деңгейлерде болжамды мәндерді қабылдауды.

4.2. СЖРА Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, донорлардың, БҰҰ-ның және басқа да институттардың есептері мен зерттеулерінде оларды жергілікті даму индикаторларының жиынтығына біріктіру мақсатында қосымша және релевантты индикаторларды қарастыруды және айқындауды.

5. **Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына:**

5.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, өңірлерді дамытудың нысаналы көрсеткіштеріне өндірілетін энергияның жалпы көлемінде үй шаруашылықтары, шағын және орта бизнес пайдаланатын ЖЭК үлесін арттыру жөніндегі көрсеткішті енгізуды.

5.2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен бірлесіп, гидропотенциалды ұтымды игеру үшін жер учаскелерінің мәртебесін және ГЭС-тің әлеуетті жобаларын пысықтауды ұсынады.

IV. Парламенттік комиссия 2024 жылғы 29 наурызда **су ресурстары мен санитарияның болуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мәселелерін (ОДМ 6)** талқылау бойынша отырыс өткізеді.

Отырыс қорытындысы бойынша Комиссия мыналарды ұсынады:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. «Су – энергия – азық-түлік – қоршаған орта» өзара байланыстардың тұтас жүйесінің дәйектілігін қамтамасыз ету мақсатында салалық реформаларды жүргізуді жалғастыруды.

1.2. Су ресурстарын кешенді басқару үшін үкімет, қаржы институттары, жеке сектор, азаматтық қоғам және ғылыми қоғамдастық арасындағы серіктестікті дамытуды.

1.3. Мемлекет басшысының 2026 жылға дейін ауылдық елді мекендерді таза ауыз сумен толық қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасының орындалуын қамтамасыз етуді.

1.4. Сумен жабдықтау объектілерін тексеруді жүзеге асыру бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру, атап айтқанда, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелерін тіркей отырып, мемлекеттік бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдаланатын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының кәсіпкерлік субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізіліміне кәсіпорындарды енгізуді.

1.5. ОДМ 6-ға қол жеткізуде ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтуді ұсынады.

2. **Су ресурстары және ирригация министрлігіне, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, Экология және табиғи ресурстар министрлігіне, Сыртқы істер министрлігіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

2.1. ОДМ 6 индикаторларына қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды тиісті мемлекеттік және салалық бағдарламалық құжаттарға кіргізуді.

2.2. «2020 жылға қарай сумен байланысты экожүйелерді, соның ішінде тауларды, ормандарды, сулы-балшықты жерлерді, өзендерді, су тұтқыш қабаттар мен көлдерді қорғау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету» 6.6-міндетті басқа көрсеткіштерімен толықтыру қажеттілігі тұрғысынан іске асыру мәселелерін пысықтауды ұсынады.

3. **Су ресурстары және ирригация министрлігіне, Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

3.1. Суға қауіпсіз қол жеткізуге инвестициялау үшін нормативтік кедергілерді жою, соның ішінде ағынды суларды қайта пайдалану үшін заңнамалық және нормативтік базаны қалыптастыруды.

3.2. Суды үнемдеуге және ауыл шаруашылығында су ресурстарын жауапты басқаруды ынталандыруға ықпал ететін бүкіл агроазық-түлік тізбегі бойынша суды пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды енгізуді.

3.3. Су секторында жаңа технологияларды әзірлеуді, тестілеуді және енгізуді қолдауды және қаржыландыруды.

3.4. Жауын-шашынға, булануға, мұздықтардың еруіне, жер асты суларының сарқылуына, мәңгі мұзға және климаттың теріс әсерінен туындайтын басқа факторларға байланысты гидрологиядағы өзгерістерді зерттеуді және басқаруды.

3.5. Трансшекаралық бассейндердегі ынтымақтастыққа ықпал ететін су ресурстарын басқарудың ғылыми негізделген тәсілдері бойынша білім алмасуды қолдауды.

3.6. Қоғамды ағарту мақсатында суды үнемдеудің маңыздылығы, оның ағып кетуіне және ластануына жол бермеу, су ресурстарын ұтымды пайдалану туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын белсендірек жүргізуді.

3.7. Елдің су шаруашылығы кешенінің мақсаттары мен міндеттерін табысты және кәсіби іске асыру үшін қолданыстағы су шаруашылығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуді.

3.8. Өзендердің күтілетін ағыны туралы болжамды деректер негізінде су тасқынының алдын алу бойынша қосымша алдын алу шараларын көздеуді.

3.9. Экологиялық талаптарды ескере отырып, су ресурстарын басқаруды.

3.10. Әр өзен бассейні үшін су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын өзектендіру мәселесін пысықтауды.

3.11. Су пайдаланушыларға экономикалық ынталандыру, заманауи тарифтік реттеу, су ресурстарына ұқыпты қарау қағидаттарын енгізу жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеуді.

3.12. Барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау және пайдалану мәселесі бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізіп, қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізуді ұсынады.

4. **ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне жергілікті атқарушы органдармен** бірлесіп:

4.1. Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін кейіннен қайта жаңарту және қосымша жайластыру үшін олардың жай-күйіне талдау жүргізуді және қорытындылауды ұсынады.

5. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

5.1. Бейімделген дақылдардың көмегімен ауыл шаруашылығында суды пайдаланудың тиімділігі мен өнімділігін арттыру және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің агроэкологиялық әдістерін қолдану жөнінде шаралар кешенін қабылдауды.

5.2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп озық технологиялар мен заманауи су үнемдеу жүйелерін (жаңбырлату, тамшылатып суару, сүзгіге қарсы материалдар, суды есепке алуды цифрландыру және т. б.) енгізу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуді ұсынады.

6. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:**

6.1. Сумен жабдықтау объектілерін, оның ішінде ауыз суды үздіксіз жүйелі бақылау жөніндегі нормаларды көздеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Су кодексінің жобасына ұсыныстар дайындауды және енгізуді.

6.2. Сумен жабдықтау объектілеріне және ауыз су сапасына тұрақты санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуді.

6.3. БҰҰ ЕЭК /ДДҰ-ның Су және денсаулық мәселелері жөніндегі Еуропалық хаттамасына Қазақстанның қосылуын ратификациялау бойынша мемлекетішілік келісуді қамтамасыз етуді ұсынады.

7. **Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктеріне:**

7.1. Мектептердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының оқу және білім беру бағдарламаларын «жасыл» дағдыларды дамыту тұрғысынан картаға түсіруді жүргізуді, сондай-ақ бағдарламалармен қамтылмаған бағыттарды ескере отырып, бағдарламаларды тиісінше жетілдіруді.

7.2. Колледждер саланың қажеттіліктері мен әлемдік үрдістерді ескере отырып, арнайы бейіндегі жоғары білікті мамандарды, оның ішінде техник-гидрологтарды, техник-метеорологтарды, техник-гидротехниктерді, техник-мелиораторларды және т.б. даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуді.

7.3. Жоғары оқу орындары саланың қажеттіліктері мен әлемдік үрдістерді ескере отырып, арнайы бейіндегі жоғары білікті мамандарды, оның ішінде гидролог-инженерлерді, метеоролог-инженерлерді, гидротехник-инженерлерді, мелиоратор-инженерлерді, гидрогеолог-инженерлерді және т.б. даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуді.

7.4. Гидрология, гидротехника, мелиорация, су ресурстарын қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласында мамандар даярлауды жүргізетін колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін кәсіби біліктілік критерийлері бар кәсіби стандартты әзірлеуді ұсынады.

8. **Су ресурстары және ирригация, Қаржы министрліктеріне:**

8.1. Мемлекет басшысының 2026 жылға қарай халықты таза ауыз сумен 100% қамтамасыз ету бойынша тапсырмасын орындау мақсатында ауылдық елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі жобаларды басымдық кезекте қамтамасыз етуді.

8.2. Қазақстандағы суармалы жерлердің төрттен бір бөлігі Түркістан облысында орналасқанын ескере отырып, су шаруашылығы нысандарын жөндеу, реттестіру жұмыстарына тиісті көлемде қаржы бөлдіру мәселесін қарастыруды.

8.3. Әр өзен бассейні үшін су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын өзектендіру үшін жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етуді ұсынады.

9. **Жергілікті атқарушы органдарына:**

9.1. 2026 жылға дейін барлық мұқтаж шағын елді мекендерде блок-модульдер орнатуды қамтамасыз етуді.

9.2. Халыққа берілетін ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігіне әсер ететін технологиялық жабдықтарды, тарату желілерін, сүзгілерді және өзге де жабдықтарды уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуді.

9.3. Жергілікті атқарушы органдар, халықты сумен қамтамасыз ету қызметтерін көрсететін субъектілер және Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ауызсудың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық бөлімшелері арасында үшжақты меморандумдар жасасуды.

9.4. Халық ауыз су мақсатында пайдаланатын орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың иесіз объектілерін теңгерімге қабылдауды.

9.5. Елді мекендердің Бас жоспарларына аумақтарды табиғат құбылыстарының қауіпті әсерінен қорғау шараларын енгізуді ұсынады.

V. Парламенттік комиссия 2024 жылғы 17 мамырда **қазақстандық бизнес-ортада ESG-қағидаттарын енгізу мәселелерін** талқылау бойынша отырыс өткізді.

Отырыс қорытындысы бойынша Комиссия мыналарды ұсынады:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар мен жеке сектор арасындағы өзара іс-қимылды күшейту.

1.2. Бизнес қауымдастығына бизнестің Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін бағалаудың нақты көрінісін қамтамасыз ету.

1.3. Салалық және өңірлік ерекшеліктерді, өлшемділік пен меншік нысандарын ескере отырып, бизнес субъектілерінің міндетті (минималды, бірақ ESG-тәуекелдерді бағалау үшін жеткілікті) стандартталған электрондық ESG-есептілігін енгізу.

1.4. Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде Үкіметке және жергілікті атқарушы органдарға белсенді жәрдемдесетін, ESG-тәуекелдерді басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибелерін, оның ішінде салықтық жеңілдіктерді, орнықты субсидияларды, орнықты борыштық қаржыландыру құралдарына қол жеткізуді, бизнесті қолдау бағдарламалары шеңберінде бизнесті дамытуды мемлекеттік қолдаудың өзге де нысандарын көрсетуде көшбасшылықты көрсететін компаниялар үшін ынталандырулар мен көтермелеулерді енгізу.

1.5. ESG-тәуекелдерін басқару бойынша әлемдік озық тәжірибелерді ілгерілету үшін мемлекет, бизнес және сарапшылар қауымдастығы арасындағы тиімді диалогты қамтамасыз ету.

1.6. Квазимемлекеттік секторды (мектептер, ауруханалар, инфрақұрылымдық объектілер және басқалар) декарбонизациялау жобаларын қолдау үшін егеменді «жасыл» және өтпелі облигациялар шығаруды қамтамасыз ету, бизнес субъектілерінің орнықты бағалы қағаздар («жасыл» және «әлеуметтік») шығаруын ынталандырудың тиімді тетіктерін әзірлеу.

1.7. Қазіргі заманғы байланыс арналарын, оның ішінде компаниялардың корпоративтік веб-сайттарын пайдалана отырып, ESG-тәуекелдерді басқару тәжірибесін қолдану бойынша компаниялардың корпоративтік басқаруының ашықтығын арттыру.

1.8. ESG-қағидаттарын қолдану бойынша деректерді мониторингілеу және талдау үшін, оның ішінде ESG саласында цифрлық шешімдерді қолдануға ықпал ететін және ақпаратты қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді қоса алғанда, компанияларды цифрлық технологияларды пайдалануға қолдау көрсету және ынталандыру.

1.9. ESG-қағидаттарын енгізу саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізгені үшін номинацияларды бере отырып, ESG-де бизнестің жауапкершілігі жөніндегі жыл сайынғы Ұлттық конкурсты енгізу мүмкіндігін қарастыру.

2. **ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне**:

2.1. Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын іске асыру жөніндегі Жол картасын әзірлеуді және қабылдауды жеделдету.

2.2. Көмірқышқыл газы үшін шығарындылардың елдік, өңірлік коэффициенттерін, сондай-ақ энергия теңгерімінің құрылымын ескере отырып, парниктік газдар шығарындыларын біркелкі есептеу үшін әдіснамалық негіз әзірлеу.

2.3. Парниктік газдар шығарындыларына тегін квоталарды бөлу рәсімдерінің ашықтығын, шығарындылар саудасы жүйесіндегі ахуалды үнемі сапалы талдауды қамтамасыз ету.

2.4. Парниктік газдар шығарындыларын квоталау және көміртегі бірліктері саудасының ұлттық жүйесі (бұдан әрі – ШСЖ) шеңберінде реттелмейтін көздердегі парниктік газдар шығарындыларын қысқарту жобаларына инвестицияларды ынталандыратын ерікті көміртегі нарықтарына қатысты нақты мемлекеттік саясатты әзірлеу. Атап айтқанда, «қосарланған есепке алуды» болдырмау мақсатында ШСЖ-нен тыс парниктік газдар шығарындыларының ерікті қысқартулары мен сіңірулерін есепке алу институттары мен рәсімдерін регламенттеу.

2.5. Халықаралық консультанттарды тарта отырып, бизнестің жосықсыз субъектілеріне жауапкершілік шараларын көздейтін «гринвошингке» қарсы күрестің заңнамалық реттеуші негіздерін әзірлеуге бастамашылық жасау.

2.6. Дамыған және дамушы елдерде жинақталған ESG-трансформацияның табысты тәжірибесін талдау негізінде Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің қолдауымен әзірленетін негізгі мемлекеттік органдарға (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Ұлттық экономика министрліктеріне) «ESG жөніндегі нұсқаулықты» таныстыру.

3. **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне**:

3.1. Прогрессивті халықаралық тәжірибені зерделеу және еңбек жағдайлары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, мансаптық өсу және кәсіби даму, меритократия қағидаттары және т.б. бойынша ESG-қағидаттарының әлеуметтік стандарттарының тізбесін қамтитын нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және қабылдау мүмкіндігін қарастыру.

4. **ҚР Сауда және интеграция министрлігіне**:

4.1. ESG-бизнесті трансформациялау, атап айтқанда, өндірістің салалық жағдайларын қалыптастыру шеңберінде заңнамаға ынталандыруды енгізу мүмкіндігін қарастыру.

5. **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне**:

5.1. Жаңартылатын энергетика, қайталама шикізат пен қалдықтардан өнім өндіру, органикалық өнім өндіру және т.б. салаларды қоса алғанда, ESG-рейтингі жоғары және «жасыл» жобалары бар кәсіпкерлік субъектілеріне төмендетілген пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредит беруге Екінші деңгейдегі банктерді ынталандыратын құралдарды енгізу мүмкіндігін қарастыру.

6. **ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне**:

6.1. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және өндіріске ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізу үшін ғылыми қоғамдастық пен бизнестің өзара іс-қимыл тетіктерін пысықтау.

6.2. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізу процесіне еліміздің барлық өңірлеріндегі ірі кәсіпорындарды тартуды қамтамасыз ету.

6.3. Мемлекеттік органдар, ғылыми мекемелер және бизнес-қоғамдастық арасында ESG мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулерді дамыту.

6.4. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру құрылымында ESG саласындағы проблемаларды шешуге бағытталған қосымша квоталарды көздеу.

7. **«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасына (келісім бойынша)**:

7.1. ESG-ақпаратты ашу туралы талаптарды сәтті енгізу мақсатында бизнеске арналған қаржылық емес есептілікті түсіну және түсіндіру, ESG-тәуекелдерін басқару бойынша сараптаманы қоса алғанда, ESG-принциптерінің артықшылықтары және олардың орнықты даму үшін маңыздылығы туралы білім беру бағдарламаларын күшейту.

7.2. Тиімді жоспарлау және бақылау үшін компанияларда мамандандырылған құрылымдық бөлімшелер ашу арқылы ESG тәжірибесін енгізуге ықпал ету.

7.3. Тәжірибе алмасу және ESG саласындағы үздік тәжірибелерді беру мақсатында халықаралық ұйымдармен және компаниялармен серіктестік байланыс орнату.

X. СЕНАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламенттік дипломатия құралдарын дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған.

2023 жылдың қыркүйегі мен 2024 жылдың маусымы аралығында келесі іс шаралар өтті:

ресми сапарлар, келіссөздер, кездесулер:

2023 жылғы 5-6 қыркүйектегі кездесу

- Қорғаныс және қауіпсіздік Комитеттері төрағаларының қатысуымен ҰҚШҰ ПА Үйлестіру кеңесінің отырысы *(Брест, Беларусь, В. Рогалев);*

2023 жылғы 7 қыркүйектегі кездесу

- Албания Президентімен кездесу *(М.Әшімбаев, А.Шәкіров, С.Алдашев, А.Бектаев, А.Әлназарова, А.Арғынбекова);*

2023 жылғы 8 қыркүйектегі кездесу

- Бірқатар елдердің Конституциялық Соттарының Төрағаларымен кездесу – Ангола, Грузия, Түркия, Молдова, КР, РУ *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Лукин, Н.Жүсіп, Н.Бекназаров, А.Арғынбекова, Ж.Асанова);*

2023 жылғы 14-15 қыркүйектегі жұмыс сапары

- Орталық Азия көшбасшы-әйелдері диалогы мүшелерінің кездесуі, Душанбе қ., Тәжікстан *(О.Булавкина);*

2023 жылғы 15-17 қыркүйектегі жұмыс сапары

- «Цифрлық трансформация және инновациялар арқылы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі жастардың рөлі» тақырыбында жас парламентшілердің 9-шы Жаһандық конференциясы, Ханой қ., Вьетнам *(Г.Шиповских);*

2022 жылғы 22 қыркүйектегі кездесу

- Әкім Таразидің 90 жылдығына арналған салтанатты іс-шара *(М.Әшімбаев);*

2023 жылғы 25 қыркүйектегі кездесу

- Бразилия Парламенті Сенатының депутаттарымен кездесу (*М.Әшімбаев, С.Макежанов, Г.Сарыбаев, А.Наутиев, С.Дүйсембинов);*

2023 жылғы 26 қыркүйектегі кездесу

- Вьетнам Ұлттық Жиналысы Төрағасының Бірінші орынбасары Нгуен Хак Динмен кездесу (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Бектаев, С.Алдашев, Б.Жексенбай, М.Қадырбек, Г.Шиповских*);

2023 жылғы 27-29 қыркүйектегі кездесу

- ТМД ПАА-ның мемлекеттік құрылыс және жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесін зерделеу жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы, Гродно қ., Беларусь *(И.Мусалимов);*

2023 жылғы 10 қазандағы кездесу

- Кавказ Мұсылмандары Басқармасының Төрағасы Шейх-ул-Ислам Аллахшукюр Пашазадемен кездесу *(М.Әшімбаев, Н.Жүсіп);*

- Қасиетті Тақтың дінаралық диалогы бойынша Дикастерия Ислам мәселелері бюросының басшысы Монсеньор Халед Акашемен кездесу *(М.Әшімбаев, С.Макежанов);*

- Әл-Азхар Исламтану Академиясының Бас хатшысы Назир Мұхаммед әл-Назир Аядпен кездесу *(М. Әшімбаев, Н. Бекназаров);*

- Дүниежүзілік Ислам Лигасы Бас хатшысының Орынбасары, доктор Абдурахман Абдулла әл-Зайдпен кездесу *(М.Әшімбаев, А.Бектаев);*

- Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсалам Абдурахман Абдулла әл-Зайдпен кездесу *(М.Әшімбаев, Д.Қыдырәлі);*

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің XXI Хатшылығы 11 қазан 2023 ж.

- Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің XXI Хатшылығы *(М.Әшімбаев)*;

2023 жылғы 11 қазандағы кездесу

- «Somaiya Vidyavihar» университетінің Канцлерімен және Сомайя Үндістан делегациясының басшысы Шантилал Самирмен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанова);*

2023 жылғы 12 қазандағы кездесу

- «Этникалық өзара түсіністік қоры» ҮЕҰ Президенті Раввин Марк Шнайермен кездесу *(М. Әшімбаев);*

2023 жылғы 13 қазандағы кездесу

- Digital Nomads өкілдерімен кездесу *(М. Әшімбаев);*

Дөңгелек үстел 12-13 қазан 2023 ж

- ТМД ПАА халықаралық форумы аясында «Таулы аумақтардың тұрақты дамуы» тақырыбында «Сейсмикалық қауіпсіздік және табиғи апаттар» дөңгелек үстелі, Санкт-Петербург қ., РФ *(О.Булавкина);*

ТМД ПАА тұрақты комиссиясының отырысы 12-13 қазан 2023 ж.

- ТМД ПАА экономика және қаржы жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы *(Г. Нұрмұхамбетов);*

- Аграрлық саясат, табиғи ресурстар және экология бойынша ТМД ПАА тұрақты комиссиясының отырысы *(О.Булавкина);*

- ТМД ПАА тұрақты Бақылау-бюджеттік комиссиясының отырысы *(С.Карплюк);*

- Қауіпсіздік және жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы үйлестіру жөніндегі ТМД ПАА жанындағы Біріккен комиссияның отырысы *(Г.Сарыбаев);*

2023 г. ҰҚШҰ ПА тұрақты комиссиясының отырысы 2023 жылғы 19 қазан

- ҰҚШҰ-ның әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы, Санкт-Петербург қ., РФ *(В.Рогалев);*

- ҰҚШҰ-ның қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы, Санкт-Петербург қ., РФ *(В.Рогалев);*

- ҰҚШҰ-ның саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы, Санкт-Петербург қ., РФ *(В.Рогалев);*

2023 жылғы 19-20 қазандағы кездесу

- БҰҰ ЕЭК халық саны және даму жөніндегі өңірлік конференциясы (UNFPA) Женева қаласында, Швейцария *(Л. Қалтаева);*

- ҚР Парламенті Сенаты мен РФ Федералдық Жиналысының Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 20-шы отырысы, Орал қ. *(Ж. Асанов);*

2023 жылғы 24-26 қазандағы кездесу

- ДДҰ Еуропалық өңірлік комитетінің Астана қаласындағы 73-ші сессиясы *(А. Әлназарова);*

ТМД ПАА тұрақты комиссиясының отырысы 26-27 қазан 2023 ж.

- ТМД ПАА Ғылым және білім жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы *(А. Нухұлы);*

- ТМД ПАА құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы *(Н. Бекназаров);*

- Мәдениет, ақпарат, туризм және спорт жөніндегі ТМД ПАА тұрақты комиссиясының отырысы *(А. Қапбарова);*

2023 жылғы 1 қарашадағы кездесу

- Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының делегациясымен кездесу-достық тобының жетекшісі У Фон Шик *(А. Лукин);*

М.Әшімбаевтың БАӘ-ге жұмыс сапары 5-7 қараша 2023 ж.

- «Ар-ождананың бірігуі: планетарлық жаңғыруүшін рухани көшбасшылар бірлестігі» конференциясына қатысу, Әбу-Даби қ., БАӘ *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Бектаев, Д.Қыдырәлі, Е.Больгерт, Л.Рысбекова);*

- Әл-Азхардың Жоғарғы имамы, шейх доктор Ахмед Ат-Тайебпен кездесу *(М. Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Бектаев, Д.Қыдырәлі, Е.Больгерт, Л.Рысбекова);*

- БАӘ Федералдық Ұлттық кеңесінің Төрағасы Сакр Әл-Гобашпен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Бектаев, Д.Қыдырәлі, Е.Больгерт, Л.Рысбекова);*

- Дүниежүзілік шіркеулер кеңесінің Бас хатшысы, құрметті Джерри Пиллэймен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Бектаев, Д.Қыдырәлі, Е.Больгерт, Л.Рысбекова);*

- Қасиетті Тақтың Мемлекеттік хатшысы, Кардинал Пьетро Паролинмен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Бектаев, Д.Қыдырәлі, Е.Больгерт, Л.Рысбекова);*

- БАӘ толеранттылық және қатар өмір сүру Министрі шейх Нахаян бен Мүбарак Әл-Нахаянмен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Бектаев, Д.Қыдырәлі, Е.Больгерт, Л.Рысбекова);*

М.Әшімбаевтың Қырғыз Республикасына ресми сапары 16-17 қараша 2023 ж.

- ТМД ПАА Кеңесі мен Пленарлық отырысының жұмысына қатысу, Бішкек қ. *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

- Қырғыз Республикасының Жогорку Кенешінің 85 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

- Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің төрағасы В. И. Матвиенкомен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

- Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Т.К.Нарбаевамен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

- Ш. Т. Айтматовтың туғанына 95 жыл толуына арналған халықаралық конференцияға қатысу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

- Тәжікстан Республикасының Мажлиси милли Мажлиси Оли Төрағасы Р.Эмомалимен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

- Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеш Төрағасы Н.Т.Шакиевпен кездесу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

- Қазақ-қырғыз жастар форумына қатысу *(М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, А.Лукин, Д.Қыдырәлі, Н.Ниязова, Б.Қаниев);*

2023 жылғы 16-17 қарашадағы кездесу

- Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі ТМД ПАА Тұрақты комиссиясының отырысы *(Ж. Асанова);*

2023 жылғы 18-20 қарашадағы кездесу

- ЕҚЫҰ ПА күзгі отырысына қатысу, Ереван қ., Армения (*Ж.Жоргенбаев*);

2023 жылғы 23 қарашадағы кездесу

- Конституциялық комитет депутаттарының ЕҚЫҰ ДИАҚБ өкілі О.Мерфимен кездесуі *(Н.Бекназаров, Е.Больгерт, А.Арғынбекова, А.Толамисов);*

Конференция 24-25 қараша 2023 ж

- Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік зерттеулер жөніндегі Конференция Баку қ., Әзірбайжан *(А. Әлназарова);*

Тәжірибе алмасу, 26 қараша-1 желтоқсан 2023 ж

- Қазақстан мен Германия Конституциясы бойынша тәжірибе алмасу Берлин қ., Германия *(А.Арғынбекова, Е.Больгерт);*

Кездесу 28 қараша 2023ж.

- Того Президентімен кездесу *(М.Әшімбаев, О.Перепечина, А.Бектаев, С.Алдашев, Д.Қыдырәлі);*

Конференция 28-29 қараша 2023 ж

- «Инклюзивті және орнықты даму үшін мемлекеттік қаржыландыру: стратегиялық бюджеттік бастамалар мен фискалдық саясаттың рөлі» конференциясы *(С. Карплюк);*

Форум 30 қараша 2023 ж

- Тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы екінші жаһандық парламентаралық форум, Ташкент қ., Өзбекстан *(О. Перепечина);*

2023 жылғы 1 желтоқсандағы кездесу

- ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.Әшімбаевтың Швейцарияның ҚР-дағы Елшісі С.Балмен кездесуі;

2023 жылғы 1 желтоқсандағы кездесу

- ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.Әшімбаевтың Халед Акашемен кездесуі;

2023 жылғы 4 желтоқсандағы кездесу

- ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.Әшімбаевтың Олий Мәжіліс Сенатының төрағасы Т.Нарбаевамен кездесуі (*М.Әшімбаев, О.Перепечина*);

Сапар Бангкок қ., Тайланд 6-10 желтоқсан 2023 ж

- БҰҰ-әйелдердің «Мүгедек әйелдердің Азия-Тынық мұхиты желісі қызметін жандандыру» кездесуі және мүгедек әйелдер мен қыздардың мәселелері жөніндегі 1-ші Конгресс *(Л. Қалтаева);*

М.С.Әшімбаевтың 2023 жылғы 11 желтоқсандағы ШҚО-ға жұмыс сапары

- ҚР Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мониторингі жөніндегі Парламенттік комиссияның отырысы (Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы *(М.Әшімбаев, О.Перепечина, С.Алдашев, А.Бектаев, А.Альназарова, О.Булавкина, Ш.Буктугутов));*

Ресей Федерациясының Мәскеу қ. сапары 18-19 желтоқсан 2023 ж

- ҰҚШҰ ПА Кеңесінің отырысы *(А. Лукин);*

2024 жылғы 5 қаңтарда Атырау облысына сапар

- М.С.Әшімбаевтың Атырау облысына жұмыс сапары *(М.Әшімбаев, С.Макежанов, С.Лұқпанов, А.Наутиев);*

2024 жылғы 15 қаңтардағы кездесу

- М.С.Әшімбаевтың Еуропалық Комиссияның вице-президенті Маргаритис Схинаспен кездесуі *(М.Әшімбаев, А.Лукин, С.Алдашев)*;

2024 жылғы 23 қаңтардағы кездесу

- О.В.Перепечинаның БҰҰ-ның Еуропа және ТМД бойынша Даму Бағдарламасының Өңірлік бюросы директорының орынбасары және әкімші көмекшісінің орынбасары Ник Хартманмен кездесуі *(О.Перепечина, А.Альназарова);*

2024 жылғы 25 қаңтардағы кездесу

- Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті депутаттарының Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) Хатшылығының басшылығымен кездесуі *(А.Лукин, Д.Қыдырәлі, С.Ершов, Б.Жексенбай, Г.Сарыбаев, А.Сатвалдиев, Г.Шиповских);*

2024 жылғы 26 қаңтардағы кездесу

- М.С.Әшімбаевтың Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитеті Төрағасының орынбасары Хао Минцзин бастаған Қытай Халық

Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы делегациясымен кездесуі. *(М.Әшімбаев, О.Перепечина, А.Бектаев, Н.Бекназаров);*

2024 жылғы 31қаңтардағы кездесу

- М.С.Әшімбаевтың АӨСШК Бас хатшысы Қ.Сарыбаймен кездесуі;

2024 жылғы 3 ақпандағы кездесу

- М. Әшімбаевтың профессор Яакоб Ибрагиммен кездесуі*;*

2024 жылғы 7 ақпандағы сапар

- Әзірбайжандағы президенттік сайлаудың мониторингіне қатысу *(Ж.Асанов, С.Макежанов, А.Нухұлы);*

2024 жылғы 7 ақпандағы кездесу

- Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік Комитеттері төрағаларының онлайн-кеңесіне қатысу *(А. Лукин);*

2024 жылғы 14 ақпандағы кездесу

- М.Әшімбаевтың ҚР Қасиетті Тақтың Апостолдық Нунцийі Дж.Панамтундилмен кездесуі;

2024 жылғы 16 ақпандағы сапар

- М.С.Әшімбаевтың Ақмола облысына жұмыс сапары *(М.Әшімбаев, А.Бектаев, Н.Бекенов, Т.Жүнісов);*

2024 жылғы 21 ақпандағы кездесу

- Түркияның ҚР-дағы Елшісі М. Капуджумен кездесу;

2024 жылғы 21-24 ақпандағы сапар

- ЕҚЫҰ ПА қысқы отырысы *(А. Арғынбекова);*

2024 жылғы 23 ақпандағы кездесу

- ҚР мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы М.Әбделсаламмен кездесу *(М.Әшімбаев);*

2024 жылғы 23-26 ақпандағы сапар

- ТМД ПАА желісі бойынша Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысының Өкілдер палатасына сайлау өткізу барысына мониторингке қатысу *(Н.Бекенов);*

2024 жылғы 4 наурыздағы кездесу

- ТүркПА құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның онлайн отырысына қатысу (Баку қ., Әзірбайжан) *(Б.Н.Жексенбай (онлайн));*

- БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы (Женева), *(Л.Қалтаева);*

2024 жылғы 5 наурыздағы кездесу

- Моңғолияның ҚР-дағы Елшісі Д. Баярхуумен кездесу, *(М. Әшімбаев);*

2024 жылғы 14-18 наурыздағы кездесу

- РФ президенттік сайлауының мониторингіне қатысу, *(Ж.Асанов А.Лукин Ж.Асанова Р.Рустамов С.Ершов);*

2024 жылғы 23-26 наурыздағы кездесу

- ЖПҚ 148-ші Ассамблеясының жұмысына қатысу (Женева қ., Швейцария) *(Б.С.Орынбеков);*

2024 жылғы 25 наурыздағы кездесу

- ҚР-да Кипр Сыртқы істер министрі К.Комбоспен кездесу, *М.Әшімбаев*;

2024 жылғы 26 наурыздағы кездесу

- М.Әшімбаевтың АҚШ сенаторы С.Дэймонмен кездесуі, *М.Әшімбаев*;

2024 жылғы 27 наурыздағы кездесу

- ҰҚШҰ-ның саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комиссиясының онлайн-кеңесіне қатысу, *А.Лукин, А.Сатвалдиев*;

- ҰҚШҰ-ның қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының онлайн-кеңесіне қатысу, *С.Ершов, Г.Шиповских*;

- ҰҚШҰ ПА әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының онлайн-кеңесіне қатысу, *А.Наутиев, Р.Рүстемов*;

2024 жылғы 28 наурыздағы кездесу

- Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы А.Лукиннің Португалияның Уақытша Сенімді өкілі Жозе Атаида Амаралмен кездесуі – *А.Лукин*;

- **Түркістан облысына жұмыс сапары 2024 жылғы 29 наурыз М.Әшімбаев;**

2024 жылғы 4 сәуірдегі кездесу

- ТМД ПАА бақылау-бюджеттік комиссиясы, *С.Карплюк*;

2024 жылдың 3-5 сәуірінде М. Әшімбаевтың Италия мен Ватиканға жұмыс сапары, *М.Әшімбаев Н.Жүсіп, Н.Бекназаров, О.Булавкина*;

2024 жылғы 9 сәуірдегі кездесу

- М.Әшімбаевтың ЕҚЫҰ ПА-ның Орталық Азия бойынша Арнайы Өкілі Ф.Кәрімимен кездесуі – *М.Әшімбаев, О.Перепечина, А.Арғынбекова, Г.Сарыбаев*;

2024 жылғы 10-13 сәуірдегі кездесу

- ЕҚЫҰ ПА делегациясының құрамында Өзбекстанға елдік сапарға қатысу – *А. Арғынбекова*;

2024 жылғы 12 сәуірдегі кездесу

- Грузия парламентінің Төрағасы Папуашвилимен кездесу – *М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, С.Медебаев, Н.Ниязова, А.Өтеғұлов*;

2024 жылғы 14-19 сәуірдегі кездесу

- ЕКПА сәуір сессиясына қатысу (Страсбург қ.) – *О.Перепечина, Ж.Асанова*;

2024 жылғы 17 сәуірдегі кездесу

- Оксфорд Исламтану орталығының директоры Ф.Низамимен кездесу – *М.Әшімбаев*;

2024 жылғы 19 сәуірдегі кездесу

- ТүркПА Экономикалық даму жөніндегі комиссиясының отырысы (Баку қ., Әзірбайжан) – *Н.Бекенов (онлайн)*;

- Түркі мемлекеттері ұйымы ақсақалдар кеңесінің мүшелері М.Ш.Шеримкуловпен (Қырғыз Республикасы) кездесу – *М.Әшімбаев, Д.Қыдырәлі, (К.Сұлтанов)*;

2024 жылғы 24-26 сәуірдегі кездесу

- Ұлан-Батыр қаласындағы Транс-Алтай диалогы, Моңғолия - *А.К.Рахметова*;

2024 жылғы 30 сәуірдегі кездесу

- ҚР-ға ресми сапары аясында Сингапур Парламентінің Спикері Си Киан Пенгпен кездесу (+ҚР Сенаты Төрағасының атынан түскі ас) – *М.Әшімбаев*;

2024 жылғы 1-3 мамырдағы кездесу

- Мәдениетаралық диалог бойынша 6-шы Дүниежүзілік форум (Баку қ., Әзірбайжан) – *А. Қапбарова*;

2024 жылғы 3 мамырдағы кездесу

- Генерал Бунсранг Ниумпрадит төрағалығымен *Таиланд Парламенті Сенатының Қарулы күштер және мемлекеттік қауіпсіздік* комитетімен кездесу – *А. Лукин, Д. Қыдырәлі, Б. Жексенбай, Ғ. Сарыбаев, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских*;

2024 жылғы 13 мамырдағы кездесу

- ТүркПА Білім, мәдениет, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссиясының отырысы (Анкара қ., Түркия) – *Д. Қыдырәлі* (онлайн);

2024 жылғы 13-14 мамырдағы кездесу

- Азия әйелдер форумына қатысу (Самарқанд қ., Өзбекстан) – *О. Перепечина*;

- ТүркПА аудит жөніндегі комиссиясының жұмысына қатысу (Баку қ., Әзірбайжан) – *Б. А. Төлеуова (Аппарат)*;

2024 жылғы 15 мамырдағы кездесу

- Арменияның ҚР-дағы елшісімен кездесу – *Л. Қалтаева, Ж. Жөргенбаев, Н.Жүсіп*;

2024 жылғы 20 мамырдағы кездесу

- Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің Төрағасы Н. Куртулмушпен кездесу – *М. Әшімбаев*;

2024 жылғы 21 мамырдағы кездесу

- Германияның Федералды Үкіметінің қоныс аударушылар және азшылық істері жөніндегі уәкілі, Бундестаг депутаты Натали Павликпен кездесу- *Г.Шиповских, Е. Больгерт, Н. Ниязова, З. Кузиев*;

2024 жылғы 22 мамырдағы кездесу

- Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросының (ЕҚЫҰ ДИАҚБ) демократияландыру департаментінің басшысы К. Вардзелашвилимен және құқық үстемдігі бөлімінің басшысы Г. Барбарамен кездесу – *Е. Больгерт, М. Қадырбек, Ж. Асанов*;

2024 жылғы 21-25 мамыр аралындағы кездесу

- ТүркПА мүшелері Парламенттердің қорғаныс Комитеттері төрағаларының отырысы (Анкара-Стамбул, Түркия) – *Д. Қыдырәлі, А. Сатвалдиев*;

2024 жылғы 23 мамырдағы кездесу

- Сербия Республикасының ҚР-дағы елшісі Владимир Йовичичпен кездесу – *А. Лукин*;

2024 жылғы 23 мамырдағы кездесу

- ТМД ПАА дөңгелек үстелі (Санкт-Петербург қ., РФ) – *Б. Орынбеков*;

2024 жылғы 22-24 мамырдағы кездесу

- ТМД ПАА тұрақты комиссиясы (Санкт-Петербург қ., РФ) – *Н. Бекназаров*;

2024 жылғы 23-24 мамырдағы кездесу

- ТМД ПАА тұрақты комиссияларының отырыстары (Онлайн) – *С. Мәкежанов, Н. Жүсіп, Л. Рысбекова*;

2024 жылғы 23-24 мамырдағы кездесу

- РФ Федерация Кеңесімен ынтымақтастық жөніндегі комиссияның отырысы (Омбы қ., РФ) – *Ж. Асанов, О. Булавкина, С. Ершов, Е. Әйткенов, Т. Жүнісов, Н. Ниязова*;

2024 жылғы 25-27 мамырдағы кездесу

- НАТО ПА көктемгі сессиясына қатысу (София қ., Болгария) – *Г. Шиповских*;

2024 жылғы 29 мамырдағы кездесу

- ЕАТ мүше мемлекеттер парламенттері өкілдерінің форумына қатысу (Бішкек қ., Қырғызстан) – *С. Өтешов*;

2024 жылғы 30 мамырдағы кездесу

- «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы» модельдік заңды талқылау бойынша ТМД ПАА сараптамалық сессиясы – *О. Булавкина*;

- 2-6 маусым 2024 ж. Египет Араб Республикасы Сенатының спикері А. Әбдел Разектің ҚР-ға ресми сапары;

- Египет Араб Республикасы Сенатының спикері А.Әбдел Разекпен кездесу *(Ж.Асанов, Н.Жүсіп, Д.Қыдырәлі, Ж.Асанова);*

2024 жылғы 5-6 маусымдағы кездесу

- ТүркПА пленарлық отырысы (Баку қ., Әзірбайжан) – *А.А.Бектаев*;

Сенат Төрағасының 2024 жылғы 7 маусымдағы Алматы қ. жұмыс сапары;

2024 жылғы 7 маусымдағы кездесу

- Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Л.Қалтаеваның БҰҰДБ сарапшыларымен кездесуі – *Л. Қалтаева*;

2024 жылғы 13 маусымдағы кездесу

- Малайзия Сенатының Төрағасы Нұр Жазлан бин Тан Сри Мохамедпен кездесу – (*Ж.К. Асанов*);

2024 жылғы 21 маусымдағы кездесу

- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С.Әшімбаевтың Мажлиси милли Мажлиси Оли төрағасының бірінші орынбасары Р.Ахмадзодамен кездесуі;

- Халықаралық йога күнін тойлау;

2024 жылғы 21 маусымдағы кездесу

- Н.Б.Жүсіптің Махтумкули Фрагидің 300 жылдығына арналған онлайн-отырысқа қатысуы- *(Н.Б. Жүсіп);*

2024 жылғы 24 маусымдағы кездесу

- Үндістанның сайлау жөніндегі Бас комиссары Р. Кумармен кездесу *(М.Әшімбаев);*

2024 **жылғы 25 маусымдағы кездесу**

- ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы – Мальта сыртқы еуропалық істер және сауда Министрі И.Борчпен кездесу – *(М. Әшімбаев);*

2024 **жылғы 28 маусымдағы кездесу**

- Рим Папасы Күнін Мерекелеу – *(Н. Жүсіп Д. Қыдырәлі);*

2024 жылғы 28 маусым – 4 шілдедегі кездесу

- ЕҚЫҰ ПА жыл сайынғы сессиясына қатысу (Бухарест қ., Румыния) – *(А. Арғынбекова).*

XI. АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС

ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының VIII шақырылымдағы II сессия барысындағы **2023 жылғы 1 қыркүйек** пен **2024 жылғы 30 маусым** аралығындағы жұмысы туралы халықты хабардар ету және жариялау жөніндегі сапалы жұмыс жүргізуде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу Палата қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болды.

Бүгінгі таңда Сенатта 66 БАҚ-тан 640 журналист тіркелді. Палата Төрағасының бастамасы бойынша Сенат отырысында қаралатын мәселелер бойынша негізгі баяндама жасаған сенаторлар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің БАҚ-қа арналған апта сайынғы брифингіне міндетті түрде қатысуы туралы ереже енгізілді. Осылайша, журналистер Сенат қабырғасында өздерін қызықтырған сұрақтарын қоюға және билік өкілдерінен бірінші кезекте жауап алуға мүмкіндік алды. Сессия басталғаннан бері жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде БАҚ-қа арналған осындай 48 брифинг ұйымдастырылды, оған сенаторлар мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Палатаның барлық негізгі шаралары бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болды. Сенаттың жалпы отырыстары, Сенат комитеттерінің көшпелі және кеңейтілген отырыстары, дөңгелек үстелдер мен мемлекеттік органдардың, министрліктердің басшыларымен және басқа да кездесулері БАҚ пен әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланып, талқыға салынды.

Сенат Төрағасының Албания Республикасының Президенті Байрам Бегаймен, Тоголез Республикасының Президенті Фор Эссозимна Гнассингбемен, Грузия Парламентінің Төрағасы Шалва Папуашвилимен, Сингапур Парламентінің Спикері Сеа Киань Пэнмен, Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің Төрағасы Нуман Куртулмушпен, Мысыр Сенатының Төрағасы Әбделуахаб Әбделразек Хасан бастаған аталған елдің Парламент делегациясымен, Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен, Вьетнам Ұлттық Жиналысы Төрағасының Бірінші орынбасары Нгуен Хак Динеммен, ҚХР Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитеті Төрағасының орынбасары Хао Минцзинмен, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Бас хатшысы Қайрат Сарыбаймен, Малайзия Парламенті Сенаты Төрағасының міндетін атқарушы Нур Джазлан Мохамедпен, Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының Тұрақты өкілі Катаржина Вавьерниамен, Еуропалық комиссияның вице-президенті Маргаритис Схинаспен, **Кипр Республикасының Сыртқы істер министрі Константинос Комбоспен,** Швейцарияның ҚР-дағы Елшісі Салман Балмен, Моңғолияның Қазақстандағы Елшісі Дорж Баярхуумен, Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұстафа Капуджумен, АҚШ Конгресінің сенаторы Стив Дэйнспен, Қасиетті Тақтың Қазақстандағы апостолдық нунциі Джордж Джордж Панамтундилмен кездесулері мен келіссөздері, сондай-ақ Сенат депутаттарының саясаткерлермен және дипкорпуспен, ЕҚЫҰ

және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының байқаушылар миссиясының өкілдерімен, Бразилия Федеративтік Республикасы Ұлттық конгресі Сенатының депутаттарымен, Вьетнам Ұлттық Жиналысы депутаттарының делегациясымен, шет елдердің Конституциялық Соттарының Төрағаларымен, профессор Яакоб Ибрагиммен кездесулері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Мәулен Әшімбаевтың Біріккен Араб Әмірліктеріне сапары республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды. Оның барысында «Сенімдердің тоғысуы: рухани лидерлердің жаһандық жаңғыру жолында бірігуі» (Әбу-Даби қ.) конференциясына қатысты. Конференция аясында әл-Азхардың жоғарғы имамы, шейх доктор Ахмед әл-Тайеб, БАӘ Федералды Ұлттық кеңесінің төрағасы Сакр Әл-Гобаш, Дүниежүзілік шіркеулер кеңесінің Бас хатшысы, пірадар Джерри Пиллэй, Киелі Тақтың Мемлекеттік хатшысы, Кардинал Пьетро Паролин, БАӘ төзімділік және бірге өмір сүру министрі шейх Нахаян бен Мүбарак әл-Нахаянмен кездесулер болды.

М.Әшімбаев Қырғызстанның Жогорку Кенешінің 85 жылдығына арналған халықаралық конференцияға (Бішкек қ.) қатысты. Сенат басшысы Бішкек қаласына жұмыс сапары барысында ТМД ПАА-ның 56-шы отырысына қатысты. Бішкектегі шаралар аясында ТМД ПАА жалпы отырысында ұйымға қатысушы елдердің Парламенттері Палаталарының басшыларымен, оның ішінде Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерациясы Кеңесінің Төрағасы В.Матвиенкомен, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Т.Нарбаевамен, Тәжікстан Республикасы Олий Мәжілісі милли Мәжілісінің Төрағасы Р.Эмомалимен, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Н.Шакиевпен кездесулер өтті.

М.Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламенті Сенатының делегациясы Ш.Т.Айтматовтың туғанына 95 жыл толуына арналған халықаралық конференцияға және Қазақ-қырғыз жастар форумының ашылуына қатысты.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Ватикан мен Италия Республикасына депутаттар тобымен жұмыс сапары туралы жаңалықтар республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде жарияланды. Сапар аясында Рим Папасы Франциспен кездесу болды, сонымен қатар Ватиканның Дінаралық диалог жөніндегі дикастериясы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің Хатшылығы ұйымдастырған дөңгелек үстел отырысы өтті. Сенаторлар сонымен қатар Италия Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарымен парламентаралық ынтымақтастықты нығайтудың келешегін талқылады.

ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы – Съезд Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының XXI отырысына, Мұсылман ақсақалдары кеңесінің ашылу салтанатына қатысты, Хатшылықтың XXI отырысына қатысу үшін Қазақстанға келген рухани лидерлермен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді. Олардың қатарында Кавказ Мұсылмандары Басқармасының

Төрағасы Шейх-ул-Ислам Аллахшукюр Пашазаде, Киелі Тақтың Дінаралық диалог жөніндегі дикастериясындағы Ислам бюросының Басшысы Монсеньор Халед Акаше, Әл-Азхар Исламтану зерттеу академиясының Бас хатшысы Назир Мұхаммед Ерназир Аяд, Дүниежүзілік ислам лигасы Бас хатшысының орынбасары, доктор Абдурахман Абдулла әл-Зайд, Мұсылман Ақсақалдары Кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Абделсалам, «Somaiya Vidyavihar» университетінің Канцлері және Сомайя индус делегациясының басшысы Шантилал Самир, «Этникалық өзара түсіністік қоры» ҮЕҰ Президенті, раввин Марк Шнайер бар. Жүздесушілер дінаралық және конфессияаралық диалогты одан әрі ілгерілету мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ ҚР Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның 2 отырыстары, Орталық Азиядағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бірінші құрылтай, Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңесінің отырысы, «Ұлттық мүдде» диалог алаңының отырысы, «Qazaqstan: орнықты даму үлгісіне барар жолда» талдау материалдары жинағының тұсаукесері, «Мүгедектігі бар адамдардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел, Дипломатиялық бизнес клубының отырысы, Taldau Talks отырысы кеңінен жарияланды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев және бір топ депутаттар Сенаттың Жобалық кеңсесі мен Maqsut Narikbayev University отырысына қатысты.

ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев «COVID-тің жоғары білімге әсері – New Framework – New Balance?» атты халықаралық конференцияға қатысты. Шара BALEAP Британдық академиялық мақсаттағы ағылшын тілі оқытушылары қауымдастығының ұйымдастыруымен өтті.

Сенат Төрағасы еліміздің өңірлеріне жұмыс сапары барысында мәслихат депутаттарымен және Абай, Ақмола, Атырау және Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстары және Алматы қаласының жұртшылығымен кездесті. Сондай-ақ Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелерімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі» кубогына арналған республикалық пікірсайыс турниріне, «Талдау мектебі» қоғамдық жобасына, Big Data-мен жұмыс істеу мен АИ саласындағы дағдыларға талдаушыларды оқыту жөніндегі семинарға қатысушыларымен, Digital Nomads қауымдастығының өкілдерімен кездесулер өтті. М.Әшімбаев боччадан республикалық турниріне, чемпионаты мен отырысының ашылу және жабылу салтанатына қатысты.

Сенат Төрағасы мен депутаттары OzgeEpic креативтік хабында болды, әлеуметтік орталықтардың, кітапханалардың жұмыстарымен танысты, марафон мен түрлі мәдени іс-шараларға қатысты.

Сессия барысында республикалық телеарналардың эфирінде Сенаттың қызметі туралы айтылған 933 сюжет болды. Ақпараттық агенттіктер мен басылымдық БАҚ сайттарында 11 074 мақала жарияланды. Жаңалықтар хабарынан басқа, БАҚ-та тұрақты негізде апта сайынғы қорытынды

жаңалықтарда, шолу және талдау материалдары, сенаторлардың сұхбаттары мен авторлық мақалалары, сондай-ақ депутаттық корпустың қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар тұрақты түрде шығып келеді.

Сессия барысында «Хабар 24» телеарнасының эфирінде ҚР Парламенті Сенатының қызметі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға маманданған «Сенат сөзі» және «Время Сената» бағдарламалары апта сайын шықты. Есепті кезеңде бағдарламаның 81 шығарылымы эфирден көрсетілді, оған сенаторлар мемлекеттік және орыс тілдерінде 120 рет сұхбат берді.

Сенаттың VIII шақырылымдағы II сессия барысындағы ең маңызды іс- шаралары Палатаның ресми интернет-сайтында және Youtube-арнасында онлайн түрінде көрсетілді. Сессия басталғаннан бері осындай 64 онлайн-трансляция болды. Олардың барлығы да сақталып тұр және Палатаның интернет-сайты мен Youtube-арнасынан көруге болады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII шақырылымның I сессиясының ашылуында айтқан тапсырмасы бойынша Сенат отырыстары республикалық «Хабар 24» телеарнасының тікелей эфирінде көрсетіліп келеді. Есепті кезеңде осындай 42 трансляция болды. Тікелей эфир барысында сенаторлар көтерген тақырыптарды арна студиясына келген сарапшылар белсенді талқылады. Арна бағдарламаларына сарапшылар – Парламентаризм институтының атқарушы директоры Жанар Төлендинова мен Жас сарапшылар клубының мүшелері Шыңғыс Лепсібаев, Тельман Шөриев, Ислам Ержан, Әділ Құсманов, Ғалымжан Айтқазин, Айнұр Әмірбекова, Сержан Айдосов, Мәншүк Кәрімова, Әнуар Нұртазин, Жақсылық Тоқаев, Тимур Әбілқасымов, Асқар Қысықов, Аяулым Сағынтаева, Әсия Ермұхамбетова, Серік Беркамалов, Нәйла Мұхтарова, Жаннұр Қалиғожин, Қанат Төсекбаев, Әлішер Ибраев, Ернар Серік, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы ел кеңсесінің басшысы Скендер Сыла, заңгер, Maqsut Narikbayev Universityінің лекторы Аида Өтесін, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Элина Масагутова, мұнайгаз саласының сарапшысы Асқар Исмаилов, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ бас сарапшысы Дулат Өтеғали, биология ғылымдарының докторы, профессор Балғабай Майқанов, PhD, С.Сейфуллин ҚазАТИУ егіншілік және өсімдік шаруашылығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры Әділбек Ноғаев, ҚР ҰЭМ жанындағы Экономикалық зерттеулер институты АҚ ғылым жөніндегі кеңесшісі, PhD Долорес Төлебекова, ҚР МТҚБ жанындағы Парламентаризм институтының норма шығармашылық мәселелері жөніндегі атқарушы директоры Алмас Қанатов, саясаттанушылар Жанерке Қайратқызы, Әйгерім Хасенқызы, Уәлихан Бахретдинов, әлеуметтанушы Азат Мұхамедиев, ҚР АШМ министрінің орынбасары Аманғали Бердалин, ҚР ҚМ министрінің орынбасары Эльдар Қазғанбаев, көлік министрі Марат Қарабаев, «Қазақстан темір жолы» АҚ Басқарма Төрағасы Нұрлан Сауранбаев, ҚР СИМ Экономикалық интеграция департаменті директорының орынбасары Данияр Досымов, ҚР ІІМ ККҚ ерекше

тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Алтынбек Масақбаев, ҚР ҚМ МКК мамандандырылған департаменті трансферттік баға белгілеу басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Қарабаев, ҚР ҚМ МКК мамандандырылған департаменті трансферттік баға белгілеу басқармасының бас сарапшысы Наурызбек Әбдіоқапов, «Атамекен» ҰКП «таза парақтан» реттеуді енгізу жөніндегі жобалау тобының жетекшісі Гүлнар Құрбанбаева, «Қазақстан кәсіпкерлері форумы» қауымдастығының директоры Гүлнара Қуанғанова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТИУ доценті Ғани Стыбаев, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Әлия Байтеленова, ҚР ІІМ Көші-қон қызметі комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Төлеген Талғатбеков, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Әйгерім Оспанова, Парламентаризм институтындағы Жария заңнама орталығының басшысы Шолпан Саймова, экономист Нұржан Демеуов, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Мемлекеттік шекарадағы санитарлық қорғау қызметін үйлестіру басқармасының басшысы Нұртуған Ерубаев, Еуразиялық гуманитарлық зерттеулер институты директорының орынбасары Жанерке Кочигит, Экономикалық саясат институтының директоры Қайырбек Арыстанбеков, экономист Жанат Нұрғалиев және басқалар қатысты.

Мұндай ашықтық сол нақты уақыттағы заң жобаларының қаралу барысын қалың жұртшылық өкілдеріне көруге мүмкіндік береді.

Палатаның қызметі туралы ресми ақпараттың маңызды көзі www.senate.parlam.kz ресми сайты болып қала береді. Сенат депутаттарының қатысуымен өтетін негізгі шаралар туралы ақпарат сайтта фото және бейне материалдармен қоса жедел жарияланады. Осылайша, ІІ сессия барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде 1467 жаңалық жарияланды.

Сенаттың қызметі туралы материалдар Facebook, Twitter, Instagram, YouTube және TikTok әлеуметтік желілеріндегі Сенаттың ресми парақтарына да орналастырылды. Ел назары ауған өзекті мәселелерді белсенді талқылаған және әлеуметтік желілердегі парақтарында көтеретін бірқатар сенаторлар да осы алаңдарды белсенді пайдаланып келеді. Қазіргі уақытта ҚР Парламенті Сенатының ресми парақтарында Instagram (55 600 жазылушы), Twitter (23 300 жазылушы), Facebook (11 000 жазылушы), Телеграмм (2 779 жазылушы), YouTube (6 880 адам) және TikTok (32 800 жазылушы) желілерінде жазылушы бар.

Шығарушы:

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Аппараты

***

Материалдарды ұсынған:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының құрылымдық бөлімшелері